

84К237  
НГЛ  
Мәртаң  
Қосшығұлов

# БҰҒАЛЫҚ

30023<sup>Ч</sup>



повесть

әңгімелер

Мәртаң  
Қосшығұлө

**БҰҒАЛЫҚ**





Мөртай  
Қосышыаұлов

БҰҒАЛЫҚ

ПОВЕСТЬ ЖӘНЕ ӘҢГІМЕЛЕР

АЛМАТЫ  
«ЖАЗУШЫ»  
1989

84 Қаз 7-44  
К 67

Пікір жазғандар: *Н. Шакеев, Б. Ыбырайымов.*

К 4702230200-036  
402(05)-89 39-88

ISBN 5-605-00039 - X

ББК 84 Қаз 7-44

© «Жазушы» баспасы, 1989

30023



# ПОВЕСТЬ

## БҰҒАЛЫҚ

Клавдия Дмитриевна дүкенде кассир болып істейтін, бүгін де әдеттегідей сағат екіге он минут қалғанда, тұсқі үзіліске шықпақ болды. Үйден әкелген тұскі тағамдарын столға койды, алдын ала дайын тұрған шайнекті розеткаға жалғастырды.

Кенет көңілі әлденеден секем алды ма, есік жаққа жалт қарады. Үш жігіттің кіріп келе жатқанын көрді де, жұмыс орнына қарай бет алды.

— Тырп етпе! Дыбысынды шығарма! Өлесің! — деген қорқынышты сыйыр естіді.

Клавдия Дмитриевнаның көзі тура өнменіне оқталып тұрған тапаншаға түсті. Тұла бойы мұздап, тапаншаға сұқтана қарап, кейін шегіне берді.

— Козғалма, қозғалсан атамын! — деген өктем дауыстан тұрған жерінде тастав қатып қалды.

Келесі бөлмеде отырған қыздың орнынан атып тұрғаны білінді. Бірақ сол заматта оның қасына үшеудің біреуі жетіп барып, бетінен шапалақпен салып-салып жіберді. Қыз қарсылық жасап алыса кетті. Есіктің алдында тұрған екіншісі де қарап тұрмады, қызды тапаншасының құндағымен көкжелкеден қойып қалды. Қыз гұрс етіп еденге құлады. Клавдия Дмитриевна осы көріністің бәрін қас қағым сәтте андалап үлгерді, бірақ колынан келер қайран жоқ еді.

— Есікті бакыландар! — дегенде, бұзакылардың бірі мырс етіп күлді:

— «Түскі үзіліс» деген жазу түр есікте, ешкім келмейді.

Үшеуі кассадағы акшаны асыға-аптыға қалталарына сүнгітіп жіберді. Есікке қарай үмтүлды. Бірінші болып Клавдия Дмитриевнаны нысананаға алған еңгезердей дәү жігіт — есік алдында мойнын сәл бұрды да, сұқ қолын шошайтып:

— Эй, айтпады деме! Тырп етсен, өлесің. Он минут кимылдамай түр орнында, әйтпесе ту сыртыңнан бакылаш түрған біздің бір жігіт өлтіреді сені! — деп зып берді.

Аяқ-қолында жаны жок, буны босап сала берген Клавдия Дмитриевна он минутты күтпеді. Орнына отырып қалған бойы милицияны шақыратын кносканы басты...

Милиция қызметкерлері лезде жетіп-жетіп келісті. Бірақ бұл кезде касса тонағандар су түбіне кеткендей ізім-ғайым жоғалып, карасын батырып та үлгерген еді.

Клавдия Дмитриевна да, қыз да бірде-біреуінің түртүсін жөнді суреттеп айтып бере алмады. Тек қыз ғана құлап бара жатып, өзін ұрып жыққан жігіттің тапанша ұстаған қолындағы якорь суретін көзі шалып қалыпты. Ал Клавдия Дмитриевна кассир болып істеген жиырма екі жылдың ішінде мұндай халге бірінші мәрте кездескендіктен бе, немесе жан алқымға келіп, үрейі ұшып естен тана қорқып түрғандықташ ба, әйтеуір, тапаншадан басқаны көрмепті. Тек үшеуі де үзын шашты тіпті шаштары інін жабады, жастары 20-25-тер шамасындағы жігіттер.

Бұл қылмысты ашу лейтенант Нұрмамбет Ильясов-ка жүктелді.

...Нұрмамбет дүкен орналасқан ауданды түгел араплады. Қөптеген адамдармен сөйлесті. Клавдия Дмитриев-

на және қызбен қайыра тағы әнгімелесті, бірақ қылмысты істің ұшығын таба алмады.

Дүкен қаланың шетінде, үлкен жолдың бойында, бір кабат шағын үйде. Есігінің алдындағы тротуардан ерсілі-қарсылы жұрт өтіп жатыр. Олар қалай көрмейді? Шынтуайтқа келгенде, бұл түскі үзілістің кезі, жұрттың ағы біршама толастаған мезгіл.

Нұрмағамбеттің милицияға қызметке орналасқанына ұш-ақ жыл болған еді, аса тәжірибелі емес. Дегенмен, ез ісіне жауапкершілікпен қарайтын. Ұсақ нәрсенің өзіне кеп уақыт бөліп, жүйелі зерттеуге тырысатын.

Міне, қазір де ол дүкеннен шығып, жан-жағына зер сала қарады. Айталық, өзі ұры болса, магазиннен аттап шыққасын не істер еді? Иә, әрине, бірден көптің көзінен жасырынуға, жедел тайып тұруға тырысар еді. Үлкен жолдың бойында таса бар ма? Қай жолмен, қалай кетті?

Магазиннен шыға берісте кішкене қалтарыс бар еді. Бұл — кең аулаға баратын үй арасындағы кішкене жол. Нұрмағамбет сол жолмен жүріп, кең ауланың ішін де көз елегінен өткізді: мұнда екі үй семья тұрады, бірақ үйде күндіз кісі болмайды еken, бәрі де жұмыста.

Қаланың шетіндегі дүкен кассасында сол күні ақша шамалы еken, ұрылар ойлағандай болмаған. Олардың алғаны — бір мын екі жұз қырық ұш сом. Әрине, бұл ұш кісінің құлқынына түк те болмайды, сондыктан...

Женіл де онай тәбышка құнықкандардың енді қай жерден бой көрсететінін кім білсін? Тағы да осындай шалғай шеттегі кассалардың біріне түсер ме еken немесе қаланың ортасына баруға тәуекел қылар ма еken?— деген ойда болды. Сөйтіп ол із кесіп іздестіруден бір жа-лықпады...

Стол үстіндегі телефон безек қакты.

— Сізді тындал тұрмын.

— Кассасын жабар алдында ұш жігіт тонап кетіпті. Дөнентаев атындағы көшедегі почтада шағын касса бар,

оны білесің, манағы магазин кассасынан аса алыс емес.  
Жедел шық, машина есік алдында.

Жиналып жатып Нұрмамбет сағатына көз салса,  
кешкі сегізден он жеті минут кетіпті.

— Азғындар, бәрі бір топ па? Жок, сыйбайластары  
ма?— деп, есік алдына шықса, оперативті топ адамдары  
машинада отыр екен. Машина ілгері жүріп кетті. Олар  
әп-сәтте дүкенге де жетіп келді.

Сатушының айтуынша үш кісі. Кешкі алажеуімде ту-  
рі-түсін байқамаған. Дауыстарынан, әрекет-қимылышынан  
жас кіслер екенін аңғарған. Қымылдары шапшаш,  
ықтиягытты, таңба түсіріп, із қалдырмаған.

Оқиға былай болған еді.

— Майра, кассаны дайындадыңыз ба? Инкассатор-  
лар келетін уақыт таялып қалдығой,— деді ұзын кір-  
піктерін жыптықтатып Ақбаян Тәшеновна.

— Даляр, акшаны касса дорбашығына салып бекіт-  
тім,— деді Майра алабұртып тұрған бастығына таңдана  
карап.

— Бұгін көп ақша түсті. Орталық почтампқа хабар-  
ласаңыз, бізге кешіктірмей кіслерін жіберсін,— деп  
ұзын кірпіктерін тағы да қарлығаштың қанаттарындей  
қағып-қағып қалды. Үлбіреген жұқа еріндерін жымы-  
рып алған.

— Ақбаян Тәшеновна, сіз сырқаттанып тұрған жоқ-  
сыз ба? Өніңіз қашып тұрғой,— деді Майра үлкен көз-  
дерін жәудіретіп сыпайы қараған күйі.

— Неге екенін білмеймін, жүргегім қобалжып тұр.  
Ренжіп немесе қуанарымда жүргегім өстіп белгі беруші  
еді. Кенеттен қобалжығаным,— деп алқызыл еріндерін  
ашынқырап, меруерттей жарқыраған әдемі ақ тістерін  
көрсете сәл қабағын шытынды.

— Сіздің жүргегініз нәзік, барометр тәріздіғой, оны  
білеміз, аздал суық су ішіп жіберіңіз, қобалжығаны ыз  
басылар. Қуанарсыз. Бұгін жұма күніғой. Тыста бір

сұлу жігіт күтіп тұрған шыгар,— деді Майра бастығының көнілін көтеріп.

— Біз білетін сұлу жігіттер сылқымдарға сынар болып, баяғыда қосақталып қалған жоқ па?— деп ол жаңа көрінген жарты айдай қиған қастарын қағып қалды.

— Рас, ол азаматтардың кейбіреулері әйелдерінің айтқанынан шыға алмай мойындары қылдай болып та жүрген шыгар,— деді әзіл сөзді жаны сүйетін Майра.

Майра Ақбаянмен қызмет істегелі он жылдан асты. Өз жұмысына берілген, іскер маман, колективке сыйлы басшы. Сұңғақ бойында бір мін жоқ. Құлімдеп тұратын көзі қандай мейірімді болса, сөйлеген сөзі де сондай мәнерлі. Жан-дүниенде баурап, жүргегінді елжіретіп тұрады.

Майра Ақбаянды құрметтеп қана қоймайды. Тұған әпкесіндей жақсы көреді. Шексіз сыйлайды. Айтқанын екі етіп көрген емес.

Казір де екеуі бір-біріне құлімдей қарасып, жарастықты көнілмен жадыранқы отырған. Ақбаянның сөзі тағы да сауалдан басталды.

— Дегенмен, қанша ақша жиналды, Майра?

бүгін өзгеше, он сегіз мың жеті жүз тоқсан сом.

Міне, жігіттер де келіп қалды,— деді қуанып, сәлем беріп кіріп келген екі оператор инкассаторды көріп.

— Жақсы,— деп Ақбаян маңғаздана басып өз бөлмесіне бет алды.

— Міне ақша, бүгін күндегіден көп. Мынау — документтері.

— Канша?

— Он сегіз мың жеті жүз тоқсан.

— Эжептәуір. Хош болыңыз,— деп брезент дорбаны алып, қос жігіт ширақ басып шығып кетті. Сондарынан іле:

— Ұс-та, ұс-таңыз-дар!— деген ашы дауыстар көшө жаңғырықтырды.

Почтадағылар атып-атып далаға жүгіре шықты.

— Не болды?

— Акшаны алып кетті. Инкассаторға шабуыл жасады.

— Кімдер?

— Кім білсін? Уш жігіт.

— Шофердің қолынан пистолетін қағып түсіріп, ала кашты.

— Телефон соғындар, аудандық милицияға — 35-72-72-ге.

— Элиза Аскаровна, Элиза!

— Не болып қалды, Ақбаян-ау?

— Тона-ды, инкассаторға шабуыл жасады. Біреуінің қаруын әкетті.

Жан-жақтан жапырлап келіп қалған сары машиналар почта үйін қоршап алды. Аула қара-құра кіслерге толып кетті.

Фуражка киген, ұзын бойлы, кара торы майор жағдайды тәптішеп сурал тұр.

— Міне, үш жігіт былай қарай, үйді айнала гараждарды бетке алып қашты,— деп егде тартқан ақ сары әйел жөн сілтеді.

Машина сол бағытпен ілгері қозғала берген еді, кеңет әлдене гүрс-гүрс етіп жарылды.

— Машинаның баллоны атылды,— деді самай шашы ағара бастаған әлгі қара торы майор.— Күн ыстық қой. Баллондар шыдамайды.

Тағы да гүрс етті.

— Неге қамалып қалдындар? Әне азғындар, мылтық атып, әлек салып жатыр,— деді әлгі егде тартқан әйел жүргегін ұстап.

Үстінен қара костюм киген орта бойлы жігіт сол жақ-қа қарай жүгіре жөнелді. Пистолетін қолына ұстап зымырап келеді.

Ор киіктей секіріп, қаруын қолына ала тағы біреуі сонынан ере жүгірді.

— Сақ-тан, сақ-таныңыз-дар!

— Карулы!

— Ағашты паналай жүгіріндер.

— Сендер, үшеуің алдынан, сендер, төртеуің артынан, сендер машинамен кварталды коршандар! Жол кесіндер! Қөшелерді құрсауландар! Машиналарды тасаға қойындар. Қоз жазып, кара үзіп қалмайық,— деп майор бұйрық беріп тұр.

Мылтық гүрс етіп атылды. Жұрт енді мылтық даусы естілген жакқа қарай лап қойып жүгірді. Жетіп барса гараждың алдында бір жігіт қанға малынып жатыр.

— Үштің бірі.

— Өзіне сол керек!

— Жаны бар, кимылдайды.

— Сөйлейді.

— Су, су беріндер!

— Жедел көмек көрсетіндер,— деді майор.

— Жолдастар, әрірек кетініздер! Бұл енді ешкайда кетпейді!

Баспалай топқа жетіп келген ак халатты екі еркек, бір әйел «жедел жәрдем» машинасына жараптыны салды.

— Калалық милиция басқармасына,— деді майор.

— Құп,— деді ак халаттының бірі:

Жиналған жұрт қызыл кресті машинаны үлкен жолға шығарып салды. Машина кең көшеге түсіп батып бара жатқан күнге мандайын тірей зымырай жөнелді. Жол бер, жол бер деп сиренасы зарлап барады.

Жиналғандар көз жазғанша қарап тұр...

— Қалған екеуі ұсталды ма?

— Жоқ.

— Куып кетті ғой.

— Пистолет соларда ма?

— Соларда шығар.

\* \* \*

Қалалық милиция басқармасындағы телефонда маза жоқ.

— Қалған екеуі ұсталды ма?

— Ақша аман ба?

— Жаралының жайы қалай? Тілге келді ме?

— Кайткен күнде де жанын сактандар, дәрігерлер үзбей күзетсін, қасынан кетпесін,— деген бұйрықтар телефонмен үсті-үстіне айтылып жатты.

Рапорттар жазылып, түсініктер де түсіп болды. Бірінші — милиция майоры Рахымбек Хамзин. Ол қысқа жазды.

«Біздің қалалық милицияның қылмыс іздеушілер тобына 79-почта бөлімшесінің инкассаторларына шабуыл жасалды» деген телефон хабары түсті. Бөлімшеге жедел жеттік. Үстімде әдеттегідей милиция киімім жоқ та. Операцияны майор Ниязхан Сәлімов басқарды. Үш жігіт шабуыл жасап, шофердің пистолетін ала қашқан. Бірақ ақшаны ала алмаған. Екінші рет оқ атылған жаққа жүгіре жөнелдім. Жол-жөнекей пистолетімді қолыма алдым. Гараждарды бетке алып, тасалап жүгіріп келе жаттым. Кенеттен біреу шыға келіп, тобықтан қағып кеп жіберді. Етпетімнен ұшып түстім. Қарасам, қолында ешбір қару жоқ. Сондықтан оқ атпадым. Сол қолын көтеріп, оң қолын жанына түйіп ұстап, маған атылғалы тұрды. Кенеттен оқ атылды. Қылмыскер құлап түсті. Атқан адам менің соңымнан ере жүгіріп келе жатқан инкассатор Федор Петров екен.»

*Майор Хамзин.*

Инкассатор Петровтың түсінігі тіпті келте жазылған: «Алматы қаласының бас почтампының бастығының бұйрығы бойынша, инкассаторлардан ақшаны алып келу үшін жедел почта бөлімшесіне жеттім. Милиция қызметкерлері келіп үлгерген. Екінші оқ атылған жаққа «Реке»

деген жігіт (сол жерде тұрғанда бір офицер оны «Реке» деп атап қалған еді) зымырай жөнелгенде, мен де сонынан жүгірдім. Пистолетімді жүгіріп келе жатып атұсті оқтадым. Уш бұзакының кенеттен шыға келген бірі «Рекенді» тобықтан қағып қалып, жалпасынан түсірді. Екінші рет дайындалып сол қолын жоғары алға көтеріп, барыстай бас салуға онтайланғанда, мен оны басып салдым. Рекеннің жанын сақтап қалдым.

Инкассатор Ф. Петров.  
22.25 сағат. 28.08.8... ж.

Осыдан екі күн бұрын дүкен кассасын тонағандар бір айнала беріп, жинақ кассасына сұық қолдарын салған. Неткен тас жүрек баукеспелер. Біздің қалада мұндағы жұлымдылар жоқ еді. Қайдан келген жер кезбелер екен?

Осыдан кейін-ак қалалық милиция адамдары дабыл қағып, топ-топ болып іске кірісті. Кайткен күнде де ізге түсу керек, іздерін кесу қажет. Селдей тасып, ағын сүдай ағып жатқан миллион халқы бар қала ішінен із табу оңай болып па?

Астанада милиция киімін киіп, погон таққандардың қалталарында үш кісінің фотолары жүр. Қылмыскерлердің қанша іздестіріп жатса да көрдім-білдім деген дерек әлі шыға қойған жоқ-ты.

\* \* \*

— Жараланған кім?

— Тілге келді ме?

— Қалтасында документтері бар ма екен? — деген сұрақтар жауапсыз қалды. Тілге келген жоқ. Жарасы ауыр, көп қан кеткен.

Дәрігерлер жарасын тазалап, жуып, тігіп операция жасады. Қан құйды. Жаралы көзін ашып:

— С-у-у... — деді.

Сусын әлсін-әлсін беріліп жатты.

— Ме-н қай-да жа-тыр-мын,— деді жігіт көзін ашып, айнала бөлмені шолып.

— Ау-ру-хана-да,— деді дәрігер ауруканада деген сөзді ежікте.

— Су,— деді қиналып. Тамағы құрғап, кеүіп қалған сріндері сөйлеуге келмейді.

Стакан толы судан екі-ақ жұтты. Іші өртеніп бара жатқандай жанталасады. Сөйлейін десе тілі құрмеліп, икемге келмейді. Мандайынан бүршақтаған тер жастығын жыуп кеткендей.

Ақ халат киген, дәңгелек әдемі көзді қара сұр қыз укол салуға келді. Ауруды оң жағына қисайтты да, тебендей шприцтің инесін ақша қарға сұққандай шашып кеп алды. Сосын халатының қалтасынан термометрді алып сілкіп-сілкіп жіберді де сырқаттың оң жақ қолтығының астына қыса салды. Білегінің бұлышық етінен базып, орнықтырып қойды.

Бастықтар сырқат халін үзбей сұрайды.

— Ка-лай?

— Тілге келді ме? Келсе, анкетін біліндер.

— Фамилиясын, атын, туган жылын сұраңыз,— деп дәрігерге жалынышты тілек айтады. Ол «шыдасандаршы» дегендей салқын ғана бас изейді. Кімсіндер деп дәрігер олардан сұрамайды. Бастық па, тергеуші ме, прокурор ма, куғыншы ма — дәрігерге ол қажет емес. Ол адам үшін күресіп жатыр. Адамның өмірі үшін арпалысып, жанталасады. Адам жанын сақтау керек. Адам өмір сұрсін. Адам өлмесін. Жігіттердің бірі кіріп келе жатқанда, дәрігер:

— Кірменіз,— деп қабағын түкситеді. Ол қынжылыл, діңкесі құрып, кейін шегінеді.

Дәрігер «сырқатты аман-есен жазсам»,— деп үміттегенді. Ал басқалар қылмыскердің айығып, тілге келгенін күтеді. Сөйтіп сол арқылы қашып жүрген екі бұзакының ізіне түсуді ойлады.

\* \* \*

Алатаудың шынынан құлан иектеніп таң бозара бастады. Жан-жануар, табиғат та түнгі үйқысынан сейіліп, серги түскен. Құстар да ұшып таң сәрідегі сырлы сазда-рына құлақ тұндырады. Күн де ақ бас таудың шынына көтеріліп алтын сәуле шашады. Бұл кезде алдыңғы бөл-меде дивандың қалғып отырған екі жігіт те оянған еді. Үлкен терезеден түскен күн сәүлесі бөлме ішін жарқы-ратып тұр. Майор Сейітқали Жұмағұлов әдетінше, кос жұдырығын түйіп алып, басынан асыра үш-төрт рет ай-налдырып өтті де, онды-солды қисайып, құрысқан бойын жазып алды. Қасында тұрған жас тергеуші Олег Семе-нович Васютин үлкен жасыл көздерін жұдырығымен үқалап, арыстанша аузын керегарыс ашып, есінеп үйқы-сын ашты.

Осы кезде есіктен дәрігер көрінді.

— Кірініз,— деді майор.

Ол бері жақындаған майорға қолындағы тілдей қағаз-ды ұсына берді. Онда сырқаттың дерегі жазылған еді.

«Ондақсан Бекербеков, 1958 жыл. Талдыкорған, Пан-филов селосы...»

Жедел жеткен жауап сырқаттың кім екенін анықта-ды. Кассага шабуыл жасағандардың бірі. Бұрын ауыр қылмыс жасағаны үшін Алматы қалалық сотының үкімі бойынша он екі жылға сотталған. Февральда жаза мер-зімін өтеп келген. Алматыда анасымен бірге тұрады.


Бұлар бұдан кейін-ақ ізге түскендей болды...

\* \* \*

Магнитный көшесін қақ жарып үй-үйдің арасымен паналай җашып келе жатқан қос қылмыскер бір-бірінен көз жазған жок. Сердебек Самғалиев алдында, ал Жасыбек Басаржанов одан он бес-жынырма метрдей кейін. Самғалиевқа бұл жақ таныс. Ол жол бастап келеді. Үшінші серігі бұл екеуінен, бұл екеуі сол үшінші серігі-

иен көз жазып адасып қалды. Самғалиев «не боп қалды екен?» деп артына карайлап жүгіріп келеді. Мылтық гұрс етті. Тегін емес. Самғалиев енді алды-артына кара-май зытып отырды. Басаржанов сонынан салып келеді. Екеуі алдыңғы көшеге шықты да, ағып келе жатқан жа-сыл Жигулиге кол көтерді. Іздегенге сұраған деп маши-на кілт тұра қалды.

- Аэропорт көліне жеткізіңіші?
  - Көл, міне, иегініздің астында гой.
  - Білемін. Су жағасында бикештер қалып койып еді, көбірек тосып қалды.
  - Отырыныздар.
  - Қөпірден өтіп, ар жағына тоқтаңыз.
  - Сізге ракмет!— деп бас иіп, он жақ жағага бет алды. Сердебек Самғалиев көйлек-майкелерін шешіп қолына алды. Сосын:— Сен де шешін!— деді серігі Жа-сыбекке.
  - Кеудемдегі қыранды қырагылар көріп қалады,— деп қолымен кеудесін нұқыды.
  - Ақым-ак, қыранды кеудене қондырганша, аш бұтыңа салсан, осындаға кияға ұшып, ғайып болар едің!
  - Ақылыңа рақмет, уақыты келгенде қос тақымға қосақтармын. Сен де жаяу қалмассын.
  - Көп езбе, сырт көйлегінді шеш. Аузыңа не бол!
  - Жақсы.
- Көл жағасы қаз қатар жатқан кісілерге толы. Ине шашар орын жоқ. Ығы-жығы.
- Міне, құс базары. Таңдал жатуға уақыт жоқ. Құн-ге күйіп, ерігіп жатқандар өздері шакырады. Саспай сонынан жүре бер. Көп жақында ма. Көз жазып қалма.
  - Қақпанға түспейміз бе?
  - Тілің кесілгір! Суға түсеміз. Қос шабақ ұстауы-мыз керек.
  - Шабақтай торға түспесек?



360.2.3

— Көрмеген торың ба еді! Бүгін болмаса, ертең түсесін!

— Оған күмән, таласым жок.

— Онда несіне қипақтап келесін? Тым болмаса бірекі құн мынандай сұлулардың құшағына шортан ба-лықтай сұнгімейміз бе?

— Мандайынды жартасқа соғып алмасаң...

— Эзірше бұл жерде ондай жартас жок.

Жағада қатар жатқандар қос арыққа одырая қарай-ды. Күнге күйген. Түр-түлғалары әлде жүйрік, әлде фут-болшылар ма дегізіп тұр. Сұлулар көз киыктарын тас-тап қалып жатыр. Элі жүріп келеді. Сердебек кілт тоқтады:

— Келісейік. Мені Қарғабеков Серік де.

— Мүмкін Сегіз сері, әлде Ақан сері? — дермін.

— Жап аузынды, үлкен адамға тіл тигізбе!

— Мен ше?

— Сен, Жаксылық Құзғынов.

— Құстар әлеміне көштік пе?

— Атаңың басы, құстар әлемі сендей кәззәпсіз де құн көреді. Жаман құзғын болсан, су түбіне кеткенің, етінді мына көлдін күрт-құмырсқалары жейді.

— Мұнда күрт-құмырсқа жок. «Маяктың» иттері мен мысықтарына жем боламын.

— Керек еді, майдан жарыла алмай жүрген ит пен мысыққа сенің тарамытай шандыр етін.

Құшак жетпейтін дөңбекше домаланып жатқан жуаннның қасындағы сұлудың көзі екеуін алыстан шал-ды. Мені көр, мұнда кел дегендей. Арқаның елігінше колдарын күнге жайып керіліп тұра қалды.

— Е, әне шақыр-ып тұр.

— Мен де сездім.

— Бір кешке жарайды.

— Қасындағы борсықты саған әдейі арнап бордақы-лаған сиякты. Өзі де тегін жерден болмауы керек.

— Шатпа. Талай жыл ку тақтайды құшактағанда

шыккан мүйізін кәне? Оран мына мамыққа! Қос анары қос жастық емес пе.

— Картандау емес пе?

— Ақымак, жас қыздардың емшегін емесің бе?

— Маған керегі де сол. Кертіп жейтін сұбе фой.

Әнгіме үzlіp кетті. Екеуі межелі жерге таялып қалды. Қыз мойнын созып, екі езуін резинкадай созды. Сары келіншек аузы толған алтынын әдейі көрсін дегендей, жан тітіркенетіндей мысықша ыржиды да:

— Кеш келдініздер,— деді сөз тартып.

— Сәлематсыздар ма, сұлұлар! Игіліктің ерте-кеші жок,— деді амандасып.

Қасындағы жуан қырынан төңкеріліп басын изеп, аузын анырайтты. Ол да аузы толған алтынын актара салды. Сердебектің іші жылып жүре берді. Екеуі де — қалталы адамдар.

— Сіздердің жайлauларыннан коңыс алуға бола ма?— деді Самғалиев елікке елегізе карап.

— Бір жарты.

— Конъяк.

— «Орыс арағы» да жарайды.

— «Қазақстан конъягі»,— деді жуан тамсанып, бексе жағын бір шайқап қойып.

— Екеуі де болады. Қазір, жүгіреміз.

— Ыстықтап кеттік, бір-екі рет сұнгіп алайық.

— Суда тюленьше тулайтын шығарсыз?— деді Самғалиевтың басынан аяғына дейін шолып өтіп.

— Мен семіз мәстекше малтимын. Тюленьше тулайтын мына жігіт,— деп ол Басаржановты нұскады.

— Кет-тік төртеуміз!— деп қыз жатқан жерінен атып тұрды. Сары қарыны сылқ ете түсті. Қоз түскенін сезіп қап, тегін май емес дегендей қос алақанымен сылап-сипай бастанады. Қолге бірінші тартты. Ыстық құмға жалпақ май табандарын басады. Май басқан бексері онды-солды ыргалады.

— Саудада істейтін сайтандардың жүрісі,— деді Самғалиев іштей қыздың бәкесесінен көз алмай.

— Мен де кеттім,— деп екіншісі де сырыйтай сирактарын ақ қарда жүгірген сауысқандай жып-жып басып, ілгері жүгіре жөнелді.

— Екеуі — бір тұкым. Бір табыннан,— деді Самғалиев Басаржановқа сол көзін қысып.

Басаржанов жоғымыз табылды дегендей одан көздерін алмай:— ие,— деп жымиды.

— Суға шомылып алайық, ар жағын тағы көре жатармыз,— деп Самғалиев көлге бет алды.

— Кеттік!— деп Басаржанов сонынан ерді.

— Сен сөзге араласпа, көзің артында болсын. Құғыншы топ көрінсе, судан шықпаймыз. Тюленьді торлай бер. Реті келсе, бұлармен бірінші тұнді өткізуіміз керек. Жай-жапсарларын байқап алайық. Майлы жердің кәсіпшіл ісмерлері.

— Мен де солай ойладым.

— Кауіп сезсен, маған аяғымның сінірі тартылды дей сал.

— Келістік.

Суға жерді сүзе күмп берді, екеуі де су астына жоқ болды.

Суда жүэген қос құрбы да кенеттен кездескен екі жігітке көнілдері толып, сүйсініп қалды.

— Пай-пай! E-he! E-he!— деп қос құрбының бірі өтірік құлкісін актара салды.

Үйректей мойнын қылтындағып, манғаздана қалқы түсіп, үзілген сөзін қайта сабактады.

— Марфуға, сенің көзің қырағы. Киядан көрдің-ау екеуін,— деді Шура қос аяқтап, майдалап жүзіп келе жатып.

— Топ жарған жүйріктердің магниті мені әрқашан да алыстан тартады,— деп Марфуға қасын бір қағып жіберді.

— Эйелдері бар ма екен? Шомылып шыға қояйық  
теп асығыс жүргендердің бірі емес пе?

— Жок. Асығыс болса, анау жақын жағаға түседі  
гой. Бұлар да серілік құрып жүрген аңшылар.

— Айрылып қалмайық, торлай бер.

— Сен де май құйрығынды тұлкідей бұлғандатыш  
көй. Кейбір арғымак жігіттер мамық төске құмар келе-  
ті. Анау қос мамықты кімнің жастанғысы келмейді,—  
теп, құрбысының төсін негімен бір мезгеді.

— Да, шіркін!

Сол кезде су астынан қос жігіт қылт беріп, екеуінің  
касында қайрандады.

Төртеуі қатарласып жарыса жүзді.

— Судың тамашасы-ай! Ал, кеттік,— деп Самғалиев  
құлаштап алға тартты. Марфуга оған иек тіреп, құла-  
шын алға сермен, ілгері жылжыды.

«Қанша қашық кетерсін. Мен де сұнгуір үйрегің»  
дегендегі қалысар емес. Құлашын сермей сілтеп, шалқа-  
сынан түсіп, басын қылтындастып, суды қайыктай қақ-  
жарып барады. Самғалиев та шалқасынан аударылып  
түсіп, мойнын соза «келсөң кел» дегендегі баяулай берді.

— Жеткізер емессіз. Жүзгіштер тобында сайыска  
түскен боларсыз,— деді Марфуга.

— Жок, сұлу, ондай бақытқа қолым жеткен емес.

— Дегенмен суда шабақтай шашаң жүзесіз.

— Сулы жерде өспесем де, жүзуді Алматы арығының  
жағасында жүріп жасынан жаттыққаимын.

— Ие, ие біздің Алматының арығының жағасында  
өскендердің бәрі де суга түссе тюленьдей жайнайды.

— Сіз де соның бірісіз гой, бикеш?

Жұбын жазбай қатарласып кейінгі скеуі де жетті.

— Сіздердің шандарының да ілесе алатын емес-  
піз,— деді Шура.

— Азды-көпті бойымызда дымқыл денеге жабысқан  
шанымыз бар еді, көлге түскен бетте шайылып кетті.

Біздікі әшейін шаңымызды шайып, алғашқы қарқынды басу ғой.

— Екеуінді бір ай су жағасында ұстап, жүзгіштер жарысына жіберуге болады екен.

— Жағада ұстағаның бәрі жүзгіш болса, марқұм менің қайын енем жүзгіштің жүзгіші болар еді. Өмір бойы Қара теніз жағасында Гурзуфте тұратын еді. Кіндігінен асып, тенізге түсे алмайтын.

— Судан шошынған пәлесі бар да.

— Жок, түсінен шошынған екен.

— Жатқан жері торқа болын, суға батып өлмей, өз қазасынан өлсе.

— Корқактар суға кетіп өлмейді, жүзгіштер ғой суға батып шейт болатын.

— Шығайық,— деді Марфуға Самғалиевтың сөзін бөліп. Оны Шурадан қызығанып қалған тәрізді.

— Шықсак, шығайық.

Төртеуі бірдей шықты. Бикештер орындарына келіп, сүртініп жайғаса бастады.

— Таны-сайық, Жақсылық,— деді Жасыбек.

— Маша, Марфуға.

— Шура, Сагила.

— Серік.

— Маша, жай дастанқанды! Таныстық үшін алып коялық, қалғаны бар еді ғой,— деді Шура Марфуғага.

Марфуға газетті жайып жіберіп, кияр, сәбіз, пияздарды кесе бастады. Ортадан жоғары бір шөлмек Қазақстан конъягі бар екен.

— Таныстық үшін,— деп тартып алды. Ұзак күнге нәр татпаған екеуінің іштерін өртеп жібергендей болды. Нан және тұздалған киярды соғып жатыр.

— Судан кейін кісінің араны ашылады,— деді Шура құныға жалмаңдаған кос жігітке.

— Суда көбірек жүріп қалыптыз. Кететін мезгіл таянып қалды,— деді Серік айнала қарап.

— Сұлуларыңыз күтіп қалған болар.

— Сұлуларымыз бізді күтпейді, бізден нәпақа күтеді.

— Нәпақа?— деді Марфуға, не сөз екенін түсінбей.

— Алимент күтеді,— деді Серік.— Сіздердің де жиіттерініз тосып қалар,— деді сөзін жалғастырып.

— Біздің жігіттер балалар бақшасына барып жүр. Бұгін сонда қонып қалады.

— Онда кіші топта болғандары гой.

— Жок, ортанишы топта.

Серіктің көнілі орнына түсті. Екеуінің де бастары бос. Жел қалай сокса, солай көшетін қанғыбас қанбақтар екеніне қуанып қалды.

— Сағат сегіз бен тоғыздың арасында біздің бастыгымыз жасыл машинамен, анау көпірдің алдына келмек елі, неге кешікті екен?— деді Серік.

— ГАИ үстап, машинасын қантарып қойған шыгар,— деді Марфуға күліп.

— Тек, онда біз далада қалатын болдық, азық-түлік, киім-кешектеріміз де сонда.

— Келер, тосайық.

Төртеуі де тосты. Зарыға тосты. Күн батып кетті. Ешкім келмеди.

— Не істеу керек?

Төртеуі де қиналды.

Ақыры кос бикеш екеуін конакқа шақырды.

— Ертең кешкі алтыда көл жағасында тағы кезде сейік,— деді екі жігіт.

Кос сұлудың іштері жылып жүре берді.

— Жангелдин көшесімен Кіші станица,— деді таксистке катар отырған Марфуға.

«Кіші станица. «Жангелдин» деп қайталады іштей Самғалиев қайда бара жатқанын болжап.

Қаланың шеті болғасын ба, бұл жақта жүрт саябыр көрінді. Бұлар мінген машина үлкен кірпіш үйдің қакпасына мандай тірел токтады.

— Келіп қалдық. Түсініздер!— деп Марфуға шофер-

ға бес сом ұсынды. Машинаның есігін мандайға соққан-дай тарс жапты. Бес сом ұсынған келіншектің мырзалығы өған ұнаса да, тарс еткізіп есікті жапқанына қынжылып қалды. Бірақ онысын сездірмей жайдарлы қалып танытып ын-шыңсыз кете барды.

Улкен темір қақпаның есігі ашылды. Бөгде жандарды көріп танадай төбет арсылдан аулада тартылған сым бойымен алас үрып жүгіре бастады.

— Рекс, жат орнына! — деп Марфуға зекіп қалып еді, Рекс құйрығын артына қысып, ұясына кіріп жоқ болды. Иесі қорашығының ілгегін сыртынан іле салды.

— Кірініздер,— деп есік ашты. Екі келіншек бәйек бола қалды. Бірі тапочка беріп жатса, екіншісі төргі бөлмені ашып, құда түсе келгендей екеуін «жоғары шық» деп құрмет көрсетіп түр.

— Сусадыныздар ма? Не ішесіздер? Сыра, шампан, минерал сұы ма?

— Сыра жақсы болар,— деді Самғалиев Шураға. Бұл кезде Марфуға поднос толтыра сыра, шампан, бір шөлмек арак, минерал сұын алып келіп столға қойды да:

— Ашыңыздар, кім не іshedі? — деп зырылдауыктай дөңгеленіп жүр. Шура тарелке толы тағам алып келді.

Самғалиев арақты ашты да, төрт рюмкені толтыра құйды. Оған қосарлана Марфуға су, сыраны ашып үлгерді.

— Суық шампан ішетін шығарсыздар,— деді Шура Самғалиевқа көз тастап.

— Кой, аш қарынға ішкен шампан кекірте береді,— деді Марфуға.

— Кош келдіңіздер! — деп рюмкелерді шық еткізіп сүзістірді де, жарыса тартып жіберді.

— Аулада душ бар. Алдымен біз шайынып алайық. Шура, сен барып жуына бер, мен тамақ сала қояйын. Көп кешікпей мен де келемін. Содан кейін жігіттер ба-

рады,— деп Марфуға елпек қақты. Көс күрбы шығып кетті.

— Міне өмір, әкем марқұм әдейі құда түскен қалыңдық нақ осылай қарсы алmas,— деді Басаржанов лепіріп.

— Калыңдығын отырып қалған қыз көрінеді. Ұнай қалсан мойнынан құшағын алmas,— деп Самғалиев күлімдеп орнынан тұрды да он жақ босағада тұрган шифонерді ашып, еппен кайта жауып:— Бұл үйде еркек исі жок,— деді орнына отыра беріп.

— Қөктен тілегенімізді жерден берлі.

— Шы-да, атаман болмасаң да, прaporщик боласын!

— Жетінші кластан желкелеп алған білтіммен ефрейтор болсам да маған жетеді.

— Ақымақ, анаған ұнасан, генерал атағын береді саған,— деп есікті негімен нұсқады.

— Анау не болды екен?— деді есік жаққа негін көтеріп Самғалиевқа қөздерін қадап.

— Оның шаруасы бітті. Мана естідің ғой,— деп он колын жоғары көтеріп, сұқ саусағымен мылтықтың шапқысын басқандай, екі рет басып-басып қалды.— Бітпесе, орнын тапты,— деп екі колының саусақтарын бірінін үстіне бірін салып, тор көз жасап көрсетті.

Ол басын изеді. Тіл катып ұлгермеді.

— Ал біз болдық, сіздер барып шайына койыңыздар! Су жып-жылы, сергіп алыңыздар!— деп Марфуға белмеге кірді. Шашын қоқитып, жұмсақ орамалымен орап алған. Шура да стол басына жайгасты.

— Сыра құйыңы!— деп фужерді ұсынды Самғалиевқа.

Шөлдеген екенсін гой дегендей, бөтелкені сыздықтатпай, лақылдатып аудара құйды.

— Бол-ды, болды!— деді Шура сриеуінен асып кете ме деп қауіптеніп.

Екі жігіт сыпайылық жасап бокалдарын түйістірмек түгіл қолдарына да алмады.

— Кеттік,— деп Самғалиев душтан кейін нұрланып тұрған Шураның бетіне бетін тақап, шығып кетті. Мұнысы зерікпей оңаша отыра тұр, мұлде кетіп бара жатқан жоқпын ғой дегені.

— Шура, музыканы қойсаншы көңілге желпініс-жел беретін!— деп Марфуға нұсқау беріп жатыр.

Екі жігіт душқа барып жекіл-желпі жуына салып асығыс қайтып келді.

— Жеңіл буларынызбен, корольдер!— деді Марфуға.

— Рақмет, корольдің ғашығы!— деді Самғалиев.

— Отыра қалыныздар!— деп Шура столға шақырды.

Тамақ желініп, рюмкалар бірінен соң бірі босатылып қалды. Музыка ойналып жатыр. Арасында бірлі-жарымды билер де биленіп қалды. Би үстінде бірінің құшағына бірі кіріп, кеудеге қеуде тақалып, ыстық еріндер бір-біріне жабысып та үлгерді. Тамақ дайындағын деп Марфуға ас үйге кетті.

— Басым ауырып кетті-ау, күн тиді ме?— деп Шура екінші бөлмеге кірді.

Самғалиев шамды сөндірді де ас үйге шыкты. Сыртын беріп, стол үстін жайғастырып жатқан Марфуғаны айқара құшақтап, мойнынан құшырлана сүйді. Марфуға еркелеген еліктей еміреніп мойнын соза берді.

Бұл кезде қараңғы бөлмеде төсекте шалқасынан жатқан Шураны:

— Басыңыз ауырып қалғаны несі?— деп Басаржанов аймалап жатты.

— Ау, жетті жатуларың, тұра қойындар! Тағам даяр,— деді Марфуға стол үстін жинап жатып.

Самғалиев көзін ашты. Төсектен дел-сал күйде ауырлап тұрды. Аяғын ақырын басып, төр үйге шыкты.

— Тәтті үйқының құшағында жатқан ба едіңіз, жігітім?— деді Марфуға сынғырлай күліп, алтын тістерін жарқырата, Самғалиевқа көз қызығын тастанап.

— Жоқ, сениң ыстық құшағында балқып кетілпін. Бабыма келіп, маужырап жатыр екемін.

— Менің құшағымның сондай қасиеті бар,— деп, көни төнкеріп тастап, ас үйге шықты.

Басаржанов тышқан аулаған мысықтай аяқтарын еп-шеп басып, жүзі нұрланаңып, көздері ойнақшып серігінің қасына келді.

Шура жатқан есікке қарап, «қалай?» дегендей басын шөді.

Сол қолының бас бармағын қайқайтып, қалған сау-сактарын жұмып, алға бір сілтеп тастады.

Екі дос қосыла жымиды. Самғалиев музыканы ой-шатты. Көк жібек халатын жарқылдатып шыға келген Шура Самғалиевқа көз қызыны тастап бөксесін бұлғаң-латып, ас үйге бетtedі.

— Уа-уа, шіркін!— деді Самғалиев Шура көзден ға-йып болғанда.

Бұл кезде Басаржановтың да көкірегі күмбір қағып тұрған-ды.

— Отыра қалыңыздар, жігіттер!— деп Марфуға мен Шура келіп, стол басына жайғаса бастады.

— Музыканы баяулатыңызшы,— деді наздана Мар-фуға.

«Веганың» құлағын бұрай салып, орнына отырды. Басаржанов рюмка, фужерлерді толтырып жатқан еді.

— Махаббат үшін алып қояйық!— деп Шура рюм-касын көтеріп, Басаржановқа ұсынды.

— Тамаша тост, кел,— деп Марфуға Самғалиевқа рюмкасын көтерді.

Рюмкалар шық етті де, босап қала берді. Қос-қостан еріндер жабысып қалды.

Тамақ желініп жатыр. Семіз қойдың қабырғасы, майы тамған тауық еті буы бұрқырап алда тұр. Қанша жеймін десең де қолыннан қағатын ешкім жок. Екі жігіт кешеден бері көмел молшылыққа кенеліп қалды.

— Мәңгі достық үшін!— деп Самғалиев рюмкасын көтерді.

Музыка күнірене түсті. Самғалиев Марфуғаны биге

шақырды. Басаржанов орнынан тұрып, Шураның ет-жен-ді білегінен ұстады. Кызып алғандар қыза биледі. Бек-сөлдерін онды-солды ырғалтып, ілгерілі-кейін жұлқып, сирақтарын серпіп тастанап секіріп, күй ырғағына елти ілесіп жатыр. Жібек халаттардың түймелері ағытылып кетті. Төртеуі де ак тер, көк тер боп бусана билеп жүр.

— Үн, терге малындым,— деп Шура орындық ұстінен орамал алып сүртіне бастады.

Күтпеген жерден есік қағылды. Қөнілді күлкі кілт тыйылды. «Мен барайын» деп Марфуға халатын ұстіне іле салып есікке жүгірді. Самғалиев музыканы бәсендettі.

Марфуға бойы ортадан биіктеу, сүр көйлекті, жүзі ашық аспандай, жасы жиырманың бес-алтауындағы көгілдір көзді келіншекті ертіп келді. Зергер мұсіншінің құйған бүйымындай әдемі құлақтарындағы меруерт сырға ұшқын шашып тұр.

— Танысыңыздар, құдай қосқан қадірлі көршім,— деді Марфуға.

— Белла,— деп келіншек шалқар көлдің қамысының сүйрігіндей ақ саусактарын ұсынды.

— Серік.

— Жақсылық.

— Сол үшін, таныстық үшін алып қояйык!

— Е, табалдырықты аттап үлгермей, рюмка көтереміз бе?

— Кешіріңіздер! Өзім сасып қалдым. Жалғыз зерігіп отыр едім. Ашық терезеден күй ырғағы менің бөлмеме естілді. Конактар барын білмедім. Кіріп шығайын деп келе салып едім,— деп Белла манғаздана сөз тартты.

— Бірақ жүріс-тұрысы, киген киімі кенеттен келе салмағанын сездіріп тұр. Үй-іші қонағының асты-ұстіне түсуде.

— Ештеңе етпес. Хош келдіңіз! Музыка қайта ойнады.

Самғалиев көрші келіншекті биге шақырды. Келін-

шек кергіп қарсылық білдірмеді. Ойнақы, көнілді әуен-нің ырғағына елтіп женіл қозғалып, жігіттің құшағына сұнгіп кетті.

Жігіт бұл сәтті де қапы жібермеді. Сыпайы тіл катты.  
— Тамаша билейді екенсіз.

Бұған Белла жауап қайтармады. Тек көзі үшқын атып, жүзі нұрланып, әнтек жымыған да койған. Кенет:

— Столға отырайық! — деп Марфуға мұзыканы өшіріп тастады. Бұл — Самғалиевты көрші келіншектен қызғанғаны еді.

«Қап! — деді жігіт іштей қынжылып. — Жана-жаңа жақын танысып, көніліміз жарасып келе жатыр еді. Мұзыканы аяқтатпай өшіріп тастағанын қараш!»

— Темір, Темірбекін қайда? — деді Марфуға көрші келіншектен жөн сұраған сынай танытып.

— Тольятти қаласына бір айға командировкаға кетті. Бүгін үшінші күн, — деді Белла.

— Ұлың қайда?

— Эжесінде. Үйге әкелмеймін. Экесі келгенше сонда бола тұрады.

«Мынау нағыз жұмакта жүрген бір перизат болды гой» деп ойлады Самғалиев.

— Сен жұмысқа барып жүрсің бе? — деп Белла Марфугадан жөн сұрады.

— Буфетті тапсырғаныма үш күн өтті. Екі жұма дем алмақпын. Оның үстіне мына құдашам Шура да демалыс алып осында кеп қалыпты, — деді Марфуға екі беті албырап.

— Келгені жақсы болған. Красноярскінің сармасалары бүнсyz да күн көре тұrap, — деп Белла күлді.

— Айтпаңыз, маса шағып жүдеп қалам ба деп Алматыға кетіп отырдым, — деп Шура да қостай құлді.

— Тағы алып қоялық. Дем алатын уақыт болды. Жігіттерге де кету керек шығар, — деп, Марфуға сөз ыңғайында елеусіздеу ескертіп қойды.

— Қайтайын, — деп Белла орнынан тұрды.

— Кой, көршімді шығарып салайын,— деп Марфуға да көтерілді. Бәрі тыска беттеген.

— Түү, шіркін-ай, тұнгі ауа қандай таза еді,— деп Самғалиев қеудесін кере дем алды. Айналасын саспай шолып өтіп, қос сұлудың ортасына түсіп қолтықтай жәнелді. Беллаға жанасып, оның нәзік саусақтарын жайлап қысып келеді. Онысы — сенде де ойым бар дегені. Белла да келіскең сынай танытып жанаса түседі. Қысан қыс дегендей, о да қысады, мамықтай жұмсақ алақанын жазып, сипайды да. Үшеуі қатар тұрған үйге келді. Ауласы кең зәулім үй көрінді. Үйдің кең ауласында бұқа мойын апай төс үлкен тәбет бар екен. Белла: «Жолбарыс, бар орнына, жат!» деп шынжырынан үстады. «Жолбарыс десе, жолбарыс» деді Самғалиев іштей.

— Кіріндер!— деді Белла есік ашып.

Самғалиев Марфуғаны қолтықтап үйге кіре берді. Кірді де таң қалды. Міне — үй. Төрт бөлме. Оның үстіне бәрі де абажадай кең. Үй іші қымбат мебельмен, төрге ілінген кілемдермен жайнап тұр. Жатын бөлмеге де тағы сондай үлкен кілем ілінген. Төр үйде Чехословакия люстрасы нұр төгіп самаладай жарқырап тұр. Сервант іші рюмка, бокал, ваза ыдыстарынан көрінбейді — тіпті ине шашар орын жоқ десе де болғандай.

— Төрлетіндер. Бір рюмкадан коньяқ ішейік. Құр ауыз қалай кетесіздер,— деп жасыл-көгі аралас totы құс тәрізді хрусталь графинді әкеп столға қойды. Соның арасынша шағын тарелкаға салынған шоколад та жетіп үлгерген. Рюмкалар толтыра құйылды. Таныстық үшін бәрі көтеріп қойысты. Сынар болмасын деп және көтерісті. «Ер кезегі үшке дейін» деп барып тынды. Артық сөз болған жоқ. Рюмкалар сынғыр етіп соғыстырылғанда көніл айнасы — мөлдір көздер бір-бірін аймалап, сырласып та үлгерді. Самғалиев арсыладап тап берейін деп бұлқынып тұрған қеудесі кере қарыс тәбетке жақындалп келіп: «Жолбарыс!» деп еркелетіп, үйден ала шыққан шоколадтың бір сынығын «мә, сыбағаң» деп ал-

дына лактырып жіберді. Аузын арандай ашып, жалактап тұрған төбет қонақтың сыйын жерге түсірмей қағып алды.

Үйге келсе шам сөніп қапты. Шура мен Басаржанов өз бөлмелеріне әп-сәтте жайғасып үлгеріпті.

— Жатайык,— деді Самғалиев Марфуганы құшақтап.

Бұл — екеуі үшін өмірі естен кетпес тәтті түн еді...

\* \* \*

Қалалық милиция басқармасының бөлім бастықтары генерал Махан Жанболатовтың кабинетіне бүгін әдеттегідей ерте жиналды. Жақындаған генерал атағын алған, ұзын бойлы, шымыр денелі жас генералдың жүзі сыйық көрінді. Қабағы қатынды.

— Баяндай берініз, жолдас полковник! — деді ұзын стол басында отырған Сәлімовке қарап.

— Жолдас генерал,— деп Ниязхан Сәлімович баяндауға кірісті.— Колға түскен адам үшеудің бірі еken. Аздап тілге келгендей болды. Ішіндегі ең жасы. Екеуінен бөлініп қашқан. Үйлерді тасалап қашып жүргенде, көз жазып қалған. Алматыда тұратын жалғыз анасы бар еken. Басқа ешкімі жок. Анасы пенсияда, жасы алпыс жетіде. Баласының жайын білмейді. Февральда жазасын өтеп келген, жұмысқа орналаспаған. «Сотталған» деп ешкім жұмысқа алмаған. Қапшағай көлінің сыртында үшеуі жұмыс істеп, сарымсақ, қарбыз өсіріп жүрген. Бірі Орал қаласынан, екіншісі Целиноградтан келген. Ал үшіншісі осы маңнан. Туған-туыстарын таптық. Бұл бағытта жұмыс жүріп жатыр. Қала іші — тыныш. Әзірге олар іске кіріскең жок. Жылы-жайлы апанға кірген. Бой көрсетпей тығылып жатыр. Ұзамай шығуға тиіс. Сол кезде андысын андып жүріп қақпанға түсірсек дейміз,— Ниязхан баяндап болдым дегендей генералға қарады. Ол отыра бер деп ишарат жасады.

Сөйтті де өзі орнынан тұрды. Сәл жеткірініп, сөйлейтін сыйай танытты.

— Тапа-тал түсте кассаны тонау адам айтса нанғысyz жай. Елдің көбі сенбейді. Дегенмен болар іс болды. Қөп сөз таратып, халықты одан әрі дүрліктіруге болмайды. Бірақ халықтын, елдің қомегінсіз біз ештеңе істей алмаймыз, қанатсыз қыран сияқтымыз, кияға көтеріле алмаймыз. Актив комсомолдарды жұмылдыру керек. Олармен байланыс жасап, ескерту жөн. Әсіресе автобус, такси, темір жол, аэропорттарға кісілер жіберініз. Ресторан, барларға әлі аяқ баспайды. Тұнгі құзет-патрульдарды көбейтіп, квартал-кварталды аралап сүзіп шығу керек. Қалалық партия комитетінің бюросының қаулысы бойынша: қалада «Өрмекші» деген атпен операция жүргізуге шешім қабылданды. Бүгін кешкі сағат жетіден жұмысын бастайды. Эр аудандарда, милицияның тірек пункттерінде жасақшылар топтары шығып, үй-үйді аралап, паспорт режимін сактау, пәтер тұрғындарын тексеру, тәртіп, тазалық сактау жүктеледі. Партия, Совет, комсомол, профсоюз активтері операцияға белсене қатысады.

Генералдың даусы зілді болғанмен сөзі кисынды, әрі салмақты шыкты. Ұзындығы ат шаптырым кен бөлмеге иін тіресе жиналған жұрт оның сөзін ден қойып аса бір жайдарлы ықыласпен үйіп тындал отыр. Генерал сөйлемп бол «қалай, ұқтындар ма?» дегендей жүртты жағалай бір шолып өтті.

Бұдан кейін қаралған мәселе бойынша қалалық милиция басқармасының аға офицерлері аудан-аудандарға бөлініп, тездетіп іске кірсетін болды.

\* \* \*

Бірер күн өткен соң есін жия бастаган жарагалы снді тіл қатып, кісімен сөйлесе алатын дәрежеге жеткендей көрінді. Өзі сығыр көзін әлсіз жылтырата ашып жан-жа-

шына, жатқан орнына тандана, сұқтана караудан бір жазбады. Қайда, неге жатырмын деген дүдәмал ой саңасынан кеткен емес. Қасындағы орындыққа жайғаскан ақ халатты сұрша-қыз оны күзетіп тапжылмай сіресіп отыр.

— Бұл қыз кім? — деп жарагалы іштей ойланып көзін жүмді да: — Су, — деді. Сөйлеуге шамасы келмәді. Екі еріні бір-біріне желімдеп тастағандай ашылмайды. Қызы га қарайын десе дәті шыдамайды. Бұл қалай? Көзі құрттыр да «көрме, көрме!» дегендей тас жұмылып алған.

Медсестра қыз қалайы қасықпен тандайына су тамызды. Сәлден соң дәрігер кеп сырқаттың жүрек соғысын тындал көрді де, ертерек сауықтырып катарға қосу көрек деп ойлап, күре тамырдан қан жіберді. Сөйтті де:

— Құзғындай мың жасайды, — деп қызға сыйырлады да, тыска шығып кетті.

Аздан соң сырқат мән-жайды білмек бол медсестра қыздан жөн сұрады.

— Қайда жатырмын?

— Ауруханада.

. Бірақ жұмған көзін ашпады. Сүлк жата берді. Жар-кырап түрған бөлмедегі өмірді көргісі келмейді.

— Қандай ауруханада?

— Кісі өмдейтін аурухана.

— Су?

Кыз тандайына су тамызды.

— Молырак.

Сырқат көзін ашты. Бірақ Надяға тұра қарай алмалы, көзіне көзі түссе бұрып жібереді. Тайсалактайты, жалтақтайты.

— Мамам келді ме?

— Кел деп хат жазып па едініз?

— Бір көріп қалсам дегенім ғой.

— Фамилияң кім?

— Оңдасқан Бекербеков.

— Неше жастасың?

— Отызға он айдай қалды.

«Енді өлмейді, мың жасайды» деді іштей Надя. Со-  
сын:

— Мұнда қайдан келгенінізді білесіз бе? — деді сыр-  
катқа тесіле қарап.

— Елтеп сеземін,— деп көзін тас жұмды.

Кыздың көзі шатынап кетіпті. Өнменін тесіп жібе-  
рейін деп түр. Қаратпады. Сырқат: «Мынау шайтан кім-  
нің қызы, танимын ба?» деп ойлап қалды іштей.

— Жараланғанынызды білесіз бе?

— Біреу атып салды.

— Неге?

— Пистолеті оқтаулы болған соң атып жіберді. Өліп  
кетпеппін, жан сақтаушым,— деп Надяға көзінің киы-  
ғымен қарады.

— Үлгересіз. Асықпа ол жаққа!

— Өзім де барғым келіп жұлқынып тұргамын жоқ.

— Гапу ет! — деп Надя бөлмeden шығып кетті. Келесі  
бөлмеде отырған екі жігітке сырқаттың тіл қатып жат-  
қанын хабарлады. «Аты-жөні, адресі дұрыс. Эзірше сол  
жетеді. Дәрігердің ұлықсатының мазаламайық бейшара  
жаралыны», — деп милиция қызметкери құлді.

— Күшін жинап, айыға берсін,— деді сом денелі жі-  
гіт Надяға.

— Күшін жинағасын мені төбемнен бір салып, зытып  
отырса не істеймін? — деп қыз тістерін жарқырата құлді.

— Қасқырың әлі ол белеске жеткен жоқ. Қорықпа-  
ның! — деді екінші жігіт.

— Қорықпағанда, қол-аяғы бос жатқан жоқ па? —  
деп Надя жорта қауіптенген болды.

— Біз не бітіреміз? Осында ай қарап отырмыз ба  
сонда?

— Бәсек... Милиция қорғанымыз деп бекер айтпайды  
екенбіз ғой,— деп Надя жынып күлген бойы бөлмeden  
шығып кетті.

Кос бұзакы Марфуға мен Шураның үйін емін-еркін жайлап, екеуімен ойнап-хұліп, көнілді уақыт өткізгенмен, көкірегін тырмалаған қайы-қасірет маза бермеді. Сауысканнан сақ Самғалиевтың кірпігі сәл айқасса болды, карсы алдарында қызыл жағалылар мылтығын кезеп тұра қалады. Далада тықыр естіліп, ит үрсе, келіп қалғандай шошынып селт етеді. Мынау тұқылынан ұстаған шолақ бакыт сынаптай сып беріп, қолдан шыққалы түр. Бұл үйден қалай кетпек? Қездейсок кездескен жұмақтан кімнің кеткісі келеді. Елтіген екі сұлу біздің бөрінің бөлтірігі екенімізді сезбейді. Білсе зәрелері ұшып, естері шығып, ойбайлад үйден ата жөнелер еді. Енді қайда бармак? Шіркін-ай, қанатым болса, аспауды қырандай шарлар едім! Жаратылышында адамға неге қанат бермеді? Бір-бірін тұртпектеп кең дүниеге сыймай жүрген адамдар көкте де бәрібір жұлдызы жарқырай қоймас...

Есік ашылып кетті. Марфуға:

— Үйқын қанды ма? Тұратын уақыт болды. Тамақ даяр,— деп еркелеп кеп жігіттің ерініне ерінің қадады... Сәлден соң:— Шура, өлісіндер ме, тірісіндер ме? Аю сияқты апаннан шыққыларың келмейді ғой, түге. Не болған сендерге,— деп Шураға жорта тиісті. Бірақ үнінде зіл жоқ-ты.

— Тұрып жатырмыз,— деп Шура өз бөлмесінен үн қатты.

Самғалиев жуынбақ болып аулаға беттеді, Басаржанов сонынан ере шықты. Тәр үйге дастарқан жайылған, стол үстіндегі тамакта қисап жоқ...

— Тезірек жуыннып, қарын тойдырып алайық. Бізді бұдан басқа стол тосяп тұрған жоқ,— деді Самғалиев Басаржановқа сыйырлай.

— Экемнен ен болмаса тышқақ лақ та мұра қалмапты. Қөзі тірісінде барын шашып, ырду-дырдумен

жүре беріпті. Ол марқұмның сүйегіне ендігі қына шығып Үлгерген шығар.

— Сүйегіне қына қайдан шықсын. Сасық күзен әлде-қашан кеміріп тастаған жоқ па?— Самғалиев кекесін құлді.

— Экем марқұмның сүйегі асыл болатын, көрінген күзеннің тісі бата бермейді.

— Сенің әкеңнің көріне түскен кәрі күзен емес, жас, азу тісі мықты алғыр күзен болмасына кім кепіл.

— Болса болар. Эйтеуір, қалай десек те, әкейдең мұра қалмай жер бетінде тентіреп қалған жокпаз ба?

Самғалиев серігінің мысын басып, бір жола тұқыртып тастамақ болды.

— Ақымак, сен де сондай күзеннің бірісің. Күзен болмасан, көрге түспес едің,— деп тіпті жерге кіргізе шоке-летіп тастады.

— Дәмінді көзім тірісінде кәрден жазғасын амалың не?— деп Басаржанов күрсінді. Көр мен түрмені салыстырып, тен көрген сынайы еді бұл.

— Дәмінді тағдыр жазды деп тұрсың ғой, ақымак. Тағдыр жазған жоқ, өзің аш бөрідей сол жаққа жастайынан қарап ұлып өскенсін. Жүрген жоқ па, өзіндей өндіршіндей жігіттер машинаның құлағында, самолеттің қанатында ойнап.

— Бұларды менгеру үшін бас көтермей оқу қажет. Оқығанынды зердеңе тоқи білетін ми қажет. Менде осы ми жағы кем соғып жатыр-ау деймін.

— Ақымак, бір бөлісі кем, тоқсан тоғыз дейсің бе?

— Ие.

— Ендеше жарыған екем серікке.

— Сол екен ғой сенің менен қалмай бірге сырғақтап жүргенің.

— Ақымак, асықпа, көп ұзамас, ертең-ақ сендей әпербақанды тобықтан қағып бір-ақ ұшырып түсер. Сонда көрерсің кім болғанынды.

— Эй, бір күн өмір сүрсек те жақсы сөз айтшы. Тө-

бемізден төнгөн үрэй бұлты оңсыз да жүргегімізді сыздатып жүрген жок па,— деді Басаржанов түнжырап.

— Немене, күн жаумай жатып сіркең су көтермей қалды демнің арасында. Шыда. Атаман боласың деген сөз бар әмес пе еді қазакта,— Самғалнев жолдасына дем бере сөйледі.

— Атаман боламыз деп жүріп азғынға айналып кет-песек болды да, әйтеуір,— Басаржанов өмірден туціле қол сермел қалды.

— Енді қолынды өкінішпен қалай сермесең де өткен күн бәрібір оралмайды. Оナン да мына тығырықтан шығар жол қарастырған жөн.

— Қарастырғанда не істейміз,— деді Сердебекке сұраулы кескінмен жаутандай карап.

— Кешті күтеміз. Екеуі де жұмысқа бармайды. Күн-діз осында ойнап-күліп жата береміз. Кешке сарымсақ есірген кісіге барамыз. Білдін бе?

— Білдім.— Жасыбек басын шүлғыды.

Екі жігіт осыған байлам жасады. Одан арғысын тағдырың бүйрыйна қарай көре жатармыз деп шешкен.

— Ha, ha! Тыста аздал тұра тұрайық. Ауаның жұпар иісі-ай! Ha! Ha!

— Біздің үйдің ауласы да осылай шешек атып тұруши еді-ау...

— Бар, азаңа қол үшін беріп, жемісін жинасып қайт. Эйтпесе анадай биік ағаштың үшар басына шығып, жемісін теріп үзіп алып тұрғанда жерге топ етіп түсіп жазым болып жүрер,— деді Серік екіштүлау сыйлен.

— Ие, сорлы акашым,— деп Жасыбек көзін тарс жұмып сағынышын сездіріл отті.

— Ашаһым деп зарығатының бар, емшегін еміл қасында неге отырмадын?

— Ерте суалып кетті.

— Сендей ашқарақты тойғызыу үшін екі емес, төрт емшек те жетпес.

— Екі емшекке де тойып жүргем.

— Жетті,— деп Сердебек үйге кірді. Жасыбек сонынан ерді.

Шалқая ашылған үлкен терезеден кең бөлмеге тау бөктепі анық көрініп тұрған. Есіктен кірген жігіттерді жайлы самал желпіп өтті. Тоты құстай сыланған қос сүлудың жұпар істері танауларын қытықтады. Стол үсті толы жемістер, ет, колбаса, арақ-шарап, сусын...

— Отрыңыздар,— деп Марфуға назданды.

— Жасыбек қызметіне кіріс, күя баста— деп Шура сөзге араласты.

Екі жігіт стол басында бұрынғы орындарына отырысты. Серік үлкен жарты літрлік шөлмекті алып «Посол арағы» деген жазуды дауыстап оқыды.

Жасыбек сыр бермеді. Досына қадалды, онысы «ақымақ» дегені.

— Құйсайшы, сауатынды ашқың келсе, кітап оқы,— деді Сердебек ескертіп.

— Аш қарынға ғылым үяламайды,— деді Шура.

— Арақ жүреді,— деді Марфуға әңгімеге шырай бепіп.— Қелиндер! Ал, алдық!..— деп лықылдаған рюмкасын Сердебекке ұсынды.

— Бүгінгі күн қамы қалай?— деп Шура сөз тасталды.

— Сарымсақ өсіретін кісіміз бар еді. Тұс ауа соған барамыз,— деді Самғалиев Марфуғаның жүзіне сынай көз тастанап.

— Тамақтан кейін дем алындар. Элде қала аралай-сыздар ма?— деді Марфуға.

— Мына ыстықта ма?— деді Шура қасындағы жігітке көз қиығын тастанап.

— Мына киіммен елді шошытамыз ғой,— деді Жасыбек.

Өзі қулағына дейін қызырып кетті.

— Салқын үйде жатып дем алындар! Кешке қарай шығарсындар,— деп ақыл салды Марфуға.

Шура көкшіл көзін көтеріп, «кетпендер!» дегендей жалына қарады. Өзі бұрынғыдан да құлпырып жарқы-

рай түскен. Жібергісі келмейді. Қимайды. Жігіттерге де керегі — осы.

Жасыбек «келістік» дегендей басын изеді.

Шура қуанғаннан құліп жіберді. Жан толқыны лықсып сыртқа шықты. Сағат беске дейін қозғалмауға келісті. «Қаламыз, кетпейміз» деген сөздер — қос сұлу күткен жылы сөздер еді...

Кешке қарай бәрі үйден шықты. Марфуға: «Сендер аулада тосындар, мен такси үстап әкелейін» деп белін бұрандатып, қайқаң қағып жөнелген. Күн төбеден ауса да ыстығы әлі қайтпаған. Тымырсық. Ағаштардың бастары тас болып қатып қалғандай қозғалмайды. Бұта-бутаны аралап гу-гу ұшқан шыбындар бақша ішінде тұрған бұларға маза берер емес. Дәу бір ара зуылдаған бойы Шураның мойнына жабысып қона кетті.

— Ах! — деп Шура алаканымен қағып жіберді.

— Ара да сізді жақсы көреді. Тәтті екенсіз, — деді Жасыбек.

— Ашы менен тәттіні татқан біледі.

— Ара да татып көрді.

— Кеттік, — деп Марфуға қакпаның есігінен басын изеді.

Таксимен үйреншікті үйге келді. Бағбан жоқ. Самғалиев зып беріп үйге кіріп кетіп еді, әлден соң қайта шықты.

— Жоқ, — деді ол машинаның ар жағына жайғасып. — Бүгін келмейді. Машинасының карданбалы істен шығыпты. Жигули жөндейтін автосервисге кетіпти.

Сол кезде Шура бұлар күтпеген тосын жайды айтып салды.

— Оны ОБХСС алып кеткен еді ғой, — деді құліп.

— Не істейміз?

— Кеттік үйге? — деді Марфуға.

Үйге келгеннен кейін Самғалиев пен Басаржановқа не істеу керек деген сұрақ екеуін жай таптырмады.

— Ең алдыменен мына киімдерді ауыстыру қажет.

Көшеге шыксак бітті, қарсы келген қыран кәздер: «Документтерінді көрсет» деп бірден тарпа бас салуы гажап емес... Амал жок, келіншектерден ақша алышп, өздерін дүкенге жіберу керек.— Екеуі де осы шешімге тоқтады. Ақыры Марфуғаны онаша шақырып алыш:

— Анау тынын тенге жасайтын бағбан бізді ұмытты. Ол бізді, біз оны таба алмай жүрміз. Ертең кешке кездесеміз. Құтсін деймің, көшеге шығып серуендең қайтайық десек мына түрімізбен қайда барамыз? Ел-жүртты шошытамыз ғой. Тіпті жұтап тұрмыз.

— Не істеу керек?— деді Марфуға мойнына қолын салышп, «көп созба!» дегендей.

— Тым болмаса екеумізге арзандау екі кейлек...

— Ол онай, дүкен алыш емес, екі-ақ квартал, қазір алыш келемін.

— Екі сандалет болса... мен қырық бір, Құзғынов ата-бабасынан бері қырық екінші киеді.

Марфуға жинала бастады.

— Марфуға жаным, сен көгершіннің балаларындай болсын деп екеумізге бір түсті алма, екі түстіден ал.

— Ұқтым, күп болады. Әдемісі — сенікі.

— Калғаны — оныкі,— деді Самғалиев көнілденіп.

Екі жігіт сыптай киініп алды. Қөнілдері аспандап, қабақтары шұғыл жадырап, жайнай түскен. Бұғін де көшеге шықпайтын болды.

Кос сұлу стол дайындала, музыка ойната бастады.

\* \* \*

Сентябрь айының орта шені. Құн ашық. Аспанда қойдың шарбысындай жұқа бұлттар ойдым-оидым ілінген. Бұғінде кешегідей ыстық болар деп ойлады үйден шыққан генерал Жанболатов аспан әлемін шолып өтіп. Бөлмесіне кірсе, кондиционер жұмыс істеп тұр. Бөлме іші қоныр жай салқын.

Генерал дайындала бастады. Сағат тоғызда опера-

тивтік кеңес өткізбек. «Жолдас генерал, кіруге ұлықсат па?» деп бірінен соң бірі басқарма офицерлері ішке кіріп жатыр.

— Жаңалықты бәріңіз де білесіздер,— деп генерал сабырмен сөзін бастады. Сақтық кассасына түскен екеуі серуенде жүр. Оны азынсаныздар, кеше түсте үш адам тағы да дүкен кассасын торап кеткен. Қарулары бар. Кассирдің айтуы бойынша, қарулары пистолет,— деп бөлме ішін бір-шолып өтті. Сосын сөзін қайта сабактады.— Біз оларды екі топ деп санап, іздеуге екі топ құрдых. Майор Сәлімовтің бүрынғы тобына капитан Қебеновты, лейтенант Нұрмағамбет Ильясовты белгіледік,— деп, «қарсы емессіз бе?» дегендей Қебеновке қарады.

Откен түнде жүргізген «Өрмекші ұясы» атты операция бірталай иетіже берді. Паспортсыз жүрген, қалада тіркелмей жұмыссыз сенделген кезбелер, жатып ішер жалқаулар, арамтамактар, маскүнемдер ұсталып, тиісті орындарға шұғыл тапсырылған. Ендеше бул бастама жеміссіз емес. «Өрмекші» операциясы үзбей жалғастырып, жандандырып отыру көзделген-ді.

\* \* \*

Капитан Серғазы Қебенов жас болса да, тәжірибелі, өмірден көргені мен түйгені көп, зерек жігіт. Жолдастарының арасында жасы да, үлкені де сыйлайды, беделді.

Кеше дүкенге де, жинақ кассасына да өзі барып көрген. Екі үрліктың да, дәлірек айтқанда, екі урының да әдісі бірдей — кісі жоқта кіріп барып, кассадағы бар акшаны сыпсырып, зым-зия жоқ болады. Қазірше із тастамаған снякты.

Оның не ойлап отырғанын білу онай болатын: толғандырыған ойының бір түйінін тапқанша ол алдына ак қағаз қойып, соған әр түрлі сурет салатын, сол суретте өзін күйзелткен нәрсені бейнелендіріп, сынаптай ұстатпай тұрған жұмбактың тусына сұрақ-белгісін қоя бере-

тін. Міне, қазір де ол бір парап қағазды алды да, сурет сала бастады.

Жолдастары жиналғанша, ол өзі салған суретке қарап, үнсіз отыр. Жұрттан бұрын келген Нұрмамбет оның қасына барды да, суретке көз жүгіртті. Иә, капитанды да толғантқан сол бір сұрақ: ұрылар қайда барып тығылған, қалай қарай қашқан? Қағаздың жоғарғы жағында дүкен үйі. Есіктен шыға берісте төрт-бес сзықша тұр, бұл ұрылардың қашқан жолдары іспеттес, ал сол сзықшалардың тірелген жерлеріне қыпша бел сұрақтар белгісі қойылған. Нұрмамбеттің түнімен үйкисын бейжай қып қайта-қайта бөлген де сол жәйіттер еді.

Қағаздың төменгі жағында тағы да сұрақ белгілеріне тірелген сзықшалар.

— Бұл өзі екі топ ұрылар емес пе екен? — деді Нұрмамбет. Оның дудағын даусына, қобалжы түскен өніне қарағанда, капитаннан сұрап тұрған жок, іштегі ойы еріксіз сыртқа шыққандай.

— Жок, меніңше, екеуі де — бір топ. Әдісі бір, ұрылардың саны — бір, кашу жолы — бір.

— Бір жұмада екі жерге ұрлықта түскен. Қалай қорықпайды? Бізді таң қалдырып отырған мәселе, міне, осы.

— Есебі дұрыс олардың. Қалада сырттан келген жат ұрылар бар, олар тезірек мол ақша тапқалы жүр деген пікір тусын дейді біздерде. Бірақ менің ойымша екі ұрлық та — бір топтың ісі...

— Тәжірибелі кәzzаптардың біреулері болды-ау, шамасы...

— Оны ұстағасын білеміз...

Капитан сурет салған қағазына біраз ойланып карауды да, бірден умаждап, урнаға атып жіберді.

— Жарайды. Саған тапсырма: тағы бір мәрте оқиға болған жерді көзден өткіз. Көрші-қолаңнан сұрастырып көр, жинақ кассасының адамдарымен сөйлес, ұрылардың түр-түсі, киімдері, көзге түсерлік белгілері жайлы сұрас-

тыр... Мен бастықтарға кіріп, жағдайды айттын шынында

Ол қалың бүйра шашын салалы саусақтарымен көниң қайырып алақанымен сипады да орнынан тұрды. Ұзни коридормен келе жаткан Нұрмамбет кенет ойға шомып: «Айтпақшы, дүкенде істейтін қыз ауруханада жатпаймын, емделмеймін деп дәрігердің кенесіне құлақ аспай жұмысқа шыққан. Кемінде бір ұрының түртүсін, кескін-келбетін айқын суреттеп айтып бере алатын кісі — сол болуға тиіс,— деді ішінен кубірлеп.— Бәрін әзірше жиыстыра тұрып сол қызың өзімен сөйлессем қайтеді. Мүмкін жұмбақ түйіннің бір ұшығы шығып қалар».

\* \* \*

Дүкен кассасында кісілер кезекте тұр екен. Біршама құтіп отырды да, адамдар жұбын жазбай келіп жатқасын, бөгет жасамайын деп Нұрмамбет сыртқа шықты.

Есіктің он жағы биік те ұзын цемент дуалмен жалғасып жатыр. Эрине, магазин кассасынан жүгіре шыға, ұрылар дуалға жармасып жатса, жұрттың көзіне түскен болар еді. Сол жағы — аула. Ауланың есігі ашық екен, ішке кірді. Кіре берістегі жолдың екі жағындағы екі үйде бүгін де ешкім жоқ. «Егер мына дуалдан қарғып өтсе, ар жағы тағы көше, тарлау, тыныш көше. Бірақ қарғып түскен кісілерді ешкім көрмеген. Мүмкін, ұрылар қарғып өткенде, көшеде ешкім болмаған шығар, ә?»

Ол айналып өтіп, екінші көшеге шықты. Екі машина кездесе қалса, қысыла жүретін тар көше. Кішкене арықтың бойына көкке бойлап иін тіресе ағаштар өскен. Тротуары да көшесіне сай екі кісі қақтығыспай ығысып жүретіндегі жінішке, тар. Атырабына көз жүгіртті — тірі жан көрінбеді. Мұндай көшеде танертең жұмысқа бара жатқандар мен кешке жұмыстан қайтқандар болмаса, кісі аз жүреді. Тыныш көшенің тұрғындары да тыныш адамдар болады. Бірақ ерекше кездейсөк бірдене болса, бірден көзге түседі. Ересектер күндіз жұмыста

болғанмен, балалар сірә үйде ғой. Мүмкін, балалардың көнілін бөлгсін жәйттер болды ма еken? Сұрастырып, іздестіру керек.

Дуалдың ар жағынан адамдардың дабыры естілді. Нұрмагамбет асыға жүгіріп аулаға келді. Оң жактағы үйден сақалы омырауын кемкерген шал шыкты.

— Не ғып жүрген адамсың? Не керек мұнда? — деп бірден тиісе кетті. — Сыртқы есіктің ашық қалатынын пайдаланып, біздің бөшкелерді қозғап жүрген сен емес-пісің? — Нұрмагамбетке құдіктене қадалды да, бірден шабуылға көшті: — Сіз не ғып жүрген адамсыз? Мұнда не шаруандың бар? Кімге келдіңіз, ә?

— Жәй...

— Кеше біреулер жәй ғана келіп, дүкен кассасын сыптырып кетіпті. Сен солардың ақылшы серіктерінің бірі емеспісің? Тұнжыраған түрің жаман көрінеді.

— Жо-ок, ата, — деп күлді Нұрмагамбет. — Мен соларды іздеушілердің бірімін... Жалынан сипаттай қашып құтылып кетті. Енді, міне, ізін таптай сарсылып әуре бол жүрміш...

— А-а... Дегенмен, документіңізді көрсетсөніз еken. Осы күні екінің бірі біздей карттарды алдап кетеді.

Документпен танысқансын көнілі кәншіп, орнына түсті. Сақалын тарамыс саусақтарымен тарамдап құлімсіреді:

— Үстаймын деймісін, балам? — деп шүнірек көзін сыйырайта қарады.

— Үстаймыз. Із қалдырмайтын, таптырмайтын, түсінде сұраусыз-бұраусыз кететін қылмыс та, қылмыскер де болмайды...

— Иә, бұл сөздерді газеттен талай оқығам. Бірақ менің мына көршімнің үйін өткен жылы декабрьде тонап кеткен-ди, ал әлі үрылары табылған жок, еркін асыр салып жүр. Жылдар бойы жинаған заттары сол кетуден әлі кетіп барады. Солай.

— Фамилиясы кім?

— Кімнің? Ұрылардың ба?

— Ұрылардың аты-затын білсем, мұнда көлем бе?— деп құлді Нұрмамбет.— Қөршініздің фамилиясы кім? Үйін тонап кеткенін милицияға білдірді ме?

— Жо-ок. Мен екі-үш рет айтқам: «милицияға бар, хабарла» деп. «Бәрібір таба алмайды, қайта-қайта шакырып, сергелдеңге салып, босқа күттіріп, уақытым кетеді» деп бармай қойған.

— Ұрылар қайтадан әкеп береді деп жүр екен ғой.

— Тос-сып жүр, әкеп береді деп.— Шал сақалын бір сипап қойды.— Қазір кейбір жылпостар карызға деп сұрап алған ақшаларын, ұзын арқан, кең тұсауға салып, қайырмай жүр ғой,— деді шал Нұрмамбетке тесіле қарап.

— Сондықтан бір қазак: акша сұрай келген жас жігітке: «Қарағым, менен акша сұрама, ақыл сұра» депті,— деп Нұрмамбет күлді.

— Міне, балам, сол қазақ нағыз ақыл талқан қария болды. Бұрынғылардың жәні бәлек қой. Алда-жалда біреуден қарыз алса қайткен күнде де мезгілінде әкеп беруге тырысатын. Ал, осы күнгі кейбір оқығандар сара жолдан шығып, кәсіп емес нәрсені қәсіп ететін болты. Амал не? Олардың көбі бөтелкелес достар ғой, балам,— деп, өкінішпен басын шайқады.

Әңгімелесетін кісі таба алмай, көрші-қолаңнан замандасы жоқ іш-құса бол жүрген шал шешіле сөйлеп бұны көпке дейін жібермеді. Сағатқа жуық әңгімелескенмен, өзіне кажет ештеңе таптаған Нұрмамбет сыйпай қоштасып, дүкен кассасына қайыра оралды.

Кассир оны бірден таныды. Бірақ мән-жайды сұрап білуге мұршасы болмады. Сапырылышқан жүрт алдын босатпады. Бірі келіп, бірі оны-мұнысын алып, жәндеріне кетіп жатыр.

Нұрмамбет те қазіргі сапырылыстың ау-жайын жіті түсінді.

— Мен кешке қарай жұмыс уақыты бітер қарсанында

соғайын, қарсы болмасаңыз,— деді Нұрмамбет сыпа-  
йылық танытып.

Межелі уақта ол дүкенге қайта соққан. Қыздың аты  
Гұлжамал екен. Сол күнгі қорқаннан болар, әлі күнге  
дейін басы ауыратын көрінеді, тіпті қаттырақ жүрсе,  
көзі қарауытып, тәңселіп кетеді. Нұрмамбет оны сүйей  
қолтықтап алды да:

— Екі жастың осылай жүргені жөн болар,— деді ол  
қыздың бетіне құлімсірәй қарап.

— Бейтаныс екі кісіге жараспас, таныс біреу көрсе,  
ұят қой, ағай,— деп ол қолын тартып алмақ болды.  
Нұрмамбет жібермеді.— Бұл көшеде таныстарым көп  
көздеседі. Секіртпе келгір қыздардың бірі болмаса бірі  
теріс ұғып, Мұратқа жазып жүрмесе иғі еді.

— Мұраттың кім?

— Бірге оқыған, бірге өскен жігіт. Қазір Қыыр Шы-  
ғыста, оңтүстік Сахалинде теңізші. Айтпакшы қару ұста-  
ған ұрының қолында якорьдың суреті барын байқағам.  
Түшпен салынған сол сурет Мұратта да бар болатын.  
Соның үқастығына таң қалдым.

— Қырағы екенсіз.

— Рас. Қайрыла карай бергенде кезім түсті.

— Анық болса, одан басқа ерекше ештене жадында  
қалмады ма? Қиген киімдері қандай, түс-келбеттері қан-  
дай, сейлеген сөздері есінде ме?

— Олар сейлеген жоқ. Бізге де ләм-мим деп аузы-  
мызды ашуға мұрша келтірmedі.

«Әдемі қыз дейді... Қарашы. Қашанғы сүрбойдақ боп  
жүресін, мұмкін, қармағына ілінер»,— деген капитан  
Көбеновтың сөздері есіне түсті де, іштей құлді. «Әдемі  
қыз екені рас екен. Бірақ ұстамды, сергек көрінді. Ақыл-  
ды болуга тиіс. Бірден арамызға Мұрат деген қорғанды  
түрғызығаның қарашы! Қыздың оның атын назданып сүй-  
сіне атауына қарағанда, теңізші жігітті сүйетін болғаны  
ғой».

Қыз үнсіз, ойланып келеді. Бір кезде:

— Маган қол жұмсаған ұры қисық мандай екен. Қа-  
зір жадыма түсті...

— Қисық мандайы қалай? — деп Нұрмамбет қыз-  
ға жалт қарады.

— Мандай шашы солдан онға қарай қисық жарыл-  
ған. Бір жақ мандайы жоғары, жазықтау,— деп қаста-  
рын керіп қарақат көздерін ашыңқырап, Нұрмамбетке  
тік қарады.

— Қызық екен! Мен бұрын-сонды олай біткен ман-  
дай көрген емеспін,— деп Гұлжамалға сенімсіздік біл-  
діргенін жуып-шаймақ болды.

— Шын айтам... Айтарын айтсам да, сізді сенбес деп  
едім, шынында да сенбей тұрсыз. Мен өзім де бұл қалай  
деп таңданғанмын. Ал менің көргенім сол. Отірік айтып  
қайтам? Мен кітаптардан оқығам — жөнсіз, бұрыс ай-  
тылған бір ауыз сөздін өзі кейде кісіні теріс жолға сіл-  
теп жіберуі мүмкін. Сондықтан тек көзіммен көргенімді,  
ақиқат анық нәрсені ғана айтып тұрмын. Сенсөніз де,  
сенбесеніз де, ықтиярыныз, ағай.

Нұрмамбет қыздың айтқанына қалысыз иланды.

— Неге сенбеймін, сенем. Сіз көргеніңізді айтып ке-  
лесіз ғой,— деді.

Нұрмамбет үнсіз ойға шомды. Ұрылар сонда қай  
жолмен сытылып қашты екен? Мұнда не сыр бар? Қайда  
жасырынды? Ұрылар кассадан шыққасын он минуттан  
кейін милиция адамдары келіп үлгерді. Аулада бір де  
адам жоқ екен, бұл факт. Ауладан басқа жаққа кететін  
жол жоқ, тақтаймен көмкерілген. Әрбір тақтайын қол-  
ма-қол үстап тартып көріп еді — қозғалмады, ұқыпты  
шегеленген. Биіктігі екі жарым метрдей.

Жо-жоқ, олар дүкеннен асыға-аптыға шықпай, ша-  
руасы түгел адамдардай, жайлап кете барған. Сондық-  
тан ешкім күмәндандыған, ешкімнің көnlіне күдік үя-  
ламаған. Айтпакшы, есікте де, кассада да саусактың ізі  
жоқ. Демек, сактық жасап, қолдарына биялай киген.

Үшеуінің де шаштары иініне түскен болса, мұны бі-

реу болмаса біреу байқар еді, ондағы ұзын шашқа көніл аудармау мүмкін емес қой. Бірақ соны байқаған кісінің әл-әзір кездеспей тұрғанын қараши

— Мақтанды деменіз, мен өте сезгішпін.

— Оны немен дәлелдейсіз?

— Сенбей тұрсыз-ау,— деп құлді Гұлжамал.— Жарайды. Міне, бір мысал. Сіз сезілер-сезілмestей, аз ғана әтір жағыпсыз құлағыныздың түбіне. Бір қызығы — әйелдер қолданатын, біздін қаланың магазиндеріне жаңа түсे бастаған француз әтірі. Дұрыс па?

Нұрмағамбеттің екі беті ду ете түсті, қолайсызданып қалды. Қыздың айтқаны — рас: мана үйден асыға шыққанда «Шипрді» таба алмай, қарындастының бұрнағы күні әкелген әтірінен екі құлағының түбіне сіріңкемен жақкан-ды. Соны мына қыздың іішіл мұрны сезіп тұр.

— Рас, дәл таптыңыз,— деді ұялып. Қысылғанынан даусы қарлығынқырап шықты.— Ұрының бет-келбетін көз алдыңызға елестете аласыз ба?

Кыз ойланды.

— Жо-ок. Бет-әлпеттің суреттей алмаймын. Жадымда қалғаны — маңдайының қисықтығы.— Кыз дәкемен таңған басын сипады.— Қөзімді ашсам, құлап жатыр екем. Басқа ештеңе білмеймін.

Нұрмағамбет қызды үйіне дейін шығарып сап коштасты да, кейін бұрылды. Он шакты адым аттағанша болған жок, қыздың дауысы естілді:

— Ағай! Ағай деймін!

Жалт қараса, қыз жүгіріп қеледі.

— Иә, бірдене айтпақшымысың?— деді аптыға, ентігінкіреп тұрған қызға.

— Иә, сізге жәрдем болар ма екен, ойынызға ой салар ма екен?

— Айта бер.

— Әлгі ұры мені ұрмак болып қолын сілтегендеге, биялайынан бір майдың іісі сезілгендей болды.

- Майдын?
- Май болғанда айтайын дегенім бензин еді... Иә, бензиннің ісі анық сезілді.
- Сонда?..
- Шофердан басқа кімнен бензиннің ісі мүнкіп тұруы мүмкін? Эрине, шофер... Немесе машинаға, бензинге қатысы бар адам болар.
- Гүлжамал үллынқырап, төмен қарады.
- Кешірініз, ағай... Әйтеуір, түккө тұрмайтын нәрселерді еске түсіріп, қымбат уақытынызды алдым-ау... Кешіріңіз...
- Жо-жоқ, о не дегенін, Гүлжамал? Өте көп пайдалы нәрсе айттыңыз... Әсіреле, бензиннің ісі... Рақмет!

\* \* \*

Таңсәрідегі үйқыда маужырап жатқан конактарды мезгілсіз соққан қонырау шошытты. Жігіттер қасқыр тиғен қойдай үркіп тұрды.

— Таң атпай жүрген қай шайтан?— деп Марфуға есікке жүгірді. Кешікпей оралған Марфуға:

— Жұмысқа шақырады. Кеше ОБХСС адамдары келіп «Барменді» — алып кетіпті. Жауып тастапты. Бәрі «қара мысықтың» ісі,— деп төсекке Самғалиевті құшақтай құлай кетті.

— Әйтеуір бізден аулак,— деп іштей қуанып, Самғалиев сұлуды айқара құшақтап, аймалай берді.

Әлден уақытта:

— «Қара мысық» кім?— деп сұрады Марфуғадан көзіне көзін қадап.

— Оңбаған біреу бар. ОБХСС-те істейді. Тышқан аулаған мысықтай искелеп, тіміскілеп жүреді. Исаак деген «Барменді» айналдырып жүр еді. Қармағына іліктірғен екен, ит неме,— деп төсектен тұра бастады.— Сендер жата беріндер! Директор сағат жетіге келсін депті, ол да үйықтаған жоқ шығар. Он бес минутсыз се-

гізде маған машина келеді. Тезірек жуынып, киініл да-  
йын отырайын. Тұрған соң Шура тамактандырап. Мұм  
кін көп болмаспын, мен де келіп қалармын.

— Бара ғой,— деп Самғалиев мойнынан сипады.

Матрацтың үстіне жұмсақ болсын деп қытай жібегі-  
нен тыстаған мамық көрпе төсепті. Марфуға да ыстығы  
қайтпаған келіншек екен. Денесі дымқыл тартып, бу-  
сансып шықты. ОБХСС, «қара мысық» деген сөздер  
Самғалиевтың жамбасына кірпінің тікеніндей қадалды.  
Жатқызар емес. Төсектен тұрды да, ас үйге беттеді. Мар-  
фуға үлкен айна алдында шашын тарап тұр екен. Сам-  
ғалиев Марфуғаны айқара құшактап бір сүйді де, «душ-  
ка түсіп келейін» деп шығып кетті. Таңертенгі таза ауа-  
ны асыға жұтып, жан-жағына көз салды. Қыбырлаған  
жан жок. Аула іші мұлгіп тұр. Қөшеден саран үрген  
канден иттің үні, әтештердің шақырған даусы естіледі.  
Автобус, машиналар бірімен бірі үн қосып сабыла бас-  
таған. Суға түсіп жатып, «не істеу керек?» деген ой  
Самғалиевке маза бермеді. Эйтсе де салқын су оны әп-  
сәтте сергітіп жібергендей көрінді. Үлкен сұлтімен де-  
несін ыскылай сүртіп, үйге кірді.

— Кеттім,— деп Марфуға Самғалиевке қолын  
ұсынды.

— Жолың болсын!— деп жігіт есік ашты.

Аздан соң төргі бөлмeden:

— Қайырлы таң!— деп Шура шықты. Қешікпей Ба-  
саржанов көрінді. Шөлдеп кеттім деп стол үстіндегі бор-  
жом сүни бокал толтыра құйып сіміре салды.

— Тезірек жоғалайық. Экеннің үйінде жатқандай  
жайғасыпсын. Тез киін,— деді Самғалиев серігіне қада-  
ла қарап.

Арада көп уақыт өтпеді. Екеуі асығыс тамактанды-  
да, «шаруамызға барамыз» деп кетіп отырды.

\* \* \*

Тұсқи үзіліс алдында капитан Қебенов лейтенант Ильясовты өзіне шакырды. Барса капитанның қарсы алдында орта жастағы, толықша келген денелі жігіт отыр екен.

— Танысыныздар! Лейтенант Нұрмамбет Илиясов. Мынау — Сергей Николаевич Булатов.

Нұрмамбет қол алысты да, столдың екінші жағына отырды.

— Мен Сережа Булатов,— деді құлімсіреп Сергей. Бірақ Нұрмамбетке оның өзі де, есімі де бейтаныс еді.— Мени танымайсыз ба?

— Жоқ.

Сергей оған тандана карады.

— Мени танымайтын милиционер де бар екен-ау!.. Мейлі, мәселе бұнда емес. Онан да өз шаруамды айтайды.

Осы кезде сөзге Қебенов араласты.

— Алдымен сен кешегі болған әңгімені айт,— деп тілек біллірді.

— Иә, екі жылдан бері, сона-ау жақтан оралғалы, тып-тыныш жүр едім, кеше сырханада маған бір жігіт келіп, менен жәрдем сұрады. Жәрдем сұрағанда да... Айтпақшы мен инженер-механикпін. Машина жөндеу базасында қызмет істеймін. Казір машина көп, жұмыс көп. Машинасын жақсылап тезірек жөндеп алуға жүрттың бәрі асығады. Жасыратын түгі жоқ, кейде бос уақытымды мотор жөндеп, аварияга ұшыраған машиналарды қалпына келтіріп, түзетумен өткізем. Эрине, бұл жайғана хобби емес, ақшалы, семьяға пайдалы нәрсе, уақытта босқа өтпейді. Бірақ негізі — адамдардың алғысына ие боласың. Ал құрмет жігітті шаттандырады, еңбекке ынтасын ұштай береді. Ең басты нәрсе еңбектен қол үзбей ғой. Мен ұзақ сөйлем кеткен жоқпын ба?

— Жо-жоқ, айта берініз,— деп капитан сыпайылық танытты.

— Иә, кеше машинаны жөндегеннен кейін жұмыстан шығып сыраханаға барғам. Мен ішкенді онша ұнатпаймын. Бірақ мені сыраханаға шақырган, сыйлы кісілердің бірі еді. Қоңлін жықпай бара салғам. Әлгі жігіт сонда жолыкты. Жүзі таныс болған соң атын сұрамаппын, баяғыда жай ғана «балапан» дейтінбіз. Өйткені біздің арамыздағы ауызданбаған сары ауыз ең кішіміз болатын. Міне сол «балапан» қазір жиырма-жиырма екіден асқан, келбетті сінгезердей жігіт болыпты. Бірден «мотоциклімді жөндеп бер!» деді ол.—«Не болды?»—деп сұрадым. «Коляскалы мотоцикл. Терекке соғып, алды мылжа-мылжа болды. Басқа танысым жок. Сен өзіміздің адамсың ғой. Ренжітпейміз, айтқаныңды береміз»— деді. Мен «айтқаныңды аласың» дегенге ренжіп қалдым. Егер «ескі жолдас едік, басқаға жөндестуге қаражатымыз жетпей түр, жәрдем бер. Ер мойнында қыл арқан шірімейді»— дегенде, сөз жоқ, жөндеп берер едім. Тегін, бір тын алмай-ақ жөндеп берер едім. Мен үндемедім. Ол ақшасы жоқ шығар деп ойлады ма, қалтасынан бір пачка үш сомдық алып, маған ұсынды. «Аз болса, сонынан тағы берем. Тезірек жөндеп бер»,— деп жалынды. Сосын: «Сен жөндегенше, оны айдайтын жолдасым да ауруханадан шығады»,— деді.

— Сонда мотоциклдің иесі ауру кісі ме?

— Жоқ, сау. Тек мотоцикл терекке соққанда, бір колы сынған. Жас қой, шамасы бір айда жазылып, қатарға қосылып кетеді. Өжет жігіт, беті қайтпаған кекжал,— деп, ауруханаға түскен жігітті мақтады. Сосын қайтейін, келісім бердім. Қоштасарда «Балапан» маған былай деді:

— Мынау — еңбек ақын. Қажет болса тағы табылады. Еңбегінді жемейтінімді білесің. Қанша керек болса, соңша ал,— деді. Содан кейін мен сіздерге келдім. Ал ендігісін өздеріңіз істің ретінә қарай шеше жатарсыз.

Капитан Қебенов пен Нұрмамбет оған тіл қатпады. Қызық екен дегендей бір-біріне қарады да қойды. Сәлден соң:

— Ие, назар аударатын жағдай екен,— деді капитан.

— Ақша қайда?— деді Нұрмамбет Қебеновке.

— Ўйде.

— Шынында да, сіздің қолынызда ашылмай жатқан қауіпті іс бар ма? Құпия болмаса айтыңыз, мүмкін, менің септігім тиер,— деді Сергей Нұрмамбетке, шылым тұтініне ысталған тістерін көрсете күлімсіреп.

Капитан Қебеновте күлді. Екеуі де ойланып қалды. Сергей тәмекі шекпек болды.

— Жо-жоқ, құпияныздың маған қажеті жоқ. Тек сөздің реті келгесін сұрағаным фой,— деп Сергей жалтарды.

— Құпия емес. Бүкіл қала білетін, жұртты дүрліктіріп жатқан оқиға құпия болатын ба еді? Бір күннің ішінде қаланың шётіндегі жинақ кассасына түсіп, бір магазинді сыпырып кеткен. Қазір менің мазамды алып, жаңымды жегідей жеп отырған — осы іс.

Сергей капитанға қадала қарап көз тастады.

— Эрине, мен бұл кәсіпті тастағалы қашан. Септігім тие қоймас. Бірақ әлгі «балапанның» түрінен секем алдым: ештенеден қайтпайтын, өзет, ойлағанын іске асыратын жаңып түрган жалынды жігіт сияқты. Ал оның ойы — жақсылық емес. Шамасы, менің бұрынғы қылыштарымның әсерінен біржола арылғанымды, мұндайлардан қол үзгенімді білмейді-ау деймін. Егер жаңалық болса, келіп не звондап айтармын. Қазірше менен не жәрдем бола қояр дейсің? Ұлықсат болса кетейін,— деп хош айтты.

Сергей кеткеннен кейін арнаулы топтың мүшелері жиналды. Нұрмамбет қыздан естіп-білгендерін түгел ортага салды.

— «Балапан». Мұндай ат менің жадымда жоқ. Архивтен сұрау керек болар,— деп капитан тағы ойланды.—

Ауруханалардан аварияда қолы сыйғандарды сұрап, бақылау керек. Ол жөнінде милицияда не бар? Кімдер екен өздері, кімдермен байланысар екен, бұрын-соңды бізге түскен таныстар бар ма екен? Әсіреле жасы жиырма, жиырма екі дегеніне назар аударындар.

Нұрмамбет ұрылардың шаштары ұзын екенін ес-кеертейін деп түрді да, үндемеді: олардың бұл белгісін капитан билетін еді. Ойын бөлмейін деп ойлады.

Аудандық милиция бөлімдерінің хабарлауы бойынша автомашиналардың соғысқанынан ауруханаға түскен бір-ақ кісі бар екен — жасы елуден асқан, бірақ әлі мықты, мамандығы етікші, аты-жөні — Мұқаш Орда-баев. Айнадай жалтыр бас. Жинақ кассасы мен дүкенге ұрылар түскен күні ауруханаға әкелінген — жалғыз сол. Нұрмамбет жұмыс кеңесіне барып, кадрлар бөлімі арқылы оның өмірбаянымен танысты. Екі-үш кісімен сөйлесті. Он бес жылдан бері осы жерде ұзбей енбек істейді. Семьясы бар. Екі егіз баласы биыл онынши класты бітірген, институтқа түскелі жүр. Әйелі де осында кассир. Целиноградтан көшіп келген.

Бұған Қебенов онша мән бермеді. Бірақ Нұрмамбет осыдан көз жазбау керек деген тоқтамга келген-ді.

Өзінің бұл ойын әзірше ешкімге айтпады. Тексеру жұмысын жүргізген автоинспектордан аварияның жайжапсарын сұрастырып білмек болды.

Арада екі апта откенше, шынында да, көніл аудаарлық ештеңс болмаған-ды. Ауруханадағы сыркатқа әйелі ғана жұмыстан кейін кешке қарай келіп-кетеді. Аварияға түскен адам беймәлім жата берді. Он бес жыл бір орында жұмыс істеген жолдастарынан бір де бірі келіп, із салмады. Бұл жәйтқа Нұрмамбет таң калды.

Содан бері де екі-үш жетінің жүзі бол қалған еді. Нұрмамбет әдеттегінше ауруханаға соққан, кезекші медсестра қызы бұл күтпеген тосын жайды айтып калды.

— Кеше кеште ұзын шашты екі жас жігіт келіп же-

міс әкеліп берді. Басқа ешкім келген жок,— деді ол Нұрмагамбетке тандана карап.

— Канша болды, не сөйлесті?— деді Нұрмагамбет абырарап.

— Сөздерін тындагам жок, үят емес пе?— деп медсестра сөзін жалғастыра берді.— Жастары жиырма, жиырма бестер шамасында. Біреуі сыртта тұрып қалды да, екіншісі палатаға кірді. Бірақ көп іркілген жок, тез шықты.

Не сөйлескенін білмейсіз бе?

— Алты адам жатқан палатада не сөйлесетін еді! Ден саулық, бала-шаганың аман-есендігі турагы сұрактар. «Кашан шығасын?»— деді кетер алдында. Ордабаев алі сауығып болған жок, кашан шығатынын қайдан білсін.

— Шынында қашан шығуы мүмкін?

— Эрі кетсе, бір аптадан кейін шыгады. Қолының сүйектері аман, тек мотоциклдің астында қалғанда он қолының жілігі жарылған дей ме? Емдеуші дәрігерден сұрап едім, «келесі аптада шығарам, орын керек» деген. Гипспен үйінде жүре тұрар деп айтқан. Оны сыркат білмесе керек.

— Келген жігіттің өзге ерекше белгілері есінде жок па?

— Жоқ. Тек шашы бір түрлі қызық сияқты көрінді маған,— деді медсестра ойланған сынаймен.

— Шашының қызығы қалай?

— Шашы біраздан бері тараған маған сияқты. Тіпті шаш емес, парикке ұксайды. Иә, парик болар деп ойтаймын. Жігіт адам оны несіне салады, қызық екен?

— Шын ба?

— Иә, шаш болса оны кісі тарамай ма? Мынау көптең тараған, кей жері үйпаланып, бұйраланған сияқты,— деді медсестра Нұрмагамбетке байқағанын түгел баяндауга тырысып.

Нұрмагамбет қыздың аты-жөнін тілдей қағазға жа-

или алды да, онымен қоштасып, тысқа асығыс шығып кетті.

Капитан Кәбенов те өз бөлмесінде екен. Нұрмамбеттін айтқанын ден қойып түгел тыңдалы да:

— Иә, қызық екен. Ойланатын жайт,— деді ол.— Сергей Булатовпен байланысып тұру керек, мына қасқырдан көз жазып қалмайық. Мен мұны жоғарыға жеткізейін, не дер екен?

— Гүлжамалдың айтқандары Сергейдің айтқандарына сай келеді. Мотоциклистен де бензин ісі шықпайды деп кәне кім айтады? Енді Сергей оны тағы бір жолықтырғанда қолына салынған якорь суретін байқаса болды, сонымен бітіп жатыр.

— Жарайды, оған асықпа. Қалай дегенмен де суыртпақтың ұшы табылды ғой. Шетінен ақырын тартып көрейік.

Байлау осыған тоқтады да, екеуі өзара келіскең сыйнай танытысып, орындарынан тұра берді.

\* \* \*

Телефон шылдыр ете қалды.

— Капитан Кәбенов тыңдалап тұр. Қайдан бұл? Кімсің?

Телефоннан сөйлесіп тұрған кісі шұбырта жәнелді:

— Нинамысың? Сәламаттысың? Мен Сергеймін ғой. Соңғы кезде хабарласпай кетті деп ренжіме! Жұмыс көп, бастан асып жатыр. Иә... иә... Тыңдалап тұрмын...— Телефондағы кісі сыйырға көшті.— Эр адымым андулы. Мотоциклді жендер бол қалдым... Ал, Нина, көріскеңше сау бол!

— Қайдасың?— деп айғайлаған капитан трубкаға таңдана қарап, кідіріп қалды.— Иә, бұл, әрине, Сергей Булатов. Эр адымым андулы дейді. Жігітке қатер төнген сияқты.

Капитан телефон трубкасын ершігіне сарт еткізіп коя

салды да, милиция қызметкерлерін түгел алдына шұғыл шақыртып алды.

— Операция жеделденіп барады, жолдастар. Нұрмамбет, саған тапсырма: Бекербековтің анасымен хабарлас та туған жерінен телеграфпен сұрат кім өзі? Не істеген? Туған-туысқандары бар ма? Авиапочтамен то-лық және жедел суретін де жібер. Сен бара бер,— деді капитан.— Ал сіздерге тапсырма...

Нұрмамбет Сергей Булатов тұрған үйді таксимен бір айналып шыкты. Жол торабында, мүйісте орналаскан жеке меншік үй. Жұмыс кезі болғасын ба, аулада тірі жан көрінбейді. Машинадан түсіп, үйге барып, кіммен болса да хабарласуға бата алмады. «Әр адымы аңдулы болса, үйде біреудің бақылауында болуы мүмкін ғой» деп ойлаған. Таксимен Сергейдің әйелі істейтін заводқа бармақ болды.

Кадрлар бөліміне шақырылған Нина Нұрмамбеттің кім екенін білгенде, солқылдан жылап қоя берді. Көпке дейін солығын баса алмады.

— Қошे кезген жүгермектерге жолама дедім, болмады. Өзі де бір айтқанынан қайтпайтын сорлы. Енді, міне, өзінің де, біздің де көзімізді құртқалы жүр онбағандар... Сергейдің әр адымын андиды, үйімізді торулайды. Мені де ту сыртымнан бақылап жүреді. Сергейдің айтуымен сіздерге звондайын десем, солар автомат-телефонға жакыннатпайды. Не істеймін, Сергейді қалай құтқарам деп басым қатты. Біздің Люсямымз, төрттегі қызымыз, әжесінің колында еді. Тек сол ғана қауіпсіз жүргені көnlімізге жұбаныш. Әйтпесе бұлар нәрестені үрлап алушан, жазым етуден беттері шімірік-пейді. Не қылған жауыздар өздері? «Аяқтарынды қия бассандар, өмірмен қоштасасындар, өлесіндер» дейді. Сергей сіздерге қалайда хабар бермек боп әлгі мотоциклдің ремонтын мүмкіндігінше созып келеді. Бірақ олар қояр емес, тездет деп жанын алып барады. Білмеймін, мұның соңы не болар екен?— Нина осыны айтты да

ак торғын орамалымен көз жасын сүртіп, сабасына түсे бастады. Бірақ бұдан басқа ештеңе айта алмады. Тек болғаны:—«Құритын болдық, енді біз тірі жанның есебінде жокпыз! Тек Люсяжан аман қалса болар еді, оның кайда екенін мына иттер білмесе екен!» дей берді.

Нұрмагамбет енді көп уақыт үттырығысы келмеді.

— Сергейді қайдан табамыз?— деп келіншектің бетіне жаутандай карады. Бұны естігенде Нинаның көзі шарасынан шығып кете жаздады.

— Қалай табамының қалай? Сергей жұмысында жок па?— деді таңырқап.

— Мен оның жұмысына барғам жок.— деп Нұрмагамбет шынын айтты.— Әуелі сізben кенесіп, істің мәнжайын білтейін дедім.

— Сау басқа сақина тілеп алған Сергейдің өзі болды. Кайтейін. «Бұларға адам өмірін, шын өмірдің, дүниеге келген адамның борышы неде екенін түсіндірейін, дұрыс жолға бағыштайын, ұқпаса, милицияға тапсырам» деп қасарып, болмай койған тағы да өзі. Ал ұрындырыды ұрыларға! Ұрылар енді мұның өзін бұрынғы жолға қайыра түсірмек, өздеріне қосып алмақ. «Қосылмасан, көзінді жоямыз» депті. Сергейге барманыз. Егер оның милициямен байланысы бар екенін білсе, өлтіреді. Сергей ештенеден қорықпайтын, жүрегінің түгі бар батыр жігіт еді, бірақ сонғы кездे мазасыздынып, қалай қол үзіп кетерін білмей, дел-сал болып жүр. Сіздерге хабарласа алмайды, өйткені әр адымы андулы,— деп Нинаның тағы шыр-пыры шықты.

— Ұрылардың аты-жөнін, адресін білмейсіз бе?

— Қайдан білем? Сергей үйге қонбайды: жұмыстан бос кезінде ұрылармен мотоциклге бөлшектер іздейді, өткен түнде түнімен жөндеді, солармен болды, сол жақтан жұмысына кетеді. Ұрылардың біреуі сол Сергеймен бірге, көрші цехта істейтін снякты. Әйтеуір, аяғын кия бастырмайды, өкше ізін аңдып, салпактап соңынан және қалмайды.

\* \* \*

Аптаның аяқ шенінде Нұрмамбет Сергейді «Тұлпар» дүкенінде кездестірді. Мотоциклге бөлшектер ізден жүр екен.

Нұрмамбет біршама алғыстан бакылап, аңдашысы — қасындағы тақырбас жігіт екенін білді де, сатушыға сөйлесіп тұрганда, арасына сынадай сығылсып кірді де, Сергейді бір шетке ығыстырды. Бір ыңғайлышы — осы кезде запас бөлшек іздеушілер дүкеншіге лап берген-ді. Сергей оны таныса да, танымағансып, жолдасына жалтақтап:

— Бар ма екен? Алдың ба? — деп айғайлады.

Сатушы бірдене айтып, оның көнілін бөлді. Сергей бірдене қарағансып, төмен енкейді де, Нұрмамбетке:

— Мына жігіттен көз жазбандар. Егер айрылып қалсандар, сол тоналған дүкен төнірегінен іздендер. Мотоциклі — ИЖ, коляскалы.

— Номері?

— Эр түрлі номері бар. Сол касса үрланған дүкенге бакылау қойындар...

Әлгі жігіт адамдарды киіп-жарып, Сергейге үмтүлды. Мұны көрген Сергей оған қарсы жүрді. Екеудің дүкеннен шығып, такси тоқтатты. Нұрмамбет таксидің номерін көріп қалмақ боп тыска үмтүлған еді, бәрібір үлгере алмады. Такси одан бұрын қозғалып жүріп кетті.

\* \* \*

Нұрмамбет капитан Қебеновке жетуге асыкты.

— Ендігі белгісі — мотоцикл ИЖ, коляскалы. Сол жақтағы көшедегі дүкендерге сақ болу керек. Сергейдің айтып үлгергені сол-ақ.

Капитан Қебенов арнаулы топ адамдарын шақырып алды:

— Ұрылар бірдене сезген сияқты. Сергейді бір адым көзден таса қылмай отыр. Қайда тұрады? Не істейді?

Біз бұл сұрақтарға әлі жауап берे алмаймыз. Сергейді бүгін үйіне де қондырмаган. Демек, бүгін-ертең іске шығатын болғаны. Адресі шамамен белгілі — сол көшегі дүкендердің бірі. Бірақ қай магазин?

— Ендеше ауласы бар дүкен болды ғой,— деді қарсы отырған жігіт.— Олар ылғи ауласы бар дүкендерге түседі.

— Дүкендердің бәрінде де қойма іспеттес аула бар емес пе?

— Иә... Шынында да солай-ау.

— Ұрылар неге ауласы бар үйге қызығады? Көзден тасалану үшін бе? Біз тез жетсек те ұстаптайтыны. Сонда олар қайда жасырынады?

— Осының сыры көрші көшеде емес пе?— деді Нұрмамбет ойлы пішінде.— Менің байқағаным — екінші көше ылғы тыныш, кісі аз жүреді. Неге?

— Сол қағаберіс көшеге көлігін қоятын болар,— деді капитан.— Есікізде ме, жинақ кассасындағы қыз ұрыдан бензин нісі мүнкіп тұрды дегені?

— Шофер ма? Машина көзге түспей ме?

— Мотоцикл ше? Қандай кішкене, тар көше болғанмен, өте шықпай ма?

— Мотоциклдің номері белгісіз-ау...

— Бұлардың мотоциклінде бірнеше номер бар екен. Біздің билетініміз — мотоцикл ИЖ, коляскалы.

— У-шу кезінде коляскалы мотоцикл керек. Қазір екеу делік. Ауруханада жатқан осылардың досы, мен білсем,— деді қасындағы жолдасы.

— Ендеше дүкен орналаскан жердің тұсына көрші көшеге кісі қоямыз, көшені қоршаймыз.

— Сіз жинақ кассасы тұрған көшениң үзындығы қанша, о көшениң бойында басқа дүкен барын білесіз бе, жолдас капитан?

Капитан қабырғаға ілінген аудан картасына келді.

— Иә, бұл езі үзын көшелердің бірі екен. Шынында да қаладағы дүкендердің бәрін бірдей бақылауға біздің

топ түгіл бүкіл РОВД-ның штаты жетпес. Бірақ қалалық сауда баскармасына ескерту керек.

— Дегенмен, бұл көшени де, оған көршілес екі көшени де таса етпейік. Көше ұзын болғанмен, ұрылардың көздеген жері біреу. Ұрылардың орнында біз болсақ, қай дүкенге түсер едік деген тұрғыдан қарайық, ә?

— Дұрыс. Біріншіден, олар Сергейді ала шығуы мүмкін. Эрі көлікті жөндедің, әрі тонауға катысасын, ешкайда көте алмайсың дейді ғой. Екіншіден, олар бұл іске құндіз шығар, өйткені жұмыс кезінде дүкендерде кісі аз болады. Солай емес пе? — Капитан бұным қалай дегендей әріптестеріне жағалай қарады.

— Бұл ойныз қөнілге қонады. Бірақ құндізгі жұмыс мерзімі сегіз сағат емес пе? Сонда қай сағатта?

— Түске дейін олар дүкенге тие қоймас. Кассада ақша болмайды. Кешке жақын көшедегі күзетшілермен не инкассаторлармен ұшырасып қаламыз деп тағы тартынады. Демек, не тұскі үзіліс алдында, не үзілістен кейінгі екі сафаттың ішінде келеді олар. Сен қалай ойлайсың?

Нұрмағамбет бірден жауап бермей, кідіріп қалды. Біршама ойланып, қосылам дегендей басын изеді.

— Жүр, жолға шықтық. Объектіні дұрыс тапсак, ұрылардың дәл тәбесінен дөп түсеміз.

Кашқаниң жолы біреу де, күгүншының жолы мың деген рас-ау. Бұлар ұрылардың әдіс-тәсілдерін талдап, бұрынғы үрлыш істеген жерлерін тағы бір мэрте көзден өткерген-ди. Операцияны дайындағанда, олардың кейбір ерекшеліктерін еске алған-ды. Жинақ кассасына шабуыл жасағанда да, дүкенге түскенде де есікten шыға берісте, бірден лып етіп тасалана қалатын, кішкене аула болуы керек. Шамгасы, ауладан секіріп түскенде, қай жерде, қай көшеде мотоцикл дайын тұрған? Мотоцикл болмаса, ол жерден немен, қалай кетті?

Міне, осы тұрғыдан олар негізгі күшін үш дүкеннің төнірегіне топтады, алystan ғандып, бақыламақ болды.

Мұның себебі — бұл дүкендердің шыға беріс қапталында жасырынатын аула бар, ауланың қабырғаларының секіріп өтіп, әр жағындағы көшеге өтуге, тротуардың шетіндегі ағаштың арасына мотоцикл қоюға, елу-алпыс метрден кейін мотоциклмен басқа көшеге бұрылып, із жоғалтып кетуге болады. Тар көшеде басқа транспорт-машинамен асығыста шапшаң жүру қауіпті.

Бірақ қанша мұқият, қанша жан-жақты дайындалса да, бұл жоспар іске аспады, өйткені оқиға мүлде басқа арнаға түсті, бұлардың ырқына қөнбеді.

Каланың шетінде, жана іске қосылған проспектің бойында бұдан екі ай бұрын ғана аяқ киім дүкені ашылған-ды. Дүкеннің директоры іскер, пысық жігіт пе, әлде саудада көптен істегенмен бе, танысы, қолы үзын кісі болды ма, әйтеуір, бұл дүкенге әрқашан шетелдік аяқ киімдер түсетін.

Құлағы түрік жұрт та, қағылез әkkі ұрылар да бүгін осы дүкенге шетелдік аяқ киім түсетінін алдын ала біліп апты. Дүкен ашылмай тұрып-ақ оның алды ығы-жығы адамдарға толып кеткен. Аяқ киімнің сатылуын асыға күтіп тұрған. Бірақ мұны көрсе де әдеттегі жағдай ғой деп Нұрмамбет мән бермеген. Сондықтан болар, ол көзін сол манға бір жүгіртіп үн-тұнсіз кете барған.

Ал, ұрылар бұл күні тап осы дүкенді нысанана алыпты.

\* \* \*

Ұрылар тұскі үзіліс алдында, алушылар легі толастаған кезде кассаның қасына барып, біреуі тапаншасын кассирдің шекесіне қадап тұрған да, екіншісі кассирдің кассадағы ақшасын түгел сипырып алған. Дүкендегі адамдар мұндай болады деп күтпеген, әрі кассирдің қасында қаннен-қаперсіз күлімсіреп әнгімелесіп тұрған екі жігітті ұры деп ойламаған. Тек кассирге ақша төле-гелі келген екі әйел тапаншаны көргенде, бұлардың ұры

екенін сезген. Бірақ ұры екенін білгенінен не пайда, тапаншаны көздері шалғанда, тілден қалған, аузын ашқанмен ешқандай дыбыс шықпаған. Олар есін жинаймын дегенше ұрылар оларға:

— Дыбыс шығармандар! — деп ескерткесін, тіпті есі шығып, жылан арбаған торғайдай, көздерін тапаншадан айыра алмай қатып қалған.

Көзде ашып-жұмғанша ұрылар лып етіп дүкеннен атыла шыққан. Сол бойда оң жақтағы кішкене аулаға еніп, алса дуалдан секіріп өтіп, ар жағында тасада түрған мотоцикліне жүгіре ұмтылған. Бірақ мотоциклдің моторы ә дегеннен от алмай, қақалып-шашалып бырқ-тырқ етіп барып қана гүр ете түседі.

Осы бір ағаттық олардың түбіне жетті.

Рациямен хабарланған Нұрмагамбет екі көзі жол бойын тінтіп келеді, бірақ құлағы микрофонда: кім биледі, ұрылар көзге түсіп, жолдастары шакырып қала ма? — деген.

Дүкеннен асығыс шығып, бірден аулаға еніп, көзден таса болған екі кісіні көргенде, Нұрмагамбет машинадан атып түсті де, бар пәрменімен олардың ізінен жүгірді. Бірақ ол осы карбаласта микрофонмен жолдастарына хабар бере алмады. Кешеуілдесе ұрылардан көз жазып қалатынын сезіп, тұра ұмтылған.

Шофер Нұрмагамбеттің қайда жүгіріп бара жатқанын анық білмеді. Тек сонынан көз жазбай қарап үнсіз отыра берген.

Нұрмагамбет дуалдың үстінсі шығып ап, енді ар жағына секіргелі түрған ұрыға «токта!» деп аяғынан ұстап еді, ол бұрыла беріп, оны екінші аяғымен қак мандайдан теуіп кеп жіберді. Шалқасынан түскен Нұрмагамбет олардың ұры екенін жана сезгендей, басы айналыңқырап, орнынан ауыртау тұрса да, дуалдан секіріп ар жағына қарғып түсті.

— Токта! — деп айғайлады ол, оң қолымен тапаншасының қорабын ағытып жатып.

Орнынан қозғала берген мотоциклден от жарқ ете қалды. Нұрмағамбеттің оң қарына біреу таяқпен қатты үрғандай болды. Колы салбырап, сылқ ете түсті, тапаншаны шығара алмай қалды.

Нұрмағамбеттің барылдаған дауысы мен тапаншаның гүрс еткен жағымсыз дыбысын естігенде, шофер бәрін бірден түсінді, микрофоннан Қебеновке хабар берді.

— Қап, иттер-ай! — тағы да құтылыш кеткені ме? — деп ызыға булықты Нұрмағамбет.

Ол алғашқы сәтте, мотоциклдің будактаған тұтініңен көрінбеген, бірақ елу метрдей жердегі айналмада солға бұрыла бергенде номерін көзі шалып қалды. «Енді құтыла алмассын. Жеті қабат жердің астына кетсөң де, табармыз!»

Сау қолымен жаралы қолын ұстап, орнынан енді тұра бергенде Қебенов бастаған топ та жетті.

Қебенов қаладағы автоинспекцияның барлық постарына мотоциклдің номерін, қалай болмасын ұсташа керектігін, ұрылардың екеуі де карулы, қауіпті екендігін хабарлады.

Нұрмағамбетті жедел көмек машинасымен емханаға жіберді...

\* \* \*

Үйден шыға Сердебек пен Жасыбек автобус аялда-  
масына келіп тыныстыды. Келесі автобусқа отырып, ха-  
лықтың қайнаган жеріне жетіп, көп ішіне, тенізге сұн-  
гігеп балықтай жоқ болу. Екеуі бірін-бірі танымайды.  
Елдердің көзінше сөйлеспейді, қас-қабақпен ғана түсі-  
ніседі. Автобусқа екеуі екі бөлек мінеді. Бірақ есікке  
жақын тұрады. Бір-бірінен көз жазбайды.

— Келесі уни-вер-сам аялдамасы,— деді шофер.

Самғалиев түсеміз деп Басаржановқа коз тастап  
есікке беттеді. Басаржанов соңынан ерді.

— Сен универсамға кір де, бір банке ақ, бір банке  
кара бояу, бояғыш щетка ал. Мен осы аразда тосамын.

— Оны қайтеміз?

— Ақымақ. Сенің түсінді ақ пен қараға бояймын?

— Өзің ше?

— Тез жөнел.— Бұйрық келте болды.

Басаржанов амалсыз дүкенге беттеді.

— Ақ бояу, щетка алдым, ал қара бояу жок,— деді  
ол сәлден соң қайта оралып.

— Жарайды. Кеттік,— деп Самғалиев алға түсті.  
Екеуі көше тротуарымен жоғары өрлең жүріп отырды.  
Кенет:

— Мынау жазуды оқы,— деді Самғалиев майдайша-  
ла үлкен әріппен жазылған жазуды нұсқап.

— Автокомбинат № 2.

— Ішіне, бояу цехына кіресің. Бір стакан қара бояу  
сүрайсын. Машиналың нөмірі тозып еді десең береді.  
Сен сияқты шық бермес шығайбай емес шығар. Қазақ  
болса тіпті жаксы, кісі көңілін қалдырмайды, мырза  
келеді.

Басаржанов адымдай басып кете барды.

— Жабық. Бүгін жұмыс істемейді екен, совхозға кар-  
топ жинауға кетіпті бәрі,— деп Сердебекке қарады.—  
Сол бояу неме керек?— деп қынжылды.

— Жейміз. Қешке тамақ керек емес пе?

— Онда тамағымыз қымбаттап кететін болды ғой.  
Балықтың уылдырығындай еш жерде қара бояу жок,—  
деп Басаржанов күлді.

— Кеттік,— деп жолды кесіп өте берді.— Автобусқа  
отырамыз. Мен алдыңғы есіктен. Сен кейінгіден.

Аялдамада Самғалиев автобустан түсті. Басаржанов  
та түсті.

— Қайда келдік?— деді Басаржанов жөлдасына.

— Таксопаркке,— деді серігі.

— Қара бояуды енді осылардан сұра. Бар. Тез.

Басаржанов ішке еніп кетті. Қешікпей қайта келді.  
Олжасыз, бос келді.

— Жок.

— Неге?

— ОЕХСС адамдары тексеріп жүр!

— Тексере берсін, бояуды сұрадын ба?

— Бояуда нем бар, тез зытып түрдым.

— Корқақ, қоянжүрек!

— Корқпағанда, тапа-тал түсте қақпанға түсем  
бе енді.

— Ақымақ! — Сердебек ашуға булығып одан әрі сей-  
лей алмады.

Екеуі автобуска отырып, қаланың екінші жағындағы  
бірінші таксопаркке келіп, бір стакан қара бояу алды.  
Кайтарда универсамға сөкты.

Сердебек дүкен алаңын айнала қарап алды да:

— Қөрдің бе? — деді Басаржановқа.

— Не-ні? — деп танданды ол.

— Байлықты?

— Колыма ештеме түсіп тұрған жок.

— Ақым-ақ, алдында төніп тұр. Кондыр қолына!

— Түсінбедім.

— Ақымақ досым-ау, мынау қаптап тұрған машина-  
ларды көрмей, көзің су қаранды болған ба?

— Ойбай-ау, Сереке, бұның бірі қолымызға тисе қы-  
ран құска қонғандай болар едік қой онда.

— Ендеше осылардың біріне отырамыз!

— Тамашаның тамашасы, қашанғы жаяулап, сал  
пактай береміз, — деді Жасыбек көзін жымындағып куа-  
нып.

— Сен рульге отырасын.

— Правом жок, қой.

— Кеше тәртібін бұзбасаң болды. Ешкім де тоқтат-  
пайды сонда.

— Болты онда.

— Әне біреу машинасын жаппай кетті. Қөрдің бе?

Шамасы арақ алуға асығып барады. Отыр да, мына шолак көшемен сырт айнал, мен иесін бағып, алда жалда шыға қалса тежей тұрайын сөзге айналдырып. Ұқтың ба?

— Ұқтым.

— Онда жөнел.

Машина иесі директор деген жазуы бар есікті ашты да, ішке кіріп кетті. «Іздегенге сұраған, айналатын болды», — деп Самғалиев жүгіре басып, тыска шықты.

Күтіп тұрған сары машинаның артқы салонына тез жайғасып:

— Тура жүре бер! — деп жол сілтеді. — Аса саспа. Біреуді қағып кетпе. Оңға! — деді Самғалиев Басаржановқа.

— Бұл Аэродром көшесі. АвтомобиЛЬ инспекциясы мұнда аз. Сыртқа шығып, серуендеуіміз керек. Машина су жана көрінеді. Жиyrма жеті мың тәрт жұз алпыс тоғыз километр жүріпті.

— Жаңа болғанда қандай. Денесінде тіпті сызат жоқ.

— Онда машинаң құтты болсын, Жасыбек. Экен марқұмға мұра қалдырымдаң деп ренжуші едің. Мынадан артық не мұра керек саган. Су жаңа, — деді Самғалиев қаланың сыртына кен, асфальт жолға түскесін.

— Әкем марқұм сезген сенімен жолдас болатынды, — деп ұшатын құстай бір қомданып қойды Жасыбек.

Олар қаланың сыртына шығып, қалың шыршаның арасына машинаны қойды. Номерін алып қара бояумен бояды. Жаңадан ТКО-27-31 деген номер жазды. Бұны Сердебек Самғалиев алдын ала ойластырған еді. Сонымен бұл Талдықорған милиция бөлімшесінің машинасы болды да шықты. — Енді кең байтақ Қазақстанның қай түкпіріне барсаң да, автоинспекторлар туғанындаи қарсы алады. Ешбір документ сұрамайды, — деп Самғалиев досына түсіндірді.

— Міне ақыл, сенің басың жұмыс істейді, — деді Ба-

саржанов досына сүйсініп.— Әттең, шіркін, сен министр болсан... Онда өмірді еркін шайқар едік.

— Милиция министрі болар едім. Сендей азғындарды түрмеде тоздырар едім,— деді серігінен көзін алмай.

— Сондықтан да сен министр бола алмайсын, маганғана бастық боласын,— деп кекетті Жасыбек.

— Жетеді, бос сөзден пайда жоқ. Уақыт өткізбейік. Қалаға Белинский атындағы көшемен кірейік. Абай көшесіндегі әскери дүкенге барып, саған милиция аға сержантының формасы мен фуражкасын алу керек. Сонда жолың тіпті ашық болады.

— Оған акшам қайда, еш мұра қалдырмаған әкеме барып алмасам.

— Фашығынан ала шықпайсын ба?

— Ол жапалақ кетерімде көздерін дәнгелете берді, жолыңда деп бірдене бере ме деп үміттеніп едім, күшікше бір жалады да құр қол шығарып жіберді.

— Менде бар, ала шыққамын.

— Сенің Марфуғаң мырза, әрі сенің еңбегінді бағалай білген,— деп басын шайқады.

— Сенің тюленің шопылдатып сүйгеннен басқа ештеңе білмейді.

— Білмесе қайтеміз... Басында пешенемізге жазғаны сол болса...

Олар дүкенге келіп, керек-жарагын алды, сосын ас-ханаға кіріп, женіл-желпі тамақтанды. Тоя жейтін той жоқ. Содан қаланың сыртындағы көлге барып, су басында кешке дейін дем алмақ болды. «Ер азығы мен бері азығы жолда» деген. Ер азығы — «Сары ат» астарында, ат емес — жел мая, желмая да емес — қос қанат. Қайда үшса да, қалай үшса да еріктері.

\* \* \*

Ұрылар үсталды. Түрмеге қамалды. Азды-көпті тыныштық аламыз деп іздеушілер тобы бір желпініп қа-

лысты. Материал тергеу бөліміне тапсырылды. Тергеу жұмысы басталды. Қалалық милиция бөлімінің тергеу бастығы Бекмағамбет Самұратов тергеу жұмысын майор Сейтғали Жұмағұлов пен жас тергеуші Олег Семенович Васютинге тапсырды.

Тергеушілер іске кірісті. Майор Жұмағұлов үсталғандарды түрмеден алғызды. Өзіне Дәрібай Сырқатовтың ісін қалдырып, лейтенант Васютинге Жарлықшы Қанарабаевтың ісін жүктеді.

Жауапта: Дәрібай Сырқатов Қазақстанның тың төсінде туып өсken. Ата-анасынан ерте айырылған. Экесі анасымен екеуін ертә тастап, басқа әйелмен семья құрған. Ал аناсы басқа біреумен қосылған. Бірақ бұл күйеуі де ойдағыдай болмай шыққан, жұмыс істемейді, әрі ішімдікке бой ұрған адам еken. Семьяды таластартыс, ұрыс-жанжалға шыдамай, анының көз жасын көрмеймін деп Дәрібай үйінен безген. Содан жүрегі тас шеменге айналған. Ата-анаң бар ма деген сауал оған шашшу болып тиеді. Сонан ба, кім білсін, тергеуде ата-анам жок деп бедірейіп отырып алды.

Дәрібай Сырқатов — Мұқаш Ордабаевтың туысы. Ордабаевтың экесі мен анасы бұдан жиырма алты жыл бұрын алғаш тың игерушілер тобымен, жас мамандар ретінде Солтүстік Қазақстан облысы Докучаев атындағы совхозға келген қыз бен жігіттердің бірі. Екеуі семья құрып, тың совхозында жұмыс істейді. Мұқаш олардың тұңғыш ұлы. Дәрібайдың анасымен апалы-сінлілі. Екеуі нағашы жұрт жағынан туыс. Бөлме болады. Жарлықшы Қанарабаев Дәрібай Сырқатовтың сенімді досы, әрі жолдасы.

Бұдан кейін тергеушілер істі көл үзакқа созбады. Екеуінен де алма-кезек жауап алуға шұғыл кірісті.

— Мылтықты қайдан алдыныздар?

— Менде мылтық жок. Біз мылтықсыз кеягенбіз. Мылтық Ордабаевтікі. Содан сұрасаныз қайдан алғанын айтады.

— Өлген адам сөйлемейді,— деді Сейтғали Жұмағұлов бетіне тұра қарап, сыпайыгершілікпен.

— Онда сөз бітті осымен. Мен де аузымды жаптым,— деп қабактарын түйіп төмен түқырды.

— Сақтық кассасына түскеміз жок. Инкассаторға шабуыл жасаған біз емес. Ақшаны жүрегіне басып, арыстандай атылып тұрган қарулы адамдарға шабуыл жасайтын ақымақ емеспіз,— деді Дәрібай.

— Рас па?

— Сенбесеніз рас. Сенбесеніз инкассатордан сұраныз, ол танитын шығар кімнің шабуыл жасағанын. Тағы қандай сұрағың бар?— дегендегер тергеушіге қарады.

— Бізге шындық керек, әлде болса да ойланыңыз, уақыт береміз,— деп қатқыл қабагымен бұдан әрі сөйлесудің қажеті жоғын сездірді.

Жарлықшы Қанарабаев та алдын ала келісіп, көнілге жұптап алған жауабынан таймады.

— Мылтықты қайдан алдыңдар?

— Ол Ордабаевтың мылтығы болатын. Содан сұраныз. Мүмкін шынын айтар,— деп терезеге қарады.

— Ордабаев жоқ кой.

— Онда басқа жауап та жоқ,— деп тағы да терезеге қарады.

— Терезеге неге қарай бересіз? Біреу келуші ме еді?— деді лейтенант көз қарасында бір сыр барын сезіп.

— Алдағы болашағыммен сөйлесіп отырмын,— деді Жарлықшы жайбаракат.

— Болашағың не дейді?— Лейтенант жігіттің жүзінен сыйнай қарады.

— Не деуші еді. Осымен сауық-сайраның бітті дейді.

— Оған кім кінәлі?

— Кінәмді өзгеге аударып қайтейін. Мені жұмыска алмаған жуан қара бастық болмағанда өмірім бұдан гөрі басқаша қалыптасар ма еді, кім білсін.

— Ол не істеді саған?

— Жұмысқа алмай койды. «Мен кісі өлтіргенім жок. Ондай тағылыққа бармаймын. Қолымды қандамаймын. Мен үры едім. Тойдым-көйдым. Енді еңбек еткім келеді. Жұмысқа алыңыз»— деп ағынан жарылып, жалбарынып алдына талай бардым. Жалындым. Қарамайды, теріс айналып кетеді. Тек қана өзінін жеке басын ойлайды. Біз сияқты адамдарға пысқырып та қарамайды. Жұмысқа алмақ түгіл, адам деп бетіме қарап сөйлесуден де қалған.— Ол әлдекімге деген қыжылын жасыра алмады. Барынша батыл айтып салды да, даусын бәсек-детіп сөзін қайта жалғады.— Жақсы адам кездесіп, кол үшін бергенде, мен де жақсылардың бірі болар едім. Бұл менің ой, қиялым болып қала берді,— деп төмен қарады. Терезеге қарағызы келмеди.

— Жақсы адам болсам деп талаптану ешқашан кештік етпейді. Біздін елімізде адамдар өз тағдырын өзі шешеді. Бакыт өз қолында. Сіз өз бақытыңызды өзініз аяққа бастыныз фой.— Тергеуші енді не айтар еken дегендей, бұзакының жүзіне қадалған.

— Басында ағынан жарылып, ант беріп, қолымды күсырып, бұрын көрген қорлықтарымды қайта көрмесем еken деп құдайдан тілеп едім. Болмады. Өрге жүзер деген кемем желдеп кері кетті,— деп даусы дірілдеп тағы да төмен қарап отырды да койды.

— Элсіздік женді,— деді тергеуші жайлап.

— Ол-сіз-дік! Жок, жок. Мені енді қинамаңыз. Енді тілім кесілді,— деп сөзін қатаң түйді. Терезеге көз салды. Аспан әлемінде ілініп қалған қатпар-қатпар көгілдір бұлтқа тесіле қарады. Кен дүниеде қанаттарын құлаштай жайған құстай екі шеті селдірей созылып, орта шені қалындал, қоюлана түскен бұлт жогарылап, көтеріліп қалыпты. Қанарабаев өзін сол бүйра толқын бұлттың үстінде жүзіп бара жатқандай сезінді. Осы сэтте бір ак мойын сары ала көгершін қос қанатын жайып, терезенің алдында көкке таласа өскен кәрі теректің бұтасына қонды да, бөлмеде кім бар дегендей, ішке үңілді.

— Бақытты құс, ешкім тимейді,— деп тұтқын терең күрсінді.

— Өзі де ешкімге тимейді,— деді самарқау ғана лейтенант Васютин

— Ие,— деп Қанарбаев басын изеді, көгершіннен көзін алмай. Көгершін де бір өзгеше көгершін екен. Тұғи сары, ал басынан басталған ак ұлпа тобығынан төмен түсіп барып төсіне дейін жапкан Қак мандайында тайдын тәбеліндей, ұзынша біткен сап-сары дақ бар Сары қаска десен де болғандай. Сығырайған екі көзі жылт жылт етіп, төнірегіне сергек қарайды Басқа көгершін дердегі ұзын түркы, сидіған емес, бұлтиған толық. Ал ғашындағы қыпылықтап қауіптенуді қойды. Еркін орнығып, жайласып алды. Мықыр мойнын қылтындастып тerezеге әлсін-әлсін қарайды. Жем күтеді, тамақ іздейді

— Тамақ сұрап отыр,— деп Қанарбаев сары ала көгершінге тесіле қарады, аздан кейін сөзін жалғастырыды:— Шіркін-ай, кең дүниені еркін кезіп жүрген құста не арман бар екен?! Кайда барса да — жол ашық. Аспан әлеміне қалықтап, асқар таудың шынына көтеріліп самғайды. Міне, бақыт! Ал мен міне тағы торға тұстім...— деп терең күрсінді. Сосын Васютинге сұқтана, тесіле, оқтала қарап:— ауасынан жүргім айниды, азamat тергеуші,— деп көзін тас жұмды.— Біттім. Бүгін ештеңе сұрамаңыз!— деп, тергеушіге жалынды.

— Келістік. Әлі кездесеміз, уақыт бар той,— деді тергеуші сабырлы қалпын бұзбай.

— Сіздің уақытыңыз санаулы, үлгермей қалуыңыз мүмкін, ал менің уақытым жетеді,— деп үры кекете күлді.

— Оған алаң болмаңыз. Уақыт бәрімізге де жетеді, онан да әңгімемізді жалғастыра берейік,— деп, лейтенант негізгі мәселеге ойысты.— Жинақ кассасының қасында инкассаторға шабуыл жасап, тартып алып кеткен пистолет қайда?— деді кенеттеп.

— Кайдағы касса? Инкассаторыныңды кім көріпті?

Тапа-тал түсте, қайнаған халыктың қақ ортасында тұрып, қарулы адамдарға шабуыл жасайтын мен бе? Ондай ақымағың мен емес. Түрмеде болсам да, жарық дүниемен мезгілсіз қоштасқым келмейді Ақылға сыймайтын ақымактың ісі бұл,— деді ашуға булығып.

— Ордабаевты атқан пистолетті қайдан алдындар?

— Атқан кім? Содан сұраныз қайдан алғанын? Менде кару болған жок. Осы айтқаным айтқан. Басқа жауап күтпеніз, азамат тергеуші,— деп жүзіне қадала қарады.

— Ой-ланыныз. Шынынызды айтып, ағынан жарылсаныз, зан жеңілдік жасайды,— деп ескертті тергеуші.

— Бұл — талайдың құлагының құрышын қандырган, тергеушілердің жаттап алған сарыны. Рас, заң кешірім жасайды. Сот кешірім жасамаса қайтемін. Үрып-салма судьяға кездессен, занның бұл статьясына пыскырып та қарамайды. Құдайың сонда кос колдап үрады? Оны да көріп журміз,— деп терезеге бетін бүрді

— Судья — занды орындаушы әділдік өкілі, ол адам тағдырын жалғыз шешпейді гой Сіз оны жақсы білеңіз,— деп орнынан тұрды да, түмбочка үстіндегі су құйған графинді алып:— Ішесіз бс?— деп ымдады Васютин тұтқынға.

— Жок,— деп пышақ кескендей сөзін келте қайырды.— Ішекті жуғаннан не пайда Тамак болса бір сәрі

— Түстік жақынданап қалды Ойлан, бұл ақырғы кездесу емес екенін білесіз.

— Білемін.

Васютин столдағы қоныраудың кнопкасын басты.

Күзетші келіп тұтқынды алып кетті

\* \* \*

Көбенов көнілін сұрап, хал-жағдайын білгелі келгенде Нұрмамбет төсек үстінде гипске таңған қолына әлсін-әлсін қарап қойып, үнсіз ойланып жатыр еді. Операция немен тынды екен, ұрылар ұсталды ма екен, ұры-

лар кімдер екен?— Оның бар ойы міне осыған ауған еді.

— Хал-жағдай қалай?

Күлімсірекен, қуанышы ішіне сыймай тұрған капитанды көргенде Нұрмағамбет те қуанып, кәдімгідей көтеріліп қалды.

— Сәлеметсіз бе, жолdas капитан,— деп жастықтан басын көтеріп емен-жарқын амандасты.— Өздерінізде нендей жаңалық бар?

— Милиция өмірі жаңалықсыз бола ма, сірә.— Капитан ақырын күлімсіреді.

— Ендеше айтыныз. Біз де естиік, ол нендей жаңалышқ екенін,— Нұрмағамбет көңілін құштарлық биледі. Соны сезеген капитан сөзін сабырлы бастай жөнелді.

— Мен милицияға келгелі он төрт жыл болады. Осы мерзімде талай ұрыларды ұстауға қатыстым, талай қылмысты ашуға білек сыйбанып араластым. Бұл біздің жұнысымыз рой. Онда кинодағыдан үнемі атыс, қырғын тебелес, қуу, қашу, арпалысу бола бермейді, оны өзін білесін. Бірақ алдыңғы күнгі оқиға тап кинодағыдан болды. Сені жаралап, ұрылар қаладан шығып кетуге ұмтылды. Төрт-бес көшеден кейін, тасалау мүйісте тұрған «Жигулиге» мінген. Бір жақсы жері машинасын ұрылар айдал бара жатқанын көріп қап иесі бірден милицияға хабарлаған. Қала сыртында «Жигулимен» ешқайда кете алмайтынына, әшкереленгеніне көзі жеткенде, ұрылар бақ ішіндегі шеткі үйге тығылып, біраз атысты. Сонда олардың біреуі оққа ұшты. Өз жазасын зі алды. Амал қанша? Атыстың аты атыс, онда бәрі де әлады. Айып бізде емес, өздері берілмей, қарсыласты, қайтеміз?. Ең ғажабы — колға түскен ұрының бірден менен сұрағаны: «Біздерді сіздерге сатқан Сергей ме?»— деді. Мен үндемедім. Шыдамады, ұры тағы маған: «Сергейдің бізді сатқалы жургенін кештеу біліп қалдық. Дегенмен, ол ақысын алды» деді. Мен:

— Сергейің кім?— дедім, ештең сезбегендей. Ұры тағы шыдамады, сөзін қайта жалғастырды:— Оның сат-

кын екенін мен сездім. Жолдастым сенбеді, сенбесе де. Сергейді сатқын дедім де, гаражда басын жарып өлтірдім,— деп бөсті. Бұл жолы олар әлгі мотоциклдің шынын номерін салып шықкан екен, сол аркылы әлгі гаражда таптық. Біздің жолдастар барса, Сергей жарапалы, ес-түсінің жатыр екен. Дәрігерлер өлімге онай бере коя ма? Қолдан келгеннің бәрін істеді. Tipi. Аман қалады, айығып кетеді дейді. Ләйім, аман қалсын! Жайсан әлгіт екен өзі! Бұлардың жасырынған інін тауып берем, ұстап берем деп жүріп ұрылардың қақпанына өзі түсіп қалаады. Сөздерінсін, жүріс-тұрысынан аман құтылуы киын екенін сезген ол ең соңғы сәтте «мотоциклді тағы бір мәрте, сапарға шығар алдында жақсылап көріп алайын» деп, әр жерін бір шұқылап жүріп, ұрылардың көзін ала бере кештеу от алатын қылған. Міне, оның осы құлығы бізге ұрыларды ұстаяға септігін тигізген. Әрине, сол кезде сен болмағанда бұл құлықтан бәрібір пайда болмас еді,— деп Нұрмамбеттің қолын қысты капитан.— Иә, осымен бұл хикая тәмамданды.

— Ұрылардың кім екені анықталды ма?

— Анықталып жатыр. Батыс Україннада екі дүкенге түсіп, бір кісіні пышақтап, өлімшібыл кеткен жауыздар екен. Телеграмма келді. Оған қоса екеуінің суретін жіберіпті. Іздеуде жүргендер екен. Енді ақшалы болып, Сібірге барып, іздерін біржола жоғалтпақ екен.

— Біздің қалаға қалай келген? Таныстары бар ма екен?

— Әлгі жарапалы болып емханада жатқан бейтанаңымыз өлгеннің нағашысы екен. Соны сағалап келген.

— Сонда жиенім қелді деп дүкенге үрлышқа түсе ме екен?

— Қалай екенін қазірше білмеймін, жас жігіт елік-теп еріп кеткен болар. Бұлар көндірген.

— Иә, сонда кім болды? Қала тұрғының фой.

— Оған басыңды қатырма! Кім болса, ол болсын, қолға түсті. Оның ісің заң орнына берілді. Көптен іштеп

тынып, бұқпантайлап жатқан бұзакы сияқты өзі... Тергеу жүріп жатыр.

Нұрмағамбет біраз ойланып жатты, өз өкінішін білдірді:

— Кап! Жаралы болып, әлгі «кинона» қатыса алмағанымды-ай!

— Өкінетін түгі жоқ! Бас кейіпкер сенсің. Иә, иә? Олардың дүкеннен жүгіре шыққаның, лып етіп аулаға кіргенін сен көрмегенде, сен кумаганда, сенен құтылу үшін оқ атпағанда, біз олардан тағы да айрылып қалар ма едік, кім біледі! Жолдастарың саған алғысын жаудырып жатыр. Сәлем айтқан, тілектестігін білдіріп, мына кішкене базарлық беріп жіберді. Аз да болса, көптең көр, Нұреке. Өкінбе! Сау болсан, талай «киноға» қатысарсың әлі. Ал тез сауығып кет! Күтеміз! Өмір алда, талай құрметтер күтіп тұр.

\* \* \*

Күн өткен сайын Оңдасқан Бекербеков те айыға бастады. Тілге келіп, сөйлесіп, азды-көпті жауап бере бастады. Дәрігөрлер «енді балталасаң да өлмейді»— деғен сенім білдірді.

Бекербеков бұл жергे қалай түскенін есіне түсірді. Сол жақ иығының еттерін опыра тесіп өткен оқ жарасы анына ауыр тиді. Өліп кете жаздады. «Тағдыр бұл жолы оны сақтап қалды. Неге бардым? Біле тұра неге карулы адамға көпе-көрінеу арыстанша тап бердім». Іші ашиды. Ет жүргегі сыздайды. Қос жанары жасқа толады. Һар даусымен өксіп-өксіп жылағысы келеді. Ашынған жүректегі уды қос жанарынан шығарып, төгіп-төгіп алғысы келеді. Айнала қоршаған адамдар. Бәрі де — жат, бейтаныс адамдар. Іші ашып, аяныш білдіретін біреу жоқ. «Менің бау кеспе ұры екенімді білсе, көздерімен атып, теріс қарап еді. Әлі білмейді». Өз топшылауыша, оған жылы адамгершілік лебіз жоқ. Қас-

— деп қарап, қарғыс сазын лақылдата төгеді. «Есім ғұмсақан жоқ еді. Әттеген-ай, көбірек ішіп қойдым ғой соң күні, атың өшкір аракқа қаныға ішпесем, бұл халге ғүспесім сөзсіз» деп көзін тас жұмып, болған жағдайды қоз алдынан шілдедегі сағымдай өткізе бастады.

Көзін ашса, қасында ак халат киген қыр мұрынды қара торы жігіт отыр.

— Сәламатсыз ба? Ұйқынызды бұздым ба, ғафу етің!— деді сыйырлап, жұмсақ қоңыр дауысымен.

— Жоқ, ұйықтаған жоқпын,— деп тағы көзін жұмды.

— Мен милиция бөлімінен. Іздеушілер тобынан.

— Өзім де күтіп жатыр едім.

— Ұағында келген екенмін ғой. Қөп мазаламаймын

— Инкассаторға шабуыл жасағандарынды білесіз бе?

— Білемін.

— Неше адам едініздер?

— Үшеу.

— Қалған екеуі кімдер?

— Білмеймін! Қездейсоқ таныс.

— Қай жерде таныстыныздар?

— Сейфуллин көшесіндегі жұмыска орналастыратын үйде. Жұмыс ізден барған жерде.

— Содан кейін?

— Бір кавказдық біреу келіп, «мен құрылыс бригадирімін. Ұақытша жұмысқа кісі аламын. Кім барады?» деді. Он шакты кісі жиналдық. Он бес сомнан ақша беріп, паспортынызды жинап алды. Талдықорған облысы Ұшарал станциясына барамыз. Содан совхозға барып, мал қорасын саламыз. Кешкі сағат жетіде екінші Алматы станциясында кездесуге келістік,— деп көзін жұмып, солға басын бұрды да:— Ұ!— деп терең дем алды.— Поезга отырмақ болдық,— деп ауыр күрсінді.

— Фамилиясын, аттарын білесіз бе?

— Бірінің аты Жасыбек, екіншісі Сердебек пе, Се-

режа ма, есімде жоқ. Фамилиясын кавказдықтан біл Тізім сонда. Паспорт да сонда.

— Бригадирдің аты, фамилиясы кім?

— Ол да біз сиякты мал іздел шарлап жүрген тұл кінің бірі. Мамед пе, Магамед пе, бізге «Миша»— деді Фамилиясын өзі айттар. Қалжырап кеттім,— деп көзін тас жұмып, қабактарын түйді. Қып-қызыл болып, маңдайынан жіпсіп тер шыға бастады.

— Хош болыныз!— деп, басын жоғары көтеріп тे-рең дем алды.

— Хош, айыфыныз,— деп жігіт шығып кетті.

\* \* \*

Күн жұма. Генерал Жанболатов үйінен әдettегідей ерте шыкты. Күздің орта шені болып қалса да, күн ыс-тық. Сарғая бастаған ағаш жапырақтары асфальт үстін жауып жатыр. Сағатына қараса, бір минутсыз сегіз. Оң жағындағы кешеге көз салды. Шағаладай кіршікіз ак «Волга» көлденендей келіп, жайлап тұра қалды.

— Жұмысқа,— деді шоферге амандасқаннан кейін.— Бүгін қалалық партия комитетінің бюросы. Сонда менің хабарымды тыңдамақ,— деп ойланып қалды.

Қалалық партия комитетіне белгіленген уақытта он бес минут бұрын келді. Үй жәнделіп біткен. Есік ашып, ішке енгенде бірден анғарды. Қабырғалары ак сұр, көк сұр мәрмәр тастармен әшекейленіп, басқыштарына дейін түгел жаңартылған. Оң жақта орта бойлы қарлығаштай киғаш қасты, қара торы қыз кітап түр. Сол жақта милиция старшинасы, генералға эскери тәртіппен құрмет көрсетті.

Бюро мушелері дәл уақытында залға кіріп орында-рына орналасты. Председатель столына Тауке Нұрғалиевич Ермұханбетов отырды. Маңдаїндағы үлкен сы-зықтар жінішкеріп, өткір қара көздері жанарлана түс кен. Сәлемдескеннен кейін шагын зал толы адамдарды бір шолып өтті де, бюро ашық деп жариялады. Даусы

күранның даусындай саңқ ете түседі. Эр сөзі ұстаның балгамен сокқанында. Белгілеген күн тәртібі — бай-салды ағыммен етіп жатыр. Келесі мәселе — «Қаладағы құлымыспен күресу барысы жайында», — деп генерал Жанболатовқа қарады.

Генерал орынан тұрып бюро мүшелерінің алдындағы мінбеке көтерілді. Ұзын бойлы, сырқаттай, шымыр деңесіне киғен кімдері жақсы мүсіншінің қолынан шыққандай. Бір тал ағы жоқ бұйра шаштары қараторы жүнисе жарасып-ак тұр.

— Ұақыттарынызды көп алмаймын, жолдас бюро мүшелері,— деп, қаладағы тәртіп жайын қыскаша шолып өтті.— Басты мәселе сактық кассасына шабуыл жасаушылар мен дүкен кассасына қол сұққандар. Сактық кассасына түскендердің екеуі ұсталды. Қарулы біреуі атыста өліп кетті. Талай согталған бзукеспе екен. Берілтісі келмеді. Қеудемде жаным барда берілмен,— деп, атыса берген. Енді бірі ауыр жаралы. Tipi, тілге келді. Біштеге жарытып айтпайды. Сырқатын сұлтаулап, түйікталып жатыр. Екі кассаға түскен үш адамнан үйимдасқан бір топ та емес. Үш-үштен бөлінген екі топ екені анықталды. Екеуі қашып жүр. Ұзатлаймыз. Оларды да кешікпей торға түсіреміз. Қалалық партия комитеті бюросының шешімі бойынша қалада жүргізіліп жатқан «Өрмекші ұясы» атты операция ішкі тәртіпті сақтауда үлкен серпін көрсетті. Паспортсыз, жұмыссыз журген адамдар кездесіп, оларды тәртіпке келтірдік. Ондай ел кезбе, арам тамактардан қаланы тазартпақтыз.

— Жаралы адам қатарына қосыла ма? — деді бірінші секретарь байсалды, катаң тұрде.

— Иә, қосылады деп отырмыз.

— Адамды сактап қалу үшін барлық мүмкіншілікті колданыныз. Канша бау кеспе үры болғанмен ол да адам.

— Колдан келген шараның бәрін қарастырып жа-тырмыз.

— Дұрыс.

Бюро мүшелерінен ешикім сөйлемеді. Тәуке Нұрғалиевчітің де сөзі қыска болды. Тәртіп мәселесін шешкенде, бұзакылар мен қылмыстыларды әшкерелегендеге социалистік заңдылықты қатаң сактауды өзгеше тапсырды.

— Айта кетейін, жараган жігіттің анасы жоғарғы партия орнына арыз жазыпты. Баламды ұстағанда, орынсыз мылтық аткан. Оқ атпай-ақ ұсташа керек,— деп ана ашына жазған.

— Дұрыс па, жолдас генерал.

— Қесіп айта алмаймын. Бірақ алдағы уақытта тексеріп қорытынды шығарамыз.

— Калалық прокуратурадан кім келді?— деп Тәуке Нұрғалиевич әкімшілік бөлімінің бастығы Бекетовке қарады.

— Шутов жолдас,— деді Бекетов сол кездे. Менмін дегендегі бойы ортадан жоғары балуан дәпелі толықша келген аққұба жігіт орнынан тұрды. Жасы қырықтан асып кетсе де, жұмыска жана келген жігіттей жүзінде қызыл шырай толқып кетті. Қаладағы прокурорлардың ішіндегі зан ғылымиын жете білетін, іскер, әділлітің жаршысы, қыз мінезді адам. Сыпайылық жасап кенеттен аты аталғанда, орнынан атып тұрды

— Степан Иванович!— деді Тауке Нұрғалиевич, әдеттінше сүйсіне қарап,— аナンЫң арызын сізге жібереміз. Сіз қарап, көп ұзатпай шешініз.

— Жедел қарап шешеміз,— деп Степан Иванович, бойына біткен мінезімен, саспай салмақты жауап қайырды.

— Арыэды қағаз деп селсок қарамай, арыз артында адам тұрғанын, оның көніліндегі сыр-сипаты, үміт-талаңы жазылғанын терең түсініп, партиялық принципте шешу қажет,— деп Тауке Нұрғалиевич бюроға қатысуыштарға ескертті.

Сердебек Самғалиев пен Жасыбек Басаржанов эске-  
ри дүкеннен керек киімдерін алды да, Гагарин көшесіне  
түсіп, Комсомол көшесімен солға бұрылып, Розыбакиев  
көшесімен қаланың онтүстік батысына тұра тартып ке-  
леді. Машинаны жүргізуші Басаржанов та, жол сілтеу-  
ші Самғалиев.

— Тура жүре бер,— деді Самғалиев Басаржановқа  
Октябрьдің елу жылдығы атындағы көшеге жете бер-  
гендे...— Солға бұрыл. Тарт Бірінші Май көліне. Бакте  
бензин толы. Біздің ақшамыз жоғын білген той,— деді  
Самғалиев көнілденіп.

— Дениңе саулық бергір, мырза жігіт екен,— деді  
Басаржанов жолдан көзін алмай.

— Мырза ғана емес, сал жігіт екен. Устіне киген  
шолақ жең ақ кейлегі, джинси шалбары, аяғында Шау-  
мян фабрикасы арнап тіккен күрең туфлиі, қалыңдыққа  
келген күйеудің киіміндей,— деді Самғалиев.

— Колында алтын сағат, салмақты алтын жүзік,—  
деп қостады Басаржанов.

— Тісінің бәрі алтынмен қапталған.

— Онымен сөйлестің бе?

— Онда не атамның құны бар еді?

— Түсінде көрдің бе?

— Телевизордан көргем. Қазіргі сол мырзалар ал-  
тын жаламаса ішкен астары гастрит адамдай бойларына  
сіңбейді...

— Абайла, жоғары көтеріліп, мостқа түсеміз.

— Қөріп келемін.

— Келді айнал. Кайыкшылар тұрган жерден асып  
барып, бір ойдымға тоқтайық.

Екі жағы дөң, ортасы ылди, айналасында шырша,  
бірен-сарапан биік терек пен ақ қайың өскен мылқау қуыс-  
қа келіп қос серік сары Жигулидің басын тежеді.

— Құн батпай тұрғанда машинаны жуып алайық,— деді Самғалиев сыйбайласына.

Серігі машинаның зат салатын багажын ашты. Ішінен бір артық су жана дөңгелек, резина шелек, машинаның доңғалағына жел беретін, аяқ басқыш насос шықты.

— Бол-гар-ия елінен шықкан,— деді Басаржанов ежіктеп оқып.

— Иесіне болайын,— деді Самғалиев сүйсініп.

— Сені әуре қылмайын, жоқты іздетіп деп, бәрін дайындал беріпті,— деді заттарды қайтадан орындарына салып жатып.

— Шофер болған соң сенің де жайынды ойлаған фой. Тез, су әкел қаранды түспей тұрғанда,— деп Самғалиев машинаның ішін тазалай бастады. Жасыл нейлоннан тіккен машинаның қаптамасын алды. Артқы орындықты сүйреп далаға шығарды. Орындық астынан қара қол чемодан-балетка шықты. Ашпақ болып құлышын басып еді, кілттеулі екен, аша алмады. Бұл кезде бір шелек су көтерген Басаржанов та келіп жетті.

— Немене, олжа ма?

— Экең қалдырған дүние жоқ екенін көріп тұрған жоқсың ба?

— Экем мұра қалдырса бүйтіп сандалып жүрмес едім фой.

— Қөп мыжыма, онанда іске кіріс. Мынаны аш,— Самғалиев балетканы сыйбайласының алдына таставады.

Басаржанов қолына қашаушы-бұрауышты алдып, топсаның астынан көтеріп қалды. Балетка ашила кетті.

Ішінде қағаз салатын шағын ғана папка. Қуысына Самғалиев қол сұғып еді, бір уыс жүз сомдық ілікті. Кол тимеген шыр жана.

— Ұста, айттым фой мол олжага кешелеміз,— деп куана Басаржановқа ұсынды.

— Ракмет!

— Иә, оны азсынсан,— деп елу сомдық ақшаның жаңа буласын және ұсынды.

— Сана!

Басаржанов жүз сомдықты кассирше санай бастады.

— Бір, екі, уш... он...,— деп Самғалиевқа қарап құдай берді дегендей жымиды.

— Мың сом,— деп Самғалиев езу тартты да, «ананы сана» деп машина ішінде орындықта жатқан елу сомдықты иегімен нұскады.

Басаржанов санай бастады.

— Бір, екі. . . сегіз, тоғыз, он,— деді даусын қаттырақ шығарып.

— Уш мың сом,— деді Самғалиев көнілденіп.

— Сайрандауға болады,— деді Басаржанов Самғалиевқа тесірейе қарап:

— Сайрандауға тюленіңнің де ақшасы жетеді

— Онда қайтеміз, үй сатып аламыз ба?

— Кой қысыр сөзді. Папканы қара.— Сол жақ куынан қағаздар шықты. Екеуді жарыса оқи бастайды.

— Сенім қағаз.

«Талғар аудандық тұтынушылар Одағының Дайындау конторы. Осы сенім қағаз берілді дайындаушы Нұртдинов Шарап Нұртдиновичке. Аудан көлемінде мал дайындаушы өкіл етіп, сенімдік білдіреді.

— Енді малды біз дайындаитын болдық,— деді Басаржанов күліп.

— Машинасы су жаңа.

— Бәйгеге дайындал жаратып жүрген болар.

— Қызметі майлышы, жанына жайлышы, дайындаушы.

— Ақшаны су орнына ұстайды.

— Машинаны да мәндай терін төгіп, тапқан табысы на ішкен-жегенінен іркіп үнемдеген ақшага алған жок.

— Олжа, дүниесі онын тұрған жан.

— Кере-мет, кереметтің кереметі.

— Несі керемет.

— Желмен келген ақшага алған адамның машинасының бізге бұйыруы.

— Ондайлар машинам жоғалды деп өкінбейді де, милицияға хабарламайды да. Ішіндап жиып алған біреу болса, машинамды тап,— деп безек қағып милициядан шықпайды.

— Міне, керемет осы да.

— Оnda өз атыма аудартып алайын,— деді Басаржанов жымып машинаның үстін жуып жатып.

— Дұрыс. Бірақ тұрмеде машина қоятын гараж жоқ кой,— деді ішкі салонын жайғастырып жатқан Самғалиев.

— Иә, тұрмеде өзіме ғана орын береді,— деп күмілжіп қалды.

— Қаранды түспей тұрғанда тамактанып алайық,— деді Самғалиев, қағазға ораған тамактарды машинадан алды.

Екеуі газеттен дастарқан жайып, дүкеннен алған тамандарын соның үстіне қойып, шетінен жеп, іше бастады. Әлден уақта ішіне ел қонған:

— Жинал, кеттік,— деп Самғалиев орнынан тұрды.

— Мына қалған тамакты суға лактырамын, сенің майлы саусағының мөрі жарқырап тұр,— деп шиқылдап күліп Басаржанов көлге кетті.

— Бар, жоғалт көзін, менің мөрімнен гөрі сенің мөрін үлкенірек, көзге тез ілігеді,— деді Сердебек те есесін жібермей қағытып.

— Папка, документтерді жағып жіберейік,— деді Басаржанов көлден қайта оралған бетте.

Алаңдағы ашық ойпаттау жерге төменірек түсіп, екеуі от тұтатты. Папка мен қағаздарды жыртып отқа жақты.

— Кеттік,— деді Самғалиев.— Тез киін.— Ол машинада жатқан милиция көйлегі мен қызыл фуражканы нұсқады.

Басаржанов үстіндегі көйлегін шешіп, жана көйлекті

киді. Самғалиев үш тіл лентасы бар сержант погонын оның иығына такты да, фуражканы кигізді.

— Міне, енді адам қатарына қосылдық,— деді серігіне тесіріе қарап.

— Жолдас бастық. Сержант Басаржанов Сіздің бүй-рығыңыз бойынша келіп тұр,— деп әскери адамша он колын фуражкасының мандайшасына апарды.

— Жақсы. Жетеді. Кеттік.

Екеуі машинаға отырды. Машина қалаға бет бұрды.

— Тура Марфуға,— деді Самғалиев тесірейіп отырған алдынан көзін тайдырмай.

— Конамыз ба сонда?

— Сағынып қалдың ба?

— Әрине.

— Сенің төсегің әне,— деп артына бұрылтып машинаның кейінгі салонын иегімен нұскады.

— Екеуміз симаймыз. Гой. Қезекпен үйықтамаймыз ба. Енді абайлап жүр. Жол тәртібін бұзба. Өзіміздің көшеге тоқта, мен үйге кіріп шығайын. Жағдайды бай-кайық.

Жасыбек түсіндім дегендей басын изеді.

Машина аласа үйлердің арасынан өтіп, кішкене тү-йық көшеге келіп тоқтады.

— Мен көп кідірмеймін, машинаның шамын сөндір, жақпа,— деп Самғалиев адымдай басып кетіп қалды.

Ол қақпаны ашып ішке кіре бергенде шынжырын сұлдырлата сүйретіп төбет тап берді.

— «Рекс», «Рекс»,— деп «сәлемдесіп» еді, сапардан оралған үй иесін көргендей, Рекс құйрығын бұландатып, үстінен секірді. Жігіт еркелетіп мандайынан сипады:

— Кімсіз?— деп ит даусына елегізіп шықкан Марфуға дауыстады.

Жарық үйден шықканға ма, қаранды ауланың ішін-дегі адамды түстеп анық көре алмады.

Самғалиев оны андаусызыда құшақтай алды. Марфуға

да жігітті жаңа танып, мойнына асыла кетті. Бетінен шөп еткізіп бір сүйді де жүрек тұсын алақанымен басып:

— Түх! Қаранғыда иманымды ұшырдың ғой тегі. Ең болмаса дыбыс берсең қайтеді,— деді жорта бұртиып.

Жіргіт көрген бойда мені үйге сүйрелеп жетелей жөнелер деп ойлап еді. Марфуғадан, бірақ, ондай ылтипат әзір сезілдер емес.

— Үйде біреу бар ма?

— Ағайым жолдасымен келіп елі,— деп Марфуға тұншыға сөйлемді. Ағайым деген сөз аузынан әзер шықты.

— Ағасыз әйел болмайды. Сағындырмай келгені жақсы.

— Киініп жатыр. Қазір кетеді. Қөрінбе, тасада тұра тұр.

— Жарайды.

Марфуға жүгіре басып үйге кірді. Сердебек иттін ығын тасаланды. Екі жұан ауыр басып үйден шықты. Бірі Марфуғаның құлағына сыйырлап, ұмытқан папкасын алғызды. Екіншісі «Р»— дыбысын қинала айтса да нығыз сөйлейді.

— Ертең өзім телефон соғамын. Министрлікте болмаймын. Мені жұмыстан іздеме,— деп қақпаға беттеді.

Марфуға қақпаны ашып шығарып салды. Ақ «Волга» карсы көшеден ойқастап келіп тұра қалды. «Волганың» есірі тарс жабылды. Шофер газ берді. Міне, қонак. «Бұлар мәжіліс, жиналас деп, кешкі сағат алтыдан кейін махаббат жырын шыркайды» деді ішінен құбірлеп Сердебек.

— Хош келдің, кір,— деп Марфуға жігітті ілгері өткізіп жіберді.

«Келуінізбен» деп қуана карсы алған Шура, оған ет женді саусактарын сүйе ғой дегендей тарбита ұсылды. «Кетер қонақ кетті. Сендер келсендер болды» дегендей, қарға аунаған түлкідей бұлаңдалап жайрандалап сала берді.

Жігіт Шураның қолын алып, бас иіп, ерніне ернін тигізіп, сүймесе де сүйгендей шолп еткізді.

— Серігін қайда?— деді Шура алактап, күткені көрінбеген соң бойын жинап.

— Кол тимеді. Бұғін келе алмас. Сәлем айтып, кешірім сұрады. «Елегізбесін, келемін» деп ыстық сәлем желдады. Сағынып қалдың ба, сұлу,— деп оны бір қафытып етті.

— Ім,— деді Шура. «М»— дыбысын ішіне тартып жабырқап созып тұрды. Қыска кірпіктері мұнға тұна қалған, түріндегі жабырқау белгісін самалдай желпіп жатты. Сыр білдірмей шынықкан сұлу ас бөлмеге шығып кетті.

— Марғуға, не жаңалық бар?— деді Сердебек диванға жайғаса беріп.

— Жаналық — бүрсігүні қойманы қабылдап алмақтын. Ертең бүйрық шығады. Қоймашы әйел үш жылдай демалысқа шықпапты. Соны ауыстыру керек,— деп бастық болмады.

— Келістің бе?

— Келіспегенде қайда барасын. Қойманың жұмысы ауыр. Жарты миллионға жақын азық-тұлік, мұлік-байлық бар. Жауапты қызмет. Халық мұлқін сақтау, тынын шашау шығармай ұқынты ұстau қажет. Халық мұлқі — қоғам қоры. Қалт беріп қателессең басың кетеді. Болмаймын деп едім, директор мен парторғ сіресіп отырып алды. Сен істей аласын. Сағанғана сенеміз. Ұқыптылығын былай тұрсын, есеп-қисапты жақсы білесің деп аузымды аштырмады.— Манағыдай емес бойы жайлап, қалпына түсіп келеді. «Қинала-қинала келістім»,— деп, терең күрсінді.

— Құтты болсын,— деп Сердебек орнынан тұрды. «Бері шық»— дегендей ас бөлмені иегімен нұскады, өзі стол қасына келді де:

— Бір сыр бар, Машажан,— деп оң иығына қолын салды.

— Айта бер, құлағым сенде,— деп, ас бөлменің есігін жауып алды.

— Анау иеміз біреудің машинасын соғып кетіпті. Соны тез жөндеп, бояп беруі керек таң атқанша. Болмаса милицияға хабарлаймын деп машина иесі қоңырауын қағып отыр. Танысың бар ма? Қемектес,— деп Сердебек жалына қарады.

— О, болғанда қандай. Іскердің іскері. Қамырдай иленіп жапырылған машиналарды жүқа наңдай ысып, қайтадан бояп береді. Оған акша керек.

— Не сұраса да, сөз жоқ. Қеліседі. Мәселе ақшада емес. Мына жағы қалай?— деді оң қолының саусағын аузына апарып. Онысы аузына сақ адам ба дегені.

— Болаттай берік, Өзінікі де жасырын жұмыс қой. Сауысқандай сақ. Үйінде болса жарайды,— деді Марфуға сәл ойланып.— Звондайтын құрғырдың телефоны да жоқ,— деп қынжылды.— Жүр барып қайтайык.

— Қазір ме?

— Қазір.

Марфуға киіне бастады. Сердебек аулаға шыға берді. Ешкім көрінбейді. Қақпаны ашып, айналаға құлақ салды. Тыныштық.

— Немен барамыз,— деді Марфуға Сердебекті қолтықтап.

— Таксимен.

Үлкен көшеге шығып, келе жатқан машиналарға қол көтеріп тұрды. Жигули тұра қалды. Марфуға алдына, Самғалиев артына орналасты. Енді жол сілтеуші Сердебек емес, Марфуға.

— Келдік,— деді Марфуға машинаны жол шетіне тосқатып,— машинада тоса тұр, мен барып шығайын.

Көп кешікпей ұзын бойлы, жалпақ бет жігітпен оралды. Сердебек машинадан түсіп қарсы алды.

— Таныс, Валера,— деп жолдасын таныстырыды Самғалиевқа.— Өзіңіздей жолдас, қаймықпа. Екеуің оңаша сейлесіндер,— деп, Марфуға машинаға бет алды.

Көп салғыласып, саудаласпады. Валера кетіп қалды. Самғалиев «кеттік», деп машинаға отырды. Марфуғаны үйіне әкеп түсірді де, досына келді.

— Тулаған тюленіңнен ыстық сәлем,— деп машинаға отыра берді.— Кеттік.

— Аузым кепкен екен ғой.

— Екеуінің де. Шыда уақыт бар ғой, жөні келсе. Қайда бара жатқанымызды сезесін бе?

— Маған географияның қажеті қанша, ат айдаушы Ваня тұрғанда,— деді Жасыбек құліп.

— Ақымақ, географияны сен де біл. Қазір мына машинаны көк бояуға боятамыз. Таң атқанша бояп болады. Ертемен далаға кетіп қаламыз. Құн ашық болуға тиіс. Кеппесе құн көзіне кептіреміз.

— Керемет қой. Қанша алады?

— Бір жарым қағаз.

— Жұз елу сом ба?

— Ие.

— Қымбат емес, біздің қалтамыздың мөлшері...

Машина үлкен ағаш үйге келіп тоқтады. Ұзын бойлы сары жігіт күтіп алды. «Кір аулаға»— деп қақпаны ашты. «Номерін ал» деп Сердебек машинадан түсті.

Ұзын жігітке орта бойлы ақ сары жігіт қосылды.

— Бояу даяр, жетеді,— деді ұзын жігітке қарап, Самғалиевпен амандақсаннан кейін.

— Қораға кіргіз,— деп қақпаны ашты. Екі жігіт мал соятын қасапшылардай қимылдайды, шапшан, қолдары қолдарына жұпайды. Машинаның шыныларын қағазбен орап, доңғалақтарын нығыздал, тығыздап коршап, бір жеріне тамшы бояу тамбасын деп ұқыптан жатыр. Валера терезелерін бір жағынан жапса, екінші жағынан Фарид қымтап үлгеріп болды. Доңғалақтарын сәбише құндақтады.

— Бекіді ме? Дақ түспей ме?

— Катып кетті. Тамшы тимейді.

— Бояу салған баллонды алып келіп, үрле.

Бояу шыжылдап шашырай жөнелді. Э дегенше машинаның төбесі боялып болды.

— Тұра тұрсын кішкене. Бояу сорғынқырасын. Екінші рет жүргіземіз.

Екінші айналымы ұзаган жоқ.

— Сагат бесте жүріп кетесіндер,— деді Валерий,— жүз елу сомды санап алыш.— Бөлмеге барып дем алыныздар, өзім оятамын.

Самғалиевтың үйкесі сергек. Қезіп жүрген кезбе, бөтен жерде жайланып жата алмайтын. Дөңбекшіп үйкетай алмады. Эдетінше кішкене мызығып алайын деп көзін тас жұмса да, кірпігі айқаса коймады. Бір көріністен екінші көрініс көз алдына елестеп, тіпті, мазасын алды. Марфуға күтіп жатыр.— Ат үсті болса да келіп кетсейші,— деп құшағын жаяды. Айнала торлап жүрген милиция адамдары еken дейді.

Колдарын артына қайырып жатқанда екінші этаждың терезесінен қарғып түсіп, қашып бара жатыр еken.

— Тұрыныздар,— деген Валерийдің даусынан оянып кетті. Жастыққа басы жана тиғендей, таң алдындағы тәтті үйкесі маужырап жаткан Басаржановты: «Тұр, сені шақырып жатыр»,— деп Самғалиев бүйірден түйіп қалды.

— Кім?— деп шошынған Басаржанов тәсегінен атып тұрды.

— Тюленің,— деп киіне бастады.

Адамға неше түрлі түстер енеді. Сүйсінетін жақсысы, жан түршігітер жаманы. Оятып жібермесе де болар елі деп Самғалиев далала шықты. Жаздың таңертеңгі салқын ауасын көкірек кере жұтып тұр. Айналаға тінте қарайды. Түнде түсімде неғып милиция коршап тұрды екен. Ешкім жоқ. Күтіп тұрса, енді неге тарпа бас салмайды. Түске сенуге болмайды. Құн Алатаудың төбесінен қызыл арай шашып көтеріліп келеді. Аспан да ашық. Шөкім бұлға көзге ілікпейді. «Құн ыстық болады екен Жарайды. Бізге көрегі де сол»,— деп Самғалиев маши-

наға бет алды. Басаржанов пен Валерий машинаны оратын қағаздарды сыйрып, тексеріп жатты.

Үшеулеп қарап жүр. Қарап жүрген жок, тінтіп тексеріп жүр. Бояуда мін жок. Сәл артық шашыраған жерлерін Валерий қолындағы шүберегімен жарқыратып сүртіп ала кояды.

Басаржанов рульге отырды да машинаны корадан шыгарды.

— Ал, жортқанда жолдарың болсын,— деп, Валерий қош айтысып қала берді.

Екеуі көше жолына түсіп тоқтады. Машинаның номерлерін орнына бекітті де, Қапшағайға бет алды. Сары жигули теңіз толқынындай көк теңбіл машина болды. Жігіттер бір күдігінен құтылды. Теңіз толқыны түстес көк теңбіл машина атадан қалған малдай. Сезік жок, жүре бер...

Машина жаздың самал желімен жарыса жүріп келеді. Ақылмен істерген істеріне сүйсінеді. Табыстары жеңіл, жолдары ашық. Самғалиев алдындағы машинаның радиоқабылдағышының бұғалығын бұрай бастады. Жарылып кететіндей дар-дүр етті. Толқын өзгеріп дарылданған қабылдағыш:

«Земля моя, земля, моя земля» деп шырқап жүре берді.

Бізге концерт беріп жатыр,— деді Басаржанов.— Сезген екеуміздің жолаушылығымызды, көніл-күйімізді көтергісі келген.

— Ол біздің түсімізде көретін арманымыз.

— Ал енді бос киялды коя тұр. Не істейміз?

— Капшағайға суға түсіп, күнге күйіп, бір-екі күн жайлайып жатпаймыз ба?

— Қой сойып, етке де тоғың келеді ғой, ә?

— Міне, таптың-таптың, еттен кейінгі ыстық сорпа-сан айтсайшы. Па шіркін, жас етке бір тояр ма еді,— деп Басаржанов аузының сұы ағып тамсанды.

— Айналайын ел ғой бұл. Сәлем бере келдік, аман-

дық-саулықтарының қалай?— деп жылды шыраймен барсан болды. Сізге сәлемдемем,— деп мырзалық жасап, бір-екі кило конфет, печеньеге «көк жорға» косып, оны сағынған қойшының әйеліне аз болса да көптей көр деп ұснағой. Куанып қалады, сәлемдеме ата-анамыздың әдебі ғой.

— Олардың арасында үнді шәйі болсаши.

— Келістік. Бүгін Қапшағай көлінің жағасына барып сайдандайық, азық-тұлікті жол-жөнекей дүкеннен ала кетеміз. Құн батпай, Қапшағай жайланаудың жайлаган бір қойшының үйіне барып қонақ боламыз. Облыстан жиналыштан келеміз дейік. Сенімшіл қазақ бізді үлкен өкілдей қарсы алады. Екеумізге магазиннен екі шалбар, бір-бір көйлек аламыз. Киімді сыр берместей келістіріп килеміз.

— Галстук те алайық. Киімімізге қарап қабылдап, ақылымызға қарап қоштасар.

— «Танымаған жерде тон сыйлы, таныған жерде бой сыйлы» деп менің әкемнің досы, Молдабек жиі айтатын.

Екеуі алдымен киім дүкеніне келді, бір-бір шалбар, көйлек, галстук алды. Азық-тұлік дүкеніне барып, арак-шарап, бір жәшік сыра, минерал суын және алды. Сумка азыққа толды. Талдықорған тас жолына түсіп, қаладан шықты. Оңға бұрылып көлді жағалады. Онаша бір жағалауға келіп, машинаны тоқтатты.

Жол дастарқаны жайылып, Басаржанов та дастарқанға барын қойып үйіп-төгіп салды. Екі кіслілік емес, топ қонаққа арнағандай. Тамак жетеді. «Марғуғаның столындағы сүбелі, майлы болмағанмен қарын тояды» дейді манадан тенізге телміре қарап тұрған Самғалиевқа.

Самғалиев артына бір бұрылып қарады да, мәп-мәлдір шалқып жатқан теніздің сонау аргы шетіне назар аударды. Қаптаған халық. Топ-тобымен дем алушылар. Сауық-сайран. Шаттық ән, көнілдері көтерінкі. Топ алақұла, жастар бір бөлек, ерлер, әйелдер, балалар бір шо-

тыр. Бұлар семьямен келгендер. Бақытты адамдар тобы. Нагыз демалушылар, нагыз жайлаудағылар да мұндай болмас. Ұшы-қырына көз жетпес көк теңіздей Қапшагай көлі тып-тыныш, мөп-мөлдір. Үстінде мұнарланған сағым жүзіп, айдынында ақ шағалалар секендей сұнгіп, ойнақ салады.

Айдын көлдің орта шенінде кемелер жүр. Балықшылар кемесі. Жағалай машина. Женіл машина, қораптай жатық машина, үлкен автобустар. Демалушылар тобы. Еңбекшілер тобы. Коллективті семья. Ал бұл екеуміз де екі адамнан құрылған коллектив. Демалушылармыз. Бірақ еңбек коллективі емес. Семья емес. Ұрылар, қашқындар тобыры. Екеумізді құн-тұн демей іздел жүр. Ізімізге түссе де, көз жазып қалады. Әлі қармаққа ілікпедік. Ана адамдар ойын-күлкі, шаттықпен дем алады. Екеуміз елегізіп, жан-жағымызға алақтауда боламыз. Сыртымыз — сау, ішіміз — үрей. Кенеттен қақпанға түсіп, қармаққа ілікпесек — деп тынымсыз тығыламыз. Елмен бірдей жеп жатырмыз, ішіп жатырмыз. Қөп мұлкіне көк тыны табыс қосып, үлес бермесек те, еңбегіміз сіңгендей сіміреміз. Өзіміз сеуіп, өзіміз органдай-ақ нанды қылғимыз. Еңбекшінің еңбегін жеп, еңбекшінің кімін тегін киіп жүргендеріміз ойларымызға кіріп те шықпайды. Эйел болса қалды. Бала болса — жетім. Оларға көмек болсын деп тынын-тебен жіберу жок. Өзім үш мезгіл тамақ ішкім келсе баланын сондай тәбеті, аузы бар. Өзім кигенді бала да киоі керек. Мектепке баратын бала тап-түйнақтай таза болсаши. Экең оны ойламайды. Қашып жүр. Эйелінен емес, сенен, туған баласынан қашып жүр. Алименттен қашқаным — туған баламнан қашқаным. Қашқан әке! Қандай жаман ат! Итке таққан карғыдай. Баласынан қашып жүр. Қашқын әкелер азаймайды. Құн сайын саны өсіп келеді. Өскенде де қаулап өспейді, тамшылап қана өседі. Ол сөз емес, қалай өссе де өсіп келеді. Жалғыз мен ғана болсамшы. Бәйшешек атқан бейбіт өмірде қанша бала жетім, қанша бала әке-

сіз. Эке қайда? Ел кезіп, қашып жүр. Эке қайда? Құғында. Милиция іздеп жүр. Ал әке болса таптырмайды. Із жасырып үлгереді. Себебі бір жерде тұрақтап еңбек етпейді. Сонымен алимент қағазы келсе болды, жылт беріп тайып тұрады. Екі-үш ай қашып жүреді. Арасында тиіп-қашып күн көрісті ақша табады... жүк тиеп, жүк түсіреді. Алып кел, шауып кел сияқты, сағаттық жұмыстан күнделік тын алады. Дәмді тамақ жемейді. Қанып сусын ішпейді. Ұйықтауға жайлы төсек жоқ, жөні келген жерге кисая салады. Құшағында ыстық жар жоқ. Қиімі тозып, сұры кете бастайды. Рені түсіп, аза бастайды. Суға рақаттана жуынбайды. Монша көрмейді. Қейлегінің жағасының кірі бес елі.

Алғаш қалай болды. Ай қыдырды, жыл қыдырды. Жігітшілік құрды. Сері болды. Белгісіз жастық өмір өзен суындағып жатты. Ағып жатты. Жылдан жылға есейе түсті. Тастан кеткен жесір әйел — жар тапты. Баласыз әке де жетілді. Сөйтіп туған әке ұмыт болды.

Кашқын әке тозып барады. Тозып барады. Самайға қырау тұрды. Өмір күзі ерте келді. Бозғырау ерте түсті Осылай күн өте ме.

Ақыры алименттен қашып қылмысты болды. Жауапқа тартылды. Басқа қылмысқа кешірім болса да туған баладан қашқан әкеге кешірім жоқ. Тұрмаден бір-ақ шығасын. Отырып шыққан адам таңба салған малдай. Ел көзіне өзгеше көрінеді. Сотталған. Тұрмаде отырған деп бәрі сенімсіздік туғызады. Жауапты жұмысқа алмайды. Тамыры шіріген теректей көгермейді, қуара береді. Кең дүние тарылып, бақытты өмірі жұттай береді. Ақыры тағы қылмыс, тағы темір есікті тар тұрме. Жалғыз мен емес барлық алимент төлейтін әкенің тағдыры осы деп дастарқанға қарады.

— Казір даяр болады,— деді Басаржанов бөлке наңды турап жатып.

— Арам тамақпаз. Жегеніміздің бәрі арам. Еңбек

стіп Отанға пайда келтіруді білмейміз. Ішіп-жегіміз келеді. Неге бұлай болдық? Алиментті әкелер анадан тұмайды. Өскеннен өң., і. Өмір тудырады. Оларды болдырымауға болар еді. Оған менің күшім келмейді. Тамыры терен. Қөп қолына алса. Қөп тамырына балта салар Қөп — терен, қөп батырады. Семья падишасы мен деп кеудесін қақпаса. Ерім десе, отағасы десе. Ерге тілін тигізбей, құрмет көрсетсе, ереккеге деген сөзді жоғары ұстай білсе. Онда Марфуға мен Шура сияқты әйелдерді қайдан табамыз? — деп көлдің ар жағында қалған алыстағы Алматыға көз салды. Қөз алдына жарқырап жатқан теңіз емес, таудан аккан бұлактай сарқырап ағып жатқан астана өмірі елестеді. Жоғарыдан аккан бұлак суы төмен түскенше сарқырап жан ұшырып, ысырма толқындары бірін-бірі қуып барады. Алдындағы бұрылышқа шалл етіп, соғылады да, бұлт етіп бұрыла тартады. Кейінгісі тоқтаусыз оза жөнеледі. Басқаға бұрылмайды. Құл-талқаны шығып жатса да қарамайды. Соғылған толқын қатарға түсіп, алдағыны қуа жөнеледі. Алдағысы жолдағы тасқа соғып, беті қайырылып, ағысын басқа арнаға түсіреді. Кейінгі толқын алдағыларды итермелей түседі. Реті келсе, қысып жібереді, болмаса сырып тастайды. Ақыры арпалысып жүріп кен арнаға түседі. Міне, үлкен каланың өмірі осы тәрізді. Ал міне Қапшағай теңізі — Үлкен өмір теңізі. Бәрі көз алдында Бәрі алақанында, көз алдына тұра қара. Алақанындағыны аяла.

Сердебек өткен-кеткен өмірін ойлай келе өзін жана түсінгендей болды. Әдепкіде аяғын бір шалыс басты да, содан қайтып тентек кой секілді түзелуі қыныға айналып кете барды. Қазіргі өмірі мынау — үрлық-карлықпен күн кешіп, жыра-жықпышты паналяп жүр. Оның бұл «сайраны» да қашанға созыла береді дейсін. Бүгін болмаса да күні ертең-ақ тұзакқа түсері анық. Сердебек ауыр күрсінді.

— Фафу ет, достым. Марфуға мен Шураның столының

дай емес, жүдеулеу,— деді Басаржанов Самғалиевқа жаутандай қарап.

Екеуі дастарқаның екі шетіне отырыса қап тамақтанып алуға кірісті.

— Көк машина үшін, артта қалған қос сұлу үшін,— десіп бірер кезек те алысып қойысты.

Күн енкейе екеуі Бақанас жолына түсіп, жайлауда отырған шопан үйіне қонбақ болды.

\* \* \*

Әлі жатырсың ба дегендегі безілдете басқан есік қонырауы дауысын созып зарлап тұр. Таңғы тәтті үйқыда жатқан Марфуға шошып оянды. Қызыл-жасыл түсті атлас халатын иығына іле сап есікке жетер-жетпесте:

— Бұл кім!..— деді. Даусы құрғыр қырылдал, көмекейінде тобық тұрғандай зорға шықты. Ар жаққа үзіліп барып жетті.

— Мен,— деді ар жактан әйел даусы.— Ашсайыш!

Қос кілтпен тас бекіткен есіктің кілттері желімделіп қалғандай айналмайды, қолы құрғыр да дірілдеп барады...

— Каз-ір, қазір, тәте!— деп, кілтті бұрап жатыр. Асыққанда бола қоя ма? Әйтеуір үш бұрап ашты-ау.

— Әлі жатырсың ба?— деп тәтесі кішкене қоңыр көздерін Марфуғага сұқтана қадады.

Марфуға көтпен көрмеген туысын құшактап, сүйіп алғысы келіп, ерніне ернін апара беріп еді, тәтесі бетін солға бұра қойды, сонда да епті сінлісі бетіне ернін тиғізді.

— Тағы-ғы-ы сіміргесің бе? Аш есігінді. Мына үйде неғып түншығып кетпейсің? Сенің мұрның шошқаның тұмсығындағы ештене сезуден қалған ба? Адырам қалғыр, арак нісі аңқып, кеңсірігімді жарып барады. Арағы құрғырга шомылудан саумысың?— деп қолындағы үлкен кара сумкасын босағага тастай салды. Шалқайта ашыл-

тап есіктен жазғы ауа үйге лап қойды. Марфуга жүгіре басып төр үйге жоғалды. Терезелерді ашып:

— Шура, тұр, тезірек! Қектебедегі тәтем келді,— деді акырын ғана.

— Кім дейсін?— деді Шура қабағын түйіп, үйкісі қанбаған мысықтай, көмекейін көрсете есінеп.

— Ойбай-ау, анау пәле. Жадыра тәтем,— деді ауыз үйге шығып бара жатып.

«Пәле» деген сөз Шураның жүзіне ыстық шоқтай басылды. Асыға, жинала бастады. Онсыз да салмақты деңесі бұрынғыдан да ауырлап, құрысынқыраған. Жаман жатқан ба, он жақ мойны темірленіп қалған, бұрайын десе көнбейді. Тандайы құп-құрғак. Стол үстінде ашұлы тұрған баржом сүнін бокал толтыра құйды да, қотара салды... Өртеніп бара жатқандай, қызған ішкі дүниесі су сепкен жалындай сап тыйылды...

— Ие, апам аман ба?— деді төргі бөлмеден оралған Марфуга. Жадыраға құлімдей; үұрьспа дегендей құтана карады.— Асылжан, Ерікжан қалай?

— Апан сау-саламат. Ұмытып кеткен шығар сол қыз мені, барып кел деп, мені әдейі саған жіберді. Бар ма, жоқ па? Өлі-тірісін біліп кел? Ол қыз тегін емес, түсінен шықпай қойды!.. Қөрген түстерімнен өзім шошып оянамын, деп зар қаққала ай болды. Екі кісінің қызметі, әрі бала-шаға, мал-төл бар. Мұрнымнан шашыламын. Жеті сайын күтемін. Екі араға машиналар ағын судай ынырап жатыр. Сағаттық жолға жүруге ерінесің бе? Елдің үл-қыздары сенбі-жексенбі демей ағылып, ата аналарына келіп-кетіп жатыр. Сен өзің жердің тесігіне түскендей, жоқ болдын. Қол созым жерде тұрған сен түгіл айға үшқандармен үзбей тіл қатып жатса ше. Сен хабар-ошарсыз жоғалдын. Алматы үлкен қала. Сабылған тірлікте қағыс-қатер жазым көп. Соны ойлап шешен камыншы бітті. Өлгенде жылағанын қайтейін: өлсем ол гана жыламайды, бүкіл Қектебе елім жылайды,— деп Жадыра көздерінің шарасын шайып мөлтілдете баста-

ды.— Өзі шүйкедей болып қалды. Тамағын бір кенеп койды.— Қөзім тірісінде көрініп, көңілімді көтеріп кетсін, деп маған болмады.

— Асылхан мен бауырын Еркінжанға барып кел десек... Оны үйінен табасың ба?— деп Асылхан ағаң ренжиді... Біз керек болсақ өзі келер,— деп ағаң қабағын түйіп, балаша аузын томпайтады. Білесің гой оның бірбеткей мінезін.

— Ие, қазір кеттік, тосып отырган шығар мені,— деп Еркін бауырың қыныраяды. Бірге туған аға-інің де арамыз алыстаған сайын суып барады. Арада мен бәйек боламын...

Марфуғаның бұлтиған екі беті алаулап қызара түсті. Өзі де тершең келіншек еді, ашы тер сыртқа теуіп, сала-сала боп тәмен сырғи берді. Бұл кешегі ішкендіктің белгісі. Тәтесіне тұра қарауға жүзі сынып, кірпіктері ұзарып салбырай түскен. Тамағы да құрғап, іші күйіп барады. Су ішейін десе, мына «Пәле»— тырп еткізбейді. Жадыраның көзіне жас келгенде, Марфуға көз жасын сұрткендей, халатының қалтасынан қол орамалын алды, ашы терін бір құрғатып алды...

— Сәлем-ат-сыз бе,— деп манғаздана басып, тेң үйден шықкан Шура, күлімдеп келіп Жадыраға сәлем берді.

— Аман-сау боларсыз,— деді Жадыра да, даусын керенау шығарып. Қездерін қадай қалды.— «Шайтан алғыр,— баласын емізіп жатқандай, жарты сағат жиналды»,— деп Марфуға серігіне іштей ызаланып:

— Сендер әнгімелесе тұрындар, мен шай қояйын,— деп орнынан көтерілді... Тер үйге кіріп, бокалға баржом құйып бір-ак сімірді.— Үн,— деп демін алды...

Екі конак бір-біріне үнсіз қарап отыр... Шура бұл кездесуді күтпеген-ди. «Қайдан гана келе қалып еді бұл пәлессі» деп кабағын тыржитты.

— О, ым...— деді Жадыра қабағының астымен,— саламат болсан жақсы,— деп көйды.— Сен сайтан мына

желаяққа ерген екенсің ғой! Енді білдім,— деп іштей корытты да, төр үйге бет алды.

Кеше кештегі стол толы тамақ, самсаған сан түрлі шолмек шараптар ішіліп-желінбепті. Кеште кенет сылдыш ете қалған есік қоңырауы столда отырғандардың берекесін алып құтын бұзған. Жолымыз болсынға айылатын «Жолаяқ» та естен шығып кеткен-ді. Қонақтар кеткен соң үйге қайта оралған «қос сұлу» шайға отырған. Онаша шай үстінде ішімдік жүре коймаған. Аузы анылған шөлмектер Жадыраға қарап мәлтілдейді... Стол төріндегі жарым-жартылай желінгенді тағамдар. Темекінің тұқылдары күл салғышқа симай ақ дастарқан үстіне шашылған. Үй іші ашы тұтінге ысталған. Сол жақ бұрышта магнитофон. Бетінде пластинка... Арнап откізген мереке-той болмаса да шалқыған шаттық болғанын айна-катесіз жеткізгендей. Жаңа ғана ашылған төрездеден үйге қоңыр самал желпи бастады. Бөлме іші жағымсыз ністан сейіле берді.

— Шырагым, мынау сасығынды далаға... Тұнімен піскесен де құмарың қанбады ма!— деп Жадыра сінлісіне күл салғышты танаудың тыржита нұскады.— Осы арақ пен темекіден сенің бүйрек-карның іріп-шіріп, көп кешікпей рак боларсын. Сенің ми-жүйкен де ескірген жіптей тоза бастағалы қашан? Мына пәлене тыйым бола ма, жок па?!— Жадыра сінлісіне оқты көзін қадап, алара қарады.

— Кеше көнілі жақын жолдастар осында қыдырып кеп қалты. Үйден қалай қуарсың оларды. Естіген елден үят емес пе. Сосын ептеп шай-пай ішіп көніл көтеріп едік. Соны да сез ғып отырсыз ба, тәте,— деп әпкесінің ашуын баса сәйлеп еді. Бәрібір онысынан түк шықпады.

— Ой, шікін-ай, көніл көтердік дегенше опыр-топыр болдық десеңші онан да,— деп әпкесі одан сайын өршелене түсті. Долырған әпкесінің ашуын қайтіп басарын білмей сарсылған Марфуға:

— Шай қояйын,— деп орнынан көтеріле беріп еді, тағы пәлеге қалды.

— Қозғалма. Отыр! Айтарымды айтып, бәтуәлі сөзге келейік. Сенің үйінен шай түгіл су да ішпеймін. Бәрі қарам! Мына столдың басында отыра алмай жиіркеніп жүрегім қобалжып тұр...— деп бір қойды.— Қайдан саған келіп жатыр осы байлық!? Еңбекке жан жігерінді салмай ар-ұятыңды маскарап жүрсін бе? Экеміз айтуды еді ғой: «Адам өмірінде ар-ұят деген қасиетті егіз сөз бар. Екеуі домбыраның екі шегіндей. Ар бар жерде ұят бар. Ұят бар жерде — ар бар. Ал, сенде бұның екеуі де жок. Білдін бе?! Арынды тектің, ұятыңды шайқадын... Адам енбегінің өлшеуіші — ары. Сенің енбегің де армен өлшенеді. Есінде болсын! Бұл сөз — ата сөзі. Баба сөзі. Қасиетті сөз... Елдің әйелдері қолына еркек тисе болды, сәбидей аймалап, үстіне шан жұқтырмай ұстап отыр. Бір үйде бір еркек болу өмір заны. Төрінде еркектің бас киімі ілулі тұруы керек.— Жадыра сәл үнсіз қалды да, сөзін қайта жалғады.— Ұмытқан жоқ шығарсын, анамыз әкеміздің атын да атамай «Отағасы» деп қалай құрметтеуші еді? Еркексіз үй — иесіз үй. Жеке басты әйел — жеке өскен ағаш сияқты. Ерді қадірле, ер — орда иесі, қорғаны. Сен ер қадірін білмедің... Менің сұрағыма неге жауап бермейсін. Саған кім келіп жүр, айтши!

Сіnlісінің үні өшкен. Қөзін тас жұмып алған, зордың күшімен тындауда.

— Енді не ғыл дейсін?— Марфуга шарасыз кейіп танытты.

— Жас болсан, бір сәрі. Отыздың ортасынан астын. Қырыққа келген сар қарын әйел болдын! Тұракты біреу тауып алатын мезгілін жетті. Жанашыр бауырың ғана шындықты айтады. Адал досың ғана көл ұшын береді. Қазір кімнің жақын, кімнің шын дос екенін білесін. Ақылға кел. Отken оралмас. Жөнінді тап, жолынды тап. Қарашы, өмір қандай тамаша! Ел аман, жұрт тынышта, тек сен ғана... Күйеуінен ажырап, жесір келіншек ата-

нып жүрген. Балаң анау... Жарымжан боп туған. Ана боп былай мейірленіп, жарымжан балаң да қарағанды білмейсін? Не болды сонша?— Жадыраның жүрегі қысылды, шыдай алмай көз жасын төгіп-төгіп жіберді.

Марфуға не істерін білмей, алдындағы кеседегі суды тәтесіне жұтқызды... Жадыраның мандайы жіпсіп, бойы бусанып қоя берді...

— Өзің анау кемтарлар мектебіндегі бейшара Жапаржанға баrasын ба?— деп сумқасынан сарғыштау торғын орамал алып, көз жасын құрғатты. Көз алдына арықша келген, аузы он жағына қисайған, жоғарғы жырық ернінің арасынан тісі аксиып тұратын қараторы қыз келді.

Марфуға ас бөлмеге барып, краннан суды сарылдастып ағыза бастады. Шай кесемен тағы бір кесе су экеп, тәтесіне ұсынды... Кемсендеп жүрегі кеудесіне сыймай дірілдеп, солқылдан тұр.

Тарамыстай қатпа тәтесінің әр сөзі Марфуғаның жүрегіне мірдің оғындағы қадалды. Өне бойы ашудан селкілдеп, қалшылдан кетті. Сонда да әдептен аспай:

— Койши енді, тәтежаным,— деп жыламсырап жалынды.

— Білемін, саған кім келіп жүргенін. Мынау пәтерді берген месқарын фой. Ол саған пәтер берсе, әкесі салған үйден берген жок. Қазынаның үйінен берді. Сол сабазды бір көрмей кор болып жүрмін. Олжалап жүргенін карашы. Мен отырғанда бір келсе, бадырайған ала көздерінің бірін ағызып жіберер едім... Калада бұдан да жақсы үйлер алып жатқандар бар. Есепсіз, сұраусыз нәрселерді өз мұлкіндей онды-солды шашуын көрдің бе, пәтшагардын. Оған да бір зауал туар әлі-ак. Сонда көрерміз кімнің кім екенін, сол месқарын араларына түспегенде Қадыр екеуің күні бүгінге дейін тату-тәтті ғұмыр кешіп, бірге тұратын ба едіндер, кім білсін,— деп колын шошайтып, терезеге тесіле қарады. «Месқарын терезеден қарап тұр ма»— деп Марфуға да бетін бұрды.

Жадыра, бірак, сінлісіне бұл жолы бұрылып қараған да жок. Тек ойындағысын айтып қалмақ бол егіліп сейлей берді.

— Кадырдың ештегесі кеткен жок. Сенен әлдеқайда артық жан-тәні мөлдір, сұлу қызға үйленді. Әне, ел қатарлы енбегін істеп шаттықта жүр. Ұлы жүгіріп, асыр салып, құлышншактай ойнақтап, асықтай үйірледі. Екінші балақы ғазы күтіп отыр. Ағаң Асылханды қөргенде Қадыр баяғыдай сыйласп, иіліп сәлем береді оған... Асылхан да Қадырды қөргенде «жүргім шаншиды», деп апана бірде тыр қылып айтқан екен. Сол сөз сенің зердене жете мә? Эй, қайдан жетсін. Сен де бір су ми болдың ғой. Қайтейін,— деп Жадыра құдер үзген сыңай андатып, қолын сілтеді.

Жадыраның сөзі енменінен өтсе де Марфуға шыдағы. Шыдамағанда қайтеді. Тәтесі қылаудай өтірік айтып тұрган жок. Соны сезгендей Жадыра сөзін және сабактады.

— Жұмысынды істемейсін!— деді сінлісіне сұқтана қарап.— Шық саудадан, қоймадан шық. Есебінді айыр. Ауылға хабарлас. Асыл ағаң келіп, елге көшіріп алғып кетеді. Кілемдей құлпырған жұпар иісті Қөктебенің бектерінен жыл ішінде үй салып береміз. Енбекті елде, көз алдымызда істейсін. Ауылда да сауда қызметінде істеп жүр ғой өзіндегі жандар. Олардың ары да, жазы да таза. Істе солармен бірге, білек сұбанып. Қозінің тірісінде шешенді серік қылып қолына ал. Балалық борышынды акта. Енсесін көтеріп, кісі қатарына қосайык. Аз да болса арамызда жүре тұрсын. Қанша жасар дейсің, қонактық кана мезгілі қалды. Әлі де кеш емес, ойлан.

— Мына үйді қайтемін? Қалай тастап кетемін?— деп Марфуға әпкессінің ашулы жүзіне аңыра қараған.

— Бұл саған бақыт әкелді ме? Қайта ордана өрт салды. Мыналарың не сұмдық?— деп столға көзін шанша қадалды. Стол үсті жарым-жартылай тағамы желініп, шашылып, ыбырсыған ыдыстарға толы еді. Соны

көргенде Жадыра одан сайын өршіді.— Төрің жын-ой-нақ болғаннан сау ма өзі. Алматы Париж емес, білдің бе? Қажеті жоқ саған осы моланың. Енбегі сінген, кезегі келген біреуге берер бұл үйді. Осында баспана ала алмай қашама өрімдей жас пәтерден пәтөрге көшіп сарсылып жүр. Бағы жанған солардың бірі алар. Сен бұл үйден бақыт тапқан жоқсын. Сондықтан ендігі қалған өмірінді өксітдей елге қайт, қарағым,— деп Жадыра бұл жолы ақыл сала сөйлемді

— Каланы қимаймын... Астанам Алматымды...

— Ки-май-мын, Алма-тыны? Біз не, мидай далада, не сахарада отырмыз ба? Алматымен арамыз алпыс-ақ минуттік жер. Екі күн демалысың тағы бар... Алматы астана болса, Қектөбе Алатауды айнала көмкерген жалгасы... Ата-мекенің ол сенің. Көш, сол ел-жұртыңа.

— Апымай, тәтежаным-ай, абыржытпашы, көшемін деген ой үш үйықтасам ойыма оралған жоқ-ты. Ақылда сайық,— деп Марфуға есін жинап, бүгін алғаш рет тәтежан деп кішірейіп иіле бастады.

— Сөйт, шырағым. Ақылға кел,— деп бұған Жадыра кәдімгідей көнілденіп қалды.

— Тамақ ішіп кетсөнізші.

— Литтим гой ішпеймін деп.— Марфуға жым болды.— Үакыт жоқ. Тұскі автобуспен келемін деп, үйдегілерге ескертіп кеткенмін. Алам бейшара мен барғанша есік алдында бүкшиіп, жолдан жанарын алмай, күтіп онырады гой!

— А-на-шым,— деді бірінші рет Марфуға елжіреп...

— А-на-шым, жан-ым,— деп Жадыра үйден шыға берді...

...Марфуға кипақтап қалды. Бірақ тәтесінің тезірек жогалғанына қуанса да артынан көз алмай қарап тұр. Күн төбeden шанышла қарап қызынын шашып, қыздыра бастады. Аспанда ақша бұлттар тау басынан төмендеп қалқып барады.

Кенет Марфуғаның көзі қарауытып кетті. Алматы

шыр айналып, Қөктөбеге апара жатқандай... Құдайым-  
ау, осы жәй-күйдің бәрі бір күндік, бір жылдық емес,  
жеті жылдық өмірім емес пе? Неге соны сараламайды?  
Менімен неге санаспайды?— деп шекесін қос қолдап кы-  
сып, жерге шөкелеп отыра кетті... Не істеу керек? Қез-  
дерін тас жұмды. Жер айналып бара жатқандай болды...  
«Қөктөбе сенсіз де көгерер-ау. Ай, бірак, сенің Қөктөбे-  
сіз көсеген көгере қояр ма екен» деген Жадыраның ашы  
сөзі құлағында шынылдан тұрып алды.

\* \* \*

...Федор Ивановичтің жарғақ құлағы жастыққа тиме-  
гелі бүгін үшінші күн. Ішіне түйлігіп шемен бол қатқан  
қайғысы күрт қозғалды.

— Бау кеспе неме үшін саған ештене болмайды.  
— Өліп кетсе де, ондай сүмелектің сұрауы жоқ.  
— Газет-журналдарға талай жазды ғой. Оқыдык.  
Дәл сенің атып ұстаған жұгермектей қылмыскерлерді  
жазғырып талай айыптаған. Қорықпа. Сен нағыз адам-  
гершілік жасадын. Совет азаматының ісі сенікі. Сен оны  
атып үлгермегендеге ол милиция офицерін мүрдем жібере-  
тін еді.

— Бір қап ақшаны ала қашпақ болған.. Тапқан екен  
тегін олжаны.

— Инкассаторлардың бәрі бірдей сендей қырағы че-  
кист емес. Өзіне де сол керек.

Жора-жолдас, қызметтес достары Петровтың ісін аза-  
мат ерлігі, советтік өмірде халық мұлкін қорғаудағы  
борышы деп таныған-ды.

Рас, осы ойлар Петровты билеп жаза басқан жоқпын  
деп іштей өзін жұбатып жүрген еді. Бір күні тергеуші  
шакырды. Қөл сөйлеспеді. Қысқаша түсінік алды да,  
болған жағдайды анықтады. Талас-тартысы; бүге-шігесі  
жоқ, тайға танба басқандай анық жайт. Тергеуші бол-  
ғанмен онды-солды ғұрап, неге, қалай,— деп шүкшиып

тергеген жоқ. Жылы сөйлеп сырласты. Істің жай-жапсарын біліп, кош айтысты. Кетер алдында:

— Тағы да шақырамын. Тергеу біткен жоқ,— деді ол теріс қарал, үлкен тереңеден тыстағы көкжиекке көз салып.

«Тағы да шақырамын» деген тергеушінің сөзі Федор Ивановичтің есінен күндіз-тұні кетпеді.

«Неге шақырады? Анығына жетті рой. Енді шақырса, ис сұрамак? Мені қылмысты қылып, жауапқа тартпазла? Не қылмыс жасадым?»

Тергеуші үшінші рет шақырды. Тергеуші болғанда да, самай шашы ағарған, өмір көрген емес өзгеше жас тергеуші. Жанадағана диплом алып, іске қызу кіріскен, әдістенбекен, сары уыз жас.

— Тергеу бітті, іс сотқа барады,— деп, сұық аманласты. «Оқып шығыныз» деп істі алдына тастан берді. Петров сырты қалың сары қағазға тігілген істі алып, көзін жіті жүгірте бастады:

«Қазақ ССР ішкі істер министрлігі»— деп үлкен әріпен терілген. Іс № 205... Соңғы цифрды оки алмады. Көзі қарайып, тас жұмылды... Жүрегі тына қалғандай сезінді. Іс... іс... өзін-өзі үстап, көзін ашып қайта оқыды. Қылмыс іци. Мәссаған! Ал керек болса, көзін тағы жүмді.

Тергеуші Петровқа қарады.

— Саспай оқыңыз, бірінші бетінен бастап,— деп, кара терге түскен айыталушыға демеу беріп, ет женді саусақтарымен істің бірінші бетін ашты.

Жеделдете шолып ётті. Истің кейбір беттері машинкаға басылған. Анық, тез оқылады. Ал қолмен жазылған беттері қарға түскен саққұлак сауысқанның ескі іздері сияқты. Сызығы бар, әріптің тұлғасы жоқ, шым-шытырық. Олай оқыды, былай оқыды. Түк түсінбеді. Абыржыған адамның көздері де бұлдырап, тағасыз аттай тайғанақ келеді екен. Жүрегі кеудесін тесіп шығардай, дүрсілдеген соң, сол қолымен баса қойды.

Өмірдің талай қыл көпірінен аман-есөн, сау-саламат етіп, бұрынғы жауынгер офицер ел қатарлы тіршілік етіп келе жатқан-ды. Енді, міне, саусақан ізіндей жазу жүргегіне жара салғандай. Шым-шытырық іздердің қандайын болса да, тұра қалып талдаپ, егжей-тегжейлі тексеріп, ұшы-қызырына жететін. Жыныма жылдай Қыыр Шығыста, Сахалин, Амур шекарасында жастық шағын еткерген іскер іші, күрметті шекарашибардың бірі еді. Енді не болды?

Жүрегі лұпілдеп, қолдары ток соққандай дірілдей бастады. Дөнгелек көздері істің бірінші бетіне түсті.

«Сізге азаматша Бекербекованың Қазақстан Орталық партия комитетіне жазған шағымын жіберіп отырымын.

Шағымда көрсетілген факты бойынша кінәлі адамды анықтап, іс қозғап зерттеу жүргізіңіз... «Прокурор» деп көл койған.

Петров шын қысылды. Мандайынан бүршактап тер сорғалап қоя берді. Амалсыз қалтасынан орамалын алышп, мандайын күрғатты да:

— Су ішуге бола ма? — деп, алдында түрған стакандарды суды бір-ак сімірді.

— Болдыңыз ба? — деді тергеуші көзінің астымен қарап.

— Болдым, — деді артық сөз айтуға батылы бармай. Қайдан батылы барсын. «Іс сотқа барады» деген сөз төседен қос қолдаپ үргандай. Элі есін жинаған жок. Не болса да болары болды. Ақырын көрейін деп тынды.

— Мына жерге қол қойыныз, іспен таныстым деп! — деп нұсқады тергеуші.

Петров көрсетілген тұска қолын койды.

— Жүре беріңіз. Сот шақырады. Соттан шақыру қағаз күтініз.

— Қөріскенше хош болыныз, — деп бас киімін киіп, үшінші этаждан ентелей басып түсे берді.

«Көр-іс-кен-ше хош бол дегенім не?! Неменеме көрі-

сем. «Хош бол» деп кана айту керек еді. Е, ежелден бойта сінген әдептілік өлгендеге сүйегінмен бірге кетеді екен-ау»— деп милиция үйінін үлкен есігін айқара ашып, датага шықты. Кеудесін кере дем алғып, өрекпіп аласұрған жүргегін сәл басқандай болды.

\* \* \*

Генерал Жанболатовтың кабинетіндеге ертемен жиналғандарға Көбенов қыскаша хабарлама жасады:

— Дүкен кассасы мен сақтық кассасына түсушілердің өзара байланыстары жоқ. Жеке дара топтар. Бір тобы — Қанарабаев пен оның сыйбайластары болса, екінші топта — Самғалиев, Басаржановтар. Жарагы Бекербеков те сол топтан. Сердебек Самғалиев пен Жасыбек Басаржанов, екеуі де бірнеше рет сотталған. Ұшарадан хабар алдық. Эр жерден онай ақша іздеп жиналған құрылышылар арасында Самғалиев, Басаржанов, Бекербеков болған. Ақша алған соң жұмысқа Ұшааралға барған. Паспорттарын жіберіпті. Екінші топтың қашқындарын іздеу жүріп жатыр,— деді.

Генерал сөзі қыска болды. Қалалық партия комитетінің бюросында сөз болған жағдайды атап өтті. Басқа қылмыстарды былай қойғанда қала түрғындарының жеке меншікті машиналарын ұрлаушылар шыға бастағанын ескерте келіп:— Машина ұрлау — ұрлықтың жана түрі. Машина ұрлаушылар — біздің заманымыздың ат ұрлаушылары. Соған орай қалада автоинспекция жұмысын жаксарту, қырағылықты күшейту керек. Қейбір адамдар үйлерінде зансыз машина жөндеу шеберханасын ашқан. Токтау салу керек. Жеке меншікті шеберхана ашуға жедел тыйым салмаса, өршіп кетуі мүмкін. Олар машинаның артық бөлшектерін қайдан алады? Магазинде жоқ бөлшектер солардан табылады. Ол бөлшектер біздің қаладағы машина жөндеу орындарынан шығады. Ол — ұрлық, сауда. Артық бағаға сату деген

сөз. Қалалық партия комитеті милиция қызметкерлеріне бұл салада өзгеше тапсырма беріп, қатаң талап қояды,— деп генерал сөзін аяқтады.

Осы мәжілісте Сырқатов пен Қанарабаевтың қылмыс ісін бітіріп, кешікпей прокурорға жіберу мәселесі қаралды.

Ушарапдан қашқындардың паспорттарын алғаннан кейін жаңадан іздестіру әдістерін терең ойластыру капитан Қебеновке тапсырылды.

\* \* \*

Ұстық қайтқаннан кейін Самғалиев пен Басаржанов машинаны Алматы мен Талдықорған арасындағы кең жазық асфальтқа салды. Ерсілі-қарсылы ағылып жатқан көп машиналардың арасында, суға жүзеген балықтай емін-еркін, қауіп-қатерсіз келе жатыр.

Самғалиев радиоқабылдағышты кости. «Израиль агрессорлары араб елдерінің басып алған жерінде жан түршігерлік тағылық жасауда. Үй-ормандарын, коныс-кораларын өртеп, күлге айналдырыды. Кінәсіз жандарын атып, қалтыраған кәрілдерін, екі кабат әйелдерін, балдырыған балаларына дейін атып салып, қызыл қанға бояуда. Гитлер бастаған неміс-фашистерінің тарихи сабакын Израиль басқыншылары ұмытты...»

— Тағы-лық,— деді Самғалиев қабылдағышты басқа толқынға бұрып.

— Тағылық. Тағылықтың тағылығы, жыртқыштық,— деді Басаржанов оны қостап.

Алдарында: «Шошқалы» деген ірі әріппен казақша жазылған жазу жарқ етті:

— Бұрыл,— деді — Шошқалыға. Сосын күн батпай қонатын жерге жетуіміз керек,— деді.

Көк машина бұрылып жана жолға түсісімен жұлдыз-дай аға жөнелді.

Екі үлкен төбенің ортасында жатаған төбешіктің тө-

сінде жалғыз үй көрінеді. Ағаш үй, қора. Қойшының екі шті абалап алларынан жүгіре шықты. Басында сабаннан тоқыған шляпасы бар, ұзын бойлы кісі үйден шығып, жолаушыларға көз салды. Иттер де иесін көрген соң шағадай жерге барып шоқынп отырды. Машина есік алдына тұра қалды: Екеуі ежелгі танысын көргендей машинадан түсіп, сәлем беріп, қол алысты.

— Үй-іші аман ба! Мал-басы шығынсыз ба? Ит-күстән амансыз ба?

— Дала қасқыры жақындаі алмайды. Адам қасқыры болмаса,— деді үй иесі көкшіл көздерін Самғалиевқа қадап. Ат жақты бетіне кен жайғасқан мұрның бір тартып койды.

— Талдықорғаннан едік. Демалыс болған соң жолға шығып кеттік, серуендең қайтайық деп. Құндіз Қапшагайға суға түсіп, күнге қыздырынып тынықтық. Сізді көрген соң сәлем берейік деп бұрылғанымыз,— деді Самғалиев шопанға.

— Оларын жақсы. Үлкендер сыйлағандарың,— деп шопан екеуінә алма-кезек қарады:— Түсініздер, шай ішіп кетіңіздер. Эне, мал да келе жатыр,— деп қораға беттеп келе жатқан отар қойға бұрылды.— Жәнібек те сусаған шығар. Бұғін күн тыншу болды.

Кой қораға қамалды. Машина үйдің қасына, қойшының шағаладай аппақ «Жигулінің» жанына қойылды, Жәнібек те жібектей жалы онға құлаған күрен атын байлап, қонақтармен жүздесіп, сәлемдесті. Сараң сөйлейді, жүзі жылы, толықша көлген, жиырма үш-жиырма төрттер шамасындағы қара торы жігіт. Қүнге totықкан жүзі қара күрендене түскен. Дөнгелек қара көздері от шашады. Кой бағып шаршаған, шөлдеп шалдыққан кішкене мұрнының танауы, даланың мол ауасын жұта беретін нағыз таңқының өзі, шалқасынан жатыр.

— Дала қандай ұлан-қайыр, ауасы қандай мөлдір болса, Жәнібек те сондай кен, сондай әзә.— Самғалиев үйге сөйлей кірді. Төрт бөлмелі ағаш үй. Ауызғы бөлме

арқылы төрге өтті. Оң жақта екі есік қатар орналасқан, жататын бөлмелер. Төрде үлкен кілем. Бұрышта түрлі түсті телевизор. Стол үстіндегі транзистер қазактың назды әніне салып тұр. Самғалиев талай естіген ән. Сүйсіне тыңдайтын ән. Атын білмейді. Кілем үстінде домбыра ілулі. Жақсы мебель. Сол жақ қабырғада — сервант, іші толған ыдыс-аяқ. Неше түрлі хрусталь, сервиз «мадонна», ваза, бокалдар, рюмкалар. Чехословакияның сылдыр қағатын шыныла-рынан құйылған. Үй-іші жарқырап тұр. Жапандасы жалғыз үй қойшының үйі емес, көрме үйіндей. Орта бойлы, толықша келген қара торы әйел бүйіргі бөлмеден шығып амандасты да, ас үйге кірді. Бойы ортадан сәл темен, сары майға піскен бауырсақтай бұлтиған келіншек бұларға жылы ұшырай қараган. Амандасқанда кішкене кой көздері жайнап, от шашқандай көрінген. Жәнібектің әйелі деп ойлады.

— Кол жуасыздар ма? — деп Жәнібек орнынан тұрды. Бұлар қол жуғанша стол үсті тамаққа да толды. Нан, май, қаймақ, ірімшік, құрт, бал. Ваза толы түрлі-түсті конфеттер. Картофель косып қуырған қуырдақ пен пияз ісі елітіп жіберді.

Арнап шақырған сыйлы қонақтардай карсы алып жатыр.

— Ат үсті түстеніп кететін жолаушылар емес, сағынып келген туыс-бауырлардай емін-еркін жайғаса бастады.

Стол басына төрге үй иесі отырды. Самғалиев пен Басаржанов қатар тізе косты. Жәнібек слардың оң жағында.

Әйелдер столға келмеді. Үй иесі сөзді таныстықтан бастады.

— Менің атым — Жолымбет, мынау менің ұлым Жәнібек. Бәйбішемнің аты — Жәнапия, келінімнің аты — Бейбіткул. Мал үстаймыз.

Төрт-бес жасар қызы бала мен үш жасар шамасында-

шы үл үйге бір кіріп, бір шығып жұр осы үйдің немерелері.

— Менің атым Сері, Сережа деніз. Талдықорғанда облыстық автомобиль инспекциясында істеймін. Машина жүргізуші шофер Жаксылық,— деп қысқаша қайырды. Өзін — Сережа, Жасыбекті — Жаксылық деп таныстырыды.

— Бүгін қоныңдар. Түнде қайда баrasындар? Ет асылып жатыр. Әдейі арнап тағы келерсіз. Бір көрген біліс, екінші көрген таныс. Ұлықсатсыз келе бер, өз үйіне келгендей.

Еліміздің тәрт түлік малының бірі — кой. Койдың еті — азық, жүні — киім. Терісі — тон. Жолымбеттің әкесі қойши. Әке таяғын жыирма жеті жыл ұстаған өзі де абырайсыз болған жок. Қеудесіне жұлдыз тақпаса да жұлдеден қалмады. Жасынан койдың қозысын қайырып ескен Жәнібек шопандықтан әртық мамандық ізdemеді. Ата-анасының қасынан үзап шықпады. Екі жыл әскери міндетін Белоруссия жерінде өткізді. Ата-анасынан атыста жүріп, сағынғанда: «Әке-шешемнен үзап кетпес-пін. Әкемнің көлеңкесінде, анамның аясында жүрейін. Балалық борышымды өтеуім керек деп талай айтқан. Семья өрісі бірімен-бірі белісіп, ажыраспай бірге жүрген қандай тамаша. Адам бір-біріне қонақ. Аз өмірде сойлесіп, бір-бірімен біте қайнап, араласып, жалғасып, құрметпен жүргенге не жетсін»,— деп іштей армандаған қоятын. Жәнібек сол тілегіне жетті. Келіншекті де алыстан ізdegен жок. Ауылдағы қызға көзі түсті. Қыз да қарсы болмады. Қайын-жұрты, құда-құдағы да жақын жерде. Той-думанда, жиын-жиналыста бастары косыла қалады. Малы да өсіп, бағы да жанып тұр. Өз жайын отырған қонақтарға сыр қылып шертті. Екі жігіт риза.

«Бақытты адамсың. Ата-ананың қасында ел қатарлы еңбек етіп, құрметке бөленіп жүрсін. Ата-ана адамға есейгенде керек екен.— деді Самғалиев іштей ойланып.— Оны біз біле білmedік. Қөпті көргендер. Ақыл иесі. Осы

үйдің басшысы әрдайым дұрыс бағытқа бастап отырады. Албырт жастықта өзім білемін деп, мандайымды тасқа талай үрдым. Манымда ата-анам болып, ақыл айтып отырса, бұндай оқыс кесепаттарға кездеспес те едім. Ата-ананы тындарасан, жолдан тайып шығасын. Жақсы әке мен ана бала бақыты екен, мен оны кеш түсіндім. Саған рақмет Жәнібек! Сыла ата-ананды! Ал менің тағдыр жолым өзгеше болды. Жетімдік қиды желкемді. «Жетім қыздың алдынан жел соғып тұрады» деген рас. Мен солмын». Самғалиев ауыр күрсінді.

Тамақтан кейін төсек салынды. Конактар жайлыш төсекке жайғасты.

Самғалиев ояна кетсе, басы ауырып, таңдайы кеуіп қалыпты. «Сусасаныздар ішерсіздер»,— деп Жәнібек жатар алдында төсек қасындағы түмбөчкаға графин тоғы су қойған. Бір стакан суды құныға жұта салды да, далаға шықты. Құн көтеріліп қалыпты. Бозторғайлар аспанда ертегі әніне шырқай салып, жарыса қалыктайды. Желсіз тан. Шөп басы кимылдамайды. Кішкене сары күшік қайырлы тан дегендей, жүгіріп келіп еркелеп Самғалиевтың үстіне секірді. Бұл үйдің итіне дейін қонақ-жай деп Самғалиев мандайынан сипады.

Самғалиев үй сыртына барып ұзын қолдарын бұлғаңдатып, белін ерсілі-карсылы, онды-солды ыргалтып, сидиган сирактарын алма-кезек алға лактыра сілтеп бойын жазып алды.

— Бойың жазылар, басың қалай?— деді Басаржанов кәрі мысықтың көзіндей бұлдыраған көзін сығырай-та телміріп.

— Басты жазып алмаса болмас. Сынып барады.

— Үйқын қанбаған фой.

— Аз үйықтадық.

— Жігіттер, шай даяр,— деді Жәнібек үйден шыға келіп,— Шәй ішіп алып, ертенгі салқынмен жүріп кетіңдер,— деп ақыл салды.

— Күн қызбай межелі жерге жетуіміз керек,— деді Самғалиев.

Бас жазылды. Табақ толы жас ет, кеселеп ыстық майлы сорпа келді. Қаймақ құйған қою шай ішілді.

«Тойып алып тағы үйықтап алса,— деді Самғалиев.— Оттен уақыт жок, аз жасайтын адам, асығумен өмірін өткізеді» деп өкініп қояды. Жәнібек мал шығарамын деп жылы қошасты да, шығып кетті. Бұлар да жинала бастады.

— Апа, мынаны Жәнібек малдан келгенде ішер,— деп Басаржанов төрт шөлмек сыранны әкеп анасының қолына берді.

— Е, рақмет, қаректарым,— деп риза болған ана асханадағы тоназытқышқа салды да, Басаржановқа қарады.

— Анаң бар шығар, балам,— деп Жәнапия цепло-фан дорбашаға толы ет, бауырсақ, бір жарты банке май салып әкеп Самғалиевқа ұсынды.

— Анам бар, рақмет сізге,— деп дорбашықты «шофері» Басаржановқа берді.

— Қойдың жас еті, шырағым, барғанда анашың борыш жасап берер,— деді Жәнапия жік-жапар болып.

— Хош!

— Хош!!!

Машина Қапшағай көлі қайдасың деп салқын ауаны қақ жарып жүйткіп келеді. Күн көзі жоғарылай бастады. Айнала тыныш. Аспан әлемінде бірен-саран ұшқан құстар ғана көз тартады.

— Бабамыз қазактың бес бармагы екі күнге азық болады,— деді Самғалиев Басаржановқа қарап.— Қандай қадірлі конак болдық.

— Сенің арқанда.

— Ең ракат өмір қойшының өмірі. Қойшының жүрегі таза, енбегі нұр,— деп Самғалиев көкжинекке көз тастады.

— Сенің қойшы болып қалғын бар-ау? — деді Басаржанов серігіне бұрылып.

— Жәнібектей жігіттің жаһында өмір-баки қалар едім. Әттең, — деп Самғалиев төрөн күрсінді.

— Мен де қалар едім. Үшеуміз қаша кой өсірер едік. Әттең! Әттең!!! Жәнібек әке байлығымен бай емес. Енбегімен бай,— деп Самғалиев үзілген сөзін сабактады. Анау оқымаған шала сауатты әкесі — академик. Бала-панынан баласын еңбекке баулыған. Қасынан қарыс қадам шығармаған. Оқу-білім бар, өрнек-онер бар,— деп алысқа жібермеген. Кой бағу да — өнер, еңбегі жанса бақыт деген. «Улken ұлым бар қалада, мамандығы — дәрігер. Денсаулық министрлігінде істейді. Айна жүз алпыс сом алады. Әйелі де дәрігер», — деді. Оларды да асырап отырған осы Жәнібек пен анау әкес. Жеті сайын тамағын апарады.

— Анасы өріс, үясына өзгеше бақыт егіп тұр. Жайнатып гүл шашады. Жүріс-тұрысының өзі мән-мәнерлі, өнеге-улті. Қеліні де тұра өздеріндегі кішіпейілді жан. Міне, бақыт. Нағыз бақыт! — деп Басаржанов та ауыр күрсінді... Екеуді де өкінді, өкінеді...

— Біз екеуміз,— деп Самғалиев қиғаштана біткен қасын көтеріп Басаржановқа мұсәпір жүзбен қарады.

— Осындай адамдардың күтті қонағы болған біз де бақыттымыз. Құздің сол сәтті түнінде екеуміз де бақыттылар қатарында тұрдық. Бізді, екі қашқыны да, бақыт ишараты шарпып өтті,— деп Басаржанов ойланып қалды.

— Іә, иә, бақытты болдық. Сый-құрмет кердік. Екі қашқын, қос ұры бақытты енбек адамдарының сыйлы қонағы болдық. «Анана сәлемдеме»— деген Жәнібектің аласының сөзінен жүрегім лұп ете тусты. «Анана»— деп калай нозік, жүректі қозғап айтты. Анашым!.. Анашым! Анашым! Ақ сүтінді актай алмадым! Қешір. Қешір, кешір мені...— деп, асыл аласы қарсы алдында карап қалғандай дауысы дірілдеп, Самғалиев сөзін сабактады.—

Таза болғанда бұлақ сүйндай таза. Осындаі адамдармен бірге болып жаңындаі жолдас болсам мен де мөлдір болар едім. Тағдыр! Уа, тағдыр неге мені адастырым! Тура жолға неге салмадын? «Ұ-ры, кәззап, сottалған. Тұрмеші!» Қандай жат сөздер, удай аңы сөздер! Айтуға ауыз бармайды. Қарауға көз тұнбайды. Жүргегін ашиды. Біз кімбіз, Жасыбек!— деп Самғалиев оған ызыланып тессіре耶 қарады.— Біз де адамбыз. Біздің де атыныз — адам. Біз де анадан тудық. АナンЫң баласымыз,— деп ертене-күйініп көзін тас жұмды. Машинада емес, сонау көз жетпес кең өмір қиясында ұшып бара жатты.

— Мен де қалада емес, ауыл-селода туып өссем Жәнібек сияқты еңбек иесі болар едім,— деп Басаржанов ой тастады.

— Ел ортасында, туыс-туған арасында болған қандай тамаша. Ел өмірі кең дария. Ата-бабаннан жалғасып, терен тамырланып кеде жатқан туыс-туғаның болған қандай жақсы. Сый-күрмет ордасы. Үлкен қала өмірі одан өзгеше. Өзінмен өзің болып, ертеден кешке дейін, зырылдауықтай зымырап жүргенін. Туыс, жақын жок,— деді Самғалиев қамығып.

— Жетер, бір-бірімізді мінегеніміз. Одан да басқа тақырыпқа көшейік,— деді Басаржанов тоқтау салып.

Машина кең асфальттан бұрылып, теңізге бет қойды. Тынық теңіз үстінде жүзген ақ шағалалар мен балық аулаған кемелер көз тартады. Келушілер бірен-саран. Екеуіне керегі де осы еді.

Ұшы-қыры жок көкжиекке тіреліп жатқан кең жазық. Даланың ортасында сонау шетіне көз жетпес Қапшағай көліне екеуі жарыса жүгірді. Ана шеті мен мына шеті көкжиекке ұстасып, көмкеріліп жатыр. Жұрт көл деуге комсынып, теңіз деп атасады. Теңіз десе теңіз. Кей жерде жағасы тайыз басталса да бара-бара терендей береді. Айдынында кеме, қайықтар жүзіп жүр. Екеуінін тоқтаған тұсы суға жақынырак ойпандау жер. Машина

да атыстан бойын көрсетпейді, жер бауырлап бұғына қалған сияқты.

Құн сенбі, аспанда шаршы бұлт жоқ. Қызарып, нұрланып аспан әлеміне көтеріліп келеді. Мұндай күндері Қашағай маны ығы-жығы халық. Қүнге жауырының беріп құлаштап жүзеді. Шалқасынан жүзеді. Қырынан жүзеді. «Жүзе бер, жүзе бер», деп толқын сыйырлайды...

Бүгінгі түнді қалада өткізуге келісті. Алматыға бармак. Астана өмірін сағынған. Кайнаған халық. Өмір шіркін ағын судай сарқырай ағып жатыр. Тұтқылдан төнер қауіп-катер жоқ. Милиция бұл екеуін ғана іздеп жүр ме. Астанада не көп? Қым-қиғаш оқиға көп. Азар болса, бұл екеуі соның бірі шығар.

Екеуі қалаға келгенде кешкі абыр-сабыр басылған еді. Қала үстіне қарандылық үялаған. Қөшелерде халық сейіліп, ошақ-басы орындарына орныққан. Салып отырып шеткі қөшөлтермен ескі танысы Марфуғага келе жатыр. Қөргілери келеді екеуін екеуі. Ашық көніл. Мол дастарқан. Бастық болмаса да жылы құшак, жайлы төсек. Тұнемесе де тыныс алмақ.

— Токта, осы тұска,— деді Самғалиев қаранды көшеге кіре бергенде,— машинаны жолдан алысырақ кой. Сен тоса тұр. Мен қазір ораламын,— деп ол машинаның есігін ашып, жерге түсті.

— Жолын болсын,— деп Басаржанов кала берді. Бірен-саран жаяулар, құшактасқан жігіт пен қыздар, жүйткіген «Жигулилер» өтіп жатыр.

Арада көп уақыт өткен жоқ, жүгіре басып Самғалиев қайта оралды:

— Жағдай жақсы,— деп ол Басаржановтың ойын бөліп жіберді.

— Шыда, отыр машинаға. Бірақ басқа жерге ойыса тұрайық,— деп Самғалиев жай-жапсарды түсіндірді. Соナン соң машинаны шеткі қаранды көшеге тасалап қойызыды.

— Тында,— деді Самғалиев Басаржановқа сыйыр-

лап.— Кесек олжа бар. Үйде ешкім жоқ. Терезелер жа-  
бық. Какпа ашық, бекітілмеген. Құзетші итке сенген. Ит  
мені таниды. Ретін өзім табамын. Бұл үйден бір машина  
байлық аламыз. Бір қысқа жетеді.

— Біз алды деп сезіктенбей ме Марфуға. Ол сауыс-  
каңдай сақ келіншек,— деді Басаржанов Самғалиевтың  
сөзін бөліп.

— Ақымақ, ол үй емес, көршісі,— деп Самғалиев сұқ  
көлінің саусағын шошайтты.— Түнде келіп еді ғой. Марфуға екеуміз шығарып салғанбыз, есінде ме,— Сам-  
ғалиев енді түсіндің бе дегендегер серігіне карады. Сосын  
сөзін қайта жалғады:— Машинаны кораға кіргіземіз.  
Сен машинада қаласың. Айналаны құзетіп, бағып тұр.  
Біреу келе жатса, какпадағы конырауды басып қаласын  
да, машинаға отыра салып, сол жаққа шыға тартасың.  
Екінші көшеде, тұйықта тосып қаласың. Мен жетіп үлгे-  
ремін. Машинаның номерлерін жауып таста. Манагы  
зиама берген сәлемдеме қайда? Әкел, тапсырып кетейін  
тобетке,— деп Самғалиев сәл ойланып қалды.

Басаржанов машинаның багажын ашып ет салған  
целлофан дорбашағын алып келді. Еті сылышынбаған құ-  
нан қойдың ортан жілігін мол қол ана салған екен.

— Мынаны орнына салып қой, өзімізге де керек бо-  
лады,— деп Самғалиев дорбаны Басаржановқа қайырды.

— Жүр, алға,— деді Самғалиев.— Тоқта. Мен ішке  
кірейін. Қақпаны ашайын. Сен артыңмен бұрылып кір,  
көшеге бетінді беріп.— Сөйтті де Самғалиев ішке бет-  
теді.

Какпаға жете бергенде, жолбарыстай ит арсылдан,  
шынжырын сылдырлатып, бүкіл көшеге бебеу қағып Ба-  
саржановтың есін шығарды. Самғалиев кораға кірді. Ит  
басын шауып тастағандай ілезде тына қалды. Кім білсін  
Самғалиевтың не қылғанын. Иттің үні өшті. Басаржа-  
новтың қобалжыған жүргегі орнына тұсті.

Самғалиев жүгіріп үйге кірді. Алқынып қайта  
оралды.

— Монтировканы әкел,— деді сыбырлап. Монтировканы алып, ебедейсіз екпіндей басып үйге жөнелді Арыстандай ит кора жағында бірдеңені тістері сыйнып кететіндей тықырлатып, кеміріп жатыр... Басаржанов түсінді, құзетші иттің де олжалы болғанын. Жапырағы сарғая бастаған алма, шие ағаштары да кош келдіндер дегендей тына қалған. Кең аула дыбыс бермейді. Жана толып пісіп келе жатқан апорттың исі мұрын жарады.

Самғалиев салмақтау көтеріп екі түйіншек алып келді де багажникке салды. Жүгіре басып қайта кетті. Тағы екі түйіншек тиелді. Екеуі бұдан кейін көп аялдамады. Машинаны акырын от алдырып, жеделдетіп сұyt жүріп кетті.

— Тарт жайлauғa,— деді Самғалиев көнілді дауыстап.

\* \* \*

Белла үйқыдан әдettенген шағынан ерте оянды. Түн дегі ресторандағы араның ұясындағы гүілдеген шаттық сэттер көз алдына келді. Могамед те жігіттің жігіті. Бойы ортадан жоғары, ер мұрынды, кең мандайлы сымбатты жігіт. Қиғен киімдері сол күні магазиннен жаңа алғандай жайнап тұр. Мөлдір қаракат көздері, толқындағы қара шаштары, қара торы реңіне қалай жарасып жүр десеңші. Билегені қандай. Ұш рет арнап оркестрге заказ берді. Ұш ретінде де маган арнады. Көп ішінде қызылған жок, менің атымды атады. Қавказ халқының желікпе би «Лезгинканы» бірнеше ойнатты. Екеуміз қанат жайып қосыла келіп билегенде ресторан залында емес, аспан әлемінде, кияда қыран жетпеген Марста билеп жүргендей сезіндім-ау. Шіркін жастық, қылышың балдан тәтті... Сәті түскенде Темірдің таныстары кездеспеді. Менің анау суайт жолдасым Катя көріп қалды. Айта қоймас Теміржанға. Мейлі, айтса айта берсін. Рес-

торанға барып едік. Жігіт биге шақырды. Биледік. Кім ііммен билемейді «Оған пысқырып та қарамаймын» деп басын он қолымен басты. Басы ызылдайды. Кешегі өз басы емес... Тамағы да кеүіп қалыпты. Рестораннан қалай келгені де күнгірт. Тұмандада. Біледі машинамен келгенін. Қайда жатырмын! Қөзін ашты. Могамед жок. Қасында жок. Тұнде бірге жатқан. Құшактаң сүйген... Құнығып сүйген...

— Киінегін,— деп төсектен тұрса, көйлегінің үстінде тілдей қағаз жатыр. Оқи бастады:

«Беллажан, жата тұр. Кешікпей келемін»,— деп асыншы шимайлай салған. Ке-ле-мін. Кім келеді. Могамед на? Әсқа ма? Соның жазуы ма? Ондайлар көп. Бәрі бір кісідей, біріне-бірі үқсайды. Бәрінің де қалтасы толы ақша. Колдарында алтын сақина. Астарында жеммен жарысқан «Жигули». Мейлі, әйтеуір Могамед келсе болды деп төсегіне құлай кетті. Қөзін жұмып, үйіктағысы келді, кішкене мызығып алса, басының ызың-ызыны тыным табар деп ойлады. Ұйқы келмеди. Ызыны ұзарып қүшіе түсті. Суық шампан болса! Ызынды сылып түсер еді. Жок. Могамед те жок. Жүрегі лупілдей бастайды. Куана ма? Темір келіп қалмаса. Қеле қоймас. Бір айға Тольятти қаласына, ВАЗ-ға кеткен. Айдың аяғы. Жоспар күйіп тұрған уақыт. Қазір босқа адым аттапайды. Тәртіп. Қатты тәртіп. Жоспар, жоспар бар. Өлсем жерлеуге ғана жіберер мезгіл. Тәртіпті қатайтты... Жолбарыстың қарны ашты. Қыңылап жүрегін тырнап шақырып тұрған сол. Баланы қойши, ұқыпты аناшымның қолында. Мені жоқтатпайды, іздеппейді.

— Жассың ойнап-куліп қайт,— деген аناшым. Тұған ана сейілсін деген ғой. Сейіліп қалдым. Жолбарыс қой ашығып тұрған. Тәулік болды тамақ ішпегеніне. Келемін шыда, шыда, Жолбарыс,— деп етпетінен аударылып жастықты айқара құшактай түсті.— Үйде кім бар? Кімнің үйі. Тірі шымшық жок.

Есік ашылды. Могамед келді. Бір шөлмек армян

қонъягі мен шампан стол үстінде мойындарын созып қатар түзеді. Шоколадты қоса қойды да:

— Көп жүрдім бе? Басың ауырған шығар. Тұр, киін, бас жазамыз да, ресторанға барып тамақтанамыз.

— Жол женекей үйге соға кетейік!

— О да болады. Ат үсті.

— Қез қырын салып шығамын. Қайда қондық,— деді Белла киініп жатып.

— Үйге. Тұрғындары Ыстық көлде демалып жатыр. Кілтін қалдырып кеткен.

— Қызық, неге?

— Могамед, саған үй керек болар. Эрі көз бол, деп. Міне көз болып, қонып шықтық кой, сұлуым,— деп Могамед қасына келіп құшактап сүйіп алды да,— есінде болсын, Могамедтің үйінің кілті әрқашан да қалтасында болады,— деп сөзін сабактап, қалтасындағы кілтін цирк-тегі жонглердей ауаға үйірді.

Екеін далаға шықса, қала үстіне көтерілген күн қыза бастаған. Ауа қапырық, көптен жанбыр жаумаган. Бұрқыраған шан, бензин иісі, көгілдір түтін, ащи, сасық ауа. Тыныстайтын жер таппак, осы көше үстінде ащи ауа Сарыарқаның шілдедегі сағымындай, қалықтап тұрлып алды. Бұл көше қаланың басқа аудандарынан төмен, ойпатта. Самал сокпайды. Қапырық. Тіпті тыныс тарылтады.

— Кеттік,— деп Могамед машинаны от алдырды. «Жигули» астананың асфальт көшесінде суда жүзген шабактай ызғып келеді. Ұлкен үйдің көк қақпасына келіп тірелді.

— Қазір кіріп шығамын,— деп Белла жүгіре басып, аула ішіне кірді.

Шынжырын сылдырлатып, қүйрығын бұлғандатып, ерке төбет ойқастай басып алдыңғы екі аяғын көтере қарсы алды... «Қарның ашып қалды-ау, қазір»— деп мандайынан бір сипады да үйге жүгірді. Жүрегі лүпіл-деп барады. Шалқыған Қапшағай теңізі шақырып тұр...

Аккудай жүзіл масайрасам!— деп табалдырық аттаса, ешк ашық.

— Кап, ку құдай-ай! Темір келіп қалған екен-ау,— деп оқініп басқыштан көтерілді де;— Темка,— деп дауыс берді. Үн жок. Жауп жок. Есіктің кілті... Бұзылған. Номмен ашқан. Опрырып жіберген. Үйге кірсе, үй көшіп шеткендей, тып-типыл. Далаға қайта жүгірді,

— Мога-мед, Мога-мед!

— Не болды?

— Ұ-ры, ұры!

— Қайда? Үйде ме?

— Ұры түсіпті.

— Не алышты.

— Бә-рін, бәрін, түгел...

— Мен күйеуің келіп қалған екен десем, ұры екен той,— деді саспай.— Өзің аман бол. Дүние қолдың кіри. Бүгін жок. Ертең бар. Үй-күйің бар,— деп токтау айтты.

— Бүгін жок, ертең бар — деп Белла есіктің алдына шақышка отыра кетті де:— Шакыр милицияны,— деді маңдай терін сүртіп. Ауырған бас жазылып, тұманданған көздері жана туған айдай ашылды. Бойы сергіл салға берді. Қапшағай тенізі көзінен бұл-бұл ұшып кете барды... Күйеуімен бес жыл отасқалы тірнектеп жинаған көл-көсір мол дүние қас қағым сәтте теніз түбіне батты да кетті. «Бес жыл жинаған есіл дүние!» деп Белла жерге шөкелеп отырған күйі екі қолымен басын ұстап еніреп коя берді...

Оперативті топ шақырған бойда жедел жетті. Қөшеші ойнап жүрген жас балалар да жол көрсеткен боп шуылдан сре келген. Сол бойда иттің аузы байланды. Қоршілер де жиналып қалды. Бәрі шұбап аулаға кірді.

Оперативті топты милиция киімін киген орта бойлы голықша келген майор Сәлімов команда беріп басқарып тұр. Орысша, казақша жарлық бергенде ашық даусы саңқ-саңқ етеді. Бұлардың ішінде Нұрмагамбет те бар

еді. Бұлар ең алдымен ауланы қарады. Із жок. Белгі жок. Ит неге үрмеген? Ұрылар үйге қалай кірген? Оның үстіне ит аулада бос жүрген. Бос ит үрмей ме? Бұ қалай? Рас, таныс адамға ит үрмейді. Еркелейді. Ал казір мына төбет маңындағы кісілерге көздері шатынап, ызалағана ырылдайды. Корага қасқыр түскенде тактай ағаштан соғылған үшігінде бұғынып жатып, қорадан қой әкетіп қарасын үзатқанда ес жиып, үшігінен атып шығып абалана үрген ит сияқты...

— Уа, құдай! — деп келіншек ит үшігінен қойдың ортан жілігін алып шықты. — Бұл не? Қайдан келді? Мен ет берген жоқпын, — деді келіншек майорға жалынышты көзбен жәутендей қарап.

— Итіңіз катты ашыққан екен, сұлу. Етін ғана емес, сүйектерін де кеміріп жей бастаған. Үйден қашан шығып едіңіз? — деді Сәлімов кішкене көздерін үй несінен алмай.

— Кеше кешкі жетіде.

— Казір жиyrма жеті минутсыз он екі. Он төрт, он бес сағат, — деді майор Сәлімов сағатына қарап.

Майор мен келіншектің бұл әңгімесін Нұрмамбет те естіп тұрган. Осы әңгімeden ішке сыр түйгендей болды. «Қалай десек те бұл үйге түскен ұры осында келіп-кетіп жүрген етene өз адамдары, — деді іштей құмыға ойға шомып. — Алдымен жылы-жылы сөзімен келіншекті арбап бетін бері қаратқан. Сосын үйге кірген-шықкан сайын итіне бірдене тастаған кісіге қалай үрсін. Бұгінде ит екеш ит те бірдене бергенді қалап құйрығын бұлғандатып тұратын болған жок па, тәйірі!»

Нұрмамбет майорға жакындал кеп кешірім етініп, касында егіліп отырған келіншекке бұрылды.

— Айып болмаса айтыңызы? Үйінізге кімдер келуші еді? Кімдермен ғраласасыз?

Оның бұган катысы канша дегендей келіншек лейтенанттың жүзіне аныра қараған. Бірақ көп кергімей іле жауап беруге тырыскан.

- Онша көп ешкіммен араласпаймыз. Менің жұмыста бір-екі құрбы келіншектерім бар. Солар болмаса... Бірақ олар менің үйімді көрмек түтіл қайда тұратынды білмейді.
- Үйіңізге ер кісілерден ешкім келмей ме?
- Жоқ. Келмейді.
- Күйеуініздің жолдастары ше?
- Жоқ. Олар да келген емес.
- Ендеше үйініздің кім тонады?
- Мен қайдан білейін. Білсем айтпаймын ба?
- Қайда қондыңыз?
- Эке-шешемнің үйінде болдым.
- Жолдастыңыз қайда істейтін еді? Қазір қайда?
- Автосервизде. ВАЗ-да. Слесарь. Тольяттиға командировкаға кеткен.

— Үйім солай де. Ата-анамның үйіне қондым де.

— Иә. Олардан басқа менің кімім бар.

— Дұр-ес екен.— Нұрмағамбет, бірақ, келіншектің азынан бұрқырап шығып тұрған арақ ісін сезсе де оны андамаған қалып танытты. «Күйеуі командировкада жүрген келіншек аракты қайдан ішеді. Эке-шешесі берді ме? Мүмкін үйіне қонақ кеп кап солармен ішкен шығар. Бірақ осынша өлгенше ішуге бола ма? Эй, қайдам... Дегенмен осы келіншектің өзі сау сиырдың киы емес. Күйеуі жоқта тентіреп арақ ішеді. Үйіне қонбайды. Итіне де тамак бермеген. Бұ қалай?»

Нұрмағамбет келіншектен аракты қайда, кіммен іштің деп сұрамады. Тек:

— Итіңізге сүйек тастаған кісі, қалай десек те, өзіңіздің танысыныз. Түнде үйінізге сізді іздеп келген. Бірақ сізді таба алмаған. Сосын ерегісіп бар байлығынызды көтеріп көшіріп әкеткен,— деді бастырмалатып. Бұны естігендे келіншектің көзі шарасынан шығып кете жаздады. Ойна да бірдене түскен секілді сезілді.

— Токта!— деді сосын сүк саусагын шошайтып.— Токта! Осыдан екі-үш күн бұрын мына көршімнің үйіне

көнілді музыка ойнап жатқасын бас сұғып кіргенім бар еді. Марфуға өздеріне қонаққа келген екі жігітпен мені таныстырған. Музыка қойып, бір-екі дүркін билеген сон Марфуға мен әлті жігіттің бірі мені үйге шыгарып салған. Аздал қонъяқ ішіп кішкене отырған соң екеуі қол ұстасып қайтып кеткен.

— Ол жігітті көрсөң танисың ба?

— Танымын.

Нұрмағамбет қалтасынан екі сурет алып көрсettі.

— Осылар. Мынасы мені Марфуға еріп үйге дейін шыгарып салған. Сонда көзі ойнакшып тұрған бір сұнбыла көрініп еді.

Төрт бөлмелі қос кабат үй айбынданып ерекше сұс танытады. Қен ауласында гараж, монша, сарай, суға түсетін душ бір-біріне жалғас жapsарласа салынған. Гаражда теңіз түсті «Жигули» арғымак аттай керіліп тұр. Оған ешкім тимепті. Тіпті құлпын да ұстап көрмеген. Тек үйге түсіп, керек-жараптарын сыпырып-сиырып бір-ак алып кеткенге ұксайды. Есікті лом салып, құштеп опырып ашкан. Милиционердің колында жұлқынып ырылдаған итті ішке жіберіп байқастап еді. Эйтеуір бөлме ішін әрі-бері кезіп жүгіріп жүріп иіс алды. Одан атқып далға шықты. Қакпа сыртына шығып қалт тұрып қалды. Сәлден соң жол үстін иіскеп олай жүгірді, бұлай жүгірді. Бірақ иттің онысынан бәрібір ештеме шықпады. Қеністік ауадан иіс тартып иесін қуанта алмады. Қетіншек те жәудіреп төбетіне қарады. Төбет те көзінен сорасы ағып, келіншекке жәутендең қарады. «Жымын білдірмейтін әккі жырындылар болса қайтем» дейтін сияқты. Итінің шарасыз кейпін андаған келіншек бұдан әрі шыдай алмай жылап жіберді.

— Ішпей-жемей тырнақтап жинаған есіл дүниe-ай! — легенде көкірегі карс айрылғандай болды.

Төбет енді қарғы бауынан ұстасаң орта бойлы, қара торы сержантқа қарады. Сосын көзін ашып-жұмып жанжанын шолды. Одан да дәрмен таба алмай тілін салақ-

татып, ырс-ырс етіп, ынырси қыңсылады. «Жок» деп тұр. «Ұры жок бұл жерде» дейді. Іле тұмсығын көкке көтерді.

— Көктен ізде дегені ме? — деп майор үйге бұрылды.

— Вертолетпен алтып кеткен болар. Ит соны мегзеп тұр, — деді қасында тұрган милиция сержантты тұмсығын көкке көтерген шалқақ төс тәбетті нұскап.

— Машинамен..., — деді Сәлімов қабағын түйіп. Сонын келіншекке бұрылып: — Үйде ақша бар ма еді? — деп сұрады.

— Бар, — деп келіншек мұләйімсіп басын изеді.

— Қанша? — деді майор мандай терін көк торғын орамалмен сұртіп жатып.

— Білмеймін. Есімде жок, — деп келіншек қызара берітіп, Сәлімовқа аныра қарады.

— Ақшаның есебін білмейтін үй болды ғой бұл, — деп, сол жерде тұргандардың бірі майорға қарап құлді.

Майор «шынында да солай болды-ау» дегендей тамағын кенеді.

— Кай мекемеде қызмет істейсіз? — Сәлімов келіншекке сұстана қарады.

— Зергер бұйымдарын сататын бірлестікте бухгалтер-ревизормын.

— Неше жыл болды?

— Бес жылдан асты.

— Күйеуінзбен қанша жыл бірге тұрасыз?

— Оған да бес жыл.

— Туған жылнызы?

— Жиырма жетідемін. Өзініз есептеп көрініз.

— Ым...м.

Актіге қолдар қойылды. Келіншекті машинаға отырғызып олар тиісті орынға мандай түзеп тез жүріп кетті. Қалған мәселені сол жерде шешпек болды.

Тоналған үйдің маңына топырлап едәуір жұрт жиналып қалған еді.

— Баяғыдан әкету керек еді.

— Машинасын да үрламаған екен, құдай ондағырлар.

— Онсыз да екі машинаның дүниесін сыйрып кеткен көрінеді.

— Үйін ертеп кеткенде, несін айтасын, көшеміз бір кәzzаптан арылып жақсы бол қалар еді.

— Дегенмен, мына ұрылар ақылды көрінді. Түсетін үйін дәл тапқанын қарашы,— десіп, үй-үйлөріне ақырын тарай бастады.

Нұрмамбет кешкісін Марфуғаның үйіне келді. Сыртқы қақпаның звоногын басқан бойда іштен Марфуға жүгіріп жетті. «Бұқім?» деп сұрап та жатпада. Әлдекімді тағаттыз күтіп отырғандай қақпаның есігін тез ашып жіберді. Кешкі қаракеленкеде өзіне кеп тұрған кісінің түр-түсін жәнді ажырата алмай, сәл ұмына туспіп қалт тоқтады. Сосын:

— Сізге кім керек?— деді қабағын түйіп.— Нұрмамбет қызыға келген бойдақ жігіттей әдейі сзыла қалды.

— Маган Марфуға керек еді,— деді биязы үнмен ақырын тіл қатып.

— Ол — мен. Иә, не айтпақсыз?— Марфуға жекіп жіберердей өктем кетті.

— Ойпырмай, мінезініз қандай еді. Келмей жатып дүрсе қоя бердіңіз-ау. Сізді ぶлай демеген еді.

— Қандай деп еді.

— Елге де, ерге де сыйлы перизат дел естігем. Әлде қате айтып тұрмын ба?

— Жоқ. Елге сыйлы болсам — қолымның ашықтығы шығар, ерге сыйлы болсам — көңілімнің ғашықтығы шығар. Сізге соның қайсысы керек еді?

— О не дегеніңіз, қарындас. Асатпай жатып құлдық дейтінің мен емес. Үйге кіріп мән-жайды айтып түсініспесек сыртта сыйнығымыз жұлтасып, жымдасатын сыйнайы жоқ.

Марфуға екі ұрық хал кешті. Ішке кіргізсем бе екен,

кіргізбесем бе еken деп толғанды. Артынша, бірақ, қақпаның есігін айқара ашып, жігітті ішке қалай өткізіп жібергенін өзі де андамай қалды.

Нұрмагамбет үйге кіріп жайғасқан соң қызды шошытып алмауға тырысты. Үй қабырғасына жағалай қойылған шетелдік бағалы мебелдерді, шкаф іші толы хрустальдарды, вазаларды қызықтаған бол сәл отырды да:

— Тұрмысқа сай салтанатты тұрады екенсіз. Бұғінде бұның өзі парасаттылықты танытады ғой,— деп елеусіздеу айта салып еді. Әдепкіде осқырып маңына жолатпай тұрған асау қыз бұған бірден қолп ете түсті.

— Шай қойып келейін,— деп ас үйге жүгірді. Нұрмагамбеттің «қой, әуре болмаңыз» деген сөзін де ерен кылмады.

— Үйіне ат басын тіреген қонағына бір шәугім шай бермей шығарып салған кімді көрдіңіз,— деп краннан су ағызып, шәйнегін оттыққа қойды.

Нұрмагамбет енді басқа есепке көшті. Ішкі тес қалтасынан екі фото алып стол үстіне елеусіздеу тастай салды. Бұлар — Басаржанов пен Самғалиевтың суреттері еді. Марфуға қанша дегенмен анқау көрінді. Екі фотоны көрген бойда бас салды.

— Бұ екі жүгермек қайда жүр? Өздері неге келмеді?— деп тақақтап сұрап қоймады.

— Сізге сәлем айтқан осы екі жігіт еді. Кешікпей келеміз, күтсін деді.— Нұрмагамбет одан әріге бармады. Бұл екеудің қайда жүргенін өзі де білмейді екен деп ойлаған. Шынында да солай болатын.

Нұрмагамбет енді көп аялдағысы келмеді.

— Карындас, мен жүрейін.

— Шай ішпедіңіз ғой. Ең болмаса мына екеудің қайда жүргенін, үйге қашан келетінін айтпадыныз.

— Сізге алдын ала суреттерін жібергені — кешікпей келем дегені. Қудер үзбесін дегені.

— Рахмет сізге.— Нұрмагамбет көз қынымен ақырын қараган еді, Марфуғаның жүзі албырап тұр екен.

— Оқасы жоқ.— Нұрмагамбет асығыс есікке беттеген.

— Үйден дәм ауыз тимей құр шықтыныз-ау. Айып етпеніз.

— Келесі бір келгенде дәм татармыз. Сау болыныз.

\* \* \*

Таңертенгілік генерал Шахан Жанболатовтың кабинетіне қалалық ішкі істер басқармасының белім бастықтары түгел жиналған. Стол басына жайғасқан генералдың жүзі әдептегідей жылы көрінді. Қою кара шашын кейін қайырып, кең мандайбын аша, келістіріп тараған. Өткір кара көздері от шашады. Белім бастықтарына ауық-ауық көз тастап, сергек отыр.

Бір тәуліктे кандай өзгеріс, оқиғалар болды — соны рет-ретімен тыңдалап отырған генералдың көзі кенет көңілсіздеу көрінген майорға түсті. Әлденеге қабағы катуланып катты сұрланып апты. Бұның тегін емес екенін жіті андаған генерал енді майорға жүз бүрді.

— Сәлімов жолдас, қабағыныз катулы көрінді ғой. Әлде жайсыз үйықтадыныз ба?

— Жолдас генерал, мандайымның қырыс-тырысы үйқыдан болса, оның жарасы женіл ғой. Бірақ мәсселе басқада бол тұр.

— Ендеше баянда. Мына жұрт түгел естісін. Қөптеп кенесіп көрейік. Ақылмен пішкен тон келте болмайды деген аталы сөз бар емес пе.

— Үйге ұры түскен деген хабарды естіп, жедел жеттік. Айналасы биік шарбакпен коршалған, екі кабат етіп әсем салтынған зәулім баспана екен. Ал ішінде не жоқ дейсін. Құс сүтінен басқаның бәрі табылады. Кіші-гірім койма дерсін.

Бұны естігенде генералдың қабағы түйіліп кетті.

— Пәтер иелері кандай адамдар екен! Өздерімен сөйлесіп, сыр тартып көрдің бе?— деді жүзін сұтып.

Дүнне жинаған тоғышарларды бірден жактырмай қалған сыйайы бар.

— Сөйлестім, әйелін тұтқындаپ алып келдік.

— Қүйеуін ше?

— Қүйеуі командировкада жүрген көрінеді.

— Ал әйелін не себепті тұтқындағындар? Үйі тоналған әйелдің жазығы не сонда?

— Ұрланған мол байлық адал еңбек, маңдай термен табылған дүнне емес. Халық, мемлекет мұлкі. Ерлі-зайыпты екеу қазына байлығына сұық қолдарын сап үшпаққа жетсе, ал көше кезген ұрылар сол ерлі-зайыпты екеудің арам жолмен жинаған мұлкін жымқырып кеткен.

— Сәлімов жолдас, сіздің айтпағының: ерлі-зайыпты екеу халық байлығын тонаиды, ал ұрылар оларды тонаиды деген сөз ғой.

— Иә.

Генералдың түсі сұмдық қабартып кетті.

— Жолдастар, естерінізде болсын,— деді ашуын күшпен басып.— Бірлі-жарым үй тонаған жырындылардан ғері мемлекет мұлкі жымқырған кісінің қылмысы ауыр. Мемлекет мұлкі қолдан қолға көшіп талан-таражға түседі. Біз қайдамыз сонда?! ОБХСС қайда?! Кеше ОБХСС-тың бастығы полковник Есембетовты «Ісі қанағаттанғысыз, жеке басының муддесін көздейді» деп қызметтен босаттық. Оның орнына іскер, қабілетті кісі алдық. Ісіміздің алға басқаны осы ма сонда?! Сауда тәртібін жақсарту, сауда қағидаларын бұзып, бүрмалаушылармен күресу туралы жаңа заң шықты. Жаңа заң күшіне енді. Ендеше біз неге өз күшімізге енбейміз? Бұқалай, ә?..

Осы тұста Жанболатовтың көмекшісі ішке кіріп:

— Жолдас генерал, сізді қалалық партия комитетінен... Ермұқаметов жолдас сұрайды,— деді.— Генерал телефон трубкасын көтерді.

— Иә, жақсы. Әлі ұсталған жок. Іздеу салып жатыр

мыз. Вениамин Ивановичка ма? Сіздін атыныздан ба?  
Жарайды. Сау болыныз.

Генерал телефон трубкасын жайтап ершігіне қойды да, алдымен төңірегіне барлай шолып аз-кем үнсіз отырып, сосын сөзін бастады.

— Естіп отырсыздар, облыстық партия комитеті келесі жұмада өтетін бюрода Алматы қаласындағы қылмыспен күрес жөнінде мәселе қарамақ. Баяндамашы қалалық партия комитетінің бірінші секретары жолдас Ермұхаметов. Ұйымдастыру, дайындық мәселелерімен облыстық партия комитетінің екінші секретары Вениамин Иванович Машуков жолдас айналыспақ. Бізден жарты жылдық жұмыс жайында мәлімет сұрайды;— деп отырғандарға қалалық партия секретариатының шешімін жеткізді.

Содан кейін алда тұрған курделі жәйттерді аныктап, тапсырмалар берді. Генерал, милиция жұмыстың барлық саласында халықпен, көпшілікпен байланысты күшету мәселесін баса ескертті.

\* \* \*

Ұры малы — олжа. Ұрлық та — олжа. Олжа дүние — құнсыз, сұрауы жоқ. Калай келсе, солай кетеді. Дегенмен Самғалиев пен Басаржанов екеуі Қапшағай қаласына келіп, дүкеннен екі-үш қағаз жәшік алды. Теніз жағасына жайғасып, олжаларын жәшік-жәшікке бөліп реттеді. Олжаның да олжасы бар. Ұрыға сырлы қасық та олжа. Қанша олжалы болып жүрсе де мұндай олжа арыстанның аузына ғана түседі деп армандастын. Реті келсе, арыстан емес, алып экскаватордың болат азуларына іліккендей. Ер кісінің киімдерін өлшеп жатыр. Сорайған Самғалиевқа киімдер шақ келмеді, шонтиған шолақ. Қақпактай жауырынды Басаржановқа арқасы тарлау. Дегенмен үзындығы келіп тұр. Шалбарлары өлшеп тіккендей, белдері қабыса қалды. Құнге шағылыс-

кан гауһар сакинада Самғалиевтың салалы саусағына әрекет сыйды. Самғалиев атадан қалған мұрасы қолына сенді түскендей куанды. Алтын жүзік көрмеген саусақ, сиырға ер салғандай ерсі көрінді... Мейлі...

— Нағыз бастықтардың қолында, тек қана осындай сақина болу керек,— деп Басаржанов та оған риза.— Келісіп түр. Ол үстіне кеңірек костюм, шалбар, қой терісінен тіккен тон киген. Құдалыққа баратындағы сайланады.

— Кызығанып тұрсың ба?— деді Самғалиев сақинаға қарап қалған Басаржановтың ойын түсінбей.

— Несіне қызығанайын, жеті күн болса да желігіп қал. Министр деп ойламаса да, орынбасары деп қалуы сөзсіз. Сенің арқанда мен де жарқылдап, шалқының бір.

— Тюленьнен жеркеніп жүрме.

— Ол да мүмкін. Тойған адам мұрының шүйіреді,— деді Басаржанов анасына тартқан жасыл көздерінен ұшқын шашып, жағымды, нәзік үнмен. Самғалиев одан бұл үнді бүгін тұнғыш естіді. Даусы өзгере бастаған. Нәзік дауыс...

«Адамды тәрбиелейтін орта,— деп іштей таңданды да, Басаржановқа сүйсіне қарағанда көздерінің оты жарқ етті.— Адамгершілік өнегеге итермелейді,— деп іштей ойға шомды. Норқа жағалы әйелдің ак сүр пальтосын былай қойды. Еркектің қыскы пальтосы қайсысымызға келер екен деп өлшеп көріп еді. Екеуіне де сыймады. Тар. Көз алдарына сонау кештегі Белла елестеді.

Орта бойлы, тығыршық денелі Белла нақ сондағы көргендегі екеуінің көз алдында күлімдеп түр. Бидай өнді кескін-келбеті келісті, қыр мұрынды, дөңгелек жүз, екі көзі жазды құнгі аспандай ашық, көкпенбек, ұшқын шашып тұрады. Қаз мойны жұп-жұмыр. Аузын ашса болды, алтын тістері жанарымен ұштасып, онсыз да көрікті көркін одан сайын құлпыртып, жайната түседі. Құлкісі қандай сырлы. Еріндері аймала, сүйші дегендегі алаулап тұрады. Жиырманың бесеуіне жақындаса да,

он сегізге сәл толмағандай қыпша белдің өзі. Екеуі де ойланып қалыпты. Қоз алдарындағы Белланың бейнесіне күмартып көз алмай, жыға карап қалған.

— Шіркін-ай, қазір Белла сені көрсө құшақтап алар еді,— деді Басаржанов Самғалиевқа, темекісінің түтінін сарғайған сирек тістерінің арасынан бұрқыратып. Самғалиев бұрынғыдай емес, жүзі толыңқырап, үлкен қара көздері жарқырап, келбеттене түскен еді. Қапшағай жағасында жайлыш демалыс жасады. Басаржанов оған сүйсінен қарап, езу тартып күліп қояды.

— Ой, арман, бізге осы да жарайды,— деп Самғалиев колындағы пальтоның ішкі қалтасына колын сұқты.

— О-го,— деп бір уыс ақшаны алып шықты. Жиырма бес, елу, жүз сомдықтар. Жап-жаңа жасыл, көкала-лар. Санай бастады, сұрыптап жатыр. Басаржанов жиырма бесті, Самғалиев елуді. Жүз сомдықтарды бөлек бөлді. Екеуі бөліп-бөліп санайды. Жүзді санады... Бәрі бір мың тоғыз жүз жетпіс бес.

— Міне олжай!

— Эзірше жетеді.

— Гауһар сақиналар.

— Алтын сағат. Сырғалар, не керек, үйге түскеңдей емес, кіші-гірім зергер дүкенін көшіріп әкелгендей сезінді. Мемлекет дүкені емес, жемқордың дүкені. «Мемлекет дүкенін үрлағаннан да, алаяқ — жемқорлардың жиһаздарын алған жақсы екен фой» деп Басаржанов заттарды жинады.

— Олар аламан тышқан сияқты, қолына түскеңін аpanына апарып үйе береді, үйе береді,— деп Самғалиев сөзге араласты. Аясын ба, тегін дүниені. Ондай адамдар осынша дүниеміз үрланды деп милицияға аузын ашпайды. Корқады.

— «Ұрының арты куыс» деп түрмеде бірге отырған Жақсыхан Тоқметов деген жігіттің жиі айтатын мақалы еді. Есіме түсті.

— Шіркін-ай, тағы бір жемқордың аpanына түссек,—

деп Басаржанов шығыс көкжиекке көз тастап, қиял кешті. Ұрының қиялы — сағаттық ләззат. Ұрлағысы келіп тұрады. Ұры малға тоймас, қасқыр қанға тоймас. Бірақ бұлар дүкен емес, жемқорлардың аpanын іздеді. Басаржанов қияли жігіт. Оған мұндай қиял берген Марғуға мен Белланың көлкіп жатқан көл-көсір өмірі. Оларды аштықтан ұрлағысы келмейді.. ашынғаннан ұрлағысы келеді. Тағдырдың әділетсіздігіне ашынады. Біреу мандай терін сыпырып, енбекпен нан жесе, енді біреу шырылдауық шегірткедей ала жаздай ән салып, сахараада сайрандауда, қыста шалқардай шалқиды. Өмір біреу. Табыс көзі тұтас. Мал санаулы. Жалақы есепті. Асказан тұтас. Жұрт есептей, сыздықтап ішеді. Ал қол сүккыш қомағайлар қауып-қауып алады... Көлеңкеле түйені түгімен жұтады. Оларда құдай да жоқ, арұят та жоқ. Занды да ұмытады. Аламан емес арыстаның аpanына түседі деп Басаржанов ойланып қалды.

— Оларға ОБХСС те жоқ,— деп Самғалиев серігін костады. Олжаларын жәшікке жайғастырып, зат-затымен, тұр-тұсімен бөлектеп қойды.

Бұл кезде күн де жоғары көтеріліп, жер бетін қызыдыра бастады. Қапшағай көлінің бетінде су еркесі шағалалар да құндеғідей сайран-сауық салып жур. Бірін-бірі қуады. Суға сұңғіп, көктен құлдилап балық іледі. Екеудең дастарқан жайып тамаққа отырды.

Сәлден кейін бұлар суға беттеді.

Күн қайтып көкжиекке иек арта бергенде, кос серік белгілі таныс жері Шошқалыға «Жигулидің» бетін бұрды. Желдей есекен «Жигули» дөңге көтерілді. Алыстан шабаланып қарсы шықкан иттер «Жигулиге» үйдің қасына дейін еріп келді. Жолаушыларды танып, қүйректарын бұлғаңдатып, тұмсықтарын созып иіскелеп, хош келдініздер дегендей еркелеп аяқтарының астында жер бауырлап жатыр. Үйден шықкан Жәнапия:

— Саламатсыздар ма, жігіттер,— деп көмір қара дөңгелек көздерімен бір шолып өтті.— Ананың дені сау

ма? Балалар аман ба?— деп Самғалиевқа бұрылды. Қөздерін алмай, сынай қарады. Сырлы көз қарасы.

— Аман, Сізге сәлем айтты,— деп Самғалиев күтпеген сұраққа жедел жауап берді. Даусы дірілденкіреп шықты. Ана көз алмай қарап тұр. Самғалиев абыржыңқырап қалды. Шалбарының қалтасынан шылымын алғып, қөздері жыпылықтап аузына сұға салды.

— Аксакал Талғарға кеше кеткен. Үйге кіріп қымыз ішініздер. Қөп кешікпей шай қайнаганша келіп те қалар,— деді Жәнағайя, шылымының тұтінін ашына тартып тұрған Самғалиевқа, не болды дегендей көз қырын тастап.

— Жақсы, апа, шылым тартып алғып кіреміз. Құн ыстық болды ғой, сусадық та,— деп, Самғалиев шылымының тұтінін жінішкелеп үрлеп, сырт айналды.

Жәнапия толық денесін ауыр бұрып, мамырлап басып үйге беттеді. Әлденені ойлап-пішіп, толғанып бара жатқандай.

— Ақылды кемпір,— деді Басаржанов серігінің қиналып тұрғанын байқап, көнілін басқа арнаға бұрғысы келіп.

— Данышпан әже! Үлкен қара көзі рентгеннің аппаратындай жүрек-жүйкенді аралап тұр,— деп Самғалиев басын шайқады да, таусылып бара жатқан папиросын үртyn толтыра ашыға сорып, тұқылын жерге лактырды.

— Рентген көзі болса, жазып алғып жүрмесін!— деп кекесін-әзілді сүйетін Басаржанов қайтадан сөз жалғастырды.

— Қөздерін тоқтатып, сынай қарағандарына қарағанда жазып алмаса да, бәрін шолып тұр.

— Сезікті секіріп жүрмесе.

— О да мүмкін. Үйге кіріп бал қымыз ішейік. Қолы ашиқ қазакы ананың қымызы қандай керемет.

— Ендеше жүр, үйге кірейік,— деп Самғалиев жол бастады. Үйге кірсе жозыға наң, май, қаймақ құрт қо-йылған. Екі көкала кесе қымызға лықылдан тұр.

— Отрындар, жүрек жалғай тұрындар, шай қайнағанша,— деді Жәнапия қонақтарын стол басына жайгаштырып. Қос серік балдай тәтті салқын қымыздың бірбір кесесін дем алмастан сіміріп салды.

Жәнапия қымыз толты күрең қоңтрольді ауыз үйден әкеп, тағы да кеселерге үстеп құйды.

— Отагасы да көп кешікпей келіп қалар. Ас піскенше жайланаң демала тұрындар,— деді Жәнапия Самғалиевқа көз қынығын салып.

— Үақытымыз тар, апа. Алматыға бара жатырмыз. Ас салманыз. Жүріп кетеміз,— деп Самғалиев ракмет айтты да орынан тұрды.— Қайтарда соғып, ақсақалға сәлем береміз...

— Ракмет,— деп Басаржанов та қосарлана көтөрілді.

— Жолдарыңыз болсын, қарастарым,— деп, Жәнапия жылы батасын берді.

Екеуі де Жәнапияға қарап, тас болып орындарында катып қалғандарын байқамады. Осы жасқа келгеншे ананың ыстық жүргегін жарып шықкан ақ батаны тұнғыш естулері еді. Өз құлақтарына өздері сенбеді. Өз көздеріне өздері таңырқайды. Жан жүйелерін босатып, түп-тамырларына шейін бұлқынып, балқытып түрған мынау ақ шашты ананың не керемет қасиеті бар? Күн шалып тотықкан жүзінде жылы шырай байқалады. Айтпаса да «Ұлым» деп қарайды. Айтпаса да «Балам»— деп тұр. Қарастарым деген сөзі екеуін балқытып жібереді. Ананың жылы сөзін бұрын неге естімеген?..

Қос серік жана жақсы ақылға келді. Кардон — қағаз жәшіктерге салған заттарды тасып жүрмей осында қалдырып кетуді жөн көрді.

— Апа,— деді Самғалиев далаға шықкан Жәнапияның қасына келіп.— Сарқанд қаласында магазиннен алған азын-аулақ заттарымыз бар еді. Сіздің үйде қалдырып кетсек қайтеді. Қайтарда аламыз,— деді.

— Экеле гой. Сарайға енгізіп қояйын,— деді Жәнапия. Екеуі жәшіктерді машинадан шығара бастады.

\* \* \*

Қос серік Алматыға келгенде жұмыс күні аяқталуға таялып қалған. Белинский атындағы кең көшемен салып отырып қалаға кірді. Оң жақ қапталындағы салынған дүкендерді көріп, Самғалиев:

— Токта,— деді кенеттен.

Басаржанов тас жолды жанамалап тоқтай қалды.

— Тұра тұр,— деп Самғалиев асыға басып, дүкенге бет алды. Қөп күттірмей оралды.

— Кейін бұрыл,— деді Самғалиев машинаға отыра беріп.— Шолохов көшесіне түсіп, қалаға тарт.

— Түсіндім,— деді Басаржанов серігінің сырын ернінің емеурінің сезіп. Белинский көшесімен кейін оралып, Шолоховпен жүйткіп отырып, Красногвардейскіге тірелгенде:

— Онға тарт,— деді Самғалиев, алдынан көзін алмай.— Тоқ-та,— деді кенет жұлып алғандай.

Жиектей келіп машина тоқтай қалды. Самғалиев жүгіре басып, жолдың сол жағасындағы овош дүкеніне беттеді. Қешікпей қайта оралды.

— Тұра жүре бер,— деді Самғалиев машинаға қайта отыра беріп. Машина тақтайдай кең асфальтпен ғаспаңға таласа өскен биік ағаштарды айналғанда зымырап келеді.

— Токта,— деді Самғалиев келте дауыспен.

Машина жылжып барып, шеткегі тұра қалды.

Самғалиев жүгіре басып, жолды кесіп тағы да сол жақтағы қабатты, биік үйге бет алды. Майдайшадағы жазуға көз тоқтатты:

— Алматы... жеміс-овош... ім-ім...— деп іштей қайталаپ конторға кірді.

— Бастықтың кабинеті қайда? — деді қарсы келген арықша кара жігітке.

— Бінші қабатта.

— Өзінде мे?

— Жоқ, кетіп қалды. Бүғін болмайды. Эйелін курортқа аттандырмақ. Қара тенізгө. Ялтаға шығарып салуға аэропортқа кетті, — деп қолың көкке көтере сермедині.

— Қап, әттеген-ай,— деді Самғалиев өкінішпен сан соғып.

— Керек пе еді?

— Тығыз шаруам бар еді, үйіне бармасам. Телефонның білесіз бе?

— Үйінікін бе? Білем. Жазып ал.

Үйінің және жұмыс телефонының жазып алды.

— Үйі қай көшеде?

— Тауға қарай. Вишневский көшесінде, үлкен көк шатырлы үй. Үйдің номерін айтқанда таңдайы так ете түсті.

Көс серік салып отырып Вишневский көшесімен жүріп келіп, көк шатырлы үйге көз көрім жерден тоқтады. Басаржановты сол маңға қалдырып, Самғалиев көк шатырлы еңсесі жоғары биік үйге келді. Кавказ халықтарының стилімен салынған қос қабатты үлкен үй. Кең аула. Сарай, монша, ағашпен өрнектеп салған жазғы демалыс орны. Суға түсетін душ. Жүзім, алма, жеміс ағаштары көздің жауын алып тұнып тұр.

— Міне, байлық,— деді Самғалиев.— Адал адам еңбегі емес, дәкей бастық байлығының исі анқып тұр. Баскарсаң осылай басқар. Алаяқ қасқа! Сәті келсе бұл үйдің де ішіне кірермін,— деп алақаның бір-біріне сүйкеп ыскылап алды. Бір жақсысы аулада төрт аякты күзетші жоқ. Ол үйді сырттай шолып көріп шықты да бар мәнжайға қанығып, тез үзай берді.

Көс серік қызыл інір арасында, қала іші әбыр-сабыр, ағыл-тегіл жүріп жатқанда үйге түсуді макұл көрді. Үй

ненесі тұнгі сағат он бір, он екісіз оралмауы мүмкін. Әйелтін үзақ сапарға шығарып салды. Бүгін алғашқы кешті әзінің ғашығымен өткізеді. Мұндай мол ақшалы бастық ғашықсыз болмайды. Қайда өткізеді. Жо-ок, өз үйінде откізбейді. Ресторанға да бармайды. Жын-шайтан құмырскадай жиналатын жер, көптің көзіне түсуден ығысады.

\* \* \*

Сейтқали қызметіне бұғін де ерте келіп, кабинетін ашып, столға жайғаса бергені сол еді. Ішке басын сұғып әлдекім кіріп келе жатты. Кабинет иесі назарын тіктеп қарағанда өзінің көмекшісін көрді. Қашанғы жайма-шуақ жайдарлы мінезіне сایып, бұрын сәлемдесті.

— Олег, хал қалай? Үй ішің аман ба? — деді алға сәл ұмсына түсіп он қолын ұсынып.

— Сейтеке, өз көніл құйініз қалай?

— Шүкір. Жаман емес. Айтпакшы қолға түскен кос сыйбайлас жөнінде нендей ойың бар? Не біліп, көнілге не түйгенің бар — соны ортаға салмайсың ба?

— Әлі-әзір бір тоқтамға келгенім жок. Себебі, екеуі де ауыз жарытып ештеме айта қоймады. Тұлкі құлықтарын түпке сақтап, бұлан құйрыққа салғылары келеді.

— Е-е, бұлардың әдеті сол ғой қашаннан. Не үтпак сонда?

— Кім біледі... әйтеуір жалтарып, бұрылып кетуге тырысады ғой бәрі.

— Олары бола қоймас. Шынын айтпағанда қайда барады, түге.— Ол Олегке ойлы жүзбен тіктеп қарап, өз байлауын қадап айтты.— Исті көп соза бермеу кажет. Осы қазірден бастап екеуімен кезек-кезек сейлесіп, істің анық-қанығына көз жеткізіп, дереу прокуратураға тапсыру керек. Түсінікті ме? — Олег келіскең сынай андатып басын шүлғып есікке бетtedі.

Осыдан көп уақыт өтпей кос сыйайлас қалалық милиция үйіне жеткізілді. Тәртіп бойынша екеуін де жеке-жеке бөлмеде ұсташа қажет еді. Милиция қызметкерлері, неге екені белгісіз, бұл жолы оған онша мән бермеді. Керек десен екеуін де бір машинаға мінгізіп асырыс алыш келе салған. Жырынды кос сыйайлас бұл сәтті қапы жібермеді. Сырқатов есінеген боп аузын ашып еді, Қанарабаев ернін жалаған боп тілін жылтындағы. Бірі — аузынды ашып анырып отырмай ағыннан жарыл десе, бірі — тіліңе сүйене бермей жөн сөзінді айт дегені еді.

Тергеушінің алдын алдымен көрген Қанарабаев болды. Лейтенант оған жадырай қарап:

— Хал қалай? Жігітім, әңгімемізді бастай береміз бе? — деді құлімсіреп. — Қанарабаев та қулана жыныды.

— Бастамағанда... енді осында буы бүркүралып ғалбырап піскен бағланның етіне шақырмадан боларсыз.

— Элбette.— Тергеуші қылмыскердің жүзіне барлай көз тастады.— Жұрт катарлы еңбек етсең жегенің марқа, кигенің — торқа болар еді. Өз бағынды байлаған өзің емес пе. Дүкенге түсіп нең бар? Оған не жағдай итермеледі, ә. Айтшы?

Бұны естігенде Қанарабаевтың тізесі дір-дір етіп кетті. Ішін бір сұық үрей қеуlep, өн бойы қалтырады. «Түн қатып жортудан жүйкесі жұқарған» деп ойлады Васютин іштей. Бірақ оған ес жиғызығы келмей іле әлгі сұрағын және қайталаган.

— Дүкенге неге түстіңдер?

Қанарабаев «мынаның есі дұрыс па? Соны да білмейді ме?» деген кісіше тергеушінің жүзіне аныра қарады.

— Ақша керек болды,— деп дүнк етті.

— Ақша кімге керек емес. Бірақ ол үшін дүкен тонауға бола ма?

— Қайтеміз.— Қанарабаев шарасыздық кейіп танытты.— Тілте еріп сорлап қалдым емес пе.

Тергеуші де ұрымтал тұсты қалт жібермеді. Сұракты үстін-үстіне төпелеп қойып бастырмалатып алды.

— Кім? Ол қандай адам? Қайда істейді?

Қанарабаев бұрын осы Васютиңнің алдында екі-үш дүркін жауапта болған еді. Тергеушінің өткір екі көзін өңменіне қадап, қайта-қайта шақыртып, ананы-мынаны тәптіштеп сұрап, мазаны ала бергені қажытты ма, ендігі мезетте тұра жауапқа көшуді жөн санады.

— Бізді тұзу жолдан азғырып, дүкен тонауға бастаған кісі Мұқаш Ордабаев,— деді сөзін сенімді айтуға тырысып.— Мотоцикл де сол Мұқаштікі болатын. Дүкеннің айналасына орналаскан үй, қора-қопсыларды картага айнатпай түсіріп, көше-жолдарды, бұрылыс-қызылдарды сызып, қолға ұстатқан да сол.

— Дүкенге бірінші кірген кім?

— Эрине, қаруы бар адам алдымен кіреді да.

— Сосын.

— Сырқатов. Мен шолғыншы боп есікті бақтым.

— Куәлардың айтуы бойынша үшеуінде де тапанша болған көрінеді. Оны қайдан алдындар?

— Өтірік. Менде болған жок.

— Ендеше сен мынаны айтшы?— Васютин сауалын байыпты қойды.— Үшеуің топтана қаштындар ма, жоқ үздік-создық боп бөлектене қаштындар ма?

— Жеке-жеке. Бір қарағанымда Ордабаев пен Сырқатов бірінің соңынан бірі зытып бара жатқанын көзім шалып қалды.

— Сонда сен екеуінен кейінде қалып қойған болдың гой.

— Иә.

— Соңынан қашқан сары шаштың қолында да тапанша бар деген күә бар. Бұған не айтасын?

— Демек менде тапанша бар дейсіз гой баяғы.

— Сондай күмәннің бары рас.

— Ендеше менің қолымдағы тапанша емес. Балалардың ойыншық тапаншасы. Сатушылардың кеудесіне түм-

сығын қадап үрэйлерін ұшыруға келісkenбіз. Кейде сондай ойыншық та қару орнына жүріп кететіні болады.

- Сыркатовтың да кезенгені ойыншық тапанша ма?
- Оны өзінен сұраныз. Эркім өзі үшін жауап береді.
- Қай жерде үсталдындар?
- Оның қажеті қанша?
- Сонда да білген дұрыс қой.— Қанарабаев бұған да қасарыспай жауап бере салды.

— Улкен көшени қызып өте бергенімізде оперативті топ бізді көріп қалды. Мотоциклді тастай сап зыттық. Жар жағалай ылдига құлап қашып құтылып кетуді ойладық. Бірақ ол жактан да адамдар шызып жолымыз кесіліп қалды. Шеткі үйді паналаған Ордабаев «бізге төмен зыт» деп қолын сермеді. Сөйтіп өзі атыса бастады...— Ол көзін сығырайта Васютинге қарады да:— Енді, міне, сіздің сұрағынызға жауап беріп отырмын,— деп жымиды.

Бұдан кейін Сыркатов шақырылды.

- Дүкен тонауға не себеп?
- Ақша қажет болды
- Жол басшыларын кім?
- Мұқаш... Мұқаш Ордабаев.
- Тапаншаны қайдан алдын?
- Менде қару болған жоқ.
- Мотоцикл кімдікі?
- Бөлем Мұқаштікі болатын.
- Ол тапаншаны қайдан алды?
- Өзінен сұраныз.
- Өзің қаруынды қайда жасырдың?
- Үсталарда лақтырып жібергем.
- Ол жерден табылмады.
- Оны табу қызын болар.
- Неге?
- Жас балалардың қолында жүрмесіне кім кепіл.
- Оларда болса әкеп берер еді ғой.
- Ойыншыққа қызықпайтын бала бар ма бүгінде.

— Ойыншық...

— Таңданбаңыз. Менің қолымдағы балалардың ойыншық тапаншасы болатын.

— Мамандығың бар ма?

— Құрылышсымын. Мақтанды демеңіз. Қолымнан келмейтіні жоқ. Үй салу, тас қалау, бетон қүю дегендегің маған сөз емес. Қысқасы ағаштан да, темірден де түйін түйе білем. Бірақ амал не, Абай атамыз айтпакшы, адастық та алдымыз жөн, артымыз соқпақ бол кете барған жоқ па?!

— Түсінген кісіге әлі де кеш емес.

— Кайдам? Ойыншық тапанша болса да сатушылардың үрейін ұшырып кеуделеріне кезендік қой. Соның өзі біраз жылды мойынға жүктегелі түр-ау.

Тергеуші бұған жауап қайтармады. «Баспен істегенді мойынмен кетерген де дұрыс» деп іштей келіскен.

Іле бұрын қолға түскен Бекербековты алдыртып, Қанарбаев екеуін беттестіріп еді. Екі ұры бір-бірін танымайтын бол шықты. Қанша қадалып сұраса да—Қанарбаев та, Бекербеков те алғашқы жауабынан танбады. Васютин енді екеуінің көздеріне қадала үңілген. Жалған айтса жасқақтап, жүздерін төмен сап, сыр білдіріп қалар деп ойлаған. Жоқ, өзіне тіктеп сүйк қарағанынан екеуінің де бұлтақтамай ағынан жарылып отырғанына көзі жетті. Қезекші милиционерді шақырып екеуін де алып кет деп жарлық берді де, өзі бүгінгі тергеу барысна іштей талдау жасап, қорытып үнсіз ойға шомған.

Ертеңінде Васютин қос сыйайласқа айыптау корытындысын жазып, істі прокурорға жіберді.

\* \* \*

Қала халқының кешкі салырылысы басыла бастаған шақ еді. Құзғі түн қала үстіне қанатын кең жайып, қарашылық қоюланған түскен-ді. Осы кезде екі серік Вишневский көшесінен бет алды. Жол-жөнекей көшедегі те-

лефон-автоматтан үйге телефон соқты. Трубканы ешкім көтермеді. Үйде жан жок. Машинаны бұрышқа, қаға беріске қойды. Самғалиев үйді сырттай барлап шықты. Тіршілік сезілмейді. Жым-жырт. Иші жылып кетті. Улken темір қақпаны қакты. Коңырауды басты. Мылқаудай үнсіз. Қос серікке керегі де осы. Улken қақпаны айқара ашты. Қек «Жигули» тенізге сұнгігендей қораға лып берді. Самғалиев қақпаны жауып, серігін тысқа қаруылға қойды да, өзі ішке кірді. Кешікпей қайта оралды. Мол олжамен оралды.

— Жетер,— деді Басаржанов.

— Ақымақ, қайта келуге уақыт жок. Тағы бір барып келейін,— деп Самғалиев үйге қарай жүгіре жөнелді.

Қек «Жигули» асфальтқа түсіп, жөніне зымырап бара жатты. Беталысы белгілі — жайлау, Қапшағай.

Қаладан ұзаған сайын аспандағы жұлдыздар электр шамындаі жарқырай түсті.

\* \* \*

Қос серік асфальттан бұрылып, Қапшағай көлінің жағасына, өздерінің жайлы жайлауларына бет алды... Қарандылық көрпесі көл бетін айқара жауып алған. Жағада жан жок. Жайлау бос. Құндізгі демалушылар түнде үйлеріне оралған. Екеуінің таңдап алған жайлауы да жолдан жырак. Жолы да кедір-бұдыр. Қөрінген шофер бұл маңға тұмсық тірей бермейді. Машинаның шамын сөндіріп, қарандыға көздерін үйретіп, қайта-қайта құлактарын тігіп, көздерін қадады. Сыбыс жок. Тек кана теңіз шаншу тигендей жеңіл ыныранып жағаға шолп еткізіп үрып жатыр. Ақ көбік жұбын жазбай шегініп қалып, қайта жағаға үрады. От жақпастан, сусық тамақты машинаның капотына қойып, сусын-сыраны ашып, ішіп-жей бастады. Темекіні машинаға тығызып, жасырып тартуға келісті. Кезекпен үйықтамақ болды.

Таң алдында екеуі де каниен-қаперсіз үйкітап кеткен еді.

Самғалиев ояна келсе күн көтеріліп қалған екен. Ұйқысы қанып, сергіп қалыпты. Машинадан атып шықты. Айнала тыныштық. Тек теңіз айдынынан бірен-саран балықшылар қарауытып көрінеді.

— Тұр, әкенің үйінде жатқан жоқсың ғой,— деп Басаржановты оятты.

— Не болып қалды,— деп сасқалақтап екі бүктеліп машина ішінен шықты.

— Тыныштық. Борсығың келіп тұр,— деп қалжың айтты.

— Маған ондай бақыт қайда?— деді үйқысын аша алмай, екі көзін қос жұдырығымен уқалап.

— Жүр, суға шомылып шығайық, сонын тамақ ішеміз,— деп Самғалиев теңізге беттеді. Таңертеңгі салқын суға түсіп, азын-аулақ женілденіп алды да, көп кешікпей жағаға шықты.

— Сен бұл жемқорды қайдан білесін? Әлде бұрыннан танитын ба едін?— деді таңданысын шын жасыра алмай.

— Ұрыны ұры алыстан танитынын білмейтін бе едін.

— Білем ғой. Дегенмен айтшы? Ойда жоқта ен дәүлеттің төбесінен бір-ақ түсіргеніңе таңырқап отырмын.

— Ана жақта жүргенде бір танысым айтып еді. Тура данғыл жолға салғандай жән сілтеп жіберген. Сонын сәті, міне, енді түсті. Ұқтың ба?

— Ұқтым.

Басаржанов таңырқай bas шұлғыды.

\* \* \*

Қос серік теңіз жағасында жайланаң дем алып, алынған заттарды жөн-жобалап жинақтады. Не барын білді. Неше түрлі қымбат бағалы киімдер, алтын-меруерттерді сұрыптаپ машинаға орналастырды. Сөйтіп бұларды ақшага айналдырудың жолын қарастырмак болды.

Екеуі Талғар қаласындағы орталық дүкенге келді. Дүкен ішін аралап жүріп кімнің не алғылары келетінін сұрастырып білді. Бастарына шашақты қызыл шәлі ораган үш әйелден көздерін алмады. Тыска ере шықты. Бұрылысқа жете бергенде Сембалиев қуып жетіп:

— Faфу етіңіздер. Сіздерге кілем керек пе? Жақсы, үлкен кілем,— деді.

— Керек! Қымбат па!

— Қөріңіздер, сосын бағасына келісеміз.

— Қайда?

— Машина.

— Қалай көреміз?

— Қөшеде көре алмайсыздар ғой.

— Біздің үйге барайық.

— Алыс па?

— Жок, аса алыс емес.

— Барсак барайық.

Олар төбесі қанылтырмен жабылған үлкен үйге келді. Машина жең аулаға кірді. Кілемдерді көріп, қызыл шәлілі әйелдер қызыл көрген құзғындай бас салды. Бағасына таласып көп саудаласпады.

Әйелдерге алу керек болса, қос серікке сату керек. Пальто, тондарды да саудалай бастады. Бұл хабарды естіп бірлі-жарым көршілер де жетіп келісті. Олар: «Ақша жок, ақшам жетпейді» демейді. «Бер, аламын»— деп бәрі жармасып тұр.

Қос серік олжа үстіне олжалы болды. Машина тазарды. Хош айтысып жүріп кетті. Қаладан шыға бере Басаржанов газға басты.

Бет алыстары — жайлау. Қапшағай теңізінің самалды жағасы.

Екі серіктің қуанышында шек жоқ. Екеуіне құдай беріп тұр. Бергенде де қинамай, қыспай, жайсан жаздай молынан төгіп тұр.

Тұғанда екеуінің төбесінен қараған жұлдыздары бір

кезде жоғалып кетіп, енді екеуіне әлсіз жарығын жылтыратып құйып түрғандай сезінді. Бұл не, бақыт па? Әлде итке сүйек тастағандай арбау ма? Ұрлық жолы — тар, касіретті қаражол, бақыт жолы емес. Ол атам заманнан белгілі...

Не болса да бәрі алда...

Алystan Қапшағай ағарып көз тартады. Жарқырап жатқан Қапшағай көлінің үстінде де акшарбы, көк ала бұлттар көшіп бара жатты. Жаз өтіп, қоныр күз келе жатыр деген белгі. Не істеу керек? Мынау келе жатқан күз. Ұзамай сұық жаңбыр басталады. Машина іші пана бола ма? Жаз айларындағы шалқыма өмір алystап кетіп бара жатыр. Жайлалаумен қоштасып жана қоныс іздеу керек. Кайда ол қоныс? Эке салған үй жоқ. Өздері қабыргасын қалаған баспана жоқ. Табан тіреп істеген еңбек жоқ. Қасқырша жапан кезіп өткен өмір. Қасқыр екеш қасқыр да апан салады. Үйім деп бұйығады. Қоныстыды. Ал, жайлау жайланаған кезбелер кайда қоныстыды?

— Тенізге бұрыламыз ба,— деді Басаржанов бір кезде.

— Тура жүре бер. Жол кеziп, ел көріп қайтайық,— деді Самғалиев шексіз көсіліп жатқан асфальттан көз алмай.

Алматы — Талдықорған асфальт жолында машина теніз үстіндегі «Комета» қайығындай еркін есіп келеді.

Оңтүстіктен шықкан сүр бұлт село үстіне өрлей берді. Жел көтеріліп, құмы аралас құрғақ шанды үйіріп аспанға борандай боратып жіберді. Қапшағай көлінің үстінде наизағай ойнап, аспанды қақ тіліп өтті. Шошқалы жағы жарқырап түр. Қос серікті күткендей ашық. Екеуі де асығып келеді. Жәнапшя апайдың бал қымызын сағынып келеді. Естеріне алып тамсанып қояды.

Қараңғылық түсіп, ымырт жабыла Жолымбет қойшының үйіне келді. Кешкі тамактарын жеп, дастарқан жиналышп жатқан мезгіл, үй іші күтпеген жерден, сыр

көрсөтіп сүйк қабылдады. Бұлар даладан бір ызғар ала келгендей, үйдегілер қытымырланып қалды. Бұрынғы жылы сәлем, құрмет-ишарап сезілмеді. Жұздері сынық. Қабактарының астынан қарайды.

— Шәй ішіп қойдық,— деп төрде отырған Жолымбет конқақ мұрынның астынан күнк ете түсті. Онысы сендерге шәй жоқ дегені.

Ақсақалының сөзін қостағандай Жәнапия ала көздерімен бір шолып өтті. Көріп жүрген жылы көзкарас емес, корғасындағ зілді, салқын қабак.

— Жәнібек, сарайдағы жәшіктерді шығар, алып кетсін,— деді әкесі, баласына бұйыра сөйлеп.

Жәнібек тіл қатпастан келіншегін ертіп үйден шыкты.

— Әкетініздер жәшік-мәшіктерінізді,— деді Жолымбет қатаңдау дауыспен. Екі серік те күзгі сүйк жанбырың астында қалғандай, орындарынан ауыр көтерілді.

— Хош болыныздар,— деді Самғалиев. Даусы жарықшақтанып шыкты.

— Хош,— деп ақсақал да танауының астынан мінгреледі.

Жәнапия басын изеп, ала көздерін және қадады. Мұнысы қайтып келмендер, дегені.

— Мұндайда көз болады еken,— деп Самғалиев пен Басаржанов тезірек есік сыртына жоғалды.

— Сіздерге рақмет,— деп Самғалиев құндыз жағалы қысқы пальтоны Бейбітгүлге ұсынды.

Бельгиялық су жана пальтоны алып Бейбітгүл киіп көріп еді, құйып қойғандай, қабыса кетті. Өлшеп тіксе де мұндай шақ келмес. Бұрын да осында пальтоны қалада танысынан көріп, киіп көргені бар-ды. Маған да біреуі кездессе деп арман еткен. Міне, аяқ астынан табыла кетті. Бейбітгүлге ұнап қалды.

— Ақшасын бер,— деді Жәнібек әйеліне.

Пальтоны киген бойы, баладай қуана басып үйге еніп, ата-енесіне көрсетті.

— Керегі жок, балам,— деді Жолымбет. Даусы қатандау шықты.

— Карагым «булінгеннен бұлдірген алма» дейді қазак. Қайтесін. Аман болсан, Жәнібегің әпереді ғой,— деді Жәнапия.

Осы сөз есін тез жигызды. Үстіндегі пальтоны сыйрып тастап, шаң басқан табалдырықтағы төсеніштей сүйреп әкеп Самғалиев алдына тастай берді. Қеліншек Үрейленіп тұр. Жеркеніп тұр.-

— Тегін бердім. Алыңыз,— деді Самғалиев пальтоны нұскап.

— Біз мұндаид зат алмаймыз,— деді Бейбітгүл.

— Тезірек ала қойыныз,— деп Жәнібек біреу күштін келе жатқандай асықтырды. Екі серік бір пәленің болғанын сезді.

Жайнаған кең аспанның астында үш айдан бері еркін өткен өмір тарылып сала берді. Қөптен естімеген «ұры» деген ашы сөз күлақтарының түбінде ызылдал тұр. Қоздерінің алдына тор терезелі түрменің тар бөлмесі елестеді.

Машинаға отыра беріп, екеуі де ауыр күрсінді. Машина ақырын жылжып кетті.

— Түнде қайда барамыз?— деді Басаржанов.

— Тарт Шенгелдіге. Асханаға барып, ертерек тамақтанып алайық. Сонан соңғысын көре жатармыз?

Конақжайлы қойшы үй Самғалиевты қүшті шыққандай болды. Не болып қалды бұларға: біреулер іздеріне түсті ме? Бір зіл бары сөзсіз. Не болып қалды? Әлде жүрісі сүйық адам екендерімізді сезіп қалды ма екен? Анау жәшік, бумаларды ашып көрген шығар. Ондай арам байлықты тиеп алып көшіп жүргенімізді анықтаған.

Самғалиевтың аркасынан сүйк аяз қарып өтті. Майдайынан қысылып сүйк тер шыға бастаны. Жүрегі өрек-піл, қаны тасып, басына шапшып барады. Қоз алдын буалдыр тұмандын басып, айдалада адасып жалғыз қалған-

дай сезінді өзін. Тынысы тарылғасын машина төрөзесін ашып еді, бәрібір одан қайран болмады. Алқымынан темір қол қысып жібермей тұрғандай болды. Ендігі мезетте барап тау, басар жер қалмағандай...

Алystan Шенгелдінің түнгі оттары жарқырап көзге шалынды. Салып ұрып жеткенде бір-ак анғарды. Асхана жабылып қапты. Машина ойысып барып жолдың он жақ жиегіне аялдады.

Екеуі де машинадан шықты. Бұлт торлаған күздің күні салқын, жәйсіз. Самғалиевтың да көніл-күйі болмай, қабактары құрысып, көзі үнірейіп, сұрланып кетті. Айналага көз тастады. Қалың бұлттың шеті де сөгілер смес.

— Жаңбыр жаумай тұрғанда аз-мұз бірдене жеп, жүрек жалғап алайық. Әкел барынды, жүр столға,— деді Самғалиев Басаржановқа.

Басаржанов машинаның есігін ашып, керегін іздей бастады.

— Конъякты да қыса кел!— деді Самғалиев орта белінен машина ішіне енген серігіне.

Түрегеп тамақ ішуге арналған жолаушы столдарының шеткегі тұрғанына орналасты.

Басаржанов нан, көнсерві, бір шөлмек конъякты және минерал суларын столға жайғастырды.

— Тағы да біреуін әкел, күн салқын,— деді Самғалиев столдағы конъякты иегімен иұқап Басаржановқа.

— Ол жүгіре басып машинадан тағы бір шөлмек конъяк жеткізді.

— Екеу болғаны жақсы. Қатар тұрсын, көнілге тоқ болады,— дейді Самғалиев Басаржановқа жылы қарап.

— !

— Толтыра күй,— деді Самғалиев конъякты ашқан Басаржановқа, фужерді ұсынып.

Самғалиев алтын белбеулі бокалды қыпша белінен ұстап тұрып, Басаржановқа қарады.

«Тыңдал тұрмын»— дегендей Басаржанов екі көзі жаудырап, сынарына құлагын тіге қалды.

— Егер де,— деді Самғалиев сол қолын көтеріп, ұрылар тобынан бөлініп, нағыз адам болғың келсе, аузына арақ алма! Болашақ бакытың алда. Жана жолға тұс,— тілегім болсын!.. Қолы дірілдеп, бокал шайқалды...

— Бөлінемін! На-ғыз адам боламын! Айт етемін, алмаймын аузыма лағынет уды!

— Самғалиев қағып салып, бокалды асфальтқа періп кеп жіберді.

— Мен де аузыма қайтып алмаймын. Екеуміз арактың азабын, жеткізетін белесін жақсы білеміз,— деді қабағын түйіп. Іле тұсін өзгертіп сұрланып жүре берді. Кесепат кегі аракта кеткендей ышқына қалды. Екеуі күл-талқан болған алтын белбеулі мөлдір таза бокалдың сынықтарына жиіркене карап қалды.

Сұктанған Самғалиевтың ойы жемтік іздеген құзғындаі қанатын қағып, жер бауырлап аспан әлеміне қалықтай жөнелді. Жанары шатынай қанталап, түрі сұрланып алған. Ашыққан құзғын өршелене биікке бойлап, бұлттан бұлтқа самғайды. Нұры кетіңкіреген көзіне ілгек ілінбеді. Тұңғыық қара тұнек. Кең аспан тұні тым болмаса бұл сүмға сынар жұлдызын жарқыратпаса да жылтырата салмады. Қасара қалған... Бүгін ғана емес ау, төрт он жылдың адырына осылай касарып жетелеп келе жатыр-ау! Тағдыр шіркін мұны еркелетпеді, ата жауындаі жәлкеледі. Темір-есік, тор көзді терезеден өмір пүшпағын ғана көрсетті. Болат тікен қоршау, жаткан орны барак — жәй. Тақтай төсек — мамық, қауырсын жастық — жар болды... Не көрмеді, не ішпеді. Өмірі — азап тізбегімен тізгендей. Бұл бүгінгі сайран-тұқыл сайран. Бүгін болмаса, ертең оралуы... Есіне тұсіп кетті. Азап өмірдің сұық аязы. Жон арқасын қарып кете берген сәтте...

— Барлық арақ ішкіштер бізді құп-костаса,— деді манадан үнсіз тұрган Басаржанов Самғалиевке құдікте-

ші көз жүгіртіп, Тас тұнек түрінен шошынып кетті...  
Мас бола қоюға тиіс емес, тастағаны екі-ақ бокал. Оған  
Самғалиев тойған қораздай топшысын да сілікпейді.  
Сырқаттанып калды ма деген жаман ойға ауыса берді...  
Жол серігінің сонша күйзелгенінен секем алу Басаржа-  
новқа — күтпеген жаза...

Самғалиев болса Басаржановтың өзіне жан-жүйкесі  
құрысып, тесіле қарағанын жадына баса койды. «Менің  
өмірімнің жазалы сокпақтарын басынан өткізіп, сортаң  
сырын — татқан ғана біледі», — деді ол іштей... Жолдаст-  
тыққа таза, достыққа берік Басаржановқа ежелгі әде-  
тіндегі жылы сезім білдіре жаудырай қарап. Конъяк жы-  
лытқан жүйке тамыры босансып, көктемдегі арнасы  
толған өзендей тасыған қан тасқыны оп-онай тоқтау бе-  
ре қоймады. Самғалиев табиғаттың долы күшіндегі бұл  
жана арнаны тоқтата алар емес-ті. Қиялы биікке қалық-  
тап, алып-ұшып әкетіп бара жатыр. Мандайынан тері  
бұрқырап, әлсін-әлсін шылымын құныға сора берді... Тұ-  
тінін үрлеп көкке будақтатады. «Көрдің бе?» — дегендегі  
көз кнығымен Басаржановка назар аударып: «Шіркін  
тағдыр, саған ары таза, адам қадірін білетін тәрбиеші  
кездессе, басына бакыт күсы конғаны. Біз заманымызда  
жексүріндар мен алајктардан аттап баса алмадық», —  
деді ол іштей. Бұл Самғалиевтың бүйрегіне тас болып  
жатқан қасірет мұндарының құсақаны еді... Дәл осы сәт-  
те Самғалиев онаша қалғанын ганибет көрді де:

— Сен машина жүргізесің гой. Ұйықтап, тынығып  
ал. Мен тыста таза ауа жұтыш кішкене қыдырып жүре  
тұрайын, — деді серігіне қамқорсі сойлеп. Даусы қорық-  
кан баланың даусындай жарықшақтанып, қалтырап  
щықты.

Басаржанов серігінің қобалжып келе жатқанын мана  
сезген. Бірақ тіс жарып, тіл қатнаған. Коз алдына ұс-  
талғандарды таситын қара машина, сот машақаты, түр-  
ме келеді...

Ол бұдан әрі ойламауға тырысты. Алакызыған алтығын баспақ бол машина маңынан үзай берген Сердебектің тұлғасына алғаш рет көз тоқтатып қараған. Шымыр денелі қағылез жігіттің салы суға кеткендей іні салбырап, шөгіп қалғанын анғарды. Бірақ оның жан-жүйесінде нендей аласат арпалыстың жүріп жатқанын андамады. Сол андамаған күйі машинаның артқы салонына бүк түсіп жата кеткен.

Тұнгі самал Сердебектің жан сарайын желпіп, жарқыратып ашып жібергендей сезілді. Өзінің не істеп, не койғанын сондағана анғарғандай болды. Өзінің кім екенін жана таныды.

Әдепкіде ол қоғам мұлкіне сұық қолын малған жемкорларды тонап жүрмін, сол арқылы көздеген мақсатыма жетем деп ойлаған. Сонымен өзін ақтамақ та болған. Сөйтсе бұның бәрі бос әурешілік екен. Оны да жана түсініп отырған жайы бар.

Қолынан екі-үш дүркін дәм татқан Жәнапия апайдың аналық жылы ілтипаты тұла бойына мейірім болтарап, көкірегіне кісіліктің шуағы аздал болса да үялай бастап еді. Соңғы екі үрлік өзін терең шыңырауға қайта тастанап жібергендей болды. Қөпті қөрген кәнігі Жолымбет қария жүріс-тұрысының сұықтығын жер түбінен тамыршыдай танып білді ме, калай? Бұл жолы жылы қабақ таныта коймады. Қайта сұық көзін өнменіне наиззадай қадап, қашан машинаға мініп сұыт аттанып жүріп кеткенше сол қаттылығынан жазбады.

Сердебек аузынан ақ жалын ата құрсінді. Іші запыранға толып қапты. Көзінен ытқып жас та шығып кетті. Еш жерден тұрақ таппай сергелден ғұмыр кешкені есіне түскенде ағыл-тегіл егіліп жылап жіберді. Лоқсып ұзақ жылаған.

Әлден уақта көз жасын тыйып, өзіне өзі келгендей болды.

Енді ойласа, сергелден тірлік Сердебекті кәдімгідей

жасытып жіберіпті. Бұрын тағдыры тығырыққа тірелгенде «баспен істедім, мойынмен көтеруге тиіспін» деп іштей бекіне түсуші еді. Қазір бұның бірі жок. Ұланғайыр мына кең даладан баар тау, басар жер қалмағандай бір түрлі жабырқап тұр. «Бұған кім кінәлі?— деді өзіне өзі сауал қойып.— Мені өмірге алып келген асыл аnam ба? Ішкілктің шырмауына түсіп, шырматылып шатылған әкем бе? Қайсысы?!»

Сердебек, қалай десе де, кінәні өзіне артқысы келмеді. Бірақ бұған кінәлі аnam деп те, әкем деп те айта алмады. Оған перзенттік құқы жібермегі.

Басында бұлар да айрандай үйіп отырған тату-тәтті семья еді. Бертін келе, құдайдың қай-қарғысына ұшырағанын кім білсін, әйтеуір әке-шешесінің қабактары жараспай не болса соған ұрсысып, күннен-күнге аралары суысып, ажырап бара жатты. Бұған біріншіден, әкесінің тапқан-таянғанын ішіп, үйге тәлтіректеп, мас бол келетіні себеп болса, екіншіден, анасының оған кешіріммен қарап тежей білмегені тұрткі болды. Байғұс әке сол бойла түзелмей ішкілікке салынып кетті. Анасы құсалықтан ба, жоқ ішін жегідей кемірген дерттен бе, әйтеуір қайтпас сапарға аттанып кете барды. Содан кейін-ақ Сердебектің жайы болмады. Маскүнем әкенің ықылас-пейілі бұның кекірегін жылыта алмады. Содан өз үйі өзіне жат көрініп, жел айдаған көне қалытқыдай жағаға шығып қалды. Әкесі арақ іздел дүкен маңын шырласа, бұл көше балаларына ілесіп, тұн жамылып жол торыды. Бұл тірлік те балаға опа бермегі. Қереге көз темір есіктің ар жағынан бір-ақ шығарған.

Бақса, Сердебектің жарық дүниеде алшаң басып айра-жайра бол жүргенінен гөрі темір есіктің ар жағында сарғайып сарылышп отырғаны көп екен. Сол ойына түсінде ендігі қалған тірлігінде мән-мағына жоқтай сезінді. Бүгін, я болмаса ертең... бәрібір ұсталып, тар қапасқа қамалатынын және ойлағанда іші ұлып қоя берді. «Ой-пыр-ай, тағы жыртқышқа айналғаным ба шынымен.

Әйтпесе ішімнің қасқырша ұлығаны қалай?!»— деген, сүмдүк шошына таңырқап.

Асфальт жолдың шетімен ерсілі-қарсылы сейілдеп, сергелден ойда жүрген Самғалиев машинаға жақын келіп терезесінен үнілген. Басаржановты ұйықтап кеткен екен деп ойлады. Сосын асхананың алдындағы жолаушылар түрегеп тамак ішетін дөңгелек столға келді. Калың дәптердің бірінші бетін ашып жазуға айналды. Қездері жыпылықтап, қолдары қалтырады. Таудан соққан тұнгі самалға бетін бұрып тұрды. Бұлақ сұындай тұнгі тұнық самал желпіді. Қеудесін кере дем алды да, үлкен әріпен әлдене жаза бастады.

«Милиция бастығына...» деп бастады жазған хатын. Аудан атын ашып айтпады. Ұзак жазды. Толғанып жазды. Арада едәуір уақыт өткенде жазған хатын бітірді. Қалжыраған адамдай аяктарын сүйрете басып машинаның қасына келді. Сонау шығыстан тауды иектеп қызыл арай шашып күн де көтеріле берді. Самғалиев Басаржановты оятып алып Талдықорғанға тартты. Жол ашық. Құндізгі ағылып жатқан машина жок.

Тентекке жете беріп, көпірдің қасына келіп тоқтады. Сол жаққа бұрылып, аспанға атып сарқырап ағып жатқан өзендей жағалап келеді. Кешегі жаңбырдан кейін сусы бұрынғыдан да молайып, ағысы қүшейіп, толқын соққан екі езуі көпіріп көбік шашып жатыр. Сусы сұық. Арнасы толық. Асаудай бұлқына түскен. Қара беріс, кең жазыққа кілірді.

— Сен осы жерде демалып тұра тұр. Мен жақсылап жуынып алайын,— деп Самғалиев машинадан түсті де, ентелей басып суға бетtedі. Ойыска келіп шешінді де, күмп беріп суға қойып кетті.

— Серік, Серік — деп айғайлап, Басаржанов жүгіріп келді. Самғалиев су астында балықтай бұлқынып, құлаштап ағынмен бірге жүзіп бара жатты...

Басаржанов жүгіріп Самғалиевтың киімдерінің қа-

сіна келді. Қиімдердің үстіндегі домалақ тастаның астында ағарып қағаз жатыр. Жұлып алғып оки бастады.

«Жақа! Мынау екі хаттың бірін саған арнадым. Екіншісін қолға түскенде милицияға берерсін. Бұл хаттың жоні басқа» деп, ерепейсіз шимайлай салыпты.

— Өз өміріне өзі балта шапқан екен! Бақыл бол!— деп Басаржанов қолындағы қағаздарды қысып ұстап, толқынға телміре қарады.

Оған табиғат тентегі өмір тентегін желкелеп, келмес сапарға әкетіп бара жатқандай көрінді.

Хатты қайта оқыды:

Мен жасынан адастым. Ұры болдым. Он жетімде түрмеге түстім. Өкінішпен өткен қайран он жеті. Қол үшін беріп он жетімде түрмеге жаппаса, мен де еліміздің бакытты адамдарының бірі болар ма едім, кім білсін. Ар-ұятым, жалын-жігерім бар-ды. Бірақ әлі лаула-маған жалын, шындалмаған жастық жігер еді. Түрмеге түскеннен соң тез мұқалып жүре берді. Жастық қиял қайта өрлеп, қайта самғамаған. Не керек, мұндайда тура жол көрсететін ақ ниетті ақылшы кісі табыла қоя ма. Түрме ішінде де жастар болды. Отыргандардың да қайсыбірі торға шырмалған, қияли болған жандар еді. Ештеңе көрмеген мен сияқты сары ауыздарға ондайлар ертеғідегі—батырлар сияқты көрініп, еріксіз еліттіріп еліктірді. Елтігеннен еліккен жаман екен. Еліккен адам желігеді екен. Желіге бердім. Бірақ бұның дұрыс бағыт емес әкендігін кеш түсіндім. Сонда індеги тиіп өліп кетпегеніме өкінемін.

Несіне судай сапырып соза берейін. Түрмeden шыққан соң жұмысқа кіре алмадым. Сотталды деген сөз алдынан кесе-көлденен сумандап шығумен болды. Біз сияқты адасқан жандарды жұмысқа орналастырып, жағдай жасау керек деген нұсқауға пысқырып та қарамады. Сосын амал жок, халық мұлтқін қымқырган алаяқтарды ұрлауға кірістім.

Мен өз жайымды енді түсіндім. Кеш түсінсем де те-

рең түсіндім. Туған еліме, халқыма осы қырыққа таялған жасымда қырық сом пайда келтіргем жоқ. Қып-қызыл зиян шектірдім. Еңбекке мойным жар бермеді. Еске түскенде жан-жүйем сыркырап, елге, халыққа тұра қаруаға үяламын. Адам болып арымды сактамадым. Азамат болып, борышымды ақтамадым. Жігерім қайнап, намысым келеді. Еліме пайдам тимеді. Кесел болым, тірі масыл болым.

Ендігі соттан күткен әділ жазам — он жыл. Он жыл түрмे. Оны қөпсінбеймін де, азсынбаймын да. Әділ! Елуғе келген соң ғана бостандық өмір көрем. Елуғе келгенде ғана! Қайда барам? Құшағын жайып қарсы алатын туыс жоқ. Сүйген жар жоқ. Не істеу керек? Болашақ өмірдің азапты елесін көргендегі асыл арманның (әркімнің өз ары — өзіне асыл) кескен жазасы осы!

Кешір мені, сүйікті елім! Кешір мені, ардақты халқым. Кешір мені, марқұм асыл аман! Ақтамадым сенің ақ сүтінді. Максатсыз өткен өмірден өлім артық! Хош, өмір, қапыда кеткен өмір! Қалғандарың аман болындар, бақытты болындар! Құрметтендер өмірді. Біздің ел әділеттің елі. Мен сол елдің бел баласымын. Сондықтан да өзімді өзім әділ жазаладым.

Жасасын әділдік!

Өлер алдында хат жазған  
Самғалиев.

Екінші хат.

Жасыбек! Бәріне мен кінәлімін. Сен инеге сабактаған жіптей ере бердің. Атшым, шоферім болын. Сен де ойлан, жассың ғой. Сен басында бізді білмедін. Жинақ кассасына барғанда сені тағы көшеге қалдырыңың. Біздің қайда, неге бара жатқанымызды сезбедің.

Менің сенен тілегім: сүйегімді мынау төбешіктің етегіне, жолға жақын жерге көмөрсін. Асау Тентектің ағысын мәнгі тыңдал жатайын...

Ертегі күн нендей сыбага тартар екен деп Басар-жанов машинаға отырды. Бет алысы — Алматы.

\* \* \*

Телефон безілдеп жүре берді. Тура генералдың өзінегін телефон шырылдаған тұр.

— Ал-ло, ал-ло.

— Ал-ло тыңдалап тұрмын.

— Ал-ло, жаман естіліп тұр. Макансыз ба? Сіз бе? Автоматтан звандап тұрмын. Қаттырақ сейлеңізші. Түк естілмейді.

— Мен сізді тыңдалап тұрмын.

— Әдай өзінізге хабарласуды лайық көрдім. Жедел жағдай болып қалды. Жаңа «Казакстан» ресторанаң арак-шарап комбинатынан бір машина жүк әкелінді. Сонда жиырма жәшік конъяк, бірнеше жәшік шампан артық. Ал қағазда жиырма жәшік...

— Солай де.

— Солай бол тұр, ағасы. Машина нөмері мен шофердің аты-жөнін жазып алышыз.

— Айта беріңіз... Ihe... Ihe... жазып алдым. Сізге көп рақмет,— деп телефон трубкасын ершігіне байыпты қойды да, ойланғандай бол әдетінше бөлме ішін ерсілі-қарсылы кезгіштеп кетті. Сосын кілт токтап, көп нүктелерлің бірін жалма-жан асығыс басып қалды. Қара көзі от шашқан көрікті қыз жедел басып ішке кіріп келді.

— Ильясовты шақырыныз.

Секретарша ширак басып тыска шыға берді. Арада көп уақыт өткен жок, Нұрмамбет те жедел жетті.

— Сізді тыңдалап тұрмын, жолдас генерал.

Жанболатов жігіт жүзіне барлай көз тастап аз-кем үнсіз отырды да, шұғыл тапсырма бере бастады.

— Жаңа осында біреу звондады. Ресторанға қағазда көрсетілген межеден артық арак-шарап түсті деп ойбайын салып тұр. Демек бұл тегін нәрсе емес. Жедел тексер.

— Құп болады, жолдас генерал,— деп Нұрмамбет он қолын шекесіне тақап құрмет көрсетті де бұрыла бе-

ріп қалт токтап:— Шынында да бұл тегін нәрсө емес. Ресторан мен қойма арасында ым-жымы бір мықты байланыс болды,— деді.

— Шошытып алмай, шоферді ғана емес, ресторан адамдарын қоса тұзактаныз. Сізге ғана сенген арнаулы тапсырма бұл. Бір-екі адамның қимыл-қылышы емес. Сәтін салса үлкен бір ордалы жыланның ордасынан дәп түскелі тұрсыз,— деді генерал қызыметкеріне,— аса сақтықпен қимылда,— деп ескерту жасауды да ұмытпады.

— Эрине. Әйтпесе ауызға өздігінен түскелі тұрған мол жемнен ажырап қалмаймыз ба,— деп Нұрмамбет жымиди.

— «Қазақстан» ресторанды Фрунзе ауданына жатады. Оларға әзірше сыр ашпаңыз. Ресторан қоймасын кілттеп, документтерін алғасын ғана аудандық милициядан өкіл шақыртыңыз. Халық өкілдерін қатыстыруды да ұмытпаныз. Ісімізді ел көрсін, білсін.

— Айтқаныңыз қаз қалпында түгел орындалады, жолдас генерал!— деп Нұрмамбет сендіре сөйлемді.

— Ендеше сізге сәт сапар тілеймін,— деп генерал орынан тұрып қызыметкерінің қолын алды. Онысы — саған сендім, жен үшінан жалғасқан кілең сыйбайластарды үркітіп алмай бір-бірлеп тұзакқа түсіре бер дегені еді.

Нұрмамбет шүғыл іске кірісті. Алдымен ресторан қоймасының есігіне құлышп салдырып, оны бломдап тас қып бекітті де, менгерушісін тиісті орынға жедел жөнелтіп жіберді. Қойма менгерушісі Марфуға Галиасқарова Нұрмамбетті бұрын бір рет көрген түсі таныс жігіт болғасын әдепкіде асты-үстіне түсіп, орайы келсе аузын тығындалап, өнешін молынан бітеп, үнін өшірмек еді. Оның реті келмеді. Әшейінде иман жүзді жігіт мынандай қызымет бабында жүргенде көз таныс тұрмақ, тіпті көкесін танымастай бол өзгеріп, сұстанып кетеді еken. Сөйтіп, әлгінде көз қысты, бармақ бастыға қалай жол берілді —

соның бәрін әп-сәтте ашып, жарылған түйенің қарнында жарқыратып, жайып салды.

Генералға телефон соккан кісі шынында да жалған айтпапты. Арак-шарап Бірлестігінен жиырма жәшік конъяқ, он бес жәшік шампан ұрланған бол шықты. «Қазақстан» ресторанына жүкке коса шұғыл жөнелтілген. Бірлестіктің койма менгерушісі бұны сезсе де сезбекен бол қала берген. Себебі, оған әмір берген сауда бөлімінің бастығы еді. Оның тілегін екі етіп, оған қарсы шығып бұған не көрініпти.

Бұл орайда вахтер де көз жұмбайлық жасаған. Жүк түелген машинаны тексермей қақпа есігін айқара ашып жөнелте салған. Шофер болса бұның бәрінен бейхабар секілді. «Жұкшілер қағазда көрсетілген жүкті ғана машинаға артады. Санап тиеген шығар дедім де машинамды от алдырып жүре бердім» дейді. Ал ресторан коймасының менгерушісі Марфуғаның да сөзі осыған сайды. «Машинамен жеткізілген жүкті бұл жолы салақтық жасап санағаным жоқ еді. Счет фактура бойынша түсірте салғам. Бір жағынан жұкшілерге де сеніп қалып ем. Басыма пәле боп жабысатынын мен кайдан білейін» деп кыбызықтайды.

Нұрмамбет салғаннан өзін суық ұстады. Жан баласын түс жылытып маңына онша көп жолатпады. Бірақ істі әділ шешті. Көз қысты, бармақ бастыға жол берген адамдардың бәрін қамауға алды. Тек вахтерге тимеді. Ол қақпа есігін ашып-жапқаннан басқа' не біледі деп ойлаған.

Калалық милиция қызыметкерлері жиналған таңертенгі жиын-кеңесте Нұрмамбет осы жәйті түгел баяндап шықты. Бұған байланысты басқа да жолдастар сөз сейлеп, ой-пікірлерін ортаға салған. Ертенгі жиын-кеңес қызу өткендей көрінді.

Жанболатовтың қорытынды сөзі қысқа болды.

— Халық мұлкіне қол сұғушы — сұғанақтармен күрес әлі де төмен. Коллективтермен байланысымыз жетім-

сіз. Койма қызметіне кадр алу — таныстықпен шешіледі. Алаяқтар, сottалғандар коймаға оғ-оңай басын сұға қояды. Коймадағы қызметкерлерді тексеріп шығуға тапсырма берілді. Талаптар койылды. Сонымен бірге қоймаға ревизия жүргізіндер. Қылмыс жасалған колективте жиын өткізіндер. Жасырманыздар. Іштерінде не бол жатқанын колектив білсін. Бізге көмектесетін де сол колектив,— деп отырғандарды жағалай шолып шықты.

\* \* \*

Пәтерден ұрланған дүние-мұлік жер жарығына түскен инедей ізім-ғайым жоғалып таптырмай кетті. Эдette ұрылар бұндай олжаларын базарға шығарып, құмырсқадай қаптап, иін тірескен жүрт арасынан өздеріне кепек адамдарын тауып, соларға өткізіп жіберер еді. Немесе жең ұшынан жалғасып ломбардқа тапсыруға тырысар еді. Осыны меже тұтқан Нұрмамбет қасына кісі ертіп, қарапайым киініп, базарды шарлаумен болды. Ломбардты да көзден таса қылмады, сырттай бақылауға алды. Бірақ оның бұл әрекетінен де бәрібір ештеме шықлады.

Нұрмамбет бірде Талғарға сүйт жүріп кетті. Бұл жердің де базарын аралап, електен бір өткізіп алушы ойлаған. Алайда шешуі қын жұмбақ жіптің ұшығынан ұстаймын-ау деген ой кеперінде жоқ-тын. Талғар тұрғындары оны үлкен олжаның үстінен дәп түсірген еді.

«Балалы үйдің ұрлығы жатпайды» демекші, қала тіршілігінде не болды, не қойды — соның бәрі мектеп оқушыларының назарынан тыс қалмайды еken, оны кім білген? Нұрмамбет ақыры осы оқушылардың арқасында ұрланған бағалы бүйымдарды арзан бағамен алған кісілердің ізіне түсті. Ұзамай оларды тапты да. Бірін емес, сұрастырып жүріп бәрін тапты.

Кезінде бұл әйелдер арзан бағамен дүние-мұлік қолға түсірдік деп іштей куанысқан болса, енді міне, жұм-

саған азын-аулақ шығынына жете алмай, қапы сорып сорлап отыр. Жандары қысылғанда машинаның тұртұсін, тіпті ТКО деген белгісі бар екенін де айнитпай айтып берді. Бірақ қанша ойласа да номерін еске түсіре алмады. Бұның өзі Нұрмагамбетке аз олжа емес-ті.

Астанаға қайта оралған ол қалалық милиция кезекшісіне бірден ат басын тіреді. Азын-аулақ жөн сурасып тұрды да:

— Белланы осында алып келіңіз,— деді.

Белла ішке кіргенде бөлме бұрышына жайғасқан үш кілемге, стол үстіне қойылған жүзік, сақина, сырғаларға көзі түсті. Өзінің үрланған заттары екенін бірден таныды.

— Асықпай қарап шығыңыз. Мына бүйымдарды танисыз ба?— деді лейтенант оның жүзіне сабырлы көз тоқтатып қарап.

— Танымағанда... Өз мұлкімді өзім танымай маған не көрініпті. Мына үлкен кілем менікі. Ал, қалған екі кілем менікі емес.

— Жүзік, сырғалар ше?

— Менікі.

— Бұларды кім үрлады деп ойлайсыз?

Белла қабағын сәл тыржитып ойланған болды.

— Шынымды айтсам, бұның кімнен келген зауал екенін білмей антарылып тұрмын. Тек Марфуғаның үйінде танысқан екі жігіт болмаса...

Белла Марфуғаның үйінде танысқан екі жігітті де, Красноярск қаласынан келген мейман қызды да тәптіштеп, қайталап айтып шықты. Нұрмагамбет Басаржанов пен Самғалиевтың суреттерін Белланың алдына елеусіз деу тастай салып еді. Белла суреттерді тарпа бас салды.

— Осылар... Марфуғаның үйінде болған осылар,— деді сенімді сөйлеуге тырысып.— Содан кайтып бұл екеуін кездестіре алмадым.

Нұрмагамбет келіншектің шын айтып отырғанын ұқты да кезекшіні шақырды.

— Енді ана сылқымды осында жеткізініз,— деді.

Милиционер бұрылып сыртқа шығып кетті де, іле Марфуғаны алып ішке қайта оралған. Екі көрші келіншек лейтенанттың жұмыс кабинетінде ойда жокта тоқайласып ұшырасып қалды. Екеуі де бүндай кездесуді күтпеген еді.

— Белла!— деп Марфуға оны көрген бойда айқайладап жіберді. Даусының қалай қатты шығып кеткенін өзі де андамай қалды. Көршісін жанына медет тұтты ма, ет жақынын көргендей шағынып қолымен бетін басып егіліп жылады. Белланың:

— Сәламатсыз ба?— деуге ғана шамасы келді. «Бұның не? Жылама!» деп жұбата алмады. Қасында қаққан қазықтай сілейіп тұрып қалған.

Нұрмағамбет Марфуғаны қарсысындағы орындыққа жақын отырғызды да жауап алуға көшті.

— Мына кісіні танисыз ба?— деді Белланы нұскап.

— Неге танымайын. Құдай қосқан көршім.

— Қөптен араласып, сыйласып келеміз,— деді Белла оны қоштаған сынай танытып.

— Мына бүйімнан түстегеніңіз бар ма?— деді Нұрмағамбет енді негізгі арнаға ойысып.

— Жок,— деді Марфуға шошынып.

— Ал, мыналардан танитыныңыз бар ма?— деді Нұрмағамбет бір топ суретті алдына жаймалап.

Марфуға бұл жолы да қасарыспады. Басаржанов пен Самғалиевтың кескінін топ суреттің ішінен бөлектелеп алды да:

— Мына екеуін танимын,— деп Нұрмағамбеттің өзіне қайыра ұсынды.— Бұлардың бір-екі рет кеп үйге қонып кеткені рас. Бірақ одан кейін төбе көрсеткен емес,— деп Марфуға өткендеңі жауабын және қайталады.

— Сыйға не берді?

— Не-е? Сыйға не беруші еді, көк соққандар,— деді Марфуға екі көзі шарасынан шыға жаздал.

«Да-а!— деді Нұрмағамбет артынша іштей құмыға

оіға шомып.»— Бұ қеліншек көше тентіреп тиын қуған кезбелерден не дәметсін. Өз байлығы өзіне жетіп артылыш жатыр емес пе».

— Шын айтып түрсөз ба?— деді қайта қадалып.

— Бір өтірігі жоқ.

— Өтірігіңіз шығып қап қейін өкіміп жүрменіз. Жалған айтқанының үшін де жауапқа тартылатынызызды білесіз бе?

— Білмегенде.— Марфуғаның жауабы сенімді естілді.

— Ендеше әңгімеліс осымен бітті.— Нұрмагамбет аппарат нүктесін басып кезекшіні шақырды.— Тұтқындарды алып кетініз.

«Тұтқындар» деген жалғыз ауыз сөзді естігенде екі келіншектің де иманы тас төбесіне бір-ак шықты. «Құрыдық... құрдымға кеттік!» деп екеуі де бір-біріне жаутандап жалт қарасты.

\* \* \*

Жедел құрылған ревизия құрамы іле іске кіріспі, қойманы шұғыл тексеріп шықты. Одан қырық бес мың сомның артық конъяғы табылды. Оны Алматы арақ-шарап заводы шығарғаны және анықталды. Марфуғаның үйін тінтігенде үш-төрт кілем, бірнеше бағалы киім шықты. Сейфінен он екі мың сом ақша табылды.

Бұны көргенде Нұрмагамбет ызадан сүмдүк жарылыш кете жаздады. Марфуғаның көше кезген екі кезбеке күнін неге салмағанын және үққандай болды. Үйі дүниеге тірелген бай келіншекке азын-аулақ сыйлық емес, бір түндік болса да көкірек отын басып, иін кандыратын апай төс еркек керек екен-ау деп ойлады. Өзінін одан өткенде жауап алғанда «үйіне қонған екі жігітten сыйлық алдың ба?» деп сұрағанына жаман намыстанды.

Кенет сыртқы есіктің қонырауы шылдырап Нұрмагамбет асығыс есікке үмтүлған. Марфуга да бірге ілесе

жүгірген еді. Бірақ үлгере алмады. Одан бұрын жеткен Нұрмамбет почташы қыздан «қандағы телеграмманы маған беріңіз» деп қолын соза берген.

Почташы қыз қапелімде өзінің қайда кеп, қандай күйге тап болғанын абдырап жәнді пайымдай алмады. Үй иесі жас келіншектің жаңынан түсі суық қызыл жағалы кісіні қөргенде өз-өзінен үрейленіп шошып кетті. Сасқанынан қолындағы телеграмманы қызыл жағалыға жалма-жан ұсына қойған.

Нұрмамбет жөн-жосықты билетін көзі қарасты жігіт еді. Қызын қолындағы екінші қағазға телеграмманы алдым деп қол қоюды да ұмытпады.

Телеграмма Красноярск қаласынан келіпті. Онда: «Шураны Жедел жәрдеммен кеп алып кетті... Сүйемін!» деп жазылған еді. Бұның мәнісін Марфуғадан сұрағанда, ол:

— Сонда тұратын құрбым болатын. Қөптен бері сырқат еді. Ақыры ауруханаға түсіпті ғой,— деді көкірегін ашы бір өкісік жайлағандай тыжырынып.

Нұрмамбет, бірақ, бұған сенбеді. Сендірмеген — «көптен бері сырқат еді» деген Марфуғаның өз сөзі болды. Нұрмамбет қала тірлігіне бір кісідей қанықтын. Ендеше қазіргі қала жастары қашан сүрініп жығылғандағана сүйретіліп ауруханаға бір-ақ баратын бұрынғының кісілері емес. Суық тиіл, сәл түшкірсе болды — екі қолын өкпесіне алып ауруханаға тұра жүгіреді. Ендеше Марфуғаның мына жауабына жол болсын. Сенейін бе, сенбейін бе? Шура өзі құралпы жас болса, өзі көптен бері сырқат болса, ауруның алдын алмай, осы уаққа шейін дәрігерге қаралмай жұмыс істеп жүргені ме? Жоқ, қазіргілердің қолынан ондай ерлік келмейді. Оның үстіне сол Шура кешеғана осында конак болып кеткен келіншек емес пе. Белла солай деген жоқ па еді. Олай болса бұнда бір гәп бар.

— Ауруханаға емес, мүмкін абақтыға түскен шығар.

Нұрмамбет келіншектің жүзіне жалт қараған және

қадала қараған. Марфуға ішімдегіні қалай оқып біліп койды дегендей сүмдүк таңырқады. Іле еріндері көгеріп, дір-дір етіп жыларман болды. Осы кезде өні де құлгін түстеніп қуарып бара жатқан.

\* \* \*

Серігінен айырылған Басаржанов айдалада сояу со-бықтай сопайып жалғыз қалғанын шын анғарды. Салы суға кеткендей сүйретіліп машинаға да әзер жайғасқан.

Машинаны бұрып, асфальт жолға түскесін Басаржановтың көнілі сәл көтеріле түскендей болды. Көкіре-гін тырмалаған запыран өксіктен бе, жоқ межелі жерге ертерек жетпек боп асықты ма, әйтеір газды үсті-үстіне берे түсті. Жалпақ тілінген қара таспадай данғыл ас-фальт жолмен женіл машина құс боп үшты. Бейне бір толқын тербegen теңіз бетімен сырғып келе жатқандай сезінді. Машина кейде көтеріліп, кейде лықсып төмен түсіп жер бауырлай жүйткіді. Осынау ұланғайыр кең даладан баар тау, басар жері қалмаған Жасыбек сондайда машина аударылып көнеттен жазым боп кетсем деп те армандайды. Оған себеп те жоқ емес-ті. «Өмір мәні — машина мініп, данғыл жолмен жұлдыздай ағуда ма? — деді құмыға ойға шомып.— Ендеше машинаға да қолым жетті. Рас, адал еңбек, мәндай термен емес. Үр-лық-қарлық жолмен жетті. Бірақ сол машина мені үш-паққа шығарды ма? Жоқ! Өмір мәні — қойның мен қо-нышын толған бума-бума ақша ма? Оған да қолым жетті. Бірақ ол ақша кесегемді көгерпті ме? Жоқ! Қайта сол мол олжа соныма қуғыншы боп түсіп, астымдағы машина ажалыма ертерек алып қашқан пырак боп зау-лап, өзімді тықсырып келе жаткан жоқ па?!» Жасыбек осыны ойлағанда бұлығып жылағысы келді. Бірақ жы-лай алмады. Ең болмаса ет пен сүйектен жаралған кісі құспап та жылай алмадым-ау деп қамырықты.

Көнет «балам, ұлым» деп өзіне қарай құшақ жая үм-

тылған анасының мұскінді бейнесі елестеді. Сол кезде машинаның жылдамдығын баяулата түсті. Катты жүрсе жол бойында өзін зарыға тосқан аяулы анасын андаусызда қағып кетердей сезінген еді. Жасыбек сәлден сон одан әрі жүре алмады. Машинасын жол бойында кезіккен бір аланкайға бұрып кілт тоқтатқан.

Әдетте қандай қаныпезер де сарсылып, сансырап тығырыққа тірелгенде алдымен анасын еске алатын сияқты. Жасыбек те сондай күй кешті. Түнімен анасын ойлап дөңбекшіп жөнді ұйықтай алмай шыкты.

Анасы қазір бұның кайда жүргенін білмейді. Білсе — жүрегін құс етіп ұшып, лезде жетер еді. Амал не? Енді кеш... Бақса, бұл аناсына қуаныш бол келменті, кайта сорына жаратылыпты. Жасыбектің жүрген өмір жолы қандай қырышты болса, соның бәрі анасының жүзіне айна-катесіз өрмекшінін торындаі бол көше берген, көше берген... Жасыбектің көкірегін өксік қысты. Бірақ тағы да жылай алмады. Ол сүмдүк кабартып өзін бір сыйады да, машинаны от алдырып тез жүріп кетті. Ашу-ызыасын солай баспақ болды.

Қалаға кіріп, талай көшени артқа тастап, орталық ресторанның жанына тоқтаған Жасыбек жедел тамактанып алуды ойлады. Жерге түсіп машинаның шаң басқан терезелерін құрғак шүбереклен сүрткен болып, алдымен айналға көз тастаған. Сол кезде қолында ала таяғы бар сержант өзіне карай жүргені. Жасыбек абыржып сыр білдіріп алмауға тырысты. Бойының дірілін күшпен басып, терезе сүрткен шүберекті кабина ішіне тастай салған. Сержант он қолын шекесіне тақап, құрмет көрсетіп:

— Біреуге келіп пе едініз? — деп жөн сұрады. — Соған орай Жасыбек те байсалды жауап беруге тырысты.

— Жоқ, тамақтанып алайын деп едім. Талдықорғаннан таң сәріде шығып, оразамызды ашуға мұрша болмап еді. Шефті министерствога жедел шақыртқан екен... Содан асығып жеткен бетіміз осы ғой. Шеф министерст-

шога кіріп кеткенде мен қарап тұрайын ба деп машина-  
ның осында бұра қойдым,— деді жорта күлген болып.

Сержант Жасыбектің сөзіне қапысыз сенді.

— Оnda машинаны ресторанның ана жақ сыртына  
көй,— деп қонақ үйдің күнгей жағына қол сілтеді.

Бұған Жасыбек те онша қарсылық білдірмеді. Қайта  
ракмет айтып, машинаны бұрып әкеп сержант нұсқаған  
түсқа қойды. Сосын ресторан ішіне кіріп жеңіл-желпі  
шамақтанып алды да, бұл маңнан қарасын батырып тез  
тәйп тұрды.

Бірак кайда барады? Жасыбекте әуелі кешке дейін  
оғас сұғып панарай тұратын күйс бар ма. Қанатын кен  
жайған іргелі қалада ат басын тіреятін жалғыз Марфу-  
штың үйі бар еді. Оның да есігі мәңгі жабылып қапты.  
Есігіне дәу кара құлып салынып, иесі қылмысты бол-  
ғұрмеде тұнеріп отыр. Мана жолай соққанда көрші-ко-  
шандарынан естіген алғашқы әңгімесі осы еді. Содан  
кейін бұл алды-артына қарамай табанын жалтыратып  
тәйп тұрған. Енді ол үйдің есігінен сығалау былай тұр-  
ған тіпті маңынан журуге бөлмайды. Оnda оп-онай как-  
шаша түседі. Білдің бе? Қакпанға түседі...

Машинаны ресторан жаңына қалдырған Жасыбек  
бұдан соң ойланып бас катырып жатпай бірден киім  
түкеніне тартқан. Асықпай аралап жүріп өзіне керегін  
түтеп алды. Үсті-басын бүтіндей жаңалап сыйайып киін-  
ди. Ескі-кұсқысын қағазға орап, белінен жаман жіппен  
шір байлап, жұрт көзінен таса ұрнаға атып жіберді де,  
түк білмеген, түк сезбеген кісі құсан ілгері кете барған.

Қалтасына басқан мол қаржының буы Жасыбектің  
тойын билеп, еліктіріп әлдеқайда бастап алып бара-  
нитты. Ой-түйіні — қыз-келіншекпен танысуды көздеді.  
Четте, ондайлардың көздері қырағы бола ма, қалай?  
Жасыбек көше кезіп табанынан онша кеп таусыла қой-  
мады. Қөзі жәудіреген бір жас қыз колға үйренген мы-  
сектай тісін ақсита күліп кеп қолтығына өзі сұңғіп кет-  
ті. Қергіген қырқылжың қыздарға ұқсан есімін де жа-

тылған анасының мұскінді бейнесі елестеді. Сол кезде машинаның жылдамдығын баяулата түсті. Катты жүрсе жол бойында өзін зарыға тосқан аяулы анасын андаусызда қағып кетердей сезінген еді. Жасыбек сәлден сон одан әрі жүре алмады. Машинасын жол бойында кезіккен бір алаңкайға бұрып кілт тоқтатқан.

Әдette қандай қаныпезер де сарсылып, сансырап тығырыққа тірелгенде алдымен анасын еске алатын сияқты. Жасыбек те сондай күй кешті. Түнімен анасын ойлап дөңбекшіп жөнді үйыктай алмай шыкты.

Анасы қазір бұның қайда жүргенін білмейді. Білсе — жүрегін құс етіп үшып, лезде жетер еді. Амал не? Енді кеш... Бакса, бұл анасына куаныш бол келменті, қайта сорына жаратылыпты. Жасыбектің жүрген өмір жолы қандай қыыр-шиыр болса, соның бәрі анасының жүзіне айна-катесіз өрмекшінің торындар болпап көшесе берген, көшесе берген... Жасыбектің көкірегін өксік қысты. Бірақ тағы да жылай алмады. Ол сүмдүк қабартып өзін бір сыйбады да, машинаны от алдырып тез жүріп кетті. Ашу-ызасын солай баспақ болды.

Калаға кіріп, талай көшени артқа тастап, орталық ресторанның жаңына тоқтаған Жасыбек жедел тамақтанып алуды ойлады. Жерге түсіп машинаның шаң басқан терезелерін құрғақ шүберекпен сүрткен болып, алдымен айналага көз тастаған. Сол кезде қолында ала таяғы бар сержант өзіне қарай жүргені. Жасыбек абыржып сыр білдіріп алмауға тырысты. Бойының дірілін күшпен басып, терезе сүрткен шүберекті кабина ішіне тастай салған. Сержант он қолын шекесіне тақап, құрмет көрсетіп:

— Біреуге келіп пе едініз? — деп жөн сұрады. — Соған орай Жасыбек те байсалды жауап беруге тырысты.

— Жоқ, тамақтанып алайын деп едім. Талдықорғаннан таң сәріде шығып, оразамызды ашуға мұрша болмап еді. Шефті министерствога жедел шакыртқан екен... Содан асығып жеткен бетіміз осы ғой. Шеф министерст-

нога кіріп кеткенде мен қарап тұрайын ба деп машинашы осында бұра қойдым,— деді жорта құлғен болып.

Сержант Жасыбектің сөзіне қапысыз сенді.

— Онда машинаны ресторанның ана жақ сыртына кой,— деп қонақ үйдің құнгей жағына қол сілтеді.

Бұған Жасыбек те онша қарсылық білдірмеді. Қайта риңмет айтып, машинаны бұрып әкеп сержант нұсқаған ғұска қойды. Сосын ресторан ішіне кіріп жеңіл-желпі ғимактанып алды да, бұл маңнан қарасын батырып тез айып тұрды.

Бірак қайда барады? Жасыбекте әуелі кешке дейін бас сұғып панаңай тұратын қуыс бар ма. Қанатын кең жайған іргелі қалада ат басын тіреятін жалғыз Марфунаның үйі бар еді. Оның да есігі мәнгі жабылып қапты. Есігіне дәу қара құлып салынып, иесі қылмысты болғурмеле тұнеріп отыр. Мана жолай соққанда көрші-қоңидарынан естіген алғашқы әнгімесі осы еді. Содан кейін бұл алды-артына қарамай табанын жалтыратып тайып тұрған. Енді ол үйдің есігінен сығалау былай тұрғани тіпті маңынан жүруге болмайды. Онда оп-онай қақшынға түседі. Білдін бе? Қакпанға түседі...

Машинаны ресторан жаңына қалдырған Жасыбек бұдан соң ойланып бас қатырып жатпай бірден киім түккеніне тартқан. Асықпай аралап жүріп өзіне керегін үткел алды. Үсті-басын бүтіндей жаңалап сықайып киін... Есікі-құскысын қағазға орап, белінен жаман жіппен бір байлап, жұрт көзінен таса ұрнаға атып жіберді де, түк білмеген, түк сезбеген кісі құсан ілгері кете барған.

Калтасына басқан мол қаржының буы Жасыбектің бойын билеп, еліктіріп әлдекайда бастап алып бара батты. Ой-түйіні — қыз-келіншекпен танысады көздеді. Әйтте, ондайлардың көздері қырағы бола ма, қалай? Жасыбек көше кезіп табанынан онша көп таусыла қоймады. Көзі жәудіреген бір жас қыз қолға үйренген мысқтай тісін аксита күліп кеп қолтығына өзі сұнгіп кетті. Кергіген қырқылжың қыздарға ұқсан есімін де жа-

сырмады. «Жанна» деп бірден жылы алақанын ұсынған. Жасыбектің күткені де сол еді. «Жан-на... жаным менин... Аңсаған арманым өзің едің» деп желімдей жабысты. Алғашқы таныстырымыздың күесі болсын деп дүкенге ертіп барып құлағына алтын сырға тақты, саусағына гауһар жүзік салды. Бұдан кейін қызда мүлде ес қалмады. Жетекке үйренген жас бота құсап Жасыбек кайда сүйресе сонда қаңғалақ қағып еріп кете беретін болды. Одан ажыраса — мол қазына-байлықтан көз жазып қалатындей сезінді.

Кешкісін екеуі музыка тыңдалап, би билеп, аздап шарал ішіп, көңіл көтеруге ресторанға келген. Қалтасына сенген Жасыбек бұл жолы да тартынбады. Жомарттықты — жігіттік, мәрттік деп бағалап үйренген қыздың алдында өзін және көрсетіп қалмақ бол заказды да барынша молынан берген.

Бұл кезде ресторан жанынан бейғам өтіп бара жатқан Нұрмағамбеттің көзі кенет нөмері ТКО-дан басталған «Жигулиге» түсе кетсін. Алғашқыда өз көзіне өзі сенбей едәуір танырқай қараған. Сәлден соң өзінің сабылып іздел жүрген машинасы екенін танып, қасына ебіл-дебіл бол жетіп барған. Сол. Соның дәл өзі. Отken жетіде Талдықорғанға барып, ондағы ТКО-дан басталатын машинаны сараптан өткізіп, қанша әуре-сарсаңға түсіп, арамтер болмады.

Нұрмағамбет темекі алмақ бол жорта ішке кірген. Іздеген адамын да бірден тапты. Залдың онаша, шетіне таман қойылған стол басында бір қызыбен шарал ішіп, көнілді отыр екен. Көзіне жылы ұшырап оттай басылды.

Ол шүғыл бұрылып тыска шықты. Жай-жапсарды түсіндіріп, дереу милицияға телефон сокты. Косямша көмек шакырды.

Нұрмағамбет жырынды пәледен көз жазып қалмайын деп іле ішке кірді де бос орынға жайғасып, женіл-желпі заказ бере бастады. Сөйтіп, ресторанға кеп тамактанып отырған бейсауат кісі бола қалды. Жолым болгай деп

бір рюмканы даяшы алып келген бойда іркілмей таңдайына тастап жіберген. Бірақ екі көзін Басаржанов отырған тұстан айырмады. Оған тура қарамаса да кез күнығымен сакшыдай бағып отырған.

Сәлден соң музыка ойнады. Нұрмамбет орнынан ұрып екеуіне беттеді. Жігітке қыр көрсеткендегі сес танытып, қызға күлімсірей қарап, жылы ілтипатпен оны биге шақырған. Жанна мығым денелі, келбетті жігіттің меселін қайтарғысы келмей ыңғайына көніп орнынан ұра берген. Артынша өзін осында ертіп келген Жасыбектің: «Отыр, билемейсің бұнымен» деген өктем даусын естіп, шошына орнына қайта қонжиған. Нұрмамбет бұл сәтті де капы жібермей пайдалана білді. Масандая қісінің сыңайын андатып, қызды қолынан тартып биге сүйрелей жөнелген. Бұған жыны қозған Жасыбектің екі көзі қанға толып, ұшып түрегеп Нұрмамбетке тура үмтүлған. Жеткен бойда жағасынан ала түссін. Сөйтіп үмар-жұмар алыс-жұлыс басталды да кетті. Даяшылар:

— Мили-ция!

— Ойбай, жүгір. Мили-цияға! — деп дауыстап үлгергенше екі-үш милиция сау етіп ішке кіріп келді. Бірақ Жасыбек Нұрмамбетпен жағаласып жүріп оларды байкамады. Екі беті нарт боп жанып әбден бөртігіп алған еді. Колы артына қайрылып, кісенделгенде барып есін бір-ақ жиған.

— Колымды кісендемесендер де болатын еді. Мен озім бүгінгі түннен кейін бармақ едім милицияға. Мына сұлумен коштасқасын,— деп ол торға түскен торғайдай жалтақтап тұрган Жаннага қарады.

— Машинаның кілті қайда?

— Шалбарымның оң қалтасында.

— Документі қайда?

— Иесінде.

— Иесі сіз емессіз бе?

— Жоқ. Мен ұрымын. Басаржановлын, Самғалиев-тың серігі.

— Біз сізді танығасын тұтқындаң тұрмыз,— деді орта бойлы толықша келген қызыл шырайлы жігіт.— Қолға түспеймін деп ойладын ғой, э.

— Мен сізді бірінші рет көріп тұрмын. Сіз мені қайдан танып тұрсыз?— деді тұтқын лейтенантқа.

— Мен сенімен ертеден таныспын. Қунде бірге жүреміз. Наңбасаң қара,— деп қалтасынан суретін алып, оның көз алдына тосты.

— Енді сендім. Нағыз қырағы жігіт екенсіз. Мен өзім де үйренген орныма бармак болып дайындалып едім, тұрмеге ерте отырсаң ерте шығатынымды білемін. Кезінде қолым тимей қалды. Қунде сайран-сауық болып, кешігіңкіреп қалдым,— деп Басаржанов өкінішін айтты.

Касында тұрған Жаннаның үрейі ұшты. Екі көзі шарасынан шығып бара жатты. Қеткісі келіп қыбыжықтай бастап еді.

— Ешқайда кетпеңіз? Бірге ала кетеміз,— деді аға лейтенант жуан дауыспен Жаннаға түйіле қарап.

Сержант Ұзатбек Кенжетаев машинаның роліне отырды. Жанна бұл жолы Ұзатбектің қасында. Тұтқын мен лейтенант артқы салонда. Женіл машина үлкен көшемен заулап келе жатты. Сәлден соң межелі жерге жетіп олар жерге түсті.

— Бастық өзінде ме?— деді лейтенант кезекшіден.

— Өзінде.

Лейтенант есік ашып, Басаржанов пен Жаннаны алға өткізіп жіберіп, соңынан өзі кірді.

— Эй, жігітім! Мыналарың кім?— деп таңданып, Совет орындығынан түрегеле берген.

— Танымадыңыз ба, жолдас капитан?— деп лейтенант жымиды.

— Ой, мынауың Басаржанов па?— деп Совет столының үстіндегі фотага үнілді.

— Солай, жолдас капитан. Мен Басаржановтың дәл өзімін.

— Самғалиев қайда?

- Өлді.
- Сен өлтірдің бе?
- Жок. Суға кетіп жазым болды.
- Өтірік.
- Сенсесіз де, сенбесеніз де солай. Міне, бәрі мына блокнотта жазылған,— деді қалтасындағы блокнотты корсетіп.
- Экел бері.— Басаржанов қалтасынан блокнотты алғып капитанға ұсынды. Капитан ішін ашып оқып көз жүгіртіп шықты. Сонын лейтенантқа жадырай бұрылышып:— Жарайсын, Нұрмамбет Ілиясович. Жарайсын. Қанша сандалдық бұл сұмырайды іздеп. Кауіпті қылмыскерді қақпаныңа түсіргеніне алғыс айтамын. Ал мынауын кім?
- Кім білсін. Эйтеуір осынын қасында жүр екен...
- Атыңыз кім, қарағым?
- Жанна Ақназарова.
- Екеуін де қама.— Бұйрық келте болды.

\* \* \*

Елуге иек артып қалған Петров тұңғыш рет сот үйіне келе жатыр. Экесі Орал өлкесіндегі белгілі чекистердің бірі еді. Анасы Әмір бойы мұғалім бол еңбек етіп, бала-ларды тәрбиеледі. Жан дегенде жалғыз ұлына әкеннің жолына тұс деді. «Әкеден ұл туса, әке жолын қуса» деп баласын қанаттандырыды. Бала кезінде әкесінің әскери күйімдерін киіп, айнадай жарқыраған жел түймелеріне сүйсіне қарап: «Мен дे сендей болсам»,— деп армандастын. Кейін Алматыдағы офицерлер дайындастын училищені үздік бітіріп, жасыл пагонға лейтенант белгісін такты. Ел сүйсіне қарайтын, ел мақтанышы жасыл фурражкелі шекара офицері болып ұядан ұшты. Отанымыздың Киыр Шығыс шекарасында қызмет істеді. Жапон мен Қытай елдерімен шектескен шекара. Атакты Амур озені. Белгілі «Амур толқыны» вальсін жырлаған шек-

ара. Дәл осы шекарада жиырма бес жыл өмір өткізді...

Қылмысты Петров ісі бойынша келгендер кішкене залға кірді. Алда биік ұзын стол, үш үлкен, биік мәнерлі арқалы орындық. Үшеуіне үш судья отырады.

Петров айыптаушы. Қоршаулы орында отыр...

— Тұрындар, сот келе жатыр! — деді сұнғактау ак-сары қыз. Үстіне киген сарғыш шифон көйлегі сұлу қызыды нұрландыра түскен. Үлкен орындыққа үшеу орналас-ты. Ортасында қалың қара шашын артына келістіре қайырған, дөңгелек қара көзді, қара торы қазақ әйелі сабырмен манғаздана отырды.

Залдағылар да отырды.

Сот тергеуі басталды.

— Бекербековты сол жақ қеудеден атқан сізсіз бе? — деп сұрады судья.

— Мен. Мен аттым.

— Өзінізді кінәлі деп санайсыз ба? Кінәнізді толық мойындайсыз ба?

— Атқан мен, жараланған ол,— деді Петров сасқа-лақтап. «Кінә» деген сөзді айта алмады.

— Кінәнізді толық мойындайсыз ба? — деді судья сұ-ракты қайталап.

— Кінә деген сөзді түсінбей тұрмын,— деді мандай терін орамалмен сұртіп... — Мойындамаймын. Атуын ат-сам да, кінәм жок, себебі мен оны атайын деп әдейі ат-каным жок.

...Кассаға шабуыл жасалды деген хабар алдық. Үш жігіт инкассатордың пистолетін тартып алып қашқан, дейді. Сол кезде мылтық атылды.

— Неге тұрсындар! Өлтірді ғой,— деп айғайлады. Лап қойып жүгіре жөнелдік. Алдында қоныр костюм киген майор. Ағаш-ағашты тасалай бетке ұстап мылтық дауысы шыққан жаққа ұшып барамыз. Қабынан тапан-шамды сурып алып, майордың соынан келемін. Қарсы алдымыздыға гараждардың арасынан бір жас жігіт жү-гіре шығып, бетпе-бет келіп қалған майорды тобықтан

қағып үшірып түсірді. Қызу үстінде мен оны атып салдым. Себебі, артына ұстап тұрған он қолында қару бар болатын.

— Бекербековте қару жоқ кой,— деді судья Бибіш Айсарбековна Петровтың жүзіне ойланған карат.

— Ол оқ атылған жақтан жүгіріп шықты да, майорды кенеттеп қағып түсіріп, он қолын артына жасыра койды. Мүмкін содан қолында қаруы бар деп ойлаған шығармын. Майорға қауіп төнгендей сезіп, асығыстық жасағаным рас.

Бекербековтен жауап алғанда:

— Мен инкассаторға шабуыл жасаған жоқпын. Пистолетті тартып алған мен емес. Кім екенін білмеймін,— деп қасарысты.

Залдағылар демін іштеріне тартып, судьяға қадалып қалыпты. Барлық көздер кара сұр келіншекті тесіп барады.

— Кошқарды құдай үрғанда, койшының таяғына сүйкенер,— деп залда отырған шоқша сақалды, ақ бас қара пұшық шал орнынан ыргала қозғалып койды.

Күә майор Хамзин де Петровтың сөзін растады.

— Бекербеков тасадан шыға келіп мені кенеттеп тоғықтан қағып түсірді. «Не істер екен» деп тапаншамды лайындал қарай бергенімде оқ атылды. Оқ атқан Петров скен. Ол менен бұрын қаракет жасамағанда бәрібір Бекербековты сол сәтте менің атып жіберуім ғажап емессті,— деді Хамзин қабағын түйіп.

— Бұдан да өліп кеткенім жақсы еді,— деді Бекербеков тынысын ауыр алып.

Келесі мезетте инкассатор машинасының шофері Бақыт Бейсенов сәйлемеген еді.

— Почтадан ақша алуға келдік. Ақшаны кассадан алып шығып машинаға отыра бергенде үш адам тап берді. Мен рульде едім. Сол жағымнан салып кеп жіберіп, машинадан итеріп тастан пистолетімді жұлып ала қашты. Анау екеуінің қолы ақшаға жетпеді. Машинада

отырған қос қарулы адамға батылдары барып шабуыл жасай алмаған. Сосын қаша жөнелген. Пистолетті тартып ап қашқан жігіт бұдан гөрі сұнғакты, арықша келген, беті сопақтау жігіт. Маған жақындағанда түрткүсін анық көрдім.

— Бекербеков рас па?

— Жоқ.

— Тапаншаны кім алды?

— Білмеймін, мән алғаным жоқ.

Қалған екі инкассаторлар да Бейсеновтың жауабын қоштады.

— Үшеудің біреуі сізсіз ғой,— деді Бибіш Айсарбековна Бекербековқа көздерін қадап.

— Мен, мен, меммін...

Зал ішін қара бұлт кайтадан торлады. Бірі — коғам мұддесін қорғап, ауыр қылмыстыны атып жарапаған офицер-чекист, қырағы азамат. Тағдырдың жазғанына қөндім деп иығы салбырап, мөлиіп отыр. Екіншісі — халық мұддесіне қол сұғуышы, түрмеден түрмеге түсіп жүрген, жүрек айнтар азғын-жәбірленуші азамат.

Заң бойынша екеуі де тең праволы, екеуі де заңға жүгінеді. Сотталуши — кінәлі емеспін,— дейді. Жәбірленуші «меңі атты» дейді. Кінәлідөн ауыр жаза күтіп отыр... Оның бұл — сенімді үміті... Қарусыз адамды тапа-тал түстө неге атады?!

Сот құрамы үкім шығаруға кеңесші бөлмеге кетті. Кеңесші бөлмеде сот мәжіліс басталды. Тексеру, зерттеу, талдау, қайта-қайта салмақтап, саралау жұмыстары жүйелі талданды. Бекербеков тобы не істеді? Коғамға пайды ма? Зиян ба? Петров не кимыл жасады? Не үшін жасады? Петровтың әрекеті — Хамзинді қорғаудан туған. Ал Бекербековтің істеп отырғаны жеке басының қамы. Қім-қімнің мұддесін қорғап түр? Үш судья болған істі басынан қайта талдады.

Сот құрамы залға оралып, демдерін іштеріне жұтып халыққа үкім оқи бастады...

Қазақтың Советтік Социалистік Республикасы атынан,— деп әр сөзін ашық оқыған судьяның даусы Петровтың құлағын жарып жібере жаздады. Әңгелек жасыл көзі судьяның қара көздерімен тоғыса кеткенде, қидағыны қалт жібермейтін қырағы көз төмен қарады... Жүргегі алып үшты... Электр тогы соққандай, құлағы керен болды да қалды. Түк естімеді...

— Құттықтаймын,— деп жолдасы Бейсенов оң қолын алғанда ғана өзіне өзі келді.

— Не болды? Неше жыл?

— Ақтады. Ақтап жіберді.

— Қалай ақтады?— деп Петров басын ұстап жүресінен отыра кетті.

— Кінәсіз деп тапты. Корғаныс кезінде шүғыл және қажетті жағдайдан туған әрекет деді. Міне, солай, достым!— деді жолдасы мән-жайды түсіндіріп.

...Генерал Жанболатов «кассаға шабуыл жасаушылар тобы Самғалиевтан басқасы түгел тұтқындалды. Істері сотқа тапсырылды»,— деп қалалық партия комитетінің бірінші секретары Тауке Нұрғалиевичке баяндағы.

— Самғалиев қайда? Әлі қашып жүр ме?— деп сұрады секретарь.

— Самғалиев өзін-өзі жазалаған. Суға кетіп өлген. «Еліме, халқыма пайда келтірmedім, кесел болдым. Түрмеде өткізген өмірден, өлгенім артық»,— деп хат жазып, Тентек өзені бойында суға кетіп өлген.

— Рас па? Тұлкі құйрыққа салып жүрген жоқ па?— деп Тауке Нұрғалиевич сенімсіздік білдірді.— Самғалиев сияқтыларға сену қыны.

— Рас, қабірін ашып анықтадық.

— Жақсы! Өлу де ерлік. Өзін-өзі әділ жазалай білген. Ақылға кеш келген, кеш келсе де, әділ келген,— деп Тауке Нұрғалиевич генералға қарады. Сосын:— Ашылмаған қылмыс болмау керек,— деп генералға ескертпе жасады... Қылмыс жасаған адам милицияның қармағынан, үзын бұғалығынан босанып жүрмесін!...

## АЙКЕНЖЕ АПАЙ

Тас төбеден наизадай шаншылып түрған күн көзі жер бетін шыжырып барады. Аспан астында бір шөкім ақша бұлт жүзіп жүр. Сәл гана пердесін жайып, күн көзін көлегейлесе сонау далада шөп шауып жүрген пішеншілердің жаны аздап болса да сая табар еді.

Қайың мен терегі аралас ұзын шокты жиектеп өтетін жіңішке жолмен біздін машина ұшқан құстай зымырап келеді. Біздін де тандайымыз кеуіп, алдымыздағы ауылға, ондағы тіл үйірген сары қымызға тезірек жетсек деп ынтығамыз.

Ағаштан шығып, дөнге көтерілгенде алдымыздан ұзыннан-ұзак созылып барып, солға қарай бұралаң тартқан село көрінді.

Селоға «Бес көрік» деп аталатын жағынан кіріп, шағын ағаш үйдін алдына келіп тоқтадық.

Есік алдында ак қайың дөңбегінің үстінде жуынып отырған Бүркіт қарт өз үйіне тұмсық тіреген машинаны көріп, бетін сулы колымен екі рет сипады да, орнынан ауырлау түрді. Балуан денелі, ер мұрынды, қараторы қарт әскери адамдай өзін тік үстап, колын көз алдына көлеңкелеп, «бұл кім» дегендей тандана қарады.

— Ассалау мағалейкүм!

— Ұағалейкүм мәссаләм.

Осылайша қысқаша ғана амандықтан соң үйге кірдік.

Бұркіттің зайды орта бойлы, толықша көлгөн, ақ-күба әйел Құләсін де бізді құрметтей қарсы алды.

— Құләсін, тездетіп қымызынды әкел, балалар сусап қалған шығар. Мына күн бүгін күйдіріп түр ғой,— деді қарт самауыр қояйын деп оңтайланған бәйбішесіне.

Кішкене ағаш үй бір бөлмелі болса да, ұқыпты жиналған, іші жаңға жайлы. Есіктен кіріп келгенде он жақта кереует, оның үстінде жинақы қондырылған төсек-орын. Сол жақтағы үлкен орыс пешіне қазандық орнына темір плитка орналасқан. Сол жақ қабыргада буфетте ыдыс-аяқ та, одан жоғары кітап қоятын үлкен шкаф іші лық толы. Төрдегі көк көрпе үстінде ақ сәтенмен тысталған мамық жастық. Жастықтың жаңында Абайдың екінші томы жатыр. Сырланбаған еден пышақ-пен қырып жуғандай аппак.

Үй-ішіне көз жіберіп тағы бір шолып өткенде алпыстың алтауынан асқан осы бір көңілі зерек карттың басты байлығы — кітап екен деп түйдік. Оның ішінде біздің қазак, орыс жазушылары ғана емес, әлемдік әдебиет кайраткерлерінің де небір асыл мұралары бар.

Бұркіт осы Преснов ауданы Архан МТС-ына карайтын Арқалық колхозы құрылған күннен бастап колхозда ұсталық құрған. Ауылдың күн батыс жағындағы ойдағы қамысты көл шетінде кішкене сарайшық бар. Ол — Бұкенің ұстаханасы. Жөндөлуге тиісті соқа-саймандың бәрі осы Бұкенің қолынан өтіп жатады.

Ер тұлғалы Бұкенің салалы саусақтары музыканттың саусақтарындағы темірдің үшінде білген. Балуан тұлғалы, жамбасы жерге тимеген Бұкен кешегі соғыстың ауыр жылдарында колхозда үлкен тұлға болды. Замандасына басшы, қыз-әйелдерге, бала-шағаларға өнеге-үлгі, ақылшы ата болды. Ол ел құрметтеп, ел сыйлаған — Бұкен. Қажырлы еңбектің иесі, әрі шеберлігімен сый-құрметке бөленген Тобаяқтың Бұркітінің үйі бізге ауылдағы білім бұлағының кайнарындағы көрінді.

— Ақсақал, осы кітаптың бәрін өзініз жинап жүрсіз бе?

— Менің Қайырке деген балам бар, білетін де шығарсың, осы маңың жігіті болсан.

— Естуім бар, бірақ көрген емеспін,— деді шофер жігіт.

— Соның жинаған қазынасы ғой. Ол мына Николаевка селосындағы он жылдықта қазақ тілі мен әдебистінен сабак берген. Қазір Қостанай облысындағы Рудный қаласында Соколов-Сарыбайда жұмыста. Жер қазатын алып машина бар дейді, бірақ әлі өзім көрген емеспін, балам соны жүргізетін көрінеді.

— Онда экскаваторщик екен ғой,— деп шофер нақтылап қойды.

— Иә, иә, сол. Оған барғалы да үш-төрт жыл бол қалды.

Бүкен қасында жатқан Абайдың томын қолына алып, көзіне қара мүйіз көзілдірігін киіп, кітаптың беттерін аша бастады. Аздан соң:

— Абайды өздерің де оқып жүрсіндер ғой, шырактарым. Бұ қүнде сендердің бәрің де біздей емес, жаппай жақсы сауатты болдындар. Біздің жас кезімізде мұндай кітапты көзіміз де көрген жок.

Түспеді ер жеткен соң уысума,  
Колымды мезгілінен кеш сермедім,—

деп Абай айтқандай шашыма ақ кіре бастағанда ғана хат таныдым, ептең кітап окуды үйрендім. Қештеу болса да соны үйренгенімнің өзі мұндай абзал болар ма. Осы күндері мынау түрған мол кітапты ермек үшін емес, білім үшін, білу үшін оқып, жаным рахаттанып отырады. Бір өзім емес, бәйбішем Құләсін, мынау Төлепберген, Әбілмәжін, Дүйсенбі сияқты өзімнің замандастарым да қазір менімен бірге осы данышпандардың ақылышынан сауат алып жүр. Міне, солай, шырактарым.

Мұнан соң әңгіме арнасы Сәбиттің «Мәлдір махабба-

тына» ойысып барып, кітап туралы әнгіме осымен дөға-  
рылғандай еді. Бүкен карт аз ойланып отырып, сөзін та-  
ғы сабактады.

— Біздің Совет өкімсті ғана әйелді ерекпен тең етіп,  
кісі қатарына қосты емес пе. Бұрын «қыздың құны —  
қырық тоғыз қара», «әйелдің шашы ұзын, ақылы қыс-  
ка» деп көкітін еді ғой. Сол кезде талай Бәтестер кор  
болып, малға сатылды-ау! Егер тындасандар, мен сен-  
дерге Айкенже деген балуан апамыз туралы бір қыска  
әнгіме айтып берейін.

— Тындағанда кандай, айтыныз, Бүке.

Бүкен малдасын құрып отырған күйі орнынан бір  
қозғалды да, әндептетін адамша тамағын кенеп алды.  
Сосын күреске түсетіндей білегін сыйбанып койды.

— Біздің ауылды Бескөрік аулы деп атаушы еді сол  
кезде. Бескөрік аулы атануының себебі бар. Жанұзак  
деген үрім-бұтақты кісіден Тұрлыбай, Тобаяқ, Тұрғын-  
бай, Дүйсеке және Дүйсенбек деген бес бала болған-ды.  
Олардың қай-қайсысы да өнерсіз болмапты. Бірі — зер-  
гер, екіншісі — етікші, үшіншісі — көрікші, төртіншісі —  
ағаштан түйін түйетін, кілен шеберлер болған. Бәрі де  
әздерінің адал еңбектерімен құн көрген адамдар екен.  
«Төртеу түгел болса тәбедегіні алады» демекші, бұл  
ағайынды бесеуі өзара ынтымакта, береке-бірлікте өт-  
кен дейді. Содан болу керек, кезінде бұларды манайдары  
елдің атқа мінерлері де басына алмапты. Сол кезде бо-  
лыс болып тұрған Байқуаныштың өзі де жаңағы Бескө-  
рік деп аталатын бес шебердің өнері мен еңбегіне тәнті  
болған. Сол кезде Шарбақбай деген кісі болған екен.  
Оның ұлдарын айтпағанда, Айкенже деген бір балуан  
қызы болған. Айкенже әрі депелі, кесек келген үлкен  
караторы көркемше әйел еді. Марқұм осы мынау үйде  
тұрды,— деп қарсыдағы үйді терезеден нұскады.— Құні  
кеше, Отан соғысынан кейін қайтты. Өзі екі иығына екі  
жігіт отырғандай. Айкенже күреске де түскен. Қарулы  
деген жігіттерінді қанбақтай үйіріп, допша лактыратын

еді. Өмірінде жауырыны жерге тимей өткен әйел. Бұған бір мен емес, осы маңайдағы ел түгел күс.

Бір жылы үлкен той болды. Есіл өнірінің жұрты тегіс жиналды. Әдет бойынша ат шабыс біткеннен кейін құрес басталды. Құреске жоғарғы ел балуанын бірінші болып шығарды. Балуан болғанда анау-мынау балуан емес, жамбасы жерге тимеген, аты шұлы, «түйе балуан» деп аталып кеткен адам. Бұл елде онымен құресетін кісі шықпай, жиылған ел біраз дағдарды. Етке тойып, қымызға қызып алған соң елдің жігіттері:

— О, бұл атадан үл тумап па еді? Шығар балуандарынды?— деп айғай бастады...

Жоғарғы слідің жігіттерінің әлгі өркөкіректігіне Есіл өнірінің жігіттері нендей жауап берерін білтмей, біраз абдырады. Сол қезде ел ағасы деп саналатын Құтыш бидің Бақтыбайы намысқа шыдамай, Айкенже балуан келініне кісі салады.

Айкенже ол қезде Бикен аулында жаңа түскен желең астындағы келіншек екен. Қүйеуінің аты Бектас.

— Заты әйел болса да, осы жолы ел намысын қорғамас па екен? Батамды берейін, бағын сынап байқаса қайтер еді,— дейді Бақтыбай жіберген кісісінен.

— Атамыз тілек етіп, батасын беріп отырса, келіні кері тартпас,— деп Айкенже апай келушілерден жауап қайырды. Келіннің жауабына риза болған Бақтыбай аксақал тағы бір ескертпесін анғартты.

— Батамды бердім, бақ көтерсін, тек қана тілегім — мәсінің табаны көк шөп үстінде тайғақ келуші еді, етігін тастап, жалаңаяқ шықсын, үялмасын,— дейді.

Ол қезде казақ әйелдерінің еш уакытта жалаңаяқ жүрмейтіні мәлім. Етін көрсеткенді үлкен күнә санайтын. Сондықтан да Айкенже келіні қауым ел алдында үятқа қалмайын деп құреске мәсімен шығады.

— Қап, әттеген-ай, келін мәсісін шешпеген екен,— деп, кейбір аксақалдар өкініш те білдірді. Конактардың балуанын екі жігіт қолтықтап, жіңішке жайлau жолы-

ның ар жағына әкеп тұрды. Өзі де «түйе балуан» десе, түйе балуан еken, оны көрген жұрт қарагайдай бойынан, алпамсадай денесінен қарадай қарап сескенді. Онымен күреспек түгіл, түрінің өзінен жан түршігерлік. Ол жолдың екінші жағына біздің балуан Айкенже апайды екі жігіт қолтықтап апарады.

Әдетте жолдың екі жағында тұрған екі ел балуанының қайсысы бұрын керілме жолдан аттап өтсе, сонысы жығылады-мыс дейтін қазақтың ырым-болжамы бар. Сондықтан олар қарама-карсы келгенде бірден шап беріп қол ұстасады да, кай күші жеткені өз жағына тартып әкетуі керек. Айкенжені әйелсінген түйе балуан керме жолды кесіп өте берген кезде:

— Сіз жолды кесіп өтпей-ақ қойыныз, еркексіз ғой, жолыңыз үлкен. Мен өзім кесейін,— деп Айкенже жолды өзі кесіп өте бергенде тұлкі көрген қырандай түйе балуан Айкенженің қолынан шап беріп ұстай кетеді. Бірінші кимылдаған адам мұндайда үстемдік алатыны бар. Сондықтан ол Айкенжені біраз ырғап көреді, іштен, сырттан шалады. Жамбасқа да алады. Бар күшін жұмсаپ, білген тәсілін қолданып бағады. Сөйтіп жүріп ет пен қымызға тойған палуан судан шыққан тышқандай кара терге де малынады. Бірақ палуанның қос бүйірінің тұсынан мықтап ұстаған Айкенже оған ырық берер емес, құрсаулап тастағандай көп қозғала коймады. Осыдан әбден қалжыраған балуан:

— Енді, Айкенже, кезек сенікі, сен қимылда!— деп қарсы қайрат камын ойлады да, екпін кезегін Айкенжеге берді.

Жиналған халық кірпік қакпай, демдерін іштен алып отыр, Балуанның қайрат көрсете алмаганын көрген жиын енді Айкенженің күшіне көбірек сыйына бастады. Топтағы кейінгілер басып-жаншып алға ұмтыла берді. Сонда Айкенже:

— Эүп,— деп оны қол шатырдай жоғары көтеріп алып, қос жауырынын жерге тигізе алып ұрды да, кеу-

десінен нығарлай кеп басып-басып жіберіп:— Сіз ер адамсыз, басыныздан аттамаймын!— деді де, ел алдында өр, батырдай еркін басып өз тобына жүре берді.

Айкенже әйел жолымен ибалық жасап, жығылған балуанның басынан аттаған жок. Сол құреске дейін жамбасы жерге тиіп көрмеген түйе балуан Айкенже апайдан жығылғаннан кейін елге масқара болып, содан кайтып топ алдына шығуды койыпты.

Сол Айкенжеде бала дегенде жалғыз-ақ Алтын атты қызы болған. Алтын қазір Преснов ауданының Айымжан аулында тұрады. Ал Айкенже күні кеше, 1946 жылы сексен бес жасында дүние салды. Айтайын дегенім, Айкенже апайдың сол Алтын есімді жалғыз қызының қалай малға сатылғаны туралы,— деп Бұкең алдында тұрған көкала кеседегі қымыздан бір жұтып қойды да, үнсіз аз отырып барып, үзілген сезін жалғады.

— Сол Алтынды анау Малдыбай аулынан (осы күнгі Орталық аулының батыс жағы) Қырықпай дегенге айттырыпты. Кезінде құдалар қыздың біраз қалың малын да төлейді. Бірақ бертін келе, Алтын бойжете бастаған кезінде Қырықпайды менсіне қоймады. Өзі ел сыйлаған келіншектен туған жалғыз қыз болашақ күйеуін менсінбейтінін жасыра да қоймады. Соған намыстанған құдалар жағы, қызды қалған малын төлемей алуға бекінді. Қырықпайдың Сабак деген ағасы бар болатын. Аттыға жол, ауыздыға сөз бермейтін әрі батыр, әрі шешен кісі еді. Құдалар жағы соны арқа тұтып, береміз деген қалың малдың жартысын қияпастықпен бермей қойды да, қайткенде де Алтынды шығыныз атка өнгеріп әкетудің амалын іздестірді. «Ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді»— дейді емес пе, «ел арасындағы жел сөзге шыдамадым»— дейтін еді Айкенже апай. Сондықтан құдасына кісі салып:

— Қалың малын берсін де, қалыңдықты алып кетсін,— деп хабар айтады. Бірақ құдалар бұған мақұл дей қоймайды. Сонымен екі жақ та өз жайынша жүріп жа-

тады. Осы тұста Сабак пысық «Айкенже егер келінімді жолымен бермесе, сөйтіп Сабақтың қытығына тисе, Алтынды мен тоқты құрлы көрмей атқа өнгеріп алып кетім де қын емес»— деген өсек те тарата бастады. Оның үстіне Алтынға пәленше баласы, түгеншешің баласы келіп, сөз салып жүр деп өсек айтып, құдалардың отына май құюшылар да болған.

Содан қойшы, әйтеуір Сабак елін жиып, айрылып қалмай тұрғанда Алтынды алып қашып келу керек деген тоқтамға келеді. Сабакқа еріп, елден ығай мен сығай деген он бес жігіт бірге бармақ та, қызды тартып алып келмек болады.

Қыстың күні. Құн сұық. Тұкірсең тұкірігің жерге түспейді. Сабак Айкенже отырған ауылға күні бұрын барлаушы ретінде Тақпаян деген кісіні шанамен жібереді. Қалғандары оның сонынан салт бармақ. Сабак оған:

— Сен барып Айкенженің үйіне тұс,— дейді.— Бірақ шананды қорага енгізбе, есік алдында қалдыр. Үйде бөгде адам болса, шананың екі жетегін көтермемен қосып байла да, жоғары көтеріп қой. Үйде өздерің ғана болсандар, жетек жерде жата берсін. Ауыл үйқыға кіргенде біз де барамыз. Байқа, үйықтап қалма, есікті ақрын тартамыз, далаға шықкан болып ілгегін ашарсын.

Ауыл орынға отыра Тақпаян Айкенже апайдың үйіне келеді. Қырсықкан күйеуі Бектас сол күні үйінде болмайды, жол жүріп кетіпті. Үйде Айкенже мен Алтын ғана екен. Ойында ешбір құдік жок, Айкенже «Тақпаян құдам келді» деп қонақ асын беріп, сый-құрметін көрсетіп жатқызады.

Тáқпаян тышқан аулаған мысықтай боп тырп етпей жатыр. Бірақ әнгімешіл, сөзге шешен апай әнгіме сұрап, көпке дейін үйқы бермейді. Ондагы ойы — құдалар жағынан сыр тарту. Сандықтың үстіне сығырайған май шам үй ішін құзетіп тұрғандай. Осы тұста түнде жортқан қасқырдай қырындап Сабак та бөрілерін ертіп, ауыл

Үйқыға енді-ау дегенде Айкенже үйінің ауласына ат басын тірдейді. Есік алдындағы Тақпаянның шанасының жетектері жерде жатқанын көріп, Сабактардың қобалжып келген жұректері орнына түседі. Бірақ үйге бірден бас салып кіруге қорқады. Сен кір, мен кір болады.

Ақырында ертіп келген жігіттеріне ашуланған Сабак кораның тәбесін тесіп түскен бойда есікті бар құшімен жұлқа тартқанша ашылып кетеді. Үйге ентелей кіріп келген Сабакты қөрген Айкенже:

— Ә, антұрған!.. Жау шаба келген екенсің ғой,— деп төсегінен атып тұрып, Сабакты жаурынан алып, Тақпаянға қосып бүктеп ұрып, екеуін алқымға алады. Со кезде қолына қазандықтың үстінде тұрған темір ожау іліне қалады. Сонымен Сабакқа ілесе кірген екі-үш жігітті де ұрып жығып, бірінің үстіне бірін үйіп, тізерлей басып отырып қалады. Сонда ең астында жатқан Сабак әрі үстіндегі калың киімнен, әрі жігіттердің салмағынан кеудесі қысылып, тұншыға бастайды да:

— Ой-бай, өл-дім, өл-дім!— деп жанұшыра ышқыныпты.

Өстіп алдыңғы топты бір еңсеріп алған Айкенженің есіне қызы түседі. Бакса оған да бес-алты жігіт жабылып қапты. Шешесіндей балуан боп бұғанасы қата қоймаған талдырмаш жас қыздың ондайлардың жойқын күшіне қарсы келер шамасы бар ма. Тобырлы көп оны илектеп алып кете барады. Алтынды тоқты орнына өнгеріп кете барған жігіттерден қалғаны Сабакты босату үшін Айкенжені соққыға алады. Бірақ сойыл-топырмен сыйланып келген тобыр қойсын ба, жалғыз Айкенжені өлімші халін келтіре соғып, талдырып кете барады.

Ал, жігіттер, бұл әңгіме осымен тамамдалды деуге де болады. Жалғыз-ақ, сол уш-төрт жылдан кейін Алтын өзінің сүйген жігітімен бір тұнде ол елден кетіп отырады. Қанша зорлағанмен сүймеген жүрек көне ме, оларға адам болмайды. Міне сол кездегі қыздардың тағдыры осындай еді. Тек совет өкіметі тең право берді.

Қазақ қыздарының көзін ашты, бақытқа жеткізді емес пе,— деп Бүкен қарт сөзін аяқтағандай болды.

Осыдан кейін карт біршама ойланып қалды да:

— Міне, шырактарым, казакта «сөз сөзден туады, сөйлемесе қайдан туады»,— дейді емес пе. Қітап жайынан сендер сұрай кеп, мен айта кеп, бір әңгіменің басын мұжып тастаған екенбіз.

Бірақ ол әділетсіз замандағы махаббат жайы ғой. Ал енді өздерін мынау жайдары уақыттағы жайларынан қарттың құлағының құрышын қандыра отырындар,— деп бізге де салмақ салып қойды. Әдетінде әңгімеге ден қойғыш шофер жігіт маған бір қарап: «Иә, жолдас, біз не айтамыз» дегендей жымия, сұраулы пішінмен иек қақты.

Шынында да, Бүкен десе дегендей, біздің айтарымыз, әлдекайда жайдары әңгіме...

### АҚТІЛЕК

Бір жетіден бері Алатаудың төбесінде бураша шөгіп жатқан қара бұлт бүгін күн екіндіден ауа бере жөнкіле бастады. Лезде шұбыра қөшіп, аспан әлемін түмшалап алды. Караптың түсе наизағай жарқ-жұрқ ойнап, кала үстін басқан қара бұлтты қақ айырып өтті. Артынша жаңбыр нөсерлете төгіп-төгіп жіберді. Содан қашан таң атқанша құйған. Қоюшы көл-көсір болды. Бұлактардан сылқ-сылқ құліп су акты. Дала жадырап жүре берді.

Жаңбырдан кейінгі Алматының жұпар ауасы қекірегінді шайдай ашып жібереді екен. Қөптен бері ауруханада жатқандықтан ба, соны бүгін сезінгендей болдым. Қөшеде өзінмен өзің жұрген ракат. Бойым женілдеп, көнілі көтеріліп қалды. Айналама қызығып қараймын. Төнірегім қекпенбек. Ағаштар жапырағын барынша жайған. Арасында құстар сайрайды. Ленин көшесінің бойындағы ауруханадан шықкан бетіміз. Айналаны та-машалап, қызыға қарауга тояр емеспіз. Төмен қарай қоюшы бойлап баяу жүріп келеміз. Қасында Шиелі ауда-

нынан келген он бір жасар бала Мұхтар. Екеуміз бір палатада жатқаннан ба, Мұхтарды баламдай көріп, кәдімгідей бауыр басып қаппын. Өзі алғыр да пысық. Және сондай сүп-сүйкімді.

— Мені кескілеуге дайындал жатыр,— деді Мұхтар ауаны құлшына жұтып келе жатып.

— Корықпа, түк те етпейді. Мен, міне, тез жазылып кеттім,— деймін оның көнілін көтеріп.

Ол мені үйге шығарып салмақшы болып, әдейі ерген.

— Аялдамаға дейін жеткізіп сал. Содан кейін ауруханаға қайта бер,— дегенмін палатадан шыққан бетте. Мұхтар келіскең. Бірақ мені қимайды. Тәмен қарайды. Ауруханадан шыққанымызға біраз болды. Ол әлі еріп келеді. Мен оны қимаймын, ол мені қимайды. Колынан үстап келемін. Баланың бойындағы сырқаты жаныма батады. Бірақ жас бала ғой, тез жазылып кететін шыгар деп іштей үміт етіп қоямын.

— Аға,— деді бала қоштасар сәтте.— Сіз сотсыз ғой!

— Иә, айналайын, қаладағы бір ауданың халық судьясымын.

— Сенбеймін...

— Неге сенбейсің?

— Сіздің сот екеніңізге?

— Неге, айналайын?

— Ел айтады ғой, сот адам сottайды деп. Сіз ондай адам емес сияқтысыз. Жақсысыз. Ешкімге ұрыспайсызыз. Бала менімен де сөйлесесіз. Сізді ауруханадағы бүкіл жүрт жақсы көрді.

Баланың сөзіне мен әбден жаным рақаттанғанша құлдім. Сосын халық судьясы деген кім, ол не істейді, мақсаты не барынша түсіндіруге тырыстым. Ол адамдардың ар тазалығын корғайтын мамандық дедім сөзімің соңында.

Мұхтармен қимай қоштасып, тәмен қарай жеделдетінкіреп жаяу жүріп кеткенмін. «Арман» кинотеатрына лезде қалай жетіп келгенімді сезбей қалдым.

Көзімнің киығы Ленин атындағы Сарай жақта қынырып жүрген келіншек пен жігітке тұсті. Жандарында матростың ақ күртесін киген бес-алты жастағы бала. Колында ойыншық кездік. Бала маған жақындай бергенде:

— Ақтілек, ағана сәлем бер! — деген әйелдің сүйкімі даусы сыңғыр ете қалды.

Бала жүгіріп келіп, кішкене қолын ұсынды. Мен де сәлемін алыш:

— Эй, көп жаса, бақытты бол, қарағым, — дедім.

Жігіт пен келіншек жақындағап келіп, жымып қарап тұр. Мен де оларға назар аудардым.

— Сәла-мат-сыз ба, ағай! — деп екеуі жарыса сәлем беріп, ыстық ықыласпен амандасты. Сәлемдерін алдым. Бұлар мені танып тұр. Мен жыға тани алмай тұрмын. Жүздері таныс. Шырамытамын. Танымаганымды олар да сезді. Эйтегір бір таныс адамдардай көрінді маған. Киген киімдері, кескін-келбеттері алыстағы ауылдан келгендерін аңғартады. «Ел жақтан келген біреулер болар» деймін іштей. Жігіт ұзын бойлы, кең иықты, батыр ғұлғалы. Кара торы жүзі бозаң тартып, қысылып тұр. Үндемейді. Сөзге сараң болуы керек. Келіншек сұңғақ бойлы, үлкен көздері жанбырдан кейінгі қарақаттай мөлдірейді. Белін қынай тіккен кремплин көйлегі күнге шағылышқан жүзін нұрландыра түскен. Қиғаш қасына да, ұзын кірпіктеріне де, тіпті үлбіреген еріндеріне де ешқандай бояу жақпаған. Табиғи таза қалпын сақтаған. Алатаудың ерке өскен елігіндей еркін тұр.

— Сіз... А-ғай, танымадыңыз ғой, — деді келіншек күлімдеп.

— Қай-дан танысын, бес-алты жыл өтіп кетті. Оның үстінен бұл кісінің алдына күніне талай адам келеді, — деді жігіт те ыңғайсыздана.

— Даусының таныс сияқты, — дедім келіншекке.

Екеуі бір-біріне қарап, жымып қойды. Жігіт әлі қызарапада тұр.

— Сізді біз таныдық, ағай,— деді келіншек.— Сіз Қасым Шынбатыровсыз ғой. Халық соты болып қызмет істейсіз.

— Иә, дұрыс.

— Уақытыңыз болса, анау орындыққа отырып әңгімөлесейік,— деп келіншек ұсыныс жасады.

— Жарайды,— дедім, кім екендерін білмек болып.

Үшеуміз Абай ескерткішінің қасындағы ұзын орындыққа жайғастық. Бала өзімен-өзі, көбелек қуып ойнап жүр.

Сөзді келіншек бастады. Өзім де келіншекпен әңгімелессем деп едім. Мені елтітіп тұрған оның кескін-кейіп емес, сөзге шеберлігі, тілінің майдалығы. Ана тілін мұндан жете біліп, таза, мәнерлі сөйлеу жас келіншектерде сирек кездеседі. Қебі айтар ойнаңан жаңылып, кібіртіктеп сөздің берекесін кетіреді. «Ана тілін білмесем де француз тілін білемін» деп менменсіп те калатындары бар. Ақ сүтімен өсірген анаға «апа» деп тұнғыш тіл қатқаны есінде жок. Басқа халықтың тілін білу — мақтанаш, өнер. Ана тілін білмеу — өлім. Осыны сезінбейтіндер бар. Іс барысында талай адаммен кездескенмін.

— Сіз кешірініз,— деп келіншек, ұшатын қоңыр қаздай комданып, маған бір қарап койды.— Біз сізді жақсы білеміз. Сіз бізді, әрине, ұмытып қалған шығарсыз. Адам өмірінде тез ұмытылып кала беретін жәйттер болады ғой. Алдыңыздан талай адам өтіп жатады.— Келіншек осы кезде сәл күрсінді.—«Бақытсыздық адамның аяғының арасында арпалысып жүреді екен. Бірақ адам қашан сүрініп кететінін білмейді»,— дейді үлкендер. Сол бақытсыздыққа ұрынып, мына менің жолдасым сүрініп кетіп, омақасып бір құлаған. Талықсып жатқан жерінен кол ұшын беріп, көтеріп жіберген сізсіз.

— Сіздің сол жақсылығыңызды,— деп жігіт гүр ете түсіп еді:

— Бектас, сөзді бөлме,— деп келіншек кесіп тастады. Бектас тына қалды.

- Айта берініз!
- Иә, қалай бастарымды білмей, жүрегім лұпілдеп, қысылып отырмын, кешірініз, ағай!
- Ұялманыз!
- Ұялғаннан емес-ау, сізді кездейсоқ кездестіреміз деп кім ойлаған. Қуанғаннан бойымды билей алмай, сүтгей іріп отырмын. Басынан бастайын, мүмкін есінізге түсер.
- Құлағым сізде, айта берініз.

\* \* \*

Біз Павлодардың шеткери ауданында «Қызылжұлдыз» деген совхозында тұрамыз. Мынау Бектас менің жолдасым. Екеуміз де совхоз орталығындағы он жылдық мектепте мұғалімбіз. Ата-бабаларымыз да ежелден сол Керекуді мекендеген адамдар. Мен казақ тілі мен әдебиетінен, Бектас физкультура мен еңбектен сабак береді. Мынау ойнап жүрген тентегіміздің аты Ақтілек. Одан үлкен бір қыз, бір ұлымыз бар.

Иә, ол кезде Бектас Алматыда физкультура институтында сырттан оқытын. Балалар қыскы демалыска шықканда, Бектас Алматыға институтка окуға кетті. Сол жылы қыс қатты сүк болды. Үйде апамызбен екеуміз. Бектастың анасын айтамын. Екі бала бар. Эрі менің ағым ауыр. Ауылда отырған интеллигенттер мал ұстайды. Біздің де бір-екі сирымыз, аздаған қой-ешкіміз бар.

Кыста бағып-қафу оңай емес.

Біздің халықтың күн көріс көзі — малдың еті мен сүті. Малсыз күн көре алмаймыз деген атамыз қазақтың сөзі бойға сінген. Мал ұстамасақ та күн көреміз, сіңбек ақымыз еркін жетеді. Бірақ малға үйренгендіктен, қол жаза алмаймыз. Бектастың оралатын уақыты болды. Қунде күтеміз. Ит үріп, кораның қақпағы сыйырласа-ақ болғаны келіп қалды,— деп үй ішіміз елең етеміз. Түнде үрген иттердің даусынан оянып кетіп, үйкітай алмай,

түн күзетіп шығамыз. Қыстың күні қалай ұзак десенізші. Әйтеуір, апам екеуміз бір-бірімізге серікпіз. Анаұмынауды айтып, апам байғұс менің көnlілімді аулайды. Мен бала емеспін, бәрін сеземін. Бектас жок. Тегін кешікпеген болар. Үлкен қала — алақандай ауыл емес, толқындары алма-кезек ауысып, жайшап жатқан теңіз өміріндей.

— Ауылдан барған, ашық ауыз, гафу етіңіз, ашық ауыз деп күйеуімді кемітіп жатқамын жоқ, түр-тұлғасы тайлақ түйедей, «тайлағым» — деуге сізден қымсынып отырмын, — деп күйеуіне, сол жақ азуындағы алтын тістерін көрсете, наздана жымиды келіншек. — «Батыр аңғырт» — дейді. Бұл жігітке аңғырттық та бойына сай үлес түскен. Не айтсан соған сенеді. Содан талай опық жеді, — деді келіншек айтып отырған әңгімесінің желісін сәл бұзып.

Жігіт ішкі жан-жүйесін суырып алғандай терең күрсінді.

Мен де ойланып қалдым. Осы бір өз жүрегін өзі суырып алардай, қаһарлы тыныс — таныс тыныс. Бұл адамның тынысынан гәрі күзді құнгі қатты жаңбыр алдында ашу кернеп, ызаланған теңіздің ереуіліне көбірек ұқсайды. Арыстанның жалындағы толқындарын аспанға атып, түп-тамырымен қопарылып дауыл тілейтіндей. Жігіттің осы бір құрсінің менің есіме, ертеде, Петропавл қаласында конакта болған кезім есіме түсті. Төрде Сәбит Мұқанов, ойын сол жагында Илияс Омаров, Илияс койдың басын мүшелей үлестіріп отырған Сәбитке қарап:

— Теңізде неше толқын болады, білесің бе, Сәбит? — деді.

— Қырдың қазағы, мен оны қайдаи білемін. Ал теңіздің тұңғыш нокта киген асаудай, бұлқынганың көрдім. Константин Иванович Айвазовскийдің «Тоғызыншывал» деген суретіне орай толқынның тоғыз түрі болуы көрек деп ойлаймын. Өзің білесің бе? — деді Сәбит Илияс-

ка қарап, қолындағы үшкір бәкімен қойдың көзін ойып алып жатып.

— Мен де білмейтін едім. Мұхтар марқұм Арап тенізіне барғанда балықшылардан сұрап жазып алыпты.

— Иә,— деді Сәбен әдетіне басып,— ы-ы,— деп тамағын бір кенеп қойды.

— Сылқылдақ толқын, әк бас толқын, ақжал толқын, бүйра толқын, ереуіл толқын,— деп Араптың балықшылары түрлеген. Сол сәтті пайдаланып мен басқа бөлмеге кіре сала блокнотыма түсіріп алғанмын.

— Япyroй, өлі табиғатта тоғыз толқын болғанда, адам өмірінде қанша — десенізші?— деп Сәбен танданып басын шайқады да,

— Ереуіл толқын долданып көкке атылғанда теніздің тынысы қеудесін қақ айырып жіберер ме дерсін,— деді Сәбен.

— «Кеудесін қақ айырып жіберер ме»— деп іштей қайталағамын. Кара тенізде дем алып жүріп, бұл толқындарды менің де көргенім бар.

Бектас дем алғанда «Кеудесі қақ айырылып кете ме» деп асыл аға Сәбенің сөздерін есіме алдым.

— Аға, ойланып қалдыныз гой?— деді келіншек. Мениң өзінің әңгімесінен бөлініп кеткенімді байқаса керек.

— Кешір, айналайын, жай. Әңгіменді жалғай бер. Құлағым сенде,— дедім. Келіншек майда қоныр тілімен қайтадан сөйлеп ала жөнелді.

— Құн қутеміз. Тұн қутеміз, Бектас жок. Сырттан оқитын студенттеріміз жок,— деп келіншек, назданған құлқісін қайталап, сөзін жалғастырды.— Басқа үйлерден кеткен студенттер оралып, ауылда ойын-сауық өткізіп жатыр. Апам: «Жолаушының кешіккеніне сүйін, аман келсе болды»,— деп отырады. Қыскасы не керек, қаладан келген біреудің «Бектас түрмеге түсіп қалыпты» деген сұық хабары төбемізден жай түскендей болып, есенгіретіп жіберді.

— Не істепті?

- Не үшін абақтыға түсіпті!
- Өтірік шығар.
- Жаңалыс болар!
- Бектастай адам қылмысты болып тұрмеге түссе, тұрмеге кісі сыймас...— десті естіген жұрттар.

Кім жақсысын жамандыққа қияды. Нанбадық, жаңалыс шығар деп қорыттық. Менің ат бағушы ағайым бар еді. «Телефон соғып анық-қанығын біліп кел»— деп соны қалаға жібердік. Шытынап тұрған сары аязға қарамастан жүріп кетті. Жол асфальт. Машина жақсы. Тұн ортасы ауа ағай қайтып оралды.

— Ра-ас,— деп басын салбырткан күйі, бізге қарамастан, бұрыштағы орындыққа отыра кетті.

— Ал-ла, ал-ла!— деп апам екі қолымен бетін басты.

Менің жүрекім аласұра дірілдеп, іштегі кішкентай жүректі қакты. Кос жүрек қоса дабыл ұрып бұлқынды.

— Не үшін?— дедік апам екеуміз жарыса сұрап.

— Нақты анығын білмеймін. Біреудің портфелін ұрлаған дей ме...— деді ағай мұрнынан міңгірлеп.

— Ұр-лап-ты!— Апам шошып кетті.— Тек, қар-ағым, тек! Ай-та көр-ме! Мал құлағы санырау. Ешкім естімесін! Бектас ондай емес. Ол жамандыққа бармайды,— деп ана баласын корғаған қызығыштай бәйек болды да қалды.

Менің екі көзім бұрышта отырған ағаға тесілді. Ол желкесі қылғандай басын көтермейді. Жанарларымыз жолығысса-ақ бір астан-кестен болатыны анық. Эйтеуір, көз шіркіндер бір-бірінен қашқалақтап көніл тынып тұр.

Осы кезде Бектас бұрынғыдан да қатты күрсінді. Мандайынан шып-шып тер білінді. Темір торлы тұрменің ішінде отырғандай абыржулы.

— Тұтқынға түскені рас болса, үрлық істеп түспеген болар. Біреулер байланысып, қызу үстінде қол жұмсап жіберді ме,— деп ойладым. Келіншек енді сақылдай күлді.— Арақ ішіп қала ішінде біреуге қатты сөз айтсан болды, кәнігі бұзакылық деп сала қоятынын газет-жур-

шалдардан өкімін ғой «Ауылда бас жарылса бөрік ішін-ші», қол сынса жең ішінде». Өліп кетпесе болды. Келесі үні «бас жазып», қайтадан ауыз жаласып жатады.

— Ол рас! — деп Бектас маған қарады.

Мен мырс етіп күліп жібердім.

— Сіз сот-та-дың-ыз,— деп сөзін сабактады келіншек.— Енді таныдыныз ба?

— Эңгімең қызық екен. Эрмен қарай айта бер,— деді мен күлкімді тыбып.

— Келесі күні апам екеуміз совхоздың бас зоотехникинің су жана болат тұлпарын сұрап алып, Павлодарға шарттық. Самолетпен тұнде ұшып келіп Алматыға қонып. Түстен кейін Сейфуллин көшесіндегі халық сотына, сіздің кабинетіңізге келдік,— деді келіншек.— Судья деген сөзді естігенде апамның жүргегі жарылып кетер меп едім. Сіздің кабинетіңіздің алдына келіп, үлкен жаңуды: «су-дъя» деп дауыстап оқып беріп едім. Апам қағаздай ап-пақ болып, талықсып қабырғаға сүйенген қалышы құлап барады... «Прокурор деген жазудың болмағанына тәуба. Сол жерде прокурор деп оқысан, жаным шығып кетері сөзсіз еді»— деп апам елге айтып келді,— деп келіншек сынғырлай кеп күлді.

— Зәү-реш рас айтады. Бір сөз қосқан жок,— деді Бектас.

— Прокурор мен судьяның қайсысы күшті? деп сұраймын апамнан кейін үйге барғасын.

— Итің біліп пе, әйтеүір екеуі де ызғарлы, түсі сұық адам деп естітінмін де. Кім көріпті оларды. Енді сотының бәрі әнеуқүнгі біздің соттай болса жақсы екен дейді.

— Апа-ау, біздің сот деп неге айтасыз дегенімде:

— Е, біздің Бектасты соттағасын айтқаным ғой,— дейді.

— «Прокурорын көресіз бе»— дегенімде: Тек, қарғым, жаман сөз айта көрме, құдай енді прокурорын көрсетпей-ақ алсын, дейді апам. Шіркін-ай, сізді апам көрсе, ұлын көргендей куанар еді.

— Дәм тартса көріп те қалармыз,— деп күлдім.

— Иә, адам айдаса бармассың, дәм айдаса қалмассың, деген,— деді Зәуреш қостап. Сосын бастапқы әнгімесіне қайта ойысты.

— Алдыңғы бөлменізге кіріп едік, секретарының:

— Түстен кейін кісі қабылдамайды. Ертең келініздер,— деді сіздің атыңызды аса бір ілтипатпен атап.

Мән-жайымызды айтып, келген жерімізді атадым. Секретарының кісіге құрмет тұтып сойлейтін бір ибалы қыз екен. Бұл қасиет те басшының тәрбиесінен екені сезіліп тұр.

— Мен барып баяндайын,— деді де, іле қайта шығып,— Кірініздер,— деді.

Апам екеуміз сасып қалдық, бір-бірімізге қарап қалыппыз. Апам қаймығып, мен ұялып тұрмын. Апама кірініз деймін. Есікті нұскаймын. Ол маған кір дейді. Өзі шегіне береді.

Сөйтіп әрі-сәрі сарсылып тұрғанымызда:

— Кірініздер, кірініздер,— дедініз.

Бұл сөзің алдымында тұрған тас бөгетті жұлып алғандай болды. Ішіміз жылып кетті. Еркінірек басып, столымыздың қарсысындағы орындықтарға отырдық.

— Сәл-әм-атсыз ба?— дедім мен.

— Карағым, амансың ба?— деді апам.

Сіз сәлемімізді алдыңыз да:

— Келген шаруаларыңызды айта беріңіздер,— дедініз.

— Бектас Есеналиннің анасы мен зайдыбы едік. Ол тұрмеде отыр. Соған тамақ беріп, тілдесуге рұқсат берсөніз. Тұрмеге барып едік, сottan рұқсат керек,— деп сізге жіберді.

Сіз сол жағыныңдағы ұзынша телефонның трубкасын көтеріп, тілін басып қалып:

— Мәдина, Есеналиннің ісі кай күнге белгіленген?— деп сұрадының.

Сіздің сол Мә-ди-нә дегенде даусының күні бүгінге

лайін құлағымда, себебі «Мәди-нә» деген даусының жүректі елжірететін сырлы музыка сиякты сзыла шықты.

— 21 февральда, сағат онда, бейсенбі күні қаралады.

Мен төмен қарадым. Жасынан ерке өскен ақ жарқын шілдедін сөздері мені баурап барады.

— Ертерек қарауға болмас па еken? — деді апа, даусы дірілдеп.— Алыстан келіп едік.

Сіз істі алғызып, әр жерінен шолып көрдіңіз де:

— Жәбірленуші Новосибирьдің азаматы. Оны шашыруға уақыт керек. Қала тұрғыны болса, үш-төрт күн ішінде қарап берер едік,— дедініз.

— Тілдесуге рұқсат бола ма?

— Заң бойынша, сот үкім шығарғаннан кейін рұқсат беріледі. Тамакты түрме қызметкерлері біздің рұқсатымызыз да ала береді. Занды бұзуға болмайды,— деп сәл кідіріп қалдыныз. Рұқсат бергініз келсе де, занды бұзғызыз келмегенін екеуміз де сездік. Қош айтысып шығып кеттік.

— Сот ағасының жүзі жылы еken. «Түсі итіден түнілме»— дейді атамыз. Жолымыз болар,— деп апам қуашып шықты. Менің де көнілім толып, жүргегім лүпілдеп келеді...

Сарғая күткен сот та болды.

— Сот келе жатыр! Тұрыныздар! — деген секретарыңыздың қатқыл даусы зілді шыққанда залдың іші күніреніп кеткендей болды.

— Ал-ла, ал-ла, карашығымның бағын аша көр,— деді апам залдағы коршаша ішінде, екі милиция күзетіп отырған баласына қарап. Жігітім басын көтермейді, солбырайып, мойнына су кеткендей отыр.

Сот құрамы арқасы биік, үлкен орындыққа жайғасты. Зал ішінде тым-тырыс меніреу тыныштық орнады: Біздің батырдың анкетасын анықтап, сот тергеуі басталды. Вагонның купесіне койып кеткен жолаушының портфелин үрладың деген айыптағылған.

— Сотталушы, сізге тағылған айыпты мойындайсыз

ба? Өзінізді кінәлімін деп санайсыз ба?— деп сұрадыңыз дымы құрып отырған Бектасты орнынан түрғызып.

— Толық мойындаймын. Қінәлімін,— деп біздің са баз тұлкі бұланға салмай бірден айтып салды.

Күйеуімнің мына сөзі мені мандайдан соққандай мензен қылды. Басым айналып, көзім қарауытып кетті. Қезімді жұма қойдым. Жер теңселіп кеткендей.

— Кет-тің ғой, сорлы, айдалып,— деп демінді булыға алдым. Күйеуі ұрлық істеп сотталып кеткен жесір катын аталатын болдым. Балаларым, оларға не айтамын. Экем қайда?— десе не деймін. Бектасқа қарағым келмейді. Мен одан жиіркеніп тұрмын. Мен ғана емес-ау бүкіл адамзат баласы одан жиіркеніп түрғандай сезіндім.

Тұла бойы тітіркеніп екі жағы қушиған сорлы ана-мыздың менен де бетер титықтап отырғанын үйлегенінен сездім.

Шарасыздыққа, әлсіздікке ұшыраған сорлы басым, енді не іstemекпіз. Жан-тәніммен адамгершілікті, әділдікті уағыздай бердім ішімнен. Бар сеніп отырғаным осы — үш адам, сот алқасы. Маған сол үшеуі жер бетіндегі әділдік болып көрінді.

Залдағы бар көздер прожектор сияқты Бектасқа қадалды.

Бектастың жауабы қысқа болды. Жайшылықта сөзге сараң байғұс өнешіне бірдене тұрып қалғандай, қылқынып, булығып, сөзін әрен бастады.

— Мен аулыма қайтуға вокзалға келдім. Мені физкультура институтының IV курс студенті жерлесім Сұраған Қаратаев шығарып салмақ болды. «Сәлем» ресторанына кіріп бір жұз елу грамнан арақ іштік. Поезд да келді. Жетінші вагонға кіріп, орын алдық та қайта шықтық. Купеде тұрған портфельді ала шықтым. Сұрағаның портфелі екен деп ойлагам. Өйткені алдында ол дәл осындай, сары портфельді ұстап жүргенін көргенмін. Сұраған менен бұрынырақ шықты. Жолаушылар вагонға кіріп-шығып аласапыран болып жаткан кез. Портфелін

неге тастап кетті дөп таң калдым. Вагоннан шыксам Сұраған мені күтіп тұр екен. «Әлі уақыт бар ғой, мен жолтыңды тағы бір жұз граммен жуып жіберемін»— деді. Карсы болмадым. Ақыр жол бойы үйкіттеймын ғой дөп ойладым. Екеуміз вокзалға беттегенде екі милиция мен бір жігіт келіп мені ұстады. Менің портфелім дөп жігіт жармаса кетті. Мен еш нәрсеге түсінбей ұстата бердім.

— Бұл портфель сенікі емес пе еді,— дедім Сұраған-га жалтақтап.

— Мен портфель алып шыққам жок,— деді. Сонымен милиция бөлімшесіне апарып, акт жасап үшінші күні түрмеге жапты. Портфельдің ішінде бір көйлек, бір шалбар, сақал қыратын электр ұстарасы, не керек барлығы жетпіс төрт сомның заттары бар екен. Ішін ашып қарамағандықтан оны мен білгем де жок. Милицияға барғанда ашып тексерді. Түкке де түрмайтын құнсыз дүниелер. Қара басып қайдан ұстай қойдым оны қолыма. Алпыс төрт күн түрмеде отырғанда минут сайын зығырданым қайнап өз-өзімді жеумен болдым. Өз қолымды өзім кесейін бе? Қінәлі болсам жазаланыздар, әділ жаза күтемін. Өзім түгіл әкемнің ата-бабасында, анамның ата-тегінде кісінің ала жібін аттаған адам жок.

Бектастың жауабы қыска ғана болса да, жүргі лұпілдеп, тынысы тарыла алқынып, әрбір сөзді ежіктеп айтты. Моншадан шыққандай жіпсіп оң қолының саусағымен мандай терін қайта-қайта сыпрып тастайды. Әбден шылқылдаған бет орамалымен желке-самайын сүрте береді. Бектасымның мына халін кәріп отырған менің арқамды аяз қысып, дірілдей қалышылдаپ кеттім.

— Ә, сорлы!— дөп күрсінемін мен. Үнілеп апам отыр. Сұрак қоя бастады.

— Вагонға отырғанда Карапасстың қолында портфелі бар ма еді?

— Есімде жок.

— Вокзалға екеуің бірге келдініздер ме?

— Бірге.

— Сонда Қаратаевтың қолында портфелі бар ғой?

— Анығын айта алмаймын, бар ма, жоқ па? Онысы есімде жоқ. Бар сияқты болатын. Өйткені ол ылғи портфель үстап жүретін. Ішінде жаттығу жасағанда киетін киімдері бар.

— Вагоннан екеуің бірге шықтыцдар ма?

— Сұраған алдымен шықты. Қіріп-шығып жатқан адамдардың арасымен сынадай сығылысып мен соңынан шықтым.

— Портфельді қолыңызға кім үстартты дедініз?

— Кім? Ешкім де үстараткан жоқ. Өзім, езім алдым!

«Өзім» деген сөз қылтамақ адамның өз ішінен кайта шыққан тағамдай іріп, қысылып шықты.

Кара басқанда мынаның өзі өтірік айтып түр ғой. Тұла бойы дірілдеп, безгек болған адамдай қалышылдайды. Өтірік өрге жүре ме? Бүгіп қалған бір сырғы барау,— деп ойлап қалдым. Сіздер де күдіктеніп, оған көздерінізді қадай түстініздер. Бектас сасуга айналды. Жалтақтауы жаман.

— Расым сол, осылай болғаны рас. Сенініздер маған. Портфельді өзім алыш шықтым.

— Сіздің портфель үрлағаныңызды Қаратаев қашан білді?

— Милицияға барғанда.

— Алғашқы жауабыңызда, вагонда портфельді сізге үстараткан Қаратаев деп жауап бердініз ғой?

— Жо-жо-жоқ. Олай жауап бергенін жоқ. Біреуді наққаттан несіне күйдіремін. Қате жазылған шығар.

Сіз Бектастың тергеуде алғашқы күні берген жауабын оқы бастадыңыз.

«Мен үйге қайтпақ болып вокзалға келдім. Қасымда жерлесім Сұраған Қаратаев бар. Ол мені жолға шығарып салмақ. Ол Алматы физкультура институтының IV курсында оқиды. Вокзалға ертерек келген едік. Ресто-

ранға кіріп жұз ету грамнан арақ іштік», — дейсің. Осы дұрыс жазылған ба? — деп сұрадыныз.

— Дұрыс.

«Содан кейін вагонға кірдік. Мен билет бойынша өз купеме отырдым. Күпеге менімен бірге Сұраған Караптаев та кірген».

— Рас па?

— Рас!

— Поезд жұруге он бес минуттай уақыт калған екен. Дағаға шығып тұрайық, — деген Караптаев сыртқа беттеді. Сонынан іле мен де шықтым. Дағаға шыққан соң Сұраған маған портфельді ұстата берді. Мен өзінің портфелі шығар деген оймен ұндемедім.

— Дұрыс па?

— Жо... жо-жоқ. Олай емес. Портфельді купеден өзім алғып шықтым. Сұраған менен бұрын шықты.

Алғашқы күні тергеушіге неге бұлай жауап бердіңіз?

— Оны тергеуші маған өзі айтты. «Мүмкін Сұраған алтып шыққан шығар» деп сұрак қойған-ды. Мен жоқ, өзім алдым дедім. Дұрыс жазылтмай, бұрмаланған ғой! Сұраған ак. Накақтан оны күйдірмеймін.

— Тергеуші бәрін дұрыс жазғанда осы жерін қате жазып бұрмалағаны ма?

— Тергеуші де адам ғой, кателеседі.

— Екеуміз бірдей бір портфель үшін жауалты бола мақпзыз ба? Сұраған ак. Мен кінәлімін.

Сұраған ак дегенді жүргегі шашып кеткендей, қиналып айтады. Кысылып шығады. Тамағы құрғап қырылдаپ тұр. Қырылдаپ емес, жыртылып тұр. Қалың қабактары тұнжырап, қарауытып сала берді. Біресе әйнекке, біресе бұрышқа қарап өзімен-өзі әуре.

«Сұраған ак» — деген сөз зал ішінде қатты жаңбырдан кейін жөңкіле көшкен кара бұлттай тарап бара жатты.

— Сіз жан-жагынызға алақтамай, бізге тұра қарап жауап берініз, — дедініз.

— Ту-ра жауабым осы! — деп кесіп айтты Бектас. Басқа сұрактарға да осылай жауап берді.

— Куә Сұраған Қаратаев кірсін,— дедіңіз, сіз есік жакқа қарап. Ұзын бойлы, балуан денелі, қара торы жігіт ентелей басып кеп сот алдына тұра қалды. Бәрінің көзі Сұрағанға төнді.

— Куә Қаратаев Сұраған,— деп сізге қарап өзін та-ныстырыды. Өзін сондай еркін үстады.

— Куә Қаратаев, сottалушы Есеналинді білесіз бе? — деп сұрадыныз.

— Білемін, жерлесім, бір ауылда туып-өскенбіз,— деп бірден жауап берді.

— Жанжал, ұрыс-таластарыныз болып, көніл қалған жайларыныз болды ма?

— Айта көрменіз. Тату-тәтті бірге ойнап өскен жолдастармыз.

— Тергеуде берген жауабынызды растайсыз ба?

— Растаймын, шындықты айтып, дұрыс жауап бергемін.

— Айта берініз, іс бойынша қалай жауап берген едініз тергеушіге.

Сұраған Бектастың берген жауабындай қыска ғана вокзалға келгенін, ресторанда ішкендерін, вагонға отырғанын, содан кейін далаға, перронға шыққандарын қайталағандай айтып берді. «Вагоннан Бектастан бұрын шықтым. Бектас кимелеген жолаушылардың арасына қыстырылып кейін қалып қойды. Портфельді Бектас алып шықты. Екеумізді перронда үстады. Бектас кателесіп, менің портфелим екен деп ойладап атып шықкан екен. Біз ұрлағанымыз жок» — деп бітірді сөзін.

Тағы да сұракты жаудыра бастадыныздар. Бірінші болып сіз сұрак қойдыныз.

— Сіз портфельді бірге ұрладыныз ба?

— Жо-ок, жок!

— Жана, біз портфельді ұрлағамыз жок дедіңіз фой.

Сұраған сасқалактап, қызара бастады.

— Олай дегенім рас, себебі тергеуде екеуініз, уәделесіп ұрладыңыз деп кіналаған. Бірақ қалай болғанын айттым ғой. Шыны сол, Бектас менің портфелім екен деп, қателесіп алып шығыпты. Міне, мен өз портфелімді сотқа ала келдім,— деп қолындағы портфелін көрсетті.

— Купеде портфельді Бектасқа сіз беріпсіз ғой, ала шық деп!

Сұраған құлағына дейін қып-қызыл болды.

— Жоқ, ж-оқ! Мен айттым ғой жаңа. Мен купеден перронға бұрын шықтым деп.

— Қысқасы не керек, Сұраған адал да, ұры мына сабаз болып есептелді.— Қүйеуіне тағы да үлкен кара кәздерін төңкеріп тастап, наздана күлімсіреді Зәуреш.

Институт бітірсек те занға шорқақпыш. Таныс юристер де, адвокаттар да «Бектастың өзі ғана мойнына алғаны дұрыс. Сұрағанды араластырmasын. Жалғыз істеген ұрлықтың жазасы женіл болады» деген. Сондыктан Сұрағанның ілікпегенін біз де тіледік. Сұрағанның өзі де сасып жүрді. Бітірейін деп тұрған институтынан шығып қалып, тұрмеге түскеннен асқан сүмдыш бар ма. Институтқа білдірмепті, білсе оқудан шығарып та тастауы мүмкін екен. Эйтеуір есен-аман институтты бітіріп шықты. Заң адамдары да адамгершілік жасаған болу керек институтка хабарламаған. Жәбірленуші, портфельдің иесінің де жауабы қыска болды. «Вагонға кіріп, күпеге портфелімді қалдырып перронға шықтым. Қайтып келсем портфелім жоқ. Перронға қайта шықсам, мынау жігіт,— деді Бектасты көрсетіп,— менің портфелімді ұстап тұр. Қасында анау отырған жолдасы бар. Жүгіріп барып, перронда тұрған милицияға айтып ұстаттым.

«Портфель менікі» дегенімде, сottалушы сез айтпастан қолыма ұстата қойды. Соңан соң қасындағы жолдастына тесіреіле қарады. Портфельде құнды ештеңе жоқ. Жігітке өзім кешірім беріп отырмын. Катан жаза қолданып, бас бостандығынан айырмауларынызды өтінем.

Жана тұған нәрестесі бар екен, сот залында отыр», — деп, дымым құрып отырган маған қарады.

Көзімнен жас ыршыды. Тұла бойым дір-дір етті. Сот біз қалаға келгеннен соң жиырма бес күннен кейін болды. Бұл аралықта мен босанғанмын. Перзентханадан шыққаныма екі жетідей болған. Нәрестемді құндақтап, сотқа алып келгенмін. Оның түкпен жұмысы жоқ. Пыс-пыс етіп үйқтап жатыр. Жәбірленуші жігіт соны көрсөтті. Анау жүгіріп жүрген тентек сол,— деді келіншек күлімсіреп.

— Ұақытынызды алдық-ау, аға, айып етпеніз. Әнгімемді қыскартайын,— деп Зәуреш ендігі әнгімені қыска қайыруға кірісті.

— Сот құрамы үкім шығаруға кенесші бөлмеге кетті. Мына сабазды,— деп күйеуіне еркелей қарап,— милициялар арнаулы бөлмесіне дедектете жөнелген.

Апам екеуміз зал ортасында жұртта қалғандай отыршып қалды.

— Калай болар екен, үң,— деді тіл білмесе де манадан кірпік қақпай, түнеріп отырган апам. Асыл ананың жүргегін өртеп отырган ашы зәр «Үң»— дегенде үлкен залға жалындаі лап қояды. Мен де жиі-жиі құрсінемін. Екі иыктан басқан батпандай қасірет жұғі сәл қозғалғандай болды. Екеуміздің де көзіміз судьялар кірген есікте. Олар орындарынан көтеріліп, кенесші бөлмеге кете бергенде, алдындағы нәресте де: «Інгә» деп үн каткан. Сонында бара жатқан касқа майдай, жалпақ бет никі сары заседательдің құлағына да үні жетіп, оны гріксіз жалт қаратты. Сәби үні кезекші бөлмеге де ере кеткендей. Апам екеуміз үнсіз отырып, от құшағына ендік. Не болар екен?!

Мен кең залда емес, қарангы тар бөлмеде жападан-жалғыз қалғандай сезінемін. Көзім тас жұмулы. Бізге сот залы түрменің табалдырығы сияқты көрінеді. Жан азабын шеккен кос ана тілек тілеп отырмыз. Екі көзіміз есікте...

Мен сыр-бермей шыдап отырмын. Кенет көзімнің күйегін анама салып едім, жақтары суалып, екі ұрты опырайып, құлап түсейін деп түр. «Үң» — деп әлсін-әлсін терең дем алады. Жағдайын түсінемін. Жүргегім кеудеме симай алқымыма тығылып барады. «Үң» — деп осалдық білдірсем ана байғұс одан бетер қиналады. Қөніліме де-меу беріп, жақсы ырым, үлкен үміт күтемін.

Қызыметтің ауыры соттың жұмысы екен. Оны адам өз басына түскенде сезеді. Кенесші бөлмеде отырғанда сіздер де қиналатын болуларыңыз керек. Есіктен кіріп келе жатқанда кезім түсіп кетіп еді, жүздеріңіз сынық, қабактарының қатыңқы екен. Зәрем үшты. Сіздер келерден бұрын-ак, біздің «батырды» қос милиция залға алып келген. Кескін-кейпінде қан-сөл жоқ. Куарып солып қалыпты. Көздері кіртип, кірпіктері тарамдалып ұзарып кетіпти.

Залда тұрғандарды сіз бір шолып өттініз де, үкімді оки жөнелдіңіз. Не дегенініз, даусыныздың ырғағы осы қүнге дейін құлагымда:

### ҮКІМ...

Казак Советтік Социалистік Республикасы атынан,— деп қоңыр дауыспен бастай жөнелдіңіз. Қара тастай қатып қалыптын. Сол дауыс әділдіктің жырын айтқандай, қүні бүгінге дейін есімде. Ар жағында не оқығанынызды білмеймін, көзім қарауытып, нәрестемді колымнан түсіріп ала жаздадым. Үкім оқылғанда, жұрт түрегеп тұрады екен. Оны мен білілпін бе? «Сотталушы Бектас Есеналин жедел тұтқыннан босатылсын» деген сөзді естігеннен кейін отыра кеттім... Шартты жаза кескен скен. Артынан білдім. Сүттен ак, судан таза болып тұрған досына да шартты жаза бердіңіздер. Бар пәленің соңан екенін біліпсіздер. Бектастың езін оққа байлад, босқа күйіп тұрғанын батырың айтпаса да, сіздер біліпсіздер.

Сондағы сот залина алып келген нәрестеміз бүгінде

үлкен жігіт болды. Соттан кейін рақмет айту үшін бөлменеңізге кіргенімізде: «Бұдан кейін босқа шатысып, біреу үшін жалған күймендер. Жаксы азамат болып, нәрестелеріңің қызығын көріндер»— деген ақ тілек тілеп едініз. Сол сіздің тілегіңіздің құрметіне атын Ақтілек қойдык.

Сол Ақтілек әне жүгіріп жүр. Қазір бестен алтыға қарайды. Жазғы демалыс мезгілі ғой. Астанаға келіп едік, тау басындағы демалыс үйінде дем алып жатырымыз.

— Нәрестелеріңіз талантты жас, бақытты азамат болсын! Бізге ендігі мезетте осылардың қызығын көрген-нен басқа куаныш бар ма.

— Рақмет, аға. Мүмкін Бектастың төтеден кезіккеп пәле-жаладан күтылып босап шығуна осы баламның септігі де тиген шығар. Рас, жан-дүнием мына батырдан басқаға елең ете қойды ма?— деп Зәуреш жауап күткендей кулана құлді.

Мен де басымды шайқап, оның күлкісіне үн қосқансыдым. Бірақ басым қалын ойдан босаған жок.

Бектас қателесті. Аяғын шалыс басты. Ойланып істелген қылмыс жок. Тіпті жігіттің түк жазығы жок. Бар пәле жолдасынан. Соның ниеті дұрыс емес. Оны аяп, досы үшін өзін құрбандаққа шалған. Соны тергеуші мен прокурор байыптаپ, жан-жақты саралағанда жазықсыз жігіт абақтыға жабылып, қылмыскер ретінде сот залына келмейтін еді. Зан — әділдікті сүйеді. Ол бұрмалауға, бұлтаққа салуға келмейді. Осыны түсіне алмай жүрген сірлі-екілі жандардың кесірінен бір семья қашама азапқа түсті.

Арада біраз жылдар өтіп кетсе де, жүрегім ауыра қиналышып, үнсіз отырып қалдым.

— Аға, сізді ренжітіп алдым ба?— деді Зәуреш маған қинала қарап. Жігіттің жүзіне де кобалжушылық пайда болған.

— Жок, айналайындар,— дедім мен оларға күлімсі-

рей көз тастап.— Сендерді көріп, қайта көнілім көтеріліп қалды. Көп жасандар! Бакытты болындар!

— Ағай, біз сізді қонақ қылсақ деп едік...

— Ракмет, айналайындар.

— Десе де...

— Айналайындар, осыдан бір ай бұрын операция жасап еді. Бойдағы дерпті дәрігерлер сұлып тастанды. Дегенмен жүргім шанышып, ауырып тұрғаным. Бүгін айып етпендер, тағы да бірде кездесіп, асықпай отырып әңгімелесерміз. Ақ тілектеріңің қызығын көріндер,— деп орнынан көтерілдім. Олар мені біраз жерге дейін шығарып салды.

Касымда Мұхтардың болмағанына өкіндім. Мына әңгімені естігенде ол заң қызметкері туралы жаңсақ ойынан арылар еді.

Құн нұрын төгіп тұр. Көбелек қуған Ақтілек менен ұзап барады. Ауыр операциядан шаршап шыққаныма қарамастан аяғымды ширақ алдып, алға қарай адымдай түстім. Әділ болған, адамдарды қуантқан қандай жақсы.

## ОКОПТАН ЖАЗҒАН ХАТ

Отан үшін, ата-ана, бауырлар бақыты үшін қан майданда қаза тапқан абылай азаматтардың үлкен тізімін өкіп отырмын... Мен оларды қатты сағынамын. Әрқайсысы көз алдыма құлімсіреп келеді. Альбомды қолыма алтып, бірінші бетін аштым. Бұл бетте сурет жоқ, «Полевая почта» дейтін алақандай қалың сары қағазға солдаттың әкесіне жазған хаты бар. Мен оны почтадан жана алғандай, қайта-қайта оқимын: «Дала почтасы: Солтүстік Қазақстан облысы, Приишим ауданы, «Колос» совхозы, Топин Калиақпардан».

Көз алдыма сонау бала кездегі бейқам өмір, парталас жан досым — Калиақпар келеді. Ұзын бойлы, кыр мұрынды, нұр жүзінен мейірім-мерей төгіліп, құлімдеп тұ-

ратын досым. Міне, қазір де дәл сол калпы көз алдымда. Шіркін, бір көрсем-ау! Досым-ай, сағындым ғой! Шын сағындым! Бұл — тілек. Сонау көз жетпес қиянда қалықтап, сөніп бара жатқан үміт. Хатынды әрі оқи бастаймын: «30 июнь күні таң ата біз ұрыска кірдік»... Бұл — 1942 жыл. Содан бері қаншама уақыт өтті. Хат сия қарындашпен жазылған. Бірақ бір әрпі өшпеген. Міне, қазір де столымның үстінде, көз алдымда жатыр. Өткен жетіде жазылғандай. Өмір мен өлім белдесіп жатыр... Жер-ананы айқара құшып, қызыл қанға боялған талай боздактар мәнгі кимылсыз калды. Жан досым Қалиақпар, сен де жауына автоматтан оқ жаудыра айбармен үмтылдын. «Бүгінгі түнгі ұрыста жауды қансыратып қырып салдық!» Хатқа қайта көз саламын.

Таң ата ұрыска кірдік... Тан... Жазғы таң. Жарқырап, жер жүзіне нұр шашар таң. Бірақ бұл тан кешеғана уызға тойған сәбидей маужырап, тәтті үйқыда жатқан еді ғой. Сенің таң сәріден үйқынның бұзылғаны — асыл ананың, аbzал әкен Жұмекеннің өмір бойы есінде болды ғой. Енді, сен майданда жаумек алысқанда, аbzал анаң — анау Жәмиланың сезімтал от жүргегі дірілдеп: «Құлыным, Қалижаным» деп таң сәрідегі тәтті үйқысынан оянып: «Сақтай ғой балапанымды, корғай гөр құлышағымды!...» — деген ақ тілегін төсекке жатқан әке де өз құлағымен естіді. Әке он жамбасымен бір аударылып түсті. Ананың: «құлышындаған» даусы жаңғырып, жер-дүниені дірілдettі. Көз жасы бүршактап құс төсекке төгілді. Сен жатқан, сен аунап, сен ойнактаған құс төсек. Сағынды-ау асыл анаң? «Құлышынды бір көрсем» — деуші еді! Міне, үлкен шайқастан кейін, жауды тойтарып салып, окопта тыныстап отырсың. Қас жауынның жолына қасқая қарап отырып, туған елінді елжірей еске аласын.

Уа, соғыс! Жолың — тар, жорығың — катал-ау... Жасқа — қайырым, кәріге — ибалығың жок қаһарлы, қанды сапар.

Көзім тағы сарғайған сары қағазға, «дала почтасы, нөмері 877» деген хатка түседі. Колында солдаттың болат қаруы — ағаш сапты шолақ темір күрекшесі, өзінді жаудан жасыру үшін окоп қазып жатырсын. Тездетіп қазып, осы сәл тыныстауда еліңе әлі тірі екенінді екі сөйлем арқылы білдіресін. Нұр жүзіне құйылған терінді солдат тері сінген жасыл гимнастеркенің женімен әлсін-әлсін сүртесін. Окопты қазу да оңай емес. Бойың ұзынша еді. Қенірек, тереңірек, бойыңа сай қаздың ғой. Сен еңбеккор, қажымайтын қайратты болатынсын. Бала жасынан, мектепке бармай тұрып, құрал-сайман ұстап үйренген едін. Шынығып шындалғансын. Саған окоп қазудың қын смесін мен білемін. Достым-ау, сені қиғаған уақыттың тарлығы. Сенің салалы саусақтарың жазу жазғанда да әріптерін ірі, анық түсіруші едін. Абыржып, саспаушы едін. Мына хатта да солай... Солай, баяғы партада отырып жазғандай жазыпсың-ау. Уа, дүние, сен бұл ақырғы хатың болатының білсен, бұдан да жақсы жазар ма едің? Мүмкін ет жүрегің сезген шығар! Елжіреп, толғанған жүрек еліңе, ата-анаға солдаттың сәлемін қағазға фотодан айқын түсірген ғой. Қөп ракмет!!! Естен кетпес ескерткішіңе! Терең дем алып, ауыр күрсінемін. Тар окопта жүрениң отырып, винтовка дүміне қағаз жайып, хат жазған бейнен қайта-қайта көз алдыма келеді. Кейін елге хат-хабар жолдай алмадын... Соңғы сәлемін. Алакандай ашық хат солдаттың тірлігі мен ерлігін білдіріп тұрды ғой, сол жылдары. Осы хатты оқығанда, ел-жұртың шексіз толқыды, тебіренді. Содан бері көп уақыт өтті. Ерке Есілден қаншама су ағып, қаншама ізді шәп басты. Отан соғысы ұлы жеңіспен аяқталды. Өртенген селолар мен қираған қалалар қайта көркейіп, жараганған денелердің жарасы жазылып келеді. Өмір шешек атып, ғұл жайнайды. Мениң есіме сонау 1941 жылдың көктемінде, Приишим ауданындағы Октябрь мектебінде оқып жүрген кезім оралады. Май айы. Демалыс күні ұстазға еріп серуенге шықтық.

Есіл алқабына жасыл кілем жамылған. Қарасаң көз тоймайды. Табиғат сұлулығы қуаныш сезімін тудырып, адам қиялын қанаттандырады. Қалиактар, сенің қолыңда бір шоқ ғулің бар. Сонау жасыл алқапқа, сағымға, толқыған сар далага жымия қарап:

— Шіркін, агроном болсам, осы сар даланы жайқалған егіс алқабына айналдырап едім,— дегенін менің әлі есімде. Содан кейін-ақ сол агрономдық оқуға түсуге бел байладың. Атестат алғаның алтыншы күн болғанда: «Софыс» деген сұық сөз ел жүргіне наизадай қадалды. Сен де аттандың майданға. Автоматшы жауынгер болып жаумен айқастын. Тағдыр сені оралтпады еліне... Біз жеңдік. Фашистерді аpanынан суырып алып, құлталқан еттік. Жана бейбіт өмір келді. Сен арман еткен сар дала жасыл егін жайқалды. Туған жерін — «Колос» колхозы — қазір «Новоникальск» совхозының номері екінші бөлімшесі. Бөлімшедегі агроном — сенің кіші бауырың Нығмет. Сол кездегі шымнан салынған жатаған үйлердің орнына төбесі күнмен шағылысқан, терезелерінен нұр сәуле төгілген еңселі ағаш үйлер қаз тұрды. Кешке жақын олардың төрезелерінен біздің бала кезіміздегі керосин шамының көмескі саулесі емес, Ильич шамының арайы төгіледі. Тын көтеріліп, жер дүр сілкінді. Ел гүлденді. Алтын астық толқыды.

Ағаң Қалиасқар мал шаруашылығында істейді. Інің Қабдолла сен кеткенде балдырған еді ғой, қазір бөлімшеде ұста. Оның болат темірді соққан балғасының даусы осынау «Колос» селосының үстінде бейбіт өмір маршын ойнап тұрған оркестрдей...

Қалиасқардың үлкен ұлы — Косман да ер жетіп, қазір армияда, жауынгер: Бірақ ол — бейбіт өмірдің берік сақшысы. Жүрек жарасы оңайлықпен жазылмайды. Өткен жылы мен сенің ауылына бардым. Асыл әкене, аяулы анана, туған-туыстарына барып, сенің есіп-өнген жерінде болдым. Құрметті Жұмекен мені қуана карсы алды. Сенің осы хатынды көзіндей сақтап жүр екен.

Улкен аға үйінің төрінде, рамада, ертеде, бала кезінде түскен жалғыз ғана суретің ілулі тұр. Ол да сарғайын-қырап қалыпты. Мен калау етіп осы хатынды сұрап алдым. Қөзіндегі көремін. Себебі, менде сенің суретің жок. Соғысқа дейін суретке тұсу — ауылдық жерде үлкен шаруа едіғой.

Ауылың мүлде өзгерді. Қазіргі жастар білім мен өнерді ауыздықтап алды. Техника тізгіні де қолдарында. Адамзат баласы аспан әлемін еркін шарлап жүр. Көргенде жан сүйсінеді. Міне, тамаша өмір. Сендер осы бір ұлы өмір, бақытты өмір, шат та шадыман тұрмыс үшін жандарынды кидындар емес пе?!

Тілек — енді соғыс өрті тұтанбасын! Тұтануға да тиісті емес. Асыл әкен Жұмағұл — осындағы енбек сүйгіш қадірлі адамдардың бірі. Сонау Отан соғысы жылдарында ел баскарды. Тылда құндіз-тұні енбек етті. «Бәрі де майдан үшін» деген ұранды бетке ұстап, ауылды енбекке шақырды. Енбекте ерлік көрсетті.

Әкен Жұмағұл да қартайдым деп тұгырдан түсіп отырған жок. Ауыл-үйдің үлкені, ақылшысы. Қоштасып жатып ол маган;

— Өмір көркейіп, гүлденді. Соғыс зардабы ұмытылып барады. Бірақ жүрек жарасы шипа таппас, ескі ауру сияқты әлсін-әлсін шанша береді екен,— деді.

Ол — сенің жаран. Ол жазылмас жара, достым, Қалиакпар. Бұл соғыста Отан үшін ерлікпен жан қиғандардың жарасы, миллиондар жарасы. Сен — сол миллионның бірісін. Сенің ерлік ісің, есімің мәңгі есімізде...

Бейбіт ауамен тыныстаған байыпты үрпағын барда — өзің қатынасқан, өзің күрбан болған канды қырғын енді мәңгі кайталанбайды. Сенің осынау хатын — окоптан жазылған ең соңғы хат!..

Балалық шағымдагы, мектептегі, жан досым Қалиакпар! Міне, сенің 1942 жылы, 30 июнь күні таңсаріде жазған хатың менің альбомымда. Содан бері қырық жылдан асты. Бізben бірге сен де жасап келесің. Сен де

алпыс бірге келдін. Ұмытып барады екенмін. Сен барған канды майдан 1945 жылдың 9 майында аяқталды. Жер жүзі жеңіс тойын тойлады. Совет елінің астанасы — Москвада жеңіс парады болды. Данкы әлемге тараған Совет Армиясының атакты қол басшылары — қос маршал Георгий Константинович Жуков пен Константин Постанович Рокосовский екеуі де сен болған Сталинград майданында асқан әскери қолбасшылық жасады. Қаскырдың қасқыры — Гитлердің канға боялған жеңілмес армиясын сол қыста тас-талқанын шығарды. Совет солдатына бетпе-бет тұра алмай, еліне қарай есі шығып, шыбын жанын сақтап қалу үшін зымырап қашқанын көрсөн. «Біреуге ор қазба, қазсан терен қаз, себебі өзін түсесін» деген атам қазактың мақалы бар ғой. Өлімнен құтылдым-ау, деп зымырап, зытып бара жатқан гитлер солдаттары, өлімнің өзі қуып жетіп, өзі қазған орга омарасып, мәнгі құлатып жатты. Міне, Сталинград шайқасы «гитлердің жеңімпаз солдатын» шекесінен емес, қак мәндайынан соқты. Есі кетіп, талып жатқан солдаттарын көріп, фашистік Германия тарихта тұнғыш рет есептіреп қалды. Досым-ау, содан қайтып Гитлер төбесінде тас түскендей есін жия алсыншы! Сталинградтан үрейі ұшып қашқан фашистерді өздерінің канды апаны — Берлинде соққылап, совет солдаттары өзінің алқызыл тулаарын Берлиннің төбесінде желбіретті. Елу жылда ел жана деген ғой. Халық көркейіп өсті. Жастар жазғы тұрғы жапырағы жайқалған ақ қайың сияқты, жайнап тұр. Дүние шексіз, әсем. Айналага көз салсам, бәрі сен көрген 1941 жылы, май айындағы Есіл өзенінің көк жасыл кілемді алқабы сияқты. Сенің аңсаған арманыңды аялап, мәпелеп, тербелеп тұрғандай сезінемін. Сондағы бізбен бірге оқыған қыздардың да жымынп қараганы, бұлақ суындаі таза құлқісі, сүттей ақ маҳаббаты сені кең мәндайыннан сипап, наздана қараганы көз алдында тұр.

Самай шашым ағарып, буырыл тартқан сайын, ба-

ғасы жетпес балалық шақ, бал тамған оқушылық өмір жиі-жіі көз алдымға келеді. Қандай сыйласып сырласуышы едік. Өләнді де... кезектесіп оқушы едік. Екеуміздің достығымыз бұлак сүйндей мөлдір еді-ау. Әрдайым есіме түсіріп, баға жетпес адал достыққа қуанамын. Қуанышымды ешкімнен жасырғым келмейді. Риза болып сүйсініп, бір жәйт еске түсіп күліп те жібердім. Қасымда бөлмеде жүргіріп жүрген немерем:

— Ата, неге күлдің? — деп он жағымнан келіп қарап тұр...

— Шіркін-ай! Сенің де нәмерелерің болар еді-ау!

Сенің ағаң Қалиасқар соғыстан жеңіспен оралды, Қабдолла, Нығмет те аман. Қалиасқар елінде бастауыш партия үйымының секретары болды. Қабдолла ағаштан түйін түйген шебер. Нығмет — агроном. Тетелес інің Залидолла да Отан үшін жан қиган ерлердің бірі.

Есімнен шықпай тұрғанда айта кетейін. Сол партас қыздардың кайсы бірі ақ шашты әже болып жүр. Соның бірі — «Алқа» колхозының қызы Сағындық. Ол ерте дүние салған. Оның еліне елуінші жылдың жазында барып қайтқанмын. Өлгендердің зираты да елде.

Иә, бейіт. Адамның ана дүниедегі үйі. Өзі елсе де сол бейіті арқылы тірілермен жалғасып жатады. Жақсы, жаман бол, өлгеннен кейін бейіті болғаны да жақсы екен. «Елімнен топырак бүйірсын» деген халық мақалы текке айтылмаған. Сағынғаны, зарыққаны бейіт басынан тарап, шөп өскен зиратын көріп, ашынған жүректің уын төгіп қайтқанға не жетсін. Бұл менің жүргегімдегі сырым. Өмір қайғысының үйреткен заңы.

Ие, ана жолы сенің үйінде конакта болғанда әкен мен анаң марқұммен әнгімелескен едім.

— Соғыста кім өлмейді. Шіркін-ай, тым болмаса Қалиасқарымның қалған жерін көріп, бейітінің басына барып қайтсам, бұл дүниеден армансыз өтер едім, — деп әкен терең күрсінді. Алып жүректі асыл әке күрсінді. Мен де терең демалдым. Қасымдағы әйелім Күләштің

ағасы Тұрмызы қайнағам да бірге барған-ды. Қатты күрсінді. Оның да Бейбіт деген інісі сен сиякты, елге оралмады. Венгрия жеріндегі шайқаста өлді. Қай үйге барсаң да, кіммен бас коссан да, той бастайтын жыры, айтылатын сыры, жүректің жазылmas жарасы, мұны болды. Dana — халықта. Бейбітшілік өмірдің жүрегі еліміздің астанасы Москвада «Белгісіз солдаттың бейіті» атты ескерткіш ашылып, алау от мәңгі жанып тұратын болды. Оны «Мәңгі өшпес от» деп атады. Бұндай бейіттер үлкен қалалардың бәрінде бар. Адамдар осы бейіттің басына барып, жанып тұрған отқа тағзыым етіп, белгісіз кеткен ерлерді естеріне түсіреді. Жанып тұрған от емес, майданда белгісіз кеткен ерлердің көздері жаркырап тұрғандай сезінеді. Бұл «Бақыт оты», «Женіс оты» деп өзінің туған-туысының бейітіне барғандай болды. Құннің ыстық-сұығы, карлы-жанбырына қарамай демалыс мерекелерде ағыл-тегіл барып жатады. Марқұм сенің әкен де отырынқырап қалған шағы. Аған Қалиас-қар Москваға арнап жіберіп алған:

— Менің көзімнің тірісінде анау бауырының бейітіне барып қайт. Мәскеуде жаңа бейіт ашты деп ра тоғдан есіттім. Ертең өлгенде армансыз өлейін. Қалижа-нымның да зираты бар екен деп өтейін. Содан Москва-дан келген Қалиасқар «Өшпес отты», белгісіз солдаттың бейітін жыр еткенде әкеннің куанышы шексіз болды-ау. Бір жасарып қалды. Куанғаны сонша, көз жасы алқымына тіреліп, бұлықтырып салды. Сәл ойланып ойын сабактады.— Міне, ердің ерлігі өшпейді. Аты өлмейді. Куанғанымнан көз жасыма не бола атмадым — деп әкең жиналғандарға қарап үкіметке, партияға шын жүректен алғыс айтты. Сенің әкең гана емес, үй толы ауыл адамдарының жүргегіндегі жарасын бір сыйздатып өтті. Ақ шашты әжелдер мен аналар да басындағы орамалдарының ұшымен көздерінің жастарын құрғатып жатты...

Сен дүниеден мезгілсіз, жиырмаға жетпей қыршын жас кезінде өттін. Сталинград майданындағы ауыр ай-

қаста, жаумен бетпе-бет тұрып, табан тірескендердің бірі сен едін. Тағдырың қылыштың жүзінде тұрды. Қан ішкен дұшпанға болат кару алып карсы тұрган сарбаздардың бірі едін. Сталинград майданында шайқастың. Япыр-ай, соғыл 1942 жылдың жазында Сталинградтың сардаласы адам қанына бір тойды-ау. Нағыз батырлықтың үлгісін көп үлтты совет солдаттары әлемге жариялай білді. Ел үшін, жер үшін, дос үшін туған ерлік фельдмаршал Паулем бастаған гиттер армиясын бас қөтертпес жеміліске ұшыратты.

Міне Советтік ерлік! Міне, советтік салтанатты жеңіс. Соғыл женісте сенің де үлесін бар. Сен, Қалиакпар, өлтірілген жоксың! Ерлігің мәнгі жасай береді. Өзің өлсен де атың өлтірілген жок. Ерлігің өшкен жок. Аналардың еңесінің басқан ауыр құндерде, үйкысыз тұндерде, бетін жуған шерлі көз жастары міне қуаныш жасына айналды. Бейбіт өмір айғағы болды. Ауыр азапты құндерден кейін бейбіт нұрындай, бакыт гүліндей жайнап тұрды.

Сен ойлатап қалма, достым, соғыстан кейін өмір тыптыныш деп. Өзің ұстаған автоматты тот басқан шығар деп.

— Жок! Өскен өмір өнері мен мәдениетін де казқатар жарыстыра берді. Айтпақшы, соғыстың кезінде, бізде «Катюша» деген алтып кару болды. Ой, шіркін-ай, сен көре алмадың-ау. Автоматша атқанда оқтары акқан жұлдыздай бірімен-бірі жарысып көз ілеңстірмейді. Қуанар едің! Бұл бір бакытты минуттар гой. Ауыр азаптан кейін алғаш акқан жұлдыздай жарық еткен. Соғыл минуттар талай солдаттардың әлі көз алдында, құні кешегідей ел есінде. Әлемге айғайлатап мәнменсіген фашистердің сазайын тартқызыды. Елге бакыт, жеңіс әке. Совет елі — бейбіт ел. Бейбітшілік — тірегі. Соғысты болдырмайды. Совет солдаты бейбіт өмірді қырағы құзетуде.

Америка Құрама Штаты бастаған жez тырнак империализмің басшылары жанталаса қаруланып бізге жұдырықтарын түйіп, азу тістерін ақситып отыр. Олардың

жұдырықтарынан кім коркады. Совет солдаттарының жұдырығына тәпеп-тәң келе алмайтынын, олар әлі терең түсініп болған жоқ. Откен Ұлы Отан соғысының сабағы саналарына ұяламапты. Шыда! Өмір кімді үйретпеген. Ұақыт өтіп жатыр. Ол біздің Советтік ұақыт! Талайды ауыздықтаған коммунистер ұақыты. Достым Қалнапар, сенің майданға жүрер алдындағы бейнен әлі кез алдында: «Тау-ағашыма» менімен қоштаса қелгеніңе қырық жылдан аса ұақыт өтсе де, міне, күні кешегідей есімде. Торы атты шалқайма қорап салған тарантасқа жегіп келдің гой. Қамыт тұрман да келісіп тұрды. Кербез то-рыға қалай жарасып тұр. Есінде болар, сонда мен»

Торыны танға байлап мінген қандай,  
Үкіні әсемдептің жүрген қандай?  
Сыртында қызды ауылдық ән шыркатып,  
Сыбанып ақ білекті жүрген қандай?—

деп өлең айтқанмын. Сен сүйсінгеннен тістерінді жар-  
қырата ақситып күлгөн бейнен міне, қазір жанарымда  
тұр. Сен өзгеше ақ жүргінді актара құлуші едін. «Жау-  
ды женіп, аман-есен оралсақ, осылай ән саламыз»,— деп  
сен тілек айттын. Ақ тілек еді. Амал не, сен үшін орал-  
мас әрман болып қалды. Сен ел үшін ерлікпен жастана  
өлдін. Бұл дүниеден жан кешер алдындағы тынымсыз  
акқан жүргіннің ыстық қаны киелі жер ананы былға-  
майын деп, фашистің аузына у болып құйылып жатты.  
Ел үшін белдескен ерлер қанға — қан, жанға — жан деп  
жауын жастана өледі. Совет солдатының — бақытты өлі-  
мі. Окопта отырып осы ашық хатты жазғанда, сен ақыр-  
ғы жауынгерлік сәлемім деп ойламадын. Сол хат қырық  
жылдан астам сақталарын сен сезбедің-ау, достым!

Мен де көзіңдей көріп сақтап келемін. Ұлым мен  
қызымғана емес, немере-шөберелеріме ұлы ерліктің ес-  
корткіші — деп тапсырамын. Ант етемін, сақтаймын!

Білесің гой, сенің қелгеніңе менің анам қандай қуа-  
нып еді. Экем үйде жоқ еді. Жол жүріп кеткенде, қай-

мақ былғап, бауырсақ пісіріп, тәтті шәй бергені қайда. Ол кезде арак ішіп, темекі тартуды біз білмейтін едік. Казір дастарқан бісімілласы — рюмка, толы арактан басталады. Сөгіп жатқаным емес-ау, әдет болып кетке-ніне өкінгенім болып табылады.

Санаулы уакытың болған соң сен қонбадың. Ел арасы — елу-алпыс километр шамасы болып табылады. Мен кер төбел байталға салт отырып, сені сонау қайың шоктан асырып салдыым болып табылады. «Сен әрі бармай-ақ қой, кеш болып кетті», деп мені қимасаң да, жалынып айтқан жылы тілегің әлі есімде. Сонда менің кеткім келмеді-ау. «Сен де қимай тұрдың болып табылады. Сен ат басын тежедін. «Қоштасайық» — дедін. Даусың дірілдеп шыкты. Арбаның жетегіне байланған кер төбелдің тізгінін шырмалып қалғандай әзір шешкенім-аи. Сен де арбадан түстің. Қимай-қимай тұрып, көзімізге көзіміз түскенде құшактаса кеттік. Балғын жас білектеріміз құшырлана жазылғысы келмей, қатты айқасқанбыз сонда. Көз жасымыз иығымызыға тамшылап жатты. Екеуміз де тіл қатпадық. Тулаған жүрек лұпілі құлтынның шапқанындай естілді. Сонда кер төбел де үлкен көздерін жаудыратып құлактарын тікірейтіп, ұзағанша тырп етпей карап тұрды-ау! Жылқы малы қандай ақылды. «Ер қанаты ат», «Ат — адам досы» деген осы болып табылады. Сырлассақ — сырлассады. Аттың тілі жоқ деме, жанары мен жаны сөйлейді. Кертөбелді жетектен шешіп алғанда, сен оның мандайынан сипадың болып табылады. Кертөбел саған сұлудай наздана қарады. Түсіне білді досым екенінді. Мен жалғыз қалғаным жоқ. Кертөбел екеуміз бірге нальдық. Мен сөнен жалғыз айрылғаным жоқ. Кертөбел екеуміз бірге айрылғандай сезіндік. Сен ойга түсіп, қайың шоктың койнауына кіріп көзден таса болғанда, кертөбел екеуміз ауылға бет бүрдыштың болып табылады. Бұл — екеуміздің ең соңғы қоштасуымыз еді-ау. Мен сол 1942 жылдың бесінші сентябрі күні он сегізге толған соң, майданға кетіп отырдым. Қекке таласқан қалың қарагайлы, ма-

мықтай жұмсақ көмбес ақ қарлы Карело — Фин жерінен бір-ақ шыктым. Он тогыз күн, он тоғыз түн соғысқан Қайманов атындағы шекарашибалар заставасында болдым... Ерліктің ерлігін көрсеткен чекистердің басында тұрдым. Майдандағы солдаттық өмірінің тұнғыш күндерін солармен бірге өткіздім. Ол бір заставаның көрсеткен ерлік үясы — Өшпес азыз. Қайманов бастаған Карел — Фин жеріндегі застава совет — шекарашибаларының мактанышы! Сен автоматшы болғанда, мен атқыш едім. Аласа ғана төбешік таулары бар Карел — Фин майданының қысы өзгеше қаһарлы болды. Түкірген түкірік түспейтін сұық аязы болды. Жазда жерінің мыйы шығып жататын батпақ тізеден келеді, кейде батып кетесін. Несін тәптіштеп тере берейін. Соғыстың аты соғыс. Бейнет белден, қындық қырдан асты. Төздік. Арпалысып алыса білдік. Адам бәріне көнеді. Төзеді. Содан 1944 жылдың май айында Смоленск түбіне шекарашибалар тобына келдік. Август айының басында Смоленск қаласының түбінде ағаш арасына палатка құрдық, Фашистер Смоленск қаласының үстіне оқты жанбырша себелеп тұрды. Расында да Смоленск қаласының ойраны шығып, майсыз ботқага айналды. Тек қана сау қалған Смоленскийдің солтүстік батысындағы жарагы солдаттар жатқан госпиталь ғана еді. Айдан аса шекара қызметіне үрленіп, Минск, содан кейін атакты Брест қаласына келдік.

— Шекарашибалар!

— Шекарашибалар! — деген айғайлар көше жанғырықтыры. Пай-пай, несін айтасың, бұл шексіз куаныш еді. Бұл ел аңсаған бейбітшілік сапары болды. Біздің солдаттар Отанымыздың жерін жаудың қанды тұяғынан тегіс тазалаған шақ еді.

Фашистер Польша жерінде қансыра, жатқан үолатын. Мен Брест қаласынан алпыс екі километр жердегі Домачева қаласына тоқтағандардың сапында болдым.

Шекара, застава. Осы екі сез біздің жер жүзін дүр

сілкіндіріп дүрліктіріп тұр. Жасыл фуражка киген шекарашибаларын сағынған тұрғын халықтары өздерінің ұлдарындаі, туыс бауыртарындаі құшақ жая карсы алды. Қыскасы не керек, 1944 жылдың 12 август күні Москва үақытымен кешкі сағат сегізде, сонау 1941 жылдың 22 іюнінің таң сәрісінде бұзылған Кара тейізден Балтық теңізіне дейінгі Советтік Социалистік республикалар Одағының шекараасы қайта қалпына келді. Қырағы шекарашибалар өздерінің құрметті орында, Отан құзетіне тұрды. Сол түні, 23 августа, түнгі сағат екіде мен де, застава бастығының алдында әскери ант беріп, шекара құзетіне шықтым. 9 май 1945 жылдың женіс күні осы батыс шекарада карсы алдым. Содан застава бастығының орынбасары болып, сегіз жылға жуық ауыр солдат өмірін құрметпен өткіздім. Себебі бұл Отан алдындағы аナンЫҢ АҚСҮТІН АКТАҒАНДАЙ АБЫРОЙЛЫ БОРЫШЫМ. АЗАММATHЫҚ МІНДЕТИМІЗ ГОЙ.

Дәуіріміз — техникалық прогресс дәуірі. Коммунист атағы жер жарып, әлемдегі талай бейбітшілік сүйген халықтар біздің қапқа тұрып жатыр. Бостандық үшін құресте Советтің алқызыл жалауы алға жол сілтеп тұр.

Совет елінің женісін көре алмаған импералистер мейлінше каруланып, Америка Құрама Штаттары жер жүзіне ұstemдік жүргізу үшін әскери қуатын бұрын-сонды болмаған дәрежеде өсіруде.

АҚШ-тың президенті Рейган адам түршігерлік болашақ соғысты жанталаса дайындал жатыр. Бірақ бейбіт өмір тілеген халық оны еркіне жібере қоймас! Кай ана баласын жанып тұрған өртке бастар! Кай әке кан төгісті қолдар! Кай сұлу сүйген жарынаи айырылмақ!

Бәрінің айтатыны ұлы сөз:— Бейбітшілік! Бұл — жеңіс сөзі!

...Келер жазда анам өріске бие сауа кеткенде, қырдан ылдилай берген Роман ағаларды қуып жеттім,— деп бастады Аманжан сөзін.— Олар тұра қалды. Кертөбел тайымның тізгінін үйрек бас өрімшің басына байладым

да, тамағын қасып мандайынан сипадым. Есейген соң ақылға салсам, жолаушылардан көз алмай тұрған жаңуарым, маган мойылқара көздерін мөлдіретіп, тамағын созып, тұмсығын көтеріп, бетіме-бетін тақады... құлынынан бірге өскен жануарым-ай, кетерімді сезіп тұр екен!.. Бетін ауылға бұрдым да, сауырынан алақаныммен қағып қалдым. Ауылға қарай құлте жалы желкілден шаба жөнелді. Мені арбаға көтеріп, орталарына балапан құстай қондыра койды... Аттар желе жөнелді. Қара тарантастың доңғалақтары шаңды аспанға көтеріп, зымырап барады. Жер анам үйіріліп, колын былғап қалып жатыр. Желі басындағы биелер қашықтай берді. Анашым да солардың арасында. Қөзімді тас жұмдым. Жұлым-жұлым көйлегінің етегін жел көтеріп, анашым: Аман-жаным... Аманжаным, шыбыным деп колын бұлғап тұрғандай...

Бірақ жыламадым. Жыласам тастап кетеме деп коркамын... Терентей мен Степан менен үш-төрт жас үлкен де, ал Катя екеуміз түйдей тетелеспіз. Солардың арасына, бір туған мысықтың баласында жылы үяға кірдім де кеттім.

Ағайынды Исаковтар Петуховта былғары заводын үстайды. Менің міндетім, ертемен екі шақырымдай шеттегі көлден ат суару, дүкен сыйыру. Қысы-жазы жазбайтын жауапты қызметім. Айтқызбай — каз қалпында орындаймын. Есейіп ержетіп қалғанда, маган ариап жасаған қара тарантасқа қамыс құлак, каз мойын суреттей сұлу жирен касқа атты жекті. Су жана қамыт-тұрман, шашакты шілтия атка жарасып тұр. Жетекке он жақ құлагын сырғалап кесіп, мақпал қара бисні ұргашы құлынымен байлады. Қара бие құстай үшқыр болғанын өзің білесің — көрдің ғой... Қызыл сиырды бұзаудымен арбаның артына тіркеді. Төсек-орын, киім-кешек, азық-тұлікке арба толы. Ақша да берді.

— А-ман! Он бір жылғы сәнбегін осы. Мамана сәлем айт. Кем санап қомсынбасын. Риза болсын. Сені екі

аған, қарындастың Катя бар,— деп Роман ағай менін сол жақ көлтығымнан қысып, қимай көз жасын мөлтілдетіп тұрған қызына қарады. Степан мен Терентейда қасымда еді. Семен аған апарып салады. Жолды, елді біледі,— деп сөзін бітіреді.

— Анаңа дүғай сәлем айт, А-ман-жан. Сонау жәшіктегі сыбағасы. Келер жазда біз барамыз,— деді апамдай болған Мария апай, екі бетімнен құшырлана сүйіп... Құшақтасып, коштастық. Жас болсамда өзімді жігіт сезінемін.

Петухов станциясынан қош айтып, елге жүріп кеттік. Сол үйдің шаруа-жайлышы — Семен атай алда келеді.

...Мені көргенде шешемнің есі шығып кете жаздады. Өз көзіне өзі сенбеді. Егіліп кетті-ау!

Анашым куанғаннаи жүгіріп Шарманбайға барады да:

— Байеке бір токты беріңізші, А-манжанға сой-айын,— дейді аптығып.

— Жок... Бермейміз! — Бай тесіле қарайды.

— Бай-еке-ай, он сегіз жылғы еңбекім бар. Жалына-мын!

— Ішкен-жегенің, киген-киімің — еңбегің,— деп жарықтық байекең тыбып тастады-ау,— деп анашым жүрегі елжіреп өкінетіп. Бірақ лағынет айтып, тілдеген емес. Ақыл иесі — нағыз ана еді.

Сол Исаковтармен күні бүгінге дейін сыйласып тұрамыз. Тағдыр маған нағыз досты қазақтан емес, орыстан берді. Қырық жылдан асты, арамыздан қыл өтпейтін берік жанбыз.

Кеше кездескенде Катяның құшақ жая бауырына басып қолында тұрған ұлының хатын оқығандағы қуанышын айтсаңшы.

Ұлы хатында:

«Кешікпей келемін»— депті. Сосын Жұмекене бұрылышпен: сенің де Калиакпаратың әлі-ақ келіп қалар,— деп оны үміттендіріп жіберіпті.

Жұмағұл үлкен үмітпен үйіне оралды. Отағасысын елегізे күткен Рахила апай арбаның даусын естіп үйден шықты. Әдетінше кірпік қағып сәлемдесті.

— Аманжан сәлем айтты,— деді Жұмекен арбасынан түсे беріп. Тамағынды дайында, үйге кіргесін айтамын,— деп атын ағыта бастады.

Жұмекен сөзін жүйелеп бастады. Аманжанның Свердловқа барғанын, Қатяның баласының хатын оқығанын айтады. Біздің Калиакпар да келіп қалар,— дейді.

— Ал-лам жар болып, дәмін үйден татсын. Зұлым өмір бізді де қуанышына бөлесін,— деп ұлын сағынған Рахила көз жасына ие бола алмады... Домалап тізесіне түсіп жатты.

— Келіп қалар,— деді Жұмекен мардымсыз даусыпен, жылты ренін бүзбай.— Сен қазаныңды қара суға толтырып, ішіне екеуміз, екі бала төртеуімізге, Қалижан бессүмізге сыбага — бес бидай салда асып кой. (Бидайды санап жеген өмір болатын). Шошалалаға ас. Тұрсын күтіп. Дәм тартар үшқан ұясынан.

Рахила апай өмірі еріне қарсы шығып көрмеген. Үн катпастан үйден шықты. Шоландағы қара қазанды тұз салып жуды да, от басындағы ошақты тұрғызып, қазанды кондырды.

— Біс-ім-іл-ла деп су құйды. Еселеп-ірікте алған бес бидайды қазанға бірінен соң бірін сұнгітті. Қызыл бидай жүзіп барып қазан түбіне ұялады. Тұз салды. Мөлшерлеп дәмін келтіре салды.

— Қалижаным дәмді тамакты ұнатушы еді,— деп ұлын алыстағы жұлдыздай көз алдына елестетіп ана от тұтатты...

Құндер өтті. Айлар өтті. Жылдар жылжыды. Қара қазан асулы... Майданға кеткен сарбазды күтіп тұрды...

Бес жыл күтті. Сегіз, тоғыз жыл... Ұлы жеңістің он жылдық мерекесі өтті.

Ерте тұрып Жұмекен қазан құйрық қара койды малға қоспады. Ұлы Қалиаскарды шақырып алып:— Экел

ана қара қойды! Ұлы той күні есіңе ал туысынды. Елді шақырып, көз көргендердің басын кос. Бауырынды есте-ріне алсын. Өлген өлседе, көрген — өтмесін.

Қырық жылдан асты. Қара қазан оттан тұскен жок. Женіс күні арнасы тола қайнап, сарбаз сыйбағасын еліне жеткізеді... Бұл үйде — әке өснеті ардақты. Сарбаз ерлігі — құрметті.

Құрметті окушы! Қан майданын төсінде хабарсыз өлген солдатқа қырық жыл өткен соң хат жазды деп сөге көрменіз. Самай шашым буырыл тартып, өмір шынынан төмен қарай сатылаған сайын балалық шақ, окушылық өмір жіңі-жіңі есіме түседі. Окушы кездегі достым Қалиақпар ойымнан бір кетпейді. Катты сағындым. Шіркін-ай, тірі болса іздеп барап едім, өткен-кеткенді еске алып, қандай сырласар едім деп ансаймын. Даға почтасынан жазған алақандай қағаздағы ашық хатын оқып көнілді сұytам. «Елі үшін, Отаны үшін құрбан болды. Қөппен көрген ұлы той»— деген ардақты әкесі Жұмекеннің сөзі есіме түседі. Ердің өзі өлсе де, ісі өлмейді гой. Бұл хатты кешегі соғыста болғандар оқысын. Үлдарым мен қыздарым оқып әке жолын білсін. Немерелерім оқысын. Отан күзетіндегі солдат оқысын. Бейбіт еңбектегі жас талап, жігіт-қыздар оқысын.

Теніздің ар жағындағы жау — алыс жау емес. Қас қаққан жерде! Сақ болайық! Қырағының қырағысы бол, бауырларым! Бұл ақ шашты ардагер ағаларының жүрек жарды ақ сөзі деп еске ала көрініздер.

МАЗМУНЫ

ПОВЕСТЬ

Бүгальк 6

АНГЛАЕДР

**Косшигулов Мортай**

**ПРОБУЖДЕНИЕ СОВЕСТИ**

*Повесть, рассказы*

(На казахском языке)

Редактор Р. Ниязбеков

Художник Ш. Байкенов

Художественный редактор М. Есергепова

Технический редактор Б. Карибаева

Корректор З. Тулетгеба

**ИБ № 4183**

Теруге 11.05.88 жіберілді. Басуга 26.10.88 көл койылды. УГ 28098.  
Калпы 70×108<sup>1/2</sup>, № 1 баспа қағаз. Каріп түрі «Әдеби» Шығын-  
кы басылыс. Шартты баспа табагы 9.50. Шартты бояу көлемі  
9.88. Есенті баспа табагы 9.99. Тиражы 30 000 дана. Заказ 2670.  
Бағасы 65 т.

Казак ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жө-  
ніндегі мемлекеттік комитеттің Халықтар достығы ордені  
«Жазушы» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай проспектісі  
143-үй.

Казак ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жө-  
ніндегі мемлекеттік комитеттің «КІТАП» полиграфиялық көсіп-  
орындары өндірістік бірлестігінің Кітап фабрикасы 480124, Ал-  
маты қаласы, Гагарин проспектісі, 93-үй.

**Косшығұлов Мәртай.**

**К 67** Бұғалық: Повесть және әңгімелер. — Алматы:  
Жазушы, 1989, 224 бет, портр.

Ұзак жылдар заң орнында қызымет істеген жазушы Мәртай Косшығұловтың «Бұғалық» повесінде еңбексіз табып, онай олжага көнелмек болған арамтамақ жандардың сергелден өмірі сипатталған. Ал әңгімелерінде туыскан чех халқының соғыс жылдарындағы ерлік жолдары, совет жауынгерлерінің күрескер бейнесі және казіргі кезеңнің тіршілік-тынысы бейшеленген.

Кітап қызығылықты, жәніл оқылады.

**К** 4702230200—036  
402(05)—89 39—88

**ББК 84 Қаз 7—44**